

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ**



**XIX ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫ –
XXI ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ
ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ЖӘНЕ МӘДЕНИ ТАРИХЫ**

монография



Түркістан, 2023

УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5 Қаз)
Ж 66

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы
Ғылыми Кеңесінің шешімімен (№4 хаттама, 26 маусым 2023 ж.)
шешімімен баспаға ұсынылды.

Пікір бергендер:

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент М.Тұяқбаев,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Г.Примкулова

Ж 66 XIX ғасырдың ортасы – XXI ғасыр басындағы Түркістан қаласының әлеуметтік-экономикалық және мәдени тарихы: монография / Құрастырғандар: Динашева Л.С., Сандыбаева А.Д., Тастанбеков М.М., Тұрсұн Х.М., Рахымжан Қ.Ә.
– Алматы, «ТОО «Алгорифм», 2023. – 248 б.

ISBN 978-601-7316-20-4

Ұжымдық монографияда Түркістан қаласының XIX ғасырдың ортасы – XXI ғасыр басындағы тарихын және мәдени дамуын тарихи аспекті тұрғысынан жан-жақты баяндалады. Үш тарихи кезеңдегі (орыс патшалығының бодандық кезеңі, кеңестік кезең, тәуелсіздігімізді алғаннан кейінгі кезең) бір қала тарихына тұжырымдама жасалады, тарихи тұрғыда талданады. Түркістан қаласының тарихы тарихи сабақтастық аясында зерделенеді. Еңбек көпшілік оқырмандарға арналған.

Монография Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «XIX ғасыр ортасы және XXI ғасыр басындағы Түркістан қаласының әлеуметтік-экономикалық және мәдени тарихын кешенді зерттеу» (BR10164179) гранттық қаржыландыру жобасы аясында орындалды.

УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5 Қаз)

© Динашева Л.С., Сандыбаева А.Д.,
Тастанбеков М.М., Тұрсұн Х.М.,
Рахымжан Қ.Ә., 2023

ISBN 978-601-7316-20-4

КІРІСПЕ

Еуразия төскейінде орналасып, аумағында аса ірі тарихи процестер орын алған Қазақстан территориясында ежелден көшпелі өркениет, қалалық мәдениет дамыды. Өзіндік тарихи даму жолы қалыптасқан қалалар әр кезеңде түрлі деңгейде өркендеді. Заманында мәдениет пен сауданың орталығына айналып, гүлденуімен әлем назарын өзіне аударған ортағасырлық Қазақстан қалаларының үлкен бөлігі жаңа заманға немесе қазіргі кезге дейін жеткен жоқ. Оның басты себебі, қалалардың көбі жаулаушылық соғыстар кезінде қиратылды, енді біреулері Ұлы Жібек жолының бойында сауда жолдарының тоқтатылуымен және климаттық жағдайларға байланысты бос қалып, біртіндеп тарих бетінен өшірілді.

Қазақстандағы қалалар тарихын зерттеудің өзектілігі бүгінгі таңдағы қоғамдық-әлеуметтік және мәдени-экономикалық даму құбылыстарымен айқындалады. Себебі, бүгін жаһандық дәуірде қалалардың мемлекеттілік құрылымдағы рөлінің жаңа сатыға көтерілгендігіне көз жеткізіп отырмыз. Орта ғасырлардағы қазақ қалалары негізінен саяси-мәдени және сауда-саттық орталықтары қызметін атқарса, бүгінгі таңда оның қызметінің көлемі күрделі өзгерістерге ұшырады. Қазіргі қалалар урбанизация мен агломерация үрдістерінің ошақтарына айналған. Қалалардың мәдени-ағартушылық қызметтері сапалық тұрғыдан маңызын жоғалта бастады. Осы тұрғыда еліміздің мәдени-рухани астанасы Түркістан қаласының тарихы мен мәдени құндылықтары үлкен өзектілікке ие екендігі сөзсіз.

Жалпы, қалалар тарихы бойынша ғылыми еңбектердің негізінде елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени, этнодемографиялық

және саяси дамуының ерекшелігі мен маңызды кезеңдерінің өзара ерекшеліктерін көре аламыз. Ал рухани астанамыз Түркістан қаласының тарихы туралы кешенді зерттеу жұмысы уақыт талабынан туындаған және терең ізденіспен қол жеткізілетін ғылыми тақырып екендігін білеміз.

Түркістан қаласының тарихын зерттеу нәтижесінде, қала өміріндегі өзгерістерді, оған әсер еткен фактілерді және оның тұрғын халқы үшін маңызын анықтай аламыз. Бұның барлығы мақсат етіп отырған зерттеу жұмысының өзектілігі мен ғылыми маңыздылығын айғақтайды.

Ежелгі Қазақстан қалаларынан тек саусақпен санарлықтай ғана қалалар күні бүгінге дейін тіршілігін жалғастырып отыр. Олардың арасында көптеген қалалардың тіршілігі тоқтап, олардың атаулары тарихи аренадан өшіп қалды. Дегенмен, көптеген жазба деректерде бірқатар қалалардың атаулары сақталған. Қазіргі кезге дейін сақталған қалалардың бірі – киелі Түркістан қаласы. Түркістан қаласының тарихы бірнеше кезеңнен тұрады: түркі және монғол дәуірлеріндегі, Қазақ және Қоқан хандықтары тұсындағы, Ресей империясы, Кеңестік және бүгінгі Түркістан. Түркістанның бұл кезеңдердегі тарихы жеке зерттеу қажеттіліктерін қояды.

Осылайша, қалалар тарихы – мемлекет пен қоғам тарихының үлкен бөлігі болып, ендігі кезекте оны зерттеудің қажеттілігі артатыны айтпаса да түсінікті. Қалалардың тарихи-географиялық орналасуына қарай халықтың экономикалық, саяси және рухани өмірінің орталығы ретінде өркениеттік дамудың қозғаушысы болып табылатыны сияқты Түркістан қаласы осы бір кезеңдегі оңтүстік Қазақстанның саяси және әлеуметтік орталығы болғанын тарихты өзі көрсетіп отыр. Сондықтан, Түркістан тарихын зерттеу аталмыш аймақтың жергілікті ерекшеліктерін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Тарихи шегініс жасайтын болсақ, XVIII ғасырдың екінші жартысында Жоңғар хандығы құлаған соң өңірдегі геосаяси жағдай өзгеріп, ендігі жерде Түркістан қаласын иеленуге мүдделі

орталық-азиялық хандықтар арасында өзара күрес жүрді. Яғни, Түркістан қаласы хандықтардың күресуінің негізгі ареналарының біріне айналды. Осының салдарынан Түркістан қаласы алдымен Ташкентке, одан соң Қоқан хандығының қолына өтті. XIX ғасырдың 60-шы жылдары Түркістан қаласы Ресей империясы әскері тарапынан жаулап алынып, жаңа отаршылдық кезеңге қадам басты. XIX–XX ғасырлардағы Түркістанның тарихын зерттеу жаңа ғасырда тың міндеттерді алға тартып отыр. Жалпы алғанда, осындай тарихи дәуірлерді бастан өткерген бүгінгі рухани астанамыздың өткенін терең ұғыну қазіргі отандық тарихи білімнің өзекті мәселелерінің қатарына жатады деп санаймыз.

Түркістан – төл тарихымыздың үлкен де күрделі арнасы болғандықтан, оның тарихын әр қырынан зерттеу және өткенді талдау бүгінгі ғылымға үлкен міндеттер жүктейді. Түркі заманынан, қазақ хандығы дәуірінен бері аса құнды жәдігер болып саналған Түркістанның отаршылдық тарихының жаңа беттерін ашып, оны бүгінгі ұрпаққа оқыту қыруар жұмыстардың атқарылуын талап етеді. Қазақстанның көне қалаларының қатарында саналған Түркістанның тарихын әр кезеңдер бойынша зерттеп, оны болашақ ұрпаққа оқыту бұл қаланың тек діни, рухани, мәдени орталық қана емес, сонымен бірге белгілі бір деңгейде өзіндік қалалық статусының жоғары екенін түсіндіруге көмектеседі. Ендеше, өзге кезеңдермен бірге XIX–XX ғасырлардағы Түркістан қаласының тарихын оқыту, зерттеу арқылы туған жерін қастерлеп сүйе білетін, жанжақты дамыған иманды, адамгершілігі мол, мейірімді, отансүйгіш азаматтар тәрбиелеудің маңызы зор.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Түркістан қаласының XIX ғасырдың ортасынан бастап тарихына қатысты алғашқы зерттеулер Ресей боданында болған уақыттан жазыла бастады. Бұл кезеңде, Түркістан өлкесінің Ресей отарына айналуына қатысты жарық көрген еңбектер патша әкімшілігінің тапсырмасы бойынша өлкені зерттеген ғалымдардың зерттеулерінде суреттелді және олардың тарихнамалық сипатынан деректік мазмұны басым болып келеді. Сол еңбектердің арасында тікелей Түркістан

қаласының тарихына арналған еңбек ретінде А.И. Добросмысловтың зерттеуін бөлек атауға болады [1]. Автор Түркістан қаласының әлеуметтік-экономикалық және саяси-мәдени өміріндегі ерекшеліктерді алғаш рет біршама толық күйінде баяндады және Ресейде қала туралы тарихи ұғым қалыптастыруға қызмет етті.

Түркістанда патша өкіметінің отарлық билігінің орнауы мен қызметі туралы әртүрлі дәрежедегі шенеуніктер де өздері басшылық жасаған салалар бойынша бірқатар еңбектер жазып қалдырды. Солардың қатарында А.И. Макшеев, П.Пашино, В.Наливкин, М.Венюковтарды ерекше атауға болады. А.И. Макшеев Қоқан хандығы мен патшалық Ресейдің қарым-қатынасы туралы, Сыр бойындағы қазақтардың тұрмыс-тіршілігі жөнінде құнды мәліметтер береді [2].

П.И. Пашино очерктерінде жергілікті халықтың алғашқы кезде орыс әскерлеріне өздерін ортаазиялық хандықтар езгісінен құтқарады деген сеніммен қарағаны туралы, ал олардың Сыр бойы қалаларын басып алу барысындағы қатыгездіктерінен кейін түңілгені туралы деректер мен авторлық пайымдаулар молынан кездеседі [3]. Ол Ресей патшалығы әкімшілігінің іс-әрекеттерін ашық сынағаны үшін Ташкенттен шұғыл түрде Ресейге кері қайтарылған болатын. Сол сияқты В.Наливкиннің Қоқан хандығының тарихына арналған көлемді еңбегінде Қазақ жері үшін Ресей-Қоқан арасындағы талас-тартыс, қарулы қақтығыстар жөнінде мол мәліметтер кездеседі [4]. В.Наливкин өз еңбегінде қаталдығы үшін «Залым хан» аталған Әлімханның Түркістан, Қаратау аймағы мекендеген қазақтарға жасаған қанқұйлы жорықтары туралы да тарихи мағлұматтар берілген.

Сол сияқты Іле өңірін жаулау кезінде 1859–1860 ж. зерттеу жұмысын басқарған штабс-капитан М.Л. Венюков оңтүстік өңірі қазақтары туралы, олардың орыстармен қарым қатынасы жайлы бірқатар мәліметтер береді [5].

Патшалық Ресей тарапынан Түркістан өлкесінің жер аумағын, халық саны мен елді мекендерді анықтап, зерттеуді тереңдете түсуді қажет етті. Осы кезеңде, қазақ жерінің физикалық-геог-

рафиялық, тарихи-этнографиялық жағынан зерттелуінің үдей түсуі тосын жай емес еді. Басқа салаларға қарағанда қазақ жерінің шаруашылығы, қоғамдық-саяси өмірі жүзге бөлінісі, құқықтық басқару жүйесі, жер бедері, су, керуен жолдары мен халықтық мұралары терең зерттелді. Түркістанның өткен тарихына алғашқылардың бірі болып ден қойған, Орынбор өлкесін зерттеуші П.И. Рычков болды. Ол өзінің еңбегінде аудармашы Оразалының айтқан аңызын келтіреді: «Бұл қаланы парсылардың төртінші патшасы Жамшид-шах салдырған..., ол өз әскерімен ұлы Татариға келді, қажеттілік негізінде, әскерді орналастыру үшін үш қаланы салуды бұйырды. Оның біріншісі Түркістан, келесілері Утрар, үшіншісі Сауран...» П.И. Рычков Түркістанның бұрынғы Ясының орнында екендігін дәлелдеуге тырысты [6].

XIX ғ. 60-жылдарының ортасынан бастап Түркістан қорымдарын зерттеуге деген ынта үдейе түсті, оның басты себебі Қожа Ахмет Ясауидің ханакасы болды. 1865–1866 ж. Түркістанға келген Уфалық сот қызметкері М.Бекчуриннің «Әзірет Сұлтан мешіті» жайында қалдырған мәліметтері аса құнды деректер береді. Бұл еңбекте алғашқылардың бірі ретінде Қожа Ахмет Ясауи кешенінде жерленгендердің жатқан орны көрсетіледі [7].

Ресей империясының мүддесіне жұмыс жасаған әкімшілік қызметкерлерінің жазбаларының қала тарихын зерттеуде маңызы ерекше екендігі белгілі. Осы орайда, патша әкімшілігі жүйесінде қызмет жасай жүріп, Орталық Азияның жергілікті халықтарының мәдениетін, өзара қоғамдық қатынастары жөнінде көптеген деректер қалдырған А.К. Гейнс есіміне ерекше тоқталу қажет. А.К. Гейнс қазақтардың тұрмысы мен орыс билігінің өкілдеріне деген олардың көзқарасына өзіндік баға берген. Сонымен қатар, ол М. Черняев экспедициясына қатысып, Оңүстік Қазақстан, Орталық Азия аймақтарын бағындырудағы орыс отрядтарының бірқатар шектен тыс қатал әрекеттеріне сыни пікір танытады.

Қазақстанның оңтүстік батыс және батыс бөлігіне және Орта Азияға саяхат жасаған А.К. Гейнс қазақтардың тұрмысы және орыстардың қалай жаулап алғандығы туралы көптеген мәлімет

жинады. Осындай саяхаттар негізінде А.Гейнс М.Черняев басқарған арнаулы әскери корпусының Оңтүстік Қазақстанды Ресейге күшпен бағындыру барысындағы шектен асқан қаталдығы сол оқиғаларға куә болған өкілдерінің мәліметтері негізінде баяндаған [8]. Ал, 1866 жылы Сауран, Түркістан, Қарнак, Сайрам қалаларының үйінді орнын географ А.К. Гейнс қарап шыққан болатын.

Келесі бір құнды зерттеу еңбек ретінде П.И. Лерхтің еңбегін атап өтуіміз керек. Ол Түркістан қаласының қазіргі орнында бұрын Ясы қаласы болғандығын, археологиялық материалдар арқылы дәлелдеді. Сонымен қатар, Лерхтің еңбегінде XIV–XVI ғ. Сырдария бойындағы қалалар жайындағы жазба деректер мәліметі де келтіріледі, Қожа Ахмет ханакасы ішіндегі құлпытастар жайлы баяндалады [9].

XIX ғ. 90-шы жылдарынан бастап Түркістанның өткен тарихын зерттеуді, Түркістан археология әуесқойларының үйірмесі мүшелері П.Н. Ахмеров, А.А. Диваев, Н.С. Лыкошин, С.Г. Маллицкий [10] және басқалар жүргізе бастайды.

Түркістанды зерттеулер ішінде Ясы-Түркістан-Шавгар қалаларының бір деп негіздеген шығыстанушы В.В. Бартольдтың еңбектерін ерекше атап өтуге болады [11].

Патша өкіметінің оңтүстік өңіріндегі басқару жүйесі туралы деректер Ресейдің әскери әкімшілік басқару аппаратында қызмет жасаған М.А. Терентьев, А.П. Хорошкин, Н.М. Гродеков және тағы да басқа зерттеушілердің еңбектерінде кездеседі [12]. Аталмыш авторлардың негізгі бөлігі Ресейдің аймақты жаулау соғыстарына қатысқан, кейін уезің әкімшілік басқару жүйесінің түрлі салаларында қызмет жасағандар болды.

Қоқан билеушісі Әлімқұл мен Түркістанды қарудың күшімен алған Н.А. Веревкин, Әулиеата, Шымкент, Ташкент қалаларын алған М.Черняев әскерлерінің шайқастары жөнінде белгілі өлкетанушы Е.Т. Смирнов 1899 жылы шығартқан Ахмет Кенесариннің «Кенесары және Сыздық сұлтандар» еңбегінде осы қалалар жөнінде көптеген мәліметтер берілген [13].

Жалпы алғанда, зерттеліп отырған тақырыпқа байланысты орыс ғалымдары мен саяхатшыларының ХІХ ғасырда жарық көрген еңбектерінде ортақ ерекшелік – оларда қазақтардың Қоқан билігінен құтылып, Ресей империясының қарамағына өтуі – тек қана прогрессивтік сипатқа ие болғаны деп бағаланды. Оларда Қоқан-Ресей қарама-қайшылығы басталғанға дейінгі кездің өзінде-ақ патша үкіметінің отарлау барысында жер-жерде жергілікті тұрғындарға жасалған зорлық-зомбылық айтылмады, бұған қарсы халық наразылығы бұрмаланып көрсетілді, ал Қоқан қоластындағы қазақ қалаларын Ресейдің әскери отарлау саясаты нәтижесінде қарулы күшпен тартып алуы кезінде қаншама бейбіт халықты қырғынға ұшыратқандығы жөнінде бар шындық ашып көрсетілмеді.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдары Түркістан қаласының тарихы негізінен Қожа Ахмет Ясауи кесенесін қалпына келтіру мен қорғауға байланысты зерттелді. Ол негізінен А.А. Семенов, Т.В. Савельева еңбектерінде көрсетілген [14].

Алғашқы археологиялық зерттеулер 1928 жылдың жазында М.Е. Массонның бастауымен цитаделде жүргізілді. Нәтижесінде ғалым қазіргі Түркістан қаласының орнында Ақсақ Темір дәуіріне дейін-ақ ХІІ–ХІІІ ғ. үлкен қала болғандығын дәлелдеді [15]. Ұлы Отан соғысы кезінде тоқтап қалған зерттеулер 1947–1951 жылдары Н.А. Бернштам басқарған Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы жұмысымен қайта жанданды [16]. Ол Түркістаннан 8 шақырым жерде орналасқан Шойтөбе қалашығының Шауғар-Ясы болу мүмкін екендігін жазды. Осы экспедицияның мүшелері Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевич археологиялық мәліметтерге сүйене отырып, қазіргі Түркістан қаласы аумағы Оңтүстік Қазақстанның ежелгі егінші-отырықшы аймағы болғандығын көрсетті [17].

1958 жылдары Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің айналасында Н.Б. Немцова қазба жұмысын жүргізді. Нәтижесінде қазақ хандарының мазарларының орны табылды [18].

Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1972 жылғы арнайы қабылдаған шешімінде, Түркістан қаласын ғылыми-зерттеу мен

қалпына келтіру жұмыстарын жақсарту мәселесі көтерілді. Бұл үшін кешенді бағдарлама қабылданып, археологиялық жұмыстар, қаланың сәулеттік тарихын, салыну құрылысы, технологиясы және басқа да бағыттар бойынша зерттеу жүргізу жоспарланды. 1972–1974 жылдары Түркістан қаласында Қазақ КСР ҒА-ның Тарих, археология және этнография институты Қазақ КСР Мәдениет министрлігімен бірлесе отырып кең көлемдегі археологиялық зерттеу жұмыстарын бастады. Алынған мәліметтерді жинақтаған және оны ғылыми талдауға алған отряд бастығы Т.Н. Сенигованың бірнеше еңбегі жарық көрді [19]. Түркістан қаласында табылған монеталар – қаланың ақша айналымы мен әртүрлі кезеңдегі, әр елмен экономикалық байланысын көрсететін зерттеулерде Р.З. Бурнашеваның да еңбегі зор [20]. Л.Б. Ерзакович, Б.Нұрмұханбетов, А.Ордабаев, А.Н. Марьяшев, Ю.А. Мотов мақалаларында Түркістан қаласының кейбір археологиялық нысандарында жүргізілген қазба нәтижелері туралы ақпараттар жарияланды [21].

Кесенеден 300 метр оңтүстік-шығысқа таман орналасқан Күлтөбе төбешігінде Е.А. Смағұловтың жүргізген қазба жұмысы нәтижесінде бұл төбешіктің б.д. 1 мың жылдығында болған Ясы мекені кейінгі Түркістанның көне орыны екендігі анықталған. Кейінгі қазба жұмыстарын Б.Х. Әділгереев, А.О. Итенов жүргізіп Түркістан қаласы тарихы мен Қожа Ахмет Ясауи кесенесі жайындағы мәліметтердің қатарына толықтырды [22].

1985–1986 жылдардағы Түркістан отрядының басшысы Б.Х. Әділгереев болса, 1987 жылдан бастап оны орнын А.О. Итенов алмастырды. Бұрынғы Ясыдан да тарихы әріден басталатын Шауғар қаласының тарихын зерттеу барысында, Түркістан қаласынан 8 шақырым жерде орналасқан Шойтөбе қалашығында археологиялық қазба жұмыстары ұйымдастырылды.

1992 жылдары Шойтөбе қалашығында жүргізілген қазба жұмысын Ә.Қ. Шашаев басқарды. Жинақталған материалдар негізінде оның көне Шауғар қаласының орны екендігі атап көрсетілді [23].

К.М. Байпақовтың ортағасырлық қалалар жайындағы еңбектерінде Түркістан, Ясы, Шауғар қалаларының тарихы археологиялық мәліметтер арқылы жан-жақты қарастырылған [24]. Сәйден Жолдасбайұлының «Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан (ерте дүниеден XVI ғасырға дейін)» монографиялық зерттеуінде Шауғар қаласы, Ясы мен Түркістан қалалары тарихына қатысты мәліметтер берілген [25].

1995 ж. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің ішінде орналасқан Абылай хан қабірін антрополог О.Смағұлов бастаған мамандар зерттеу жүргізіп оның нәтижелерін «Абылай хан: тарихи-антропологиялық зерттеу» атты монографияда жария етті [26].

Ортағасырлық Түркістан тарихын зерттеуде археологтардың, шығыстанушылардың еңбектері зор. Қаланың 1500 жылдық мерейтойына орай 2000 жылы Е.Смағұлов пен М.Тұяқбаевтың «Түркістанның ортағасырлық тарихы» [27], З.Жандарбектің «Түркістанның қысқаша тарихы» [28], М.Қожаның «Иасы-Түркістан тарихы (Ерте заманнан XVIII ғасырдың аяғына дейін)» кітапшалары жарық көрді [29]. Аталған авторлардың еңбектерінде археологиялық және жазба деректер қатар қаралады.

Ә.Қ. Муминов, М.Б. Қожа, С.Моллақанағатұлы, М.Ж. Садықбеков және Ж.М. Нұрбековтердің 2011 жылы алғаш баспадан шығарған «Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Мавзолей Ходжа Ахмада Ясави. Mausoleum of Khoja Ahmed Yasavi» атты үш тілді альбом атақты кесенені суреттеумен қатар Түркістан тарихына қатысты бөлімдерімен ерекшеленетін басылым [30] болды.

Түркістан қаласы мен ондағы тарихи-мемориалдық Қожа Ахмет Ясауи кешені тарихына қатысты, жекелеген зерттеулер жеткілікті. Ж.Әлмашұлы, Ә.Әбіласан, Б.Кәрібай, С.Сайфулмаликова еңбектері мәселенің әр қырынан тарихи түрде кең қарастырған. ХХІ ғасырдың бірінші ширегінде ескі Түркістан қалашығы археологтар (Е.Смағұлов, М.Тұяқбаев, С. Ақылбек бастаған топтар) тарапынан зерттеліп жақсы нәтижелер берді [31].

Бұл саладағы ірі еңбектердің бірі ретінде Б.Т. Тұяқбаеваның көп жылдық еңбегі қажетті дерек көзіне айналып отыр [32].

Эпиграфикалық мәліметтердің құндылығын аша отырып, оларды Түркістан қаласы қорымдарында жерленген адамдардың ата-тегін анықтауға пайдалануға, қала тарихындағы рөлін сараптауға қажет мәлімет көзі ретінде қарауды арабтанушы-ғалым Әбсаттар Дербісәлі ұсынған болатын [33]. Осы мәселеге қатысты Түркістанда жерленген қазақ хандары жайындағы мәліметтер И.В. Ерофееваның зерттеуінде келтірілген [34].

XX ғасырдың 20-30 жылдарының зерттеушілері Ресей империясының Қазақстанды жаулап алғанын, олардың отарлық саясатын және оның кері зардаптарын атап көрсетеді. Алайда, бұл мәселелер жеткілікті дәрежеде терең зерттелмеген. Бұл көзқарастарды қалыптастыруға негізінен, сол жылдардағы орын алған таптық қағидалар әсер етті.

Кеңес дәуірінің өзінде тарихи шындықты орыс империясының өздерінің шовинистік саясатына қарай бұра тартып, «ұлы орыс халқының ағалық қамқорлығын» дәріптеген еңбектермен бірге патша өкіметінің отарлық саясатын және оның жергілікті әкімшілік қызметін сынаған еңбектерде жарық көрді. Олардың ішінен Г.Сафаров, П.Г. Галузо, А.Сұлтан-Заде, С.Асфендияровтардың [35] зерттеулерін ерекше атап өтуге болды. Зерттеушілер өз еңбектерінде өлкедегі отарлаудың көлеңкелі тұстары, орыс езгісінің пәрменділігі, әскери-әкімшілік орындардың құрылымы мен қызметін зерделеп, отарлық әрекеттерін ащы шындықпен көрсетеді. Айталық, Г.Сафаров өз еңбегінде өлкедегі отарлау алғашқы кезде әскери басқыншылық түрінде жүргізіліп, содан кейін барып Ресейден дайын күйінде әкімшілік-полицейлік құралдың әкелініп таңылды деп қорытындылайды.

Мұндай қорытындыға П.Г. Галузо да келеді. Ол Ресей мен Қазақстан серіктестігінің тең құқылы еместігін атап көрсетіп, империяның өзге өлкелерді «қосып алуға» өте мүдделі екенін атап өтеді. П.Г. Галузо отарлық билікті «түзімдіктерді билейтін аппараты» және «орыстың әскери – шенеуіктік аппарат» деп екіге бөліп қарастырып, отаршыл империя теоретиктерінің агрессияға бейбіт тон жамылдырып, өркениетті сипат беруге неліктен ты-

рысқанын түсіндіріп, отарлық саясат шет аймақтарға зор қасірет алып келді деген пікірге тоқтайды. «Отар Түркістан» деген кітабында ол былай деп жазады: «Патшалық Ресей әскерлерінің қазақ даласына қарай ендеп кіруі XVIII ғасырдың I жартысында-ақ басталған болатын. Орыс әскерлері елге ентелей әрі толассыз дерлік сұғына түсті, алайда былайша айтқанда, біраз жалтақтай отырып жылжыды». Өйткені, Орта Азия шекарасындағы орыстардың агрессиялық саясаты жөнінде келтірілген алысты көздейтін агрессиялық жоспарларын қарастыра отырып, Ресей Орта Азияға аяқ басқанда, өзінің халықаралық ортада өз беделінен айрылып қалудан қатты қорықты.

Қазақстан мен Орта Азияның Ресей құрамына енуін, саясат, экономика, мәдениет салаларында болған өзгерістерді зерттеген тарихшылар: Н.Г. Аполлова, Е.Б. Бекмаханов, М.П. Вяткин болды. Ресейдің Қазақстанда жүргізген отарлық саясаты мен Қазақстанның Ресей құрамына «өз еркімен қосылуы» жөніндегі пайымдаулар көптеген кеңес тарихшыларының еңбектерінде айтылады. Соның бірі, Н.Г. Аполлова [36]. Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуының «прогресивті» рөлімен қатар, қазақ жеріндегі салынған бекіністердің біртіндеп ішке қарай ене бастауын, орыс отаршылдарының барған сайын қазақ жерін тартып алып, өздерінің меншігіне айналдырғанын шындыққа сай баяндаған.

М.П. Вяткин Ресей патшалығының жаңа әкімшілік реформаларын жүзеге асырудағы басты мақсаты осы өңірдегі отарлық тәртіпті күшейту мүдделерінен туғандығын ашып көрсетуге тырысқан [37]. Ол Ресей патшалығының Қазақстандағы хандық билік жүйесін жоюдағы және оның территориялық реформаларын жүзеге асырудағы басты мақсаты осы өңірдегі отарлық тәртіпті күшейту мүдделерінен туғандығын дәлелді көрсетті.

Ортаазиялық хандықтар мен патшалық Ресей империясының арасындағы қарама-қарсылықтың қалай шешілгені жөнінде П.Г. Галузо еңбегінде [38] едәуір орын берілген. Ол патша үкіметінің отарлық саясатының негізгі мақсатын оңтүстік өңірі мысалында ашық көрсеткен.

Б.С. Сүлейменовтың, Г.С. Сапарғалиевтің еңбектерінде XIX ғ. – XX ғ. бірінші жартысындағы Қазақстанның әкімшілік-саяси басқару жүйесінің іс-әрекеті, қызметі, саяси дамуы сипатталған [39]. Осындай жұмыстар қатарына К.Жиренчиннің «Политическое развитие Казахстана в XIX – нач. XX века» еңбегі жатады [40].

Патшалық Ресейдің экономикалық және отарлау саясатын зерттеген еңбектерге А.П. Погребенский, К.Р. Несіпбаева, Н.Э. Масанов, Р.Бекназаров, Д.И. Дулатованың еңбектерін жатқызуға болады [41].

Патшалық дәуірде Ресей отаршылдары қаланың мәдени-ұлттық кодын жойып, халықтың санасындағы қасиетті бейнесін өшіруге ұмтылды. Оның саяси-идеологиялық әрекеттерінің Кеңес Одағы дәуірінде жалғасын тапқандығын негізделеді. Алайда, халықтың рухани-тарихи сабақтастығын өшірудің қиын екендігін отаршыл жүйелердің ұмыт қалдыратындығы тарихтан мәлім.

Тарихы терең Түркістан қаласының жаңа даму белесі тәуелсіздігімізді алған жылдарға тура келгені жасырын емес. Ел астанасы мәртебесінде болған қала бодандық кезең мен қызыл империялық саясат тұсында шетқақпайланып келді. Аудан орталығы атауынан аспаған Түркістанға 1971 жылы ғана қала статусы берілгені соның дәлелі. Тәуелсіздігімізді алғаннан кейінгі кезеңдегі тарихи Түркістанның жаңа тынысы, игі бастамалар мен мәдени дамуы, жүзеге асырылған жаңалықтар, Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы, Түркістан қаласының 1500 жылдығының аталуы, Түркістан қаласы түркі әлемінің 2017 жылғы мәдени астанасы ретінде сайлануы, 2018 жылы облыс орталығына айналуы, 2021 жылы Түркі мемлекет басшыларының саммиті, 2023 жылы Ұлттық құрылтай отырысының өтуі сияқты шаралар Түркістан қаласының қазіргі егемен еліміздің өмірінде алып отырған маңызды ролін көрсетеді.

КСРО-ның ыдырауы кезеңі мен тәуелсіздік жылдарында тарихнама көптеген жаңа жарияланымдармен толығы түсті, алға

шында олардың негізгі бөлігі мерзімдік басылым беттерінде, газет-журнал мақалалары түрінде жарық көрді. Тәуелсіздігіміздің берген үлкен жемісі заманауи тарих ғылымына арналып, жаңашыл қала тарихын дайындауға қол жеткізді. Оларда мол құжаттық материал негізінде Ресейдің Түркістандағы отарлау саясатының мазмұны ой елегінен қайта өткізілді, өлке халықтарының ұлт-азаттық күресі тарихындағы белгісіз беттер жария етілді, қазақтардың Орталық Азияның басқа да халықтарымен этносаяси, сауда-экономикалық және мәдени байланыстарының ерекшеліктері ашып көрсетілді.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі жаңа даму кезеңіне аяқ басуымен қала тарихына үлкен үлес қосқан профессор Сейтқали Мадуановтың [42] ғылыми-зерттеу жұмысы жарық көрді.

С.Мадуанов, З.Т. Садуакасова, С.С. Сайфулмаликова, Х.М. Тұрсұн және т.б. авторлардың зерттеулерінде мол құжаттық материал негізінде Ресейдің Түркістандағы отарлау саясатының мазмұны ой елегінен қайта өткізілді, өлке халықтарының ұлт-азаттық күресі тарихындағы белгісіз беттер жария етілді, қазақтардың Орталық Азияның басқа да халықтарымен этносаяси, сауда-экономикалық және мәдени байланыстарының ерекшеліктері ашып көрсетілді. Сондай-ақ, Х.Тұрсұнның мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожановтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметінен сыр шертетін құжаттар мен материалдар жинағы 1917–1930 жылдардағы құжаттарды құрайды [43]. Профессор Х.Тұрсұн бүгінгі таңда Түркістан тарихына қатысты бірнеше ғылыми еңбектер мен құжаттар жинағын жазып, қала тарихын зерттеуге елеулі үлес қосып келеді.

Қазіргі кезеңдегі Қазақстандық зерттеушілердің еңбектері қаланың әртүрлі аспектілерінің тарихын зерттеуде маңызды орын алуда. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі жаңа даму кезеңіне аяқ басуы қала тарихына деген қызығушылықты арттыра түсті. Ө.Қ. Қожақовтың, М.Ермаханованың, Ә.Ермағамбетованың, Х.Берденованың, Ж.Өмірбекұлының кандидаттық диссертацияларында қарастырылған [44].

Қала тарихының әр кезеңінен тың деректер түркістандық қаламгер, өлкетанушы Н.Назаровтың жазған «Түркістаным тағдырым», «Шежірелі Түркістан» еңбектерінде жарияланды [45]. Нұрмахан Назаров «Өзреті Түркістан» атымен газет шығарып, төл тарихына шөліркеген орнын толтырып, көпшілік алғысына бөленді. Сондай-ақ, сол жылдары Б.Әжібекұлы, О.Исмаилов, Қ.Сердалиев құрастырған Түркістан қаласының перзенттері және қала тарихында өз қызметімен белгілі із қалдырған адамдардың өмірлері жөнінде жазылған бірнеше жинақ [46] жарық көрді. Бұл кітаптарда ғылыми жүйелілік сияқты басқада ғылыми талаптар сақтала бермегеніменен, танымдық ақпараттық маңызы жоғары деп білеміз.

Жазушы, драматург филолог-ғалым Жолтай Жұмат-Әлмашұлы түркістандық саяси қайраткерлер Сұлтанбек Қожанов, Нәзір Төреқұловқа арнаған тарихи публицистикалық «Қызыр қонған Түркістан», «Абыз Ахмет Ясауи» атты эсселер кітабын жазды [47]. Осындай еңбектердің қатарында көп жылдар қалалық «Түркістан» газетінің редакторы болған Балтабай Нұржановтың деректік құндылығы басым Ұлы Жеңістің 55 және 60 жылдығына арнап шығарған «Баһадурлар», «Ерлікке тағзым», «Түркістан» газетінің 75 жылдығына арналған «Тоғысқан тағдырлар» [48] атты еңбектерінде ерекше атауға болады.

Жалпы алғанда, тәуелсіздігімізді алғаннан кейінгі кезеңде Түркістан қаласының тарихындағы екі ірі оқиғаны басым айтуға болады. Ол 2000 жылы Түркістан қаласының 1500 жылдығының тойлануы және 2018 жылы Түркістан қаласының Түркістан облысы орталығы болып бекітілуі оқиғалары. Сондықтан да болар, Р.Насыровтың құрастырған альбом-кітабын қанағат тұтып жүрген көпшілік үшін, Түркістан қаласының тарихына қатысты тарихи-танымдық, тарихи-насихаттық сипаттағы еңбектер осы екі кезеңде көптеп жарық көрді [49]. 2000 жылы жарық көрген «Тарихы терең Түркістан» жинағы қала тарихына қатысты маңызды мақалалар мен естеліктерді құрастырса [50], «Түркістан – өркеннет ордасы» еңбегі [51] қаланың көне тарихына сыр шертеді.

Бұл жерде, салмақты басылым ретінде 40 баспа табақтан асатын «Түркістан» Халықаралық энциклопедиясын және архив материалдар жинағы «Из истории Туркестана. Сборник документов» [52] еңбектерін ерекше атауға болады.

Ал, Түркістан облысының құрылуымен қала қонақтары мен туристер үшін кәдесый сипатындағы бірнеше тілде кітап-альбом, фотокітап, ғылыми-танымдық альбом түрлі-түсті сапалы кітаптар жарық көрді [53]. Кітаптар жаңа облыс басқармаларының тапсырысымен дайындалғандықтан ақпараттық мазмұны салмақты, авторлар мен құрастырушыларды, үлкен жауапкершілікпен қарағыны аңғарылады. Кітаптар альбом атымен шыққаныменен ақпараттық-танымдық басымдығы байқалады. 2019 жылы баспадан шыққан «Түркістан – руханият бесігі. Лингво-өлкетану энциклопедиясы» [54], 2021 жылы жарық көрген «Әзірет Сұлтан» энциклопедиясы [55] негізінен түркістандық ғалымдардың дайындаған үлкен еңбегі болып табылады.

Мархабат Байғұттың Елдостың эсселері мазмұнымен дайындағын «Түркілер төрі Түркістан» [56] атты еңбегі Түркістан қаласының және Түркістан облысының тарихи орындары туралы тартымды мәлімет береді. Ал, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығында 2019–2020 жылдары топтама сипатында дайындалған «Түркістанда жерленген хандар мен сұлтандар» [57], «Түркістанда жерленген қазақ билері» [58] атты еңбектердің де қала тарихына қосар сүбелі үлесі бар.

Түркістан тарихы тереңде жатқан шаһар. Бұл қалада ұлтымыздың тағдыры талқыланып, түрлі шешім қабылданған. Түркістан қаласының осы қарастырылып отырған шеңберінде арнайы ғылыми еңбектердің жұтандығы әлі де болса байқалады. Дегенменен, ҚазҰУ ғалымдарының Түркістан қаласының этномәдени процесстеріне қатысты этнографиялық экспедиция материалдары [59] мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-і ғалымдары дайындаған Алаш қозғалысының Түркістан қаласындағы қызметі туралы құжаттар мен ғылыми мақалалар жинағын [60] ұсынған. «Әзірет Сұлтан» музей-қорығында Түркістан өңіріндегі тарихи-

мәдени ескерткіштерін топтастырған деректі тарихи-танымдық жинақ [61] жарық көрді.

Қала тарихы тақырыбына қатысты әлемде жүргізілген алдыңғы ғылыми зерттеулер ішінен Брюс Привратски еңбегін атап өтуге болады. Американдық антропологтің зерттеуі Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін қазақтар арасында жүргізген алғашқы далалық этнографиялық жұмыс болды [62]. Ғылыми зерттеудің ұлттық және халықаралық ауқымдағы маңызы еліміздің тарихындағы қала орны анықтап отыр.

Сондай-ақ, бағдарлама авторларының зерттеу нәтижелері бойынша қала тарихына қатысты шетелдік басылымдарда бірнеше мақалалар жарияланды [63].

Осылайша, жоба тақырыбының тарихи өзектілігі мен ғылыми маңыздылығы зор деп тұжырымдауға құқылымыз. Президент Қ.Тоқаев өз сөздерінде Түркістан қаласы туралы: «Біз киелі шаһарды рухани және тарихи елордамыз десек, дұрыс..» деген болатын. Осы рухани және тарихи елордамыз ғылыми тұрғыдан жан-жақты объективті бағалауды қажет етеді. Ғылыми бағдарлама тақырыбына қатысты әдебиеттерді тарихи тұрғыдан зерттей келе, біршама ғылыми еңбектер жарық көргеніменен, Түркістан қаласының әлеуметтік-экономикалық жағдайы, мәдени даму мәселелері сапалық мен жүйелілік жаңа көзқарас тұрғысынан кешенді зерттеудің қажеттілігін көрсетеді.

Тақырыптың теориялық және методологиялық негізін қазіргі ғылымда алға қойылған негізгі ережелер құрайды. Империялық отаршылдық саясат тарихи процестің басты факторы болып табылатын әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырылады. Тақырыптың теориялық және методологиялық негізін айқындауда Ресей отарлығы, Кеңестік империя және Тәуелсіздік кезеңдердегі Түркістан қаласының тарихын зерттеуге мүмкіндік беретін құрылымдық-функционалдық көзқарас пен ұстаным алға тартылады. Сонымен қатар, жұмыста процестер мен құбылыстардың ерекшеліктерін тереңірек зерттеу үшін зерттелетін объектінің ішкі байланысын анықтауға және бағалауға, оны интегралдық

фактор ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін жүйелік зерттеу әдісі қолданылды.

Зерттеу жұмысы Түркістан қаласының тарихы мен оның қазіргі білім жүйесінде оқытылуының ғылыми теориялық-практикалық базасын толықтыратын ғылыми еңбек болып саналады. Монография Түркістан қаласының бірнеше саяси-қоғамдық дәуірлерді бастан өткергендігін және ол кезеңдерде өзінің тарихи-мәдени құндылықтарын жоғалтпағандығын айқындайды.

Әдебиеттер:

1. Добросмыслов А.И. Города Сыр-Дарьинской области. Казалинск, Перовск, Туркестан, Аулие-Ата и Чимкент. – Ташкент: эл. пар. типолит. О.А. Порцева, Ташкент, 1912. – 204 с.
2. Макшеев А.И. Исторический обзор Туркестана и наступательного движения в него русских. М., 1895. – 377 с. Путешествия по киргизским степям Туркестанского края. М., 1889, – 257 с.
3. Пашино П.И. Туркестанский край в 1866 году: Путевые заметки П.И. Пашино. СПб., 1868. – 176 с.
4. Наливкин В. Краткая история Кокандского ханства. Казань: Тип. императорского университета, 1886. 215 с.
5. Венюков М. Заметки о степных походах в Среднюю Азию // Военный сборник., 1890 г. №12, С. 513.
6. Рычков П.И. Топография Оренбургской губернии / Соч. П.И. Рыčkова. – Оренбург, 1887. – С.15.
7. Бекчурин М. Туркестанская область. Заметки статического советника Бекчурина. – Казань, 1872. – С.70.
8. Гейнс А. Собрание литературных трудов. СПб, 1898, Т. II, – 431 с.
9. Лерх П.И. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 г. СПб., 1870. – 40 с.
10. Ахмеров Г.Н. Надписи мечети Ахмеда Ясави // Известия Общества археологи и этнографии при Казанском университете. – Казань, 1886. – Т. 3. – Вып. 6. – С.132; Диваев А. Из области киргизских веровани. Баксы как лекарь и колдун // Известия общ. археологии, истории и этнографии при Казанском университете. – Казань, 1899.

- Вып. 3. – Т. XV. – С. 4; Лыкошин Н.С. Очерк археологических изысканий в Туркестанском крае, до учреждения Туркестанского кружка любителей археологии // Среднеазиатский вестник, 1896. – №7, 9; Маллицкий С.Г. Историко-архитектурное значение мечети Хазрета Ясевичского в г. Туркестане // ПТКЛА, 1907 (1906–1907), 12, протокол №1 от 27.II.1907 г. – С. 6-28.
11. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия / Соч. – М., 1963. – Т. 1. – С. 234; Бартольд В.В. История изучения Востока в Европе и России. Спб.: Тип. М.М. Стасюлевича, 1911. 295 с. Бартольд В.В. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью 1893–1894 гг. // Сочинения. М., 1966. Т. 4. С. 21-91.
12. Терентьев М. Статистические очерки Среднеазиатской России // Записки РГО. По отд. статистики. Т. 4. – 1874, С. 1–129; История завоевания Средней Азии. Т.-СПб., 1906. – 510 с.; Хорошкин А.П. Сборник статей касающихся Туркестанского края // ТС. Т. 116. – 1876. 479 с.; Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Т. 1. Юридический быт. – Ташкент, 1889, – 205 с.
13. Кенесарин Ахмет. Султаны Кенесары и Сыздык. Алматы, 1992, – С. 144.
14. Семенов А.А. Мечеть Ходжи Ахмеда Ясевичского в Туркестане. Результаты осмотра в ноябре 1922 г. // Изв. Средазкомстариса. – Ташкент, 1926. – Вып. 1. – С.130; Савельева Т.В. Охрана и изучение древностей Казахстана Туркомстарисом // Прошлое Казахстана по историческим источникам. – Алма-Ата, 1976. – С.233.
15. Массон М.Е. О постройке мавзолея Ходжа Ахмета. – Ташкент, 1930. – С.4.
16. Бернштам А.Н. Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана // Известия АН КазССР. – Серия археол. – 1950. – Вып. 2. – С.72-82.
17. Агеева Е., Пацевич Г. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Труды ИИАЭ АН КазССР. – Алма-Ата, 1958. – Т. 5. – С.3-215.
18. Немцова Н.Б. Археологические раскопки у комплекса Ходжа Ахмед-и Ясави (1958 г.) // Известия АН КазССР. – Серия истории, археологии и этнографии, 1961. – Вып. 1(15). – С.91–104.

19. Сенигова Т.Н. Керамика городища Туркестан из верхнего строительного горизонта (XVII–XVIII вв.) // Археологические памятники Казахстана. – Алма-Ата, 1978. – С.171–187;
20. Бурнашева Р.З. Клады медных монет из г. Туркестана // Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана. – Алма-Ата, 1969. – С.58–68.
21. Ерзакович Л.Б., Нурмуханбетов Б., Ордабаев А. Подземное погребальное сооружение в Туркестане // Археологические исследования в Отыраре. – Алма-Ата, 1977. – С.59–72; Марьяшев А.Н., Мотов Ю.А. Крепостные стены позднесредневекового Туркестана // Известия АН КазССР. – Сер. общ. наук, 1982. – Вып. 1. – С.40–46.
22. Смагулов Е. А. Новые археологические данные к исторической топографии городища Туркестан // Исторические чтения памяти М.П. Грязова. Тезисы докладов. – Омск, 1987. – С.166–169; Адильгиреев Б.Х. Исследовательские работы по изучению археологических памятников материальной культуры. Инв. №96. – С.13; Итенов А.О. Археологические исследования в охранной зоне музея-заповедника «Азрет-Султан» в г. Туркестане. Фрагменты застройки некрополя. Отчет. – Алма-Ата, 1993. Рукопис. Архив НИПИ памятников материальной культуры. Инв. №6.
23. Шашаев А.К. Исследования городища Чуйтобе. Маргулановские чтения. Тезисы. – Петропавловск, 1992. – С.110.
24. Байпаков К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья (VI – начало XIII в.). – Алма-Ата: Наука, 1986. – С.256.
25. Жолдасбайұлы С. Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан: (Ерте дүниеден XVI ғ. дейін). – Алматы, 1995. – 176 б.
26. Смагулов О., Мұхтар Қ., Оразаққызы А. Абылай хан: тарихи-антропологиялық зерттеу. Алматы: Атамұра. 1999. – 176 б.
27. Смағұлов Е., Тұяқбаев М. Түркістанның ортағасырлық тарихы. – Түркістан: Мұра, 1998. – 52 б.
28. Жандарбек З. Түркістанның қысқаша тарихы. – Түркістан, 2000.
29. Қожа М. Иасы-Түркістан тарихы (Ерте заманнан XVIII ғ. аяғына дейін). – Түркістан, 2000.

30. Мавзолей Ходжа Ахмада Ясави. Mausoleum of Khoja Ahmed Yasavi». Авторы текста А.К. Муминов, М.Б. Кожа, С.Моллаканатагылы. Изд-е 3-е. перераб. и доп. Алматы: Эффект, 2011. – 208 с.
31. Смағұлов Е., Григорьев Ф., Итенов О. Очерки по истории и археологии средневекового Туркестана. – Алматы: Ғылым, 1998. – С. 232; Тұяқбаев М. Түркістанда жерленген тарихи тұлғалар. – Алматы, 2000. – 96 б.
32. Туякбаева Б.Т. Эпиграфический декор архитектурного комплекса Ахмеда Ясави. – Алма-Ата, 1989. – 176 с.
33. Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары (тарихи-филологиялық зерттеу). – Алматы: Рауан, 1995. – 233 б.
34. Ерофеева И.В. Краткие исторические сведения о казахских ханах умерших и похороненных в г. Туркестане (XVII–XVIII вв.). Архив музея «Азрет Султан». – Инв. №101.
35. Сафаров Г. Колониальная революция. (Опыт Туркестана). – Алматы: Жалын, 1996. – С. 272; Галузо П.Г. Туркестан – колония. – Москва: Наука и Просвещение, 1929. – С.164.; Колониальный восток // Социально-экономические очерки. Под. ред. А.Султан-Заде. – Москва: Новая Москва, 1924. – С. 354; Асфендияров С.Д. История Казахстана с древнейших времен. – Алматы: Казкрайиздат, 1935. – Т. 1. – С. 262.
36. Аполлова Н. Присоединение Казахстана к России. Алма-Ата, 1948, – 254 с.
37. Вяткин М.П. Очерки по истории Казахской ССР. – Москва, 1941, – 385 с.
38. Галузо П.Г. Аграрные отношения на юге Казахстана в 1967–1914 гг. Алма-Ата, 1965, – 345 с.
39. Сулейменов Б.С. Подготовка реформы 1867–1868 гг. в Казахстане // Известия Каз. Филиала АН СССР. №2. – 1946. С. 137–148; Он же. Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX – начала XX вв. (1867–1907). – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1963. – 411 с.; Сапарғалиев Г.С. Карательная политика царского правительства в Казахстане (1905–1917). – Алма-Ата: Наука, 1966. – 376 с.
40. Жиренчин К. Политическое развитие Казахстана в XIX – нач. XX века. – Алматы: Жеті Жарғы, 1966. – 352 с.

41. Погребенский А.П. Налоговая политика царизма в Средней Азии в 1860–1880 гг. // Исторические записки. – 1961. №66. С. 291-300; Несипбаева К.Р. Налоговая политика царизма в Казахстане 1867–1914 гг. XIX в.: Автореферат дисс. на соиск. уч. ст. к.и.н. – Фрунзе, 1988; Масанов Н.Э. Налоговая политика царизма в 20–60-х гг. XIX в. в Казахстане: Автореферат канд. дисс. – Алма-Ата, 1980; Сулейменов Б.С. Об административном устройстве казахской степи по реформе 1867–1868 гг. // Вестник АН КазССР. Серия общественных наук, 1951. №2. – С. 118. Бекназаров Р. Оңтүстік Қазақстан тарихының очеркі (XVIII–XIX ғ.). – Алматы: Ғылым, 1976. – 330 б. Дулатова Д.И. Административно-территориальные политические меры царской администрации в Казахстане // Историография дореволюционного Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1984. – 272 с.
42. Мадуанов С. История казахско-узбекских отношений в XIX – начале XX вв.: автореф. канд. ист. наук: 07.00.02. – Алма-Ата, 1980. – 23 с.
43. Сайфумаликова С. Түркістан уезі: құрылу тарихы, этникалық құрамы, халық саны (1872–1886 ж.). // Отан тарихы. – 2005. – №3. – Б. 104–109; Тұрсұн Х.М. Алаш һәм Түркістан. Алматы, 2013. – 400 б.; Елдікті ұлықтаған әулет. // Ғылыми мақалалар жинағы / Құраст.: Х.М. Тұрсұн, Т.Сүйімбаев. – Алматы, 2012. – 272 бет. Х.М. Тұрсұн. Сұлтанбек Қожанов: құжаттар мен материалдар. – Алматы, 2013. – 382 б.
44. Қожақов Ө. Сырдария облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы (1867–1914 ж.): Тарих ғылымд. канд... дис. автореф. – Алматы, 1994. – 32 с; Ермаханова М. Торгово-экономические связи Казахстана со Средней Азией во второй половине XIX – начале XX века: автореф. дис... канд. ист. наук: – Алматы, 2002. – 25 с.; Ермағамбетова Ә. Батыс Қазақстан қалаларының даму тарихы (XIX ғ. аяғы – XX ғ. басы.): Тарих ғылымд. канд... дис. автореф.: – Орал, 2010. – 24 б.; Берденова Қ. Түркістан қаласының әлеуметтік-саяси тарихының мәселелері: Тарих ғылымд. канд... дис. автореф.: – Алматы, 2008. – 26 б.; Өмірбекұлы Ж. Түркістан қаласы мен агломерациясының әлеуметтік-демографиялық жағдайы (1867–2009 ж.): Тарих ғылымд. канд... дис. автореф. Алматы, 2010. – 26 б.

45. Назаров Н. Түркістаным тағдырым. – Шымкент: Ордабасы., 2006. – 288 б.; Назаров Н. Түркістан шежіресі. 1-кітап. – Шымкент; Ордабасы, 2013. – 352 б.; Назаров Н. Шежірелі Түркістан. 2 кітап. – А., «Дәстүр», 2016. – 202 б.
46. Әжібекұлы Б. Тұғырлы тұлғалар. (Өнегелі адамдар өмірі жайлы). – Алматы. «Дала баспасы», 2008. – 368 бет; Исмаилов О. Тағылымды тұлғалар. Хикаяттар. – Алматы, 2012. – 204 бет; Дала даналары /Құрастырған Қаражан Сердалиев. – Алматы: ЖШС РПБК Дәуір, 2012. – 240 бет.
47. Әлмашұлы Ж. Сұлтанбек Қожанұлы (Түрмеде сөнген шырақ) / Әлмашұлы Ж. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 128 б.; Әлмашұлы Ж. Нәзір Төрекұлов. Алматы: Қазақстан, 1996; Әлмашұлы Ж. Қызыр конған Түркістан. – Алматы: «Санат», 1998. – 208 б.; Әлмашұлы Ж. Абыз Ахмет Ясауи. – Алматы: Дәуір 2000. – 160 б.
48. Нұржанов Б. Баһадурлар. – Алматы: Дәуір 2000. – 160 б.; Нұржанов Б. Тоғысқан тағдырлар. – Шымкент; Ғасыр-Ш, 2005. – 212 б.; Нұржанов Б. Ерлікке тағзым. – Шымкент; Ғасыр-Ш, 2005.
49. Туркестан: Фотоальбом / Сост. Р.Насыров. – Алматы: Өнер, 1993. – 200 с.
50. Тарихы терең Түркістан (жинақ). – Алматы: «Білім», 2000. – 200 б.
51. Есмаханов А., Байпақов К. Түркістан – өркениет ордасы. – Алматы: Дидар-Айна, 2000. – 260 б.
52. «Түркістан». Халықаралық энциклопедия /Бас. ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 2000. – 656 б. Из истории Туркестана. Сборник документов (1917–1996 гг.). Шымкент, 2000. – с. 162.
53. Бейсен А.К. Түркістан: кітап-альбом. – Алматы; «Золотая книга» ЖШС, 2017. – 292 б.; Түркістан облысының мұрасы. Наследие Туркестанской области. – Шымкент: «South Print Corporation». 2018. – 140 б.; Түркістан – аңыз қала: фотокітап (3 тілде). – Алматы: «Алтын кітап баспасы» ЖШС, 2021. – 272 б.; Түркістан / Туркестан. Әли А. – Нұр-Сұлтан: ЖШС «Big Dream Lab», 2021. – 80 б.; Тамыры терең Түркістан. Ғылыми-танымдық альбом. – Астана: Нұрнама, 2018. – 312 б.

54. Түркістан – руханият бесігі. Лингво-өлкетану энциклопедиясы. Бірінші-төртінші кітап (төрт тілде). – Астана: Нұрнама, 2019. – 504 б.
55. Әзірет Сұлтан. Энциклопедия. – Алматы, 2021. – 384 б.
56. Байғұт М. Түркілер төрі Түркістан. Елдостың эсселері. – Алматы, 2020. – 592 б.
57. Түркістанда жерленген хандар мен сұлтандар / Бас. ред. Н.Ахметжанов. – Алматы: «Алтын кітап баспасы» ЖШС, 2019. – 176 б.
58. Түркістанда жерленген қазақ билері. – Алматы, 2020. – 168 б.
59. Түркістан қаласының этномәдени процесстері: Этнографиялық экспедиция материалдары. /Д.Б. Ескекбаев, Б.К. Қалашбаева – Алматы: Арыс, 2003. – 125 б.
60. Түркістандағы Алаш қозғалысы. Құжаттар мен мақалалар жинағы. – Алматы, 2022.
61. Түркістан өңіріндегі тарихи-мәдени ескерткіштер: деректі тарихитанымдық жинақ. – Алматы: «Информ-арна» баспасы, 2016. – 160 б.
62. Bruce Privratsky. Muslim Turkistan: Kazak Religion and Collective Memory. Richmond, Surrey:Curzon Press, 2001. – 321 p.
63. Dinasheva Lazat S., Tastanbekov M. Pilgrimage of Turkestan muslims after joining to Russia (1865–1917) // Volume 89 of Procedia – Social and Behavioral Sciences on ScienceDirect (2013); Akmaral Sandubaeva, Lazat S. Dinasheva, Gulnara Kaibuldaeva, Gauhar J. Primkulova and Muhabbat Rustambekova. Features of the Formation and Establishment of the Public Education in the Turkestan Region in the Late XIX – Early XX Centuries / Man In India, 97 (23) Volume: No.97 (2017) Issue No.:26 (2017) Part 3: 347-356, Serials Publications; Dinasheva Lazat S., The ideological activity of the milli Turkestan Journal // turismo-estudios e praticas. Turismo: Estudos&Práticas (UERN), Mossoró/RN, Caderno Suplementar 02, 2020.

1 XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ XX ҒАСЫР БА- СЫНДАҒЫ ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ

1.1 Патшалық Ресей билігінің орнауы қарсаңында Түркістан өңірінің саяси жағдайы

XIX ғасырдың басында Оңтүстік Қазақстан ортаазиялық феодалдық мемлекеттер – Хиуа, Бұхара және ең үлкен дәрежеде Қоқан экспансиясының объектісіне айналды. Қазақстанның оңтүстігінде олардың үстемдік ету кезеңі біршама аз уақыт аралығын (шамамен 1810–1865 ж.) алса да, бұл уақыт аралығы аймақты Ресей империясының жаулап алуы алдындағы маңызды кезең болды. Бұл уақытта Сайрам, Шымкент, Түркістан қалалары, Талас аймағы, Ташкент қаласы мен Арыс өзені аралығында қазақ көшпелілері Қоқан ханының билігіне қарады. Сырдарияның төменгі ағысы және Арал бойындағы қазақ көшпелілері Хиуа хандығына бағынды. Хиуа мен Қоқан хандықтары жаулап алған Қазақстан аумағында қатаң феодалдық қанау жүйесін орнатты.

XIX ғасырдың 60-жылдарының орта кезеңіне дейін Түркістан қаласы да Бұхар әмірлігінің, кейін Қоқан хандығының ықпалында болып, жалпы Орта Азия хандықтарына саяси тәуелділігі хандықтардағы саяси жағдайлармен тікелей байланысты болды. 1785 жылы Түркістанды қазақтардан Бұхара билеушісі Мир – Масум шах Мурад тартып алса, 1799 жылы Ташкент билеушісі Жүніс қожа басып алады, ал ол өлгеннен кейін қайтадан Бұхара хандығы қарамағына өтеді. Бұл жайында А.И. Добросмыслов еңбегінде нақты мәліметтер беріледі [2; 113].

XIX ғ. басында Түркістан мен оның төңірегіндегі аудандардың Бұхара әмірлігіне қарағандығы жайлы деректер жазба және

ауыз әдебиеттерінде де көрініс тапқан. Бұхар әмірлері көшпелі тайпалардан өздеріне саяси тірек жасау үшін қазақтардың игі жақсыларын билікке тартып отырды. Қазақ ақсақалдарын Бұхар шенеуніктерінің жоғарғы рангісіне тағайындап, Бұхар генералы «датқа» лауазымымен марапаттады.

XIX ғасыр басында Қазақстанның оңтүстігінде Ресей билігінің орнай қоймағандығын пайдаланған Бұхара, Хиуа және Қоқан билеушілері бұл жерлерді өз хандықтарына қосып алу мақсатында өзара қырқысу соғыстарын жүргізді [2; 80]. Әсіресе Қоқан хандығы Қазақстанның оңтүстігіне ие болу үшін ештеңеден аянған жоқ. Қалыптасқан осындай жағдайларға байланысты қазақ тайпалары Бұхара әмірлігінің көрші елдермен жүргізген соғыстарына қатысып, ықпалды күшке айналған. Сондай үлкен шайқастардың бірі 1806 ж. Бұхара иелігіндегі Ұратөбе үшін Әмір Хайдар (1800–1826) мен Қоқан билеушісі Әлім хан арасында болады.

Қоқан ханы Әлім 1808–1810 жылдар аралығында Сайрам, Шымкент қалалары мен оларға жақын аймақты басып алды [3; 102]. Қоқан шабуылы – жері кең, малы мол, жұрты көп қазақтарды құзырына қаратса, бағынышты халық есебінен жиналатын мал мен мүліктік салық арқылы келетін көп дүние хандықтың қазынасын молайтады деген пиғылдан туындады.

Қоқан хандығының сыртқы жаулап алу соғыстарын Ресей немесе Қытайлық Цин империяларының басқыншылығымен салыстыруға болмайды. Әйтсе де, Қоқан «микро-империя» түрінде көрші облыстардың (негізінен солтүстік, солтүстік-батыс аумақтардың) есебінен өз иелігін кеңейтуге қол жеткізді [4; 47].

Әлім ханның қазақ даласын жаулауының негізгі мақсаты – мал-мүліктерін иемденумен шектелмей, орыс отаршылдығынан әзірше аман тұрған, әрі бір орталық билігі жоқ, бытыраңқы күйде өмір сүріп жатқан оңтүстік қазақтарының жерін Қоқанға түпкілікті қаратуды ойлады. Әлім хан шабуыл жасамақ болған қазақ даласын айналасы бірер жылдың ішінде-ақ басып ала саламын деген ойға сенімді болды.

1809 ж. Шымкент қамалын алғаннан соң бір апта өтпей Сайрам қаласын еш қарсылықсыз бағындырады. Әр қалаға 500-ден ләшкерін қалдырып, өз адамдарын шаһар даруғалығына (басшылығына) бекіткен Әлім хан қараша айында қазіргі Түлкібас, Төлеби аудандарының таулы аймағындағы қазақтарды шауып, көп дүние-мүлік пен малын олжалап Қоқанға қайтады.

Әлім ханды өлтіріп таққа келген інісі Омар қазақ даласын жаулап алу саясатын одан әрі жалғастырады. Қоқандықтардың қазақтарға түрлі салықтар салуы қарапайым адамдарға үлкен ауыртпалық түсіріп, ішкі әлеуметтік қайшылықтарды тереңдетіп, халық ішінде кедейлердің көбеюіне әкеліп соқты. Қоқандықтар билік жүргізген тұстағы ауыр жағдайлар елдің есінде қатты сақталып қалды. Ол туралы Ш.Уәлиханов: «Қазақтардың арасында «әзірейіл барда жаным бар деме, қоқандықтар барда малым бар деме» – деген мәтел пайда болды», – деп көрсетеді [5; 312].

Қазақ халқы Қоқан билігіне қарсы наразылықтарын білдіріп отырды. 1810 жылы Ташкент өңірінде тұратын қазақтар салық төлеуден бас тартты. Қоқан ханы қарсылық көрсеткендерді тыныштандыруға және Сайрам, Ташкент, Түркістанды бағындыру үшін 12 мың әскер жіберді. Қоқандықтар жол бойындағы қазақ ауылдарын тонады. Қоқандықтар Түркістанды басып алуы кезінде оның билеушісі Тоқай Төре Бұхараға қашуға мәжбүр болды. Бұхараның әмірі Тоқай Төреге Бұхарадағы соғысқа жарайтын қазақтардан жасақ жинап алуға рұқсат берді. Жасақ жинап жаратқан Тоқай Төре алдымен Созаққа бекініп, одан кейін Түркістанды қоршауға алды. Оған қарсы қоқандықтар Ташкенттен 300 жауынгерімен Базарбай Бахадүрді аттандырды. Олар жолда Тоқай Төреге көмек көрсеткен 1000 отбасынан тұратын қазақ ауылына шабуыл жасап, ауылды тонап, адамдарын тұтқындап алып кетті. Осы кезде Тоқай Төре Созақты тастап қашуға мәжбүр болды. Бұл жайында «Тоқай төре қоқандықтар кеткеннен кейін, Созақты алды. Бекіністің алынғанынан хабарланған Омар хан қазақтардың Тоқай төрені қолдауына мүмкіндік бермеу үшін, жылдам Базарбай бахадүрді аттандырды. Жеңілген Тоқай төре

Бұхараға қашқанымен, бірақ кейін әмір Насрулланың бұйрығымен өлтірілді. Омар хан Түркістанның хакімі ретінде Шейх-и-Бадалды, ал Ташкентке Раджаб диванбегін тағайындап, өзі Қоқанға оралды» деп жазады орыс зерттеушісі В.Наливкин [2; 113].

Одан кейін қазақтардың қарсылығы біраз уақыт басылды. Жау Әулиеата және Түркістан қаласы қорғаушыларын аяусыз жаза-лады. Қоқан бекіністері көшпелі қазақтарды жазғы жайылымнан бөліп тастады.

Қаланы қоқандықтардың басып алуын В.Наливкин толық суреттеп жазады: «1815 жылдың жазында Омар Түркістан қаласына келіп, оны басып алады және бүкіл Орта Азия бойынша қасиет тұтатын кесенеге зиярат етеді. Қаланы соғыссыз және аса шығынсыз алған соң тонайды» [2; 111]. Түркістан билеушісі қаланы тастап Бұхараға қашты. Омар қалада бірнеше күн болды. Қожа Ахмет Ясауи мазарына зиярат жасап, 70 қойды құрбандыққа шалып, кесенедегі барлық қызметші, шырақшы, дінбасыларына сыйлық үлестірді. Сонаң соң Ташкентке қайтар алдында Түркістан уәлаятының әкімі етіп Шейх-и-Бадалды тағайындады. Омар әскерлері Қаратау жоталарынан ары асып, Бетпақдала, Мойынқұм өңіріндегі қазақ руларын бағындырды. Стратегиялық маңызы бар жерлердегі бұрынғы қорғандарды жөндетіп, қажетті деген жерлерге жаңаларын салдырды. Сонын бірі – Шолаққорған бекінісі еді [6; 114]. Ал Орынбордан Жетісуға қарай өтетін керуен жолындағы ертеден келе жатқан Созақ бекінісі күшейтілді. 1818 жылы Ақмешіт бекінісі салынып [7; 25], Арал теңізіне жетті. «Жаңақорған, Шолаққорған, Созақ, Шардара бекіністері Қоқан, Бұхар хандықтарының салған бекіністері болса, ал Түркістан ежелден келе жатқан қала болатын. Түркістан қоңырат руының ықпал ететін аймақтың негізгі орталығы болды. Сол кезеңнің деректерінде қаланы төрт ақсақал басқарды, 20 мешіті бар, нақ ортада Әзірет сұлтан мазары орналасқан» – деп жазады Г.Потанин [8; 70].

Қаланы Тоқай төре (1814), Шейх-и-Бадал (1815), Қанағат шах (1846), Жүсіпбек (1852), Батыр басы (1854), Мырза Нияз (1858),

Рүстембек (1859), Құрманбек (1859), Бабаджан (1860) Мырзадәулет (1863–1864 ж.) басқарды.

XIX ғасырдың басында Қоқан хандығы Қазақстанның оңтүстік облыстарын, атап айтқанда, қазіргі Қызылорда қаласы мен оның шығыс аудандарын, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстарының аумағын, Алматы облысының батыс бөлігін басып алып, оларды 55 жылдай өз құзырында ұстады. Осы кезеңнің шынайы тарихы әлі күнге дейін толық ашылмай, тым көмескі күйінде қалуда. Қазақ халқының өткенін баяндайтын барлық тарихи әдебиеттер мен зерттеулер жинақтарында да аталмыш кезеңнің сипаты – «Оңтүстік Қазақстан жерін 1808–1864 жылдар аралығында Қоқан хандығы жаулап тұрды» дейтін жалпылама берілген мағлұматтан аспайды. Тағы бір деректерде «1819 жылы Ұлы жүздің негізгі бөлігі мен Түркістан қаласы да Қоқан ханының қол астына өтті» деп нақты көрсетіледі [9; 47].

Түркістан қаласының Қоқан хандығына бағынуы Орта Азиядағы саяси жағдаймен байланысты өзгеріп отырды десек те болады. Мысалы, 1818 жылға дейін Бұхар әмірлігінің, кейін Қоқан хандығының, ал 1840–1842 жылдары Бұхар әмірлігі, кейін қайта Қоқан хандығының ықпалына қарады. Сонымен бірге ескере кететін бір жағдай, қаланы басқарған тәжік Қанағат Шах алғашқы кезде Бұхара атынан билік жүргізсе, кейін ол Қоқан хандығының жағына өтіп кетті.

XIX ғасырдың басында Қазақстанның оңтүстігінен тыс аймақтарын орыс отаршылдары генерал-губернаторлыққа бөліп, ел билеудің жаңа құрылымын ендіруге кірісіп жатқанда, Омар хан да басып алған қазақ даласына Қоқан хандығының үкіметтік құрылымын енгізді. Үлкен шаһарлар мен ірілі-ұсақты қала-кенттерге бір-бір даруға хәкімдерді тағайындады. Даруғалар билейтін үлкен шаһарлар қатарына – Шымкент, Түркістан, Әулиеата жатса, Сайрам, Ақмешіт, Қазалы, Созақ, Меркі тәрізді т.б. кенттер хәкімдер билік ететін ұсақ қалалар саналды. Әр шаһар мен ұсақ саналған қала-бекіністерде арнайы әскер тобы тұрды. Шаһар-қалаларға бір де бір жергілікті қазақтардан даруға-хәкім боп таға-

йындалмады, ал оларға қарасты өңірлер датқалықтарға бөлінді. Мысалы, Шымкент шаһарына – 7, Әулиеатаға – 7, Түркістанға – 4, Меркіге – 4, Қазалыға – 4, Созаққа – 2, Сайрамға – 2 датқалық бағынды. Датқа қызметіне тек қазақтар тағайындалды. 1814–1864 жылдар аралығында қазақ жерінде 39 датқалық, ал оларға әр жылдары әр рудан тағайындалған датқалардың саны 82-ге жетіпті. Датқалар тікелей даруға-хәкімдерге, ал даруға-хәкімдер Тәшкент құшбегісіне бағынды. Датқаға лайықты адамдарды даруға-хәкімдер іріктегенімен, оны тағайындап, бекіту – Тәшкент құшбегісінің құзырында болды [7].

Тарихшы-ғалым А.Махаева датқа шенінің мазмұнын талдай отырып, қазақтардан шыққан Қанай датқа, Қоныс датқа, Жайымбай датқа, Тұрысбек датқа, Асқарқожа датқа, Шоқай датқа Қарабекұлы, Сапақ датқа, Саяқ датқа, Құрымбай датқа, Торғай датқа, Қожамұрат датқаларға тоқталады [10; 48].

Бір датқалықтың көлемі қазіргі бір ауданның аумағына парпар келген, әрі оған бәрін жинап санағанда үй саны 3000-3500 болатын 40-45 ауыл қараған. Датқа атауының мағынасына келсек, ол – көне соғдылықтардың тілінде – дутхоу, яғни кіші аймақтың хәкімі деген лауазымды білдірген. Кейін өзбек тілінде де шендік дәрежені білдіріп, дотхо түрінде енген. XVIII ғасырдағы Қоқан бектері бұл шенді өз құзырындағы белгілі бір адамдарға беріп келсе, Омар хан 1814 жылдан бастап қазақтар арасындағы беделді кісілерді де датқа тағайындауға әмір еткен. Датқалардың міндеті – хандық мүддесі үшін қызмет етуден тұрған. Хан мен құшбегінің, шаһар басшыларының жарлық-пәрмендерін ел арасында орындату, жұрттан хандыққа жиналатын алым-салықты уақытында жинау, хандық қалаған мезгілде құзырындағы ауылдардан әскер топтастырып беру сияқты қызметтер олардың басты міндеттеріне кірген. Уақытысында ел арасында қазақ мүддесі үшін өздеріне шен-шекпен берген қоқандықтарға қарсы қол бастап, соғыс салған датқалар да көп болған. Айталық, Құрбан руынан Елғонды датқа, Жетімдер руынан Үсембай датқа, Байзақ датқа, Оразгелді датқа, Байлар-Жандардан Қанай датқа, Тұрлыбек

датқа, Торғауыт датқа, Сапақ датқа, Қоңырщұнақ Елдос датқа, Божбан Мырзабай датқа, Саңғыл Құрымбай, Дүйсенбі, Сауранбай датқалар болған [6; 115].

Сол кезеңде Түркістан қаласының аумағы 70 га жуық болды. Оны балшықтан соғылған қамал қоршап тұрды. Қабырғада 12 мұнара мен 4 қақпа болған [11; 303]. Ресей империясы мен Қоқан хандығы арасындағы Қазақстанның оңтүстік өңірі үшін текеті-рестің басталуы қарсаңында қоқандықтардың бұл өңірді түгелдей дерлік бағындырған ол енді өзінің басқыншылық әрекетін үш бағытта жүргізуді ойлады. Расында, Бұхара әмірі мен Хиуа ханына қарағанда өз күшінің басым екенін, Ресей мен Қытайдың бұл өңірге жақын арада келе алмайтындығын сезінген Қоқан ханы бұл ойын іске асыруда әзірше өзіне қарсы келетін күшті бақталастың жоқ екенін түсінді. Бұл кездегі Қоқан хандығының күшейгені сонша, онымен қаншама ел аяғын тартатын Қытай мен Ресей сияқты үлкен империялардың өзі де есептескен [2; 113].

Қоқан кезінде, қаланың мұсылман әлеміндегі діни орталықтардың бірі ретіндегі маңызы сақталды. Бұл Қоқан хандығының өзі басып алған жерлерге жүргізген саясатының жемісі еді, олар қазақтар мен қырғыздар арасында да исламның позицияларын күшейтуге тырысты. Әулие-Ата, Шымкент, Сайрам және т.б, елді мекендерге мешіттер, медреселер салынып, мазарлар қалпына келтірілді. Далалық жерлерде Ферғаналық ишандар басқаратын мүридтік оқып-үйрену жүйесі жолға қойылды. Барлық қоқандық хандар Ахмет Ясауи кесенесіне берілген вакуфтық грамотаның әулиеге 1838–1839 ж. Мұхаммед Әлі хан да арнайы келіп зиярат етіп кетті. Бұл кезең Оңтүстік Қазақстанда исламның ықпалының күшеюімен ерекшеленеді, бұл құбылыс қалалықтардың өмірінің түрлі жақтарынан көрініс тапты. Олардың күнделікті өмірі түрлі діни әдет-ғұрыптар мен жоралғыларды қатаң ұстау, өткізу, атқару істеріне толы болды.

Қоқан мемлекеті басып алған жерлердің халқын қатаң езгіге салды. Жергілікті тұрғындар көптеген салықтар төлеп ақысыз жұмыстар атқаруға тиіс болды. Осыған байланысты қазақтар на-

разылықтарын білдіре бастады.

Қоқан басқыншылары мол әскермен Оңтүстік Қазақстан жеріндегі қалалар мен қалашық-қамалдарды аз уақыт ішінде басып алғанымен, дала қазақтарын оңайлықпен бағындыра алған жоқ. Ташкентте Қошық, Шардара өңірінде Алтай, Шымқала төңірегінде Ақпан, Шойбек, Тайлақ, Созақ жерінде Кенесары, Жанқожа, Әулиеата маңында Қожағұл, Дербіс, Сұраншы, Спатай, Байзақ батырлар және де бұлардан басқа би-датқалар бастаған топ-топ қолдар қоқандықтардың мазасын жиі алып, берекесін қашырды. Алайда, ұлт-азаттық күрес жолына түскендердің бастары қосылмады. Бір-бірімен араласып, қолдасып кетуге жер шалғайлығы, аралықта жатқан Қоқан әскері кері әсерін тигізді. Оған қоса, ауылдардың барлығы бірдей түп көтеріліп, әлгіндей батырларға ере қоймады. Сонда да болса намысы биік батырлар, бүгінгі тілмен айтқанда, партизандық соғыс тәсіліне көшіп, реті келгенде қас дұшпаннан кек қайтарып отырды. Қоқан хандығы Ташкенттен Жетісуға, Қордайдан Сарысу мен Ақмешітке дейінгі қазақ жерін тура 55 жыл биледі. Осы 55 жыл ішінде қазақтардың қоқан басқыншыларына қарсы дүмпүі бір сәтке де басылған емес. 55 жыл ішіндегі қазақ даласында ірілі-ұсақты 114 көтеріліс болыпты [7; 14].

Қазақ халқы жат жұрттық құлдыққа көнбеді. Омар ханның (1809–1821) тұсында-ақ Қоқан билігіне қарсы қазақтардың алғашқы көтерілісі болды. Деректерге сүйенсек: «Омар хан Наманган хакімі Сейдқұлбекті Қоқан билігіне бағынбаған қазақтарды жазалауға аттандырады. Сейдқұлбек Түркістан, Шымкент, Сайрам, Әулиеатадан кеткеннен кейін қазақтар көтеріліске шықты. Олар Қоқан хандығының ықпалынан шығу үшін, көтеріліске басшылыққа Тентектөрені шақырды [2; 119].

Жошы тұқымы Тентек төре қазақ батырларынан шерік топтап, Сайрамдағы Айқас хәкімді, Қарабұлақ, Қарамұрт датқаларын өлтірді. Қоқан сарбаздарын қиратты. Шымқала даруғасы шаһардан қашып шықты. Тентек төре Ташкентке дейінгі жерді Қоқаннан тартып аламыз деді. Тентек төре мен оның жасауылба-

шылары Ақпан, Шымырбай батырлардың қосыны Шымқала мен Сайрамды он бес күндей ұстап тұрды.

1821 ж. Тентек төренің бастауымен қазақтардың Қоқан үстемдігіне қарсы көтеріліс болды. Олар Сайрам, Шымкент, Әулие-Ата қалаларын алып, бірнеше бекіністі қоршады. Көтеріліске Түркістан, Шымкент, Сайрам, Әулие-Ата төңірегін мекендеген қазақтар қатысты. Көтерілісшілерге қарсы Абул-Қалым-Аталық басқарған әскер жіберілді. Тентек төре әскерін екіге бөлді. Бір бөлігі Тентек төренің басшылығымен Сайрамда, ал екіншісі Шымкентте бекінді. Ұзаққа созылған қоршаудан кейін көтерілісшілер қаруын тастауға мәжбүр болды. Тентек төре жеңілісті мойындап, қоқандықтарға “баж” немесе “жол” салығын, “зекет” төлеуге және Қоқанға баласын сыйлықтармен жіберуге келісім берді

Сайрам қаласын басып алып, оны өздерінің тірек бекеті етті. Көтеріліс ауқымынан қорыққан Қоқан ханы Омар үлкен көлемде әскер жібереді. Тентек төре (шын аты Рүстем Аспандиярұлы) бастаған қазақтардың баскөтеруі үлкен көтеріліске ұласты. Көтерілістің орталығы он жылдан астам қанау көрген Шымкент және Сайрам қалаларының төңірегінде болды [1; 115]. Оған қатысқандардың саны тез өсіп, 12 мың адамға дейін жеткен [6; 116]. 1821 жылғы Тентек төре бастаған қазақ қолдарының Түркістанды азат етпек болған әрекеті сәтсіз аяқталды. Қала ұзақ уақытқа қоқандықтардың иелігіне өтті. Кейбір қазақ феодалдарының сатқындығы көтерілісті жеңіліске ұшыратты.

Тентек төре ымыраға келіп, қоқандық әскербасы Исақұлға берілді. Ал жасауылбашылары соғыса жүріп, Алатауға қарай жылжып кетті. Исақұл Тентек төрені Қоқанға айдап әкелді. Омар оны қазыққа отырғызып өлтірді.

Көтерілістің халықтық сипатынан шошынған феодалдар опасыздықпен Қоқан жағына шығып көтеріліс қатыгездікпен жаншылды. Отаршылдарға қарсы жүргізілген оңтүстік қазақтарының қозғалысы жеңілгенмен қоқандықтарға қарсы алғашқы ірі азаттық сипат алған көтеріліс болды. Бұдан кейінгі жылдары

да қазақ шаруалары Қоқан езгісіне қарсы күресін жалғастыра берді.

1821 жылы Омар хан қайтыс болғаннан кейін Қоқан хандығындағы билікке Мәдәлі (1822–1842 ж.), ал 1826 жылы Бұхарадағы билікке Насрулла (1826–1860 ж.) әмір келді. Мәдәлі ханның тұсында Жетісу, Қырғызстанда және батыстағы Хиуа хандығымен шекаралас аймақтарда Жаңақорған, Ақмешіт, Күмісқорған бекіністері салынды. Қоқан хандығы мен оған бағынышты және көршілес аймақтардағы саяси оқиғалар шиеленісті өтті. 1826 және 1829 жылдары Шығыс Түркістанның батыс бөлігінде басталған антициндік көтерілісті, яғни қожалардың билікті өз қолдарына алмақ болған әрекетін Мәдәлі хан қолдап Қашғарға енгенімен, бірақ көтеріліс сәтсіз аяқталды. 1825–1836 жылы Саржан сұлтанның Ресейге қарсы бағытталған көтеріліс барысында оның Ұлы жүз аймағына көшуі Ташкент құсбегінің қолынан қаза табуымен аяқталды [12; 16].

1830 жылы Бетпақтың шетін жайлайтын тама, Қаратау етегіндегі қоңырат, ысты, сіргелі тайпаларының бас көтерулері Қоқан хәкімдеріне қарсы соғысайық деп, Арал төңірегінде Хиуа мен орыстарға қарсы соғысып жүрген құттық Жанқожа мен қаракесек Ақтан батырды шақыртады. Жанқожа мен Ақтан үш жүздей жігіт ертіп келеді. Қаратау жақтағы елдерден жеті жүз жігіт жиналып, басшылары – қоңырат Жаманқара мен тама Ерсібайға еріп, Жанқожа-Ақтанның қолымен Созақтың Бетпақ тарапында қосылады. Сол жылы олар алдымен Созаққа тірек боп тұрған Саудақентті басады. Ондағы Қоқан хәкімін өлтіріп, қазынасын тонайды. Одан соң Шолаққорғанды шабады. Бес-алты күннен кейін Созақты қоршайды. Ана екі кентке қарағанда Созақ бекінісі бекем әрі мұнда қоқандық шеріктердің саны мол-тұғын. Қазақтардың шабуылына бекіністегі қоқандықтар он бес күндей төтеп береді. Оқ-дәрісі таусыла бастағанда Созақ хәкімі өзін жүз шақты мылтықты аламандарына қоршатып, батыс беттегі қақпадан сыртқа шығады. Ойы – атысып жүріп, Түркістанға жету еді. Бірақ соңына түскен қазақтар Қаратаудың Суындық асуы үстінде

олардың бәрін қырып салады. Бұдан құлақтанған Шымқала да-руғасы Қайып Ташкенттен үш мың ләшкер алдырып, өзінің және Түркістан хәкіміне қарасты шеріктерден екі мың әскер түзіп, Созаққа аттанады. Жиырма күнде Созаққа жеткен ол, күші бес мыңдық ләшкерден әлдеқайда кем қазақ жасақтарын талқандап тастайды. Бұдан кейін де Созақ маңында үш көтеріліс болады. Дегенмен бәрі де қанға бөктіріліп, басылып тасталады.

Созақтағы бұдан соңғы көтеріліс 1845 жылы Кенесарының бастауымен өтеді. Кенесарының соғыс тәсілін оңтайлы жүргізгені сондай, Шымқала мен Түркістан жақтан тағы келген бес мыңдық дұшпан әскеріне дес бермей, төрт ай бойы соғысады. Қоқандықтар Созақтан күдер үзгендей боп, шегініп кетеді. Кенесары болса, Созаққа қоңырат Алданды бек етіп, Талас бойына кетеді. Алайда артынша қоқандықтар қайта келіп, Созақты алады [7; 14].

1842 жылы Әулиеатада шымыр Байзақ датқа бас болған ауқымы жағынан өте үлкен көтеріліс бұрқ етеді. Көтеріліс Меркі мен Қордайды, бүкіл Талас бойын шарпиды. Оған Сұраншы, Спатай, Шымырбай сияқты белгілі батырлар қатысады. Көтерілісшілер Ұзынағаш пен Қастекті де азат етуді жоспарлайды. Қоқан хандары аталған кенттер хандықтың шығыс шекарасындағы бекеттер болғандықтан мұндағы гарнизонды зеңбірек, мылтықтармен жақсы жарақтандырады. Қазақтар екі кентке де бірнеше мәрте шабуылдап ала алмады. Бір жақсысы, қорғанушы ләшкерлер қазақтар шабуылын тойтарып отырумен ғана шектеліп, қарсы шабуылға шықпады. Осыған байланысты Әулиеата мен Талас маңы екі жыл бойы басқыншылардан азат тұрып, билігі жергілікті халықтың қолына көшті.

Аталмыш аймақтардағы көтерілістерді басуға Ташкент, Қоқан тарапынан жазалаушы әскер келмей, мұншалықты уақыт азат тұруына сол шақта саяси уақиғалар көмектесті. Себебі дәл осы тұста Мәдәлі Бұқар ханы Насрулламен соғысқа кірісіп, ішкі жағдайларға көңіл бөлуге мұршасы болмай қалды. 1841 жылдың аяғында Насрулла Қоқанды, 1842 жылы жазда Тәшкенді басып алып,

бұ шаһарларға өз найыптарын отырғызды. Мәделіні әкесінің тоқалын қатындыққа алғаны үшін кәпір санап, өлім жазасына кесті. Ең маңызды екі қаласын Бұқарға берген Қоқанның күні бітуге таяу еді. Бірақ осындай алас-күлес кезеңде Қоқан ордасында қырғыз Атабек найып пен қыпшақ Мұсылманқұл аталық сөзбасшы шешен, хандықтың жоғын жоқтаушы көсем шығып, Бұқар найыбын шаһардан қуып шығады. Екеуі Нарбота бектің ағасы Әжібектің баласы Шералыны хан сайлауға үлкен күш салып, дегендеріне жетеді. Шералы хан бола салысымен дереу ішкі жағдайды реттеуге кіріседі. Ташкентті бұхарлықтардан азат етеді. Әулиеата маңындағы көтерілістерді қан-жоса қып басады. Бір қулығы, көтеріліс басшыларына кешірім жасап, елге салмағы бар, көпке сөзі өтетін беделді кісілерді хандық мүддесі үшін қызмет қылуға тартады. Соның арқасында Байзақ, Шымырбай сияқты даналар жазадан аман қалады.

1846 жылы Түркістан қаласы Қоқан хандығының қол астынан бөлініп шықпақшы болды. Ол кезде қаланың билігі тәжік Қанат-Шахтың қолында еді. Бұны естіген Ташкенттің әмірі Азиз әскерін жинап қалаға аттанды. Бірақ жорық сәтсіз аяқталған соң, Азиз Ташкентке кері қайтып, Иқан жерінде Үмеш бейді 1200 әскерімен қалдырып кетеді. Алайда түркістандықтар бой бермей, Үмеш бей қашып құтылуға мәжбүр болды. Оның орнына тағайындалған ағасы да Иқан жерінде тұрақтап қала алмады. Азиз екінші рет қалаға аттанып, оны бірнеше ай бойы қоршауда ұстады. Қанат Шах Бұхараға қашып құтылды [4; 398].

Түркістанды алған Азиз парваншы Ташкентке кері оралғанымен, мыңбасылыққа қыпшақ Моллахалбектің тағайындалғаны жөнінде хабар алғаннан кейін, Ташкентке, не Түркістанға кері ораларын білмеді. Моллахалбекпен қарым-қатынасының шиеленісті болғандығы соншалық, осы сәтте ол Бұхараға қосылуға да дайын болды. Қыпшақтардың бір бөлігінің Құдиярханды биліктен кетіру жоспарлары да болды. Осы сәтте Моллахалбек мыңбасылықтан қуылып, қайта билікке Мұсылманқұл келді».

В.Наливкин Қоқан хандығындағы саяси жағдайға бере келе, Құдиярхан билікке келгеннен кейін де оның қыпшақтармен қарым-қатынасының онан әрі шиеленіскенін және Түркістанның Бұхар, Қоқан хандықтары арасындағы саяси жағдайға тәуелділігі болғандығын жазады. Ташкент парваншысы сарт Азиздің мыңбасылық биліктің қыпшақ Моллахалбек қолына өтуіне байланысты Түркістанды Бұхарадан кері қайтара отырып, қайта қосу жоспарларының болуы, Қоқан хандығындағы саяси жағдайдың әлсіздігін анықтай түседі.

Бұрынғы хәкімдер уағында қазақ-қырғыздардың рулары жерді егістікке пайдаланғаны үшін әрқайсысы 100 ділләден ақы төлейтін. Мырзахмет бұл ақыны үш-төрт есеге көтерді. Салық беруші шаруалар бұдан құтылу үшін барлық астығын, малын сатты. Мырзахметтің осындай қатаң пәрмендеріне шыдай алмаған қазақтың кейбір датқалары, би-оғландары дембіл-дембіл соғысқа шықты. 1858 жылы наурызда Ташкент бегі мен оны қолдаушы Құдиярханға қарсы бағытталған қазақ, өзбек, қырғыздардың көтерілісі басталды. Өзбекстан тарихшысы Х.Н. Бабабеков көтерілістің шығуына түрткі болған жағдайды Қанайдың Мырзабиді өлтіру оқиғасымен байланыстырады: – «Ташкент бегі інісі Мырзабиді 300 адаммен дулат, бестамғалы руына, 50 ташкенттікті шанышқылы руына аттандырды. Мырзаби қазақ қыздарының есебін алып жүргенде, ер киімдегі қоңырат датқасы Қанайдың қызын байқап қалып, кейін жасырғаны үшін айыппұл талап етті. Ызаға булыққан Қанай датқа Мырзабидің басын шауып өлтірді, міне, оқиға көтерілістің басталуына негізгі түрткі болды» – дейді [1; 73].

1858 жылы Ордабасыда қоңырат Мұсабек батырдың паруанашы Мырзабидің басын алған уақиғасынан қанаттанған жер-жердегі би-батырлар өздеріне жақын маңдағы кенттерге, бекіністерге тап берді. Ташкент қақпаларының қожасы Қошық датқа мен Рүстембек би бүкіл шаһарды дірілдеткен көтеріліске басшылық жасайды. Қазығұрт етегіндегі ауылдардың билері – Дауыл мен Сәбекке ерген топ, Шарапхана, Тұрбат бекеттеріндегі жау жа-

сақтарын қырып салады. Шаян бойындағы сіргелілер Иқанды талқандайды. Арыс, Сыр жағасының қоңыраттары Шардарадағы бекіністі тас-талқан етеді. Жаңақорғандағы қожалар қамал бастығын суға тұншықтырып, ләшкерлерін шешіндіріп, тырдай жалаңаш күйлерінде далаға айдап жіберді. Ақмешіт айналасы да дүмпуге толады, Талас маңы тағы отқа оранады. Ең өкініштісі, жер-жерде дүмпу ұйымдастырған көтерілісшілердің тағы бастары қосылмайды. Үлкен шаһарлардан жеткен бес қаруы сай ләшкерлерге төтеп бере алмай, тағы қырылады, тағы өлім құшады.

1858 жылғы көтерілістен кейін де қазақтардың наразылығы басылмады. Мысалы, 1859 жылы Түркістан бегі Рүстембектің қысымшылығына байланысты, қайта салықтың өсуіне орай қоңырат рулары Перовскіге жақын Жиделіге көшкен [13]. Орыс деректерінде осы кездегі қазақтардың жағдайы жөнінде «Рүстембектің қазақтарды кері қайтаруға күші жоқ. Бұхар әмірі Қоқан хандығын басып алмаса, қоңырат билерінің қайта орыс ықпалына қараған аймақтарға көшуі мүмкін. Олар ашық көтеріліске шықпаса да қарсылық әрекетін басқа аймақтарға көшу арқылы танытып жатыр» деп жазылды. Келесі бір деректе, қоңыраттар өздері хан сайлаған Әлікен мен ықпалды билерінсіз Түркістан маңайында көшіп жүргенінде Мәлле ханның күйеу баласы Рүстембек тарапынан қуғындалуға, тықсыруға ұшыраған еді. Осының салдарынан қоңыраттар Жаңақорғаннан Қаратау беткейіндегі Жиделі сайына көшіп кетеді. Оларды қайтаруға Рүстембектің шамасы келе қоймады. Бірақ Түркістан бегінің уағдасына сенген олар қала іргесіндегі өз қоныстарына қайта оралады деп көрсетіледі.

Түркістан төңірегіндегі рулар төре тұқымынан шыққан Әлікенді хан етіп жариялап, 1818 жылға дейінгі саяси билік жүйесін қайта қалпына келтіріп, Қоқан езгісінен азат болуды мақсат тұтты. Көтерілістің барысы Құдиярханды биліктен ығыстырғанымен, бірақ қоқандықтардың езгісінен құтқармады.

Орынбор генерал-губернаторы 1859 ж. 30 маусымында Сыртқы істер министрлігіне: «Қоқан ханы Мәллебектің Ташкенттегі

Өтембайды шақыртып алғанына қыпшақтар арасында толқу барын, қоңыраттардың Түркістанды қоршай бастағанын, хандықтағы тайпалардың әмірге қарсы соғыс басталса кімнің жағына шығарын білмей аңтарулы екендігін» хабарлайды [14; 142].

1860 жылы шілдеде Түркістан маңындағы қоңыраттардың Қоқан хандығына қарсы қайта наразылығы басталды. Олар Түркістан бегі Бабаджанды орнынан алуды талап етті. 1858 жылы көтерілістен кейін, Түркістан бектігіне келген Рүстембек (1859 жылы), Бабаджан (1860 жылы) тұсында қазақтардың жағдайы жеңілдей қоймады. Қоқандықтар қазақ руларына ауыр салық салды [15].

Қоқан хандығына күшпен қосылған қазақтардың қарсылығы, яғни 1821, 1858, 1859–1860 жылғы көтерілістер, Ресей мен Англия арасындағы аймақты жаулауға ұмтылыстары осы кезеңдегі орыстардың соғыс қимылдарының белсендірек болуының себептері болды. Міне осындай аймақтағы саяси ахуал Ресейге жаулаушылық соғыстарын бастауға алғы шарт жасады.

1861 жылы орыс әскері Жөлекті салса, қоқандықтар Жөлекпен Түркістан аралығындағы қазақтарға ықпалын жоғалтпау үшін, Жаңақорған бекінісін қайта салып күшейтті. Сонымен бірге, Жаңақорғанға келген Қанағат шах қазақ ауылдарын аяусыз тонауға кірісті. Қоқандықтардың әрекетіне қоңырат, қыпшақ, найман және тағы да басқа рулар наразылық танытты. «Қанағат шахпен кездесуге келген, Тұрсынбай қоқандықтардың қысымына байланысты, кәпір орыстарға қосылуға мәжбүр болғанын ашына айтты. Ол Қанағаттан шарифаттың барлық нормаларының сақталуын және өздеріне Шыршық маңына, немесе Ташкент ауданына қоныс аударуға мүмкіндік беруін талап етті. Қоқандықтар Тұрсынбайды тұтқынға алды» деп жазады өзбек тарихшысы Р.Нәбиев [16; 48].

Орыстардың аймақты жаулау соғыстарының басталуына байланысты, қазақтар екі жақтан да қысымға түсе бастады. Қоқан билеушілері қатыгез саясат ұстанды. Бас көтерген қазаққа өлім жазасының сұмдық түрлерін қолданды. Жұт жылдары да мал,

астық салығын белгіленген көлемде өткізуге бұйрық берді. Бұйрығы орындалмаған жағдайда ұрып-соқты, қырып-жойды. Салдарынан оңтүстіктегі қазақтардың саны азайды, шаруашылығы күйреді, мал басы кеміп кетті.

Бұрын қыпшақ, қырғыз жігіттері әскерге алынбайтын болса, Омар хан 1814 жылы шығарған жаңа жарлық бойынша, бұл пәрмен күшін жойды. Ол қазақтарға салынатын салық түрлерін де өзгертті. Мұндай салық жүйесі 55 жыл бойы орындалып келді. Ол зекет, қараж, садақа, үшір боп, негізгі төрт тармақтан тұрды. Зекет – мал-мүлік салығы бойынша үш бапқа, қараж – астық пен жер, отын-шөп, пұл салығы бойынша бес бапқа, садақа – мешіт пен медреселер салығына арналған екі бапқа, үшір – шаһар даруға-хәкімдері мен әскер ісі салығына байланысты үш бапқа бөлінді [17].

Қоқан хандығының өз қарауындағы елден жинайтын салығының ең бастысы хараж болды. Оның көлемі әрқилы болып келеді. Айталық, күріш, бидай, жүгері басқадай дәнді дақылдардан өнімнің бестен бірі алынса, бау-бақша, жүзімдік, мақта сияқты дақылдардан жер көлеміне, дақыл түріне қарай алынды. Хараж түрінде үйеңкі мен қарағаш егілгенде әр танаптан – 50 тиын, жүзімдік пен жеміс бағының танабынан – 2 сом, көкөніс, жоңышқалық, пияз, сәбіз егілген танаптан – 1 сом төленеді [18].

Салық жинаушы (сарқар) бек тағайындап, ол әр қостан 12 шерік (бір шерік – 4 пұт – авт.), диуан бегі – 6 шерік, іс қағаздарын жүргізуші – 4 шерік дән алатын. Яғни, диқан әр қос үшін хараждан тысқары 22 шерік дән төледі.

Салықтың келесі түрі – зекет болды. Қоқан бектері көшпелілер қыстауға түсісімен әр ауылдан екі қойдан зекет жиятын. Бұл салық бектің қара басының пайдасына жұмсалатын. Көктем шығысымен ел жайлауға көшерде бек әр үйден бір қойдан жиып, мұны түтін салық деп атайтын.

Ел ішіндегі кейбір қадірлі билер мен оның ет жақындары түтін салықтан, басқа да зекет түрлерінен босатылғанымен, олар бекке 9 түрлі заттан, басы – бір өркешті нар немесе қос өркешті

түйе, жақсы бір немесе екі жылқы, соңы екі шыт мата мен кірпіш шәй, сондай-ақ көк шәй түрінде тарту-таралғы жасады. Қалған билер мен олардың туыстарын қысқа қарай шақыртып, әр қорадан 8 қойдан жинатты. Көктемнің басында олардан сауынға сиыр немесе 500 қой алдыртып отырды. Жаңа жерге көшуге рұқсат сұрағанда қазақтар әр қорадан 4 қойдан төледі. Мешіттің имамдығына тағайындалған молда осы қызметі үшін ханға бес теңге төлеуге тиіс болды. Сонымен бірге әскери міндеткерлік шығындары да халықтың өз есебінен өтелді. Соғысқа мінетін жарау ат әркімнің өз есебінен, ал соғысқа немесе жай шапқыншылыққа әрбір дені сау еркек қатысуға міндетті болды [6; 116].

Ташкент, Түркістан бектерінің ұстанған саясаты және оны қолдаушы Қоқан хандарының әрекеттері діндес болса да жергілікті халықтың мұсылман қоқандықтарға деген сенімдерін жоғалтуға алып келді. 1865 жылғы билікке регент Әлімқұлдың келуі Түркістан аймағындағы қоңырат руының бір бөлігінің қоқандықтарға деген сенімін ұялтқан еді, сонымен бірге 1866 жылғы Жызақ түбіндегі орыс әскерінің алғашқы жеңілісінен кейінгі уақытша қарсылықты Бұхар әмірлігінің өз қолына ала бастауы, Телқожа пансад және оны қолдаушы қоңыраттардың бұхарлықтармен бірігіп орыстарға қарсы соғыста күш біріктіруіне алып келді.

Осылайша, мемлекеттік нышаны қарабайыр, ал үкіметтік жүйесі тұрақты емес, саясатын қатыгездікпен жүргізген Қоқан хандығының 55 жылдық билігінен қазақ шаруалары үлкен зардап шекті. Орта ғасырға тән зұлымдық әрекетті көп ұстанған бұл хандық қазақтың демографиялық, әлеуметтік мәселелеріне көп зиян келтірді.

XIX ғасырдың 60-жылдарына дейінгі Түркістан өңірінің саяси тарихын талдай келе мынадай қорытындылар жасауға болады. Түркістан билігіндегі сұлтандар Бұхара әмірлігімен тығыз байланыста болып, Қоқан-Бұхара арасындағы соғыстарда әмірлікті қолдап отырды. Қоқан хандығындағы билікке келген Әлімхан, Омархан тұсында аймақ бірте-бірте қоқандықтардың ықпалына өтті. Алайда, Қоқан хандары аймақты тұрақты түрде өз ық-

палында ұстап тұра алмады, кей жылдары Бұхара әмірлігінің ықпалында болды. Қоқан хандарының Ташкент бектері арқылы жүргізген тонаушылық саясатына қарсы халық бірнеше рет көтеріліске шықты. Азаттық сипат алған 1858 жылғы көтеріліс халық наразылығының шарықтау шегі болатын. Осы кезеңде басталған Ресей-Қоқан текетіресінде аймақтағы қазақ рулары екі жақты қыспаққа алынды.

1.2 Орыс әскерлерінің Түркістанды жаулап алуы

XVIII ғ. соңы мен XIX ғ. басында орта және кіші жүз аумақтарының басым бөлігі Ресей империясының құрамына енгізілген болатын. 1824 жылы оның иелігіне Жетісу аймағы да кірді. Тек Оңтүстік Қазақстанның аумағы ғана Қоқан хандығының қол астында қалды. XIX ғ. екінші жартысында патша үкіметі өзінің Орта Азиядағы әрекеттерін белсенді жүргізе бастады.

XIX ғ. II жартысының басында патшалық Ресейдің еуропа-лық мемлекеттермен болған соғыстарда жеңіліс табуы халықаралық қатынастарда оның беделін едәуір деңгейде төмендетіп, империядағы дамып келе жатқан капиталистік қатынастарға үлкен соққы болып тиді. Осы соғыстың салдарынан өнеркәсібі мен саудасы аса қажет еткен рыноктары мен арзан шикізат көздерінің мол қоры бар Қара теңіз жағалаулары мен Таяу Шығыс елдеріне деген ұмтылысы тоқтап қалды. Сол себептен патша өкіметі империя билігіне кірген қазақ жерлерінде отаршылдық саясатты күшейтіп, ерекше әскери және әкімшілік басқару тетіктерін енгізіп, Оңтүстік Қазақстанды толық жаулап алуды аяқтау және Орталық Азияға басып кіру мақсатында дайындық іс-шараларына кіріседі.

Орыс әскерлерінің шабуылы 1864 ж. басталды. Жаз бойына орыс армиясы Қоқан әскерлерін талқандап, Түркістан, Әулиеата және Меркі қалаларын, 1864 ж. 22 қыркүйекте шабуылмен Шымкент қаласын басып алды. Сөйтіп, Қазақстанды Ресейге қосып алу процесі аяқталды.

XIX ғасырдың ортасындағы Түркістан қаласының тарихы бүкіл оңтүстік қазақтарының тарихымен тығыз байланыста болды.

Ресейдің Оңтүстік Қазақстанға әскери экспансиясы, әсіресе Ақмешітті, Әулиеатаны, Түркістанды, Шымкентті және басқа да Қоқан бекіністерін қорғаушыларды талқандауы ерекше қатыгездікпен және әскери тұрғыдан ақтауға болмайтын әрекеттермен жүргізілді. Орыс әскерлерінің жүгенсіздіктері жергілікті халықтың қатты наразылығын туғызды.

Черняев бастаған орыс әскерлері Әулиеатаға қарай жорыққа шыққанда Сырдария шебінен шыққан Веревкин Оңтүстік Қазақстанның «есігі» болып табылатын Түркістанға бағыт алып, 1864 жылы 24 мамырда оған шабуыл жасайды. Бірақ Түркістан қазақтары қолына қару алып орыстарға қарсы жаппай көтеріліп, «ғазауат» соғысына шығып, туған жерді қорғауға аттанады. Қаланы қорғаушыларға Кенесарының ұлы Сыздық сұлтан Созақпен Шолаққорған қазақтарынан құралған 120 адаммен көмекке келсе, Қарабура шатқалы жақтан Сарымсақ манаптың белсенді ұйымдастыруымен 400-ден аса адам жетті, Түркістанның бегі Мырзадәулет те қажырлылық танытып, мұсылман жұртын қаланы қорғауға жұмылдырады [19; 48]. Бұхар әмірі де барлық мұсылмандардың қасиетті қаласы Түркістанды қорғандар деп үндеу таратады [20].

Түркістан түбіне жеткен Веревкин қаланың шығыс жақтағы дуалдарының астын кеулеп қазып, жарылғыш оқ-дәрі толтырып, қопаруға бұйрық береді. Алайда Сыздық бастаған қорғанушылардың түнде тұтқиылдан жасаған шабуылы Веревкиннің бұл жоспарын жүзеге асырмай тастайды. Сыздық бастаған қазақтардың осы ерлігіне қарамастан күші мықты Веревкиннің әскері бекіністі бірнеше кескілескен шайқастардан кейін ғана 12 маусымда басып алады. Түркістан қаласын басып алған әрекеті үшін Веревкин генерал-майор шеніне көтерілді. Қаланы жаулап алуы патша өкіметінің қазынасына 234000 рубль шығын әкелді [1; 116].

Қаланы алу кезінде орыс әскерлерінің зеңбірегінен атылған он бір оғы Әзірет Сұлтан кесенесінің оңтүстік-батыс бұрышы-

ның жоғары жағын опырып кетті. Жалпы Түркістан қаласын алу кезінде орыс әскерлерінің түрлі қаруларынан барлығы 43208 оқ атылған деген деректер кездеседі.

Сыздық төре бастаған қазақтар Түркістан қаласының орыс әскерлеріне төтеп бере алмасын білгендіктен, Ташкент қаласын қорғанысқа дайындау мақсатында бекіністен шығып үлгіреді. Сыздықтың соңынан қуған Савин бастаған орыс әскерлері тосқауылға ұшырап, кейін қайтып кетеді [43].

Осы шайқастардағы жеңістен масаттанған орыс генералдары Шымкент қаласына жылдам шабуыл жасауға көшеді. Қаланы қорғауда Сұлтансейіт хан мен молда Әлімқұл ерекше жігерлік көрсетіп, барлық уәлаяттарға бұйрық жіберіп, ислам туы астында күш біріктіруді талап етіп, қазақ пен қырғыз билеушілеріне үндеулер таратады. Хан бұйрығын естіген өңірдегі қазақтар мен қырғыздардан тұратын қарулы әскерлер мен батырлар қалаға топтасып келе бастады [21].

Әулиеата жақтан орыс әскерлерін бастап шыққан Черняев Арыс бойындағы Жақсысу деген жерге келіп тоқтаған соң, төңіректегі халықтың қоқандықтар жағына шығып, өздеріне қарсы тұрғанын байқап, полковник Веревкиннен қосымша әскер жіберуді сұрайды. Веревкин көмекке капитан Мейер бастаған 400 адамдық 3 зеңбірегі, 2 ракеталық станогы бар әскерді Черняевқа аттандырады [44; 122].

1864 жылы 2 шілдедегі Сырдария шебінің бастығы Веревкин қоңырат биі Қоныспен жасалған келісімге сәйкес, оның күзге қарай 10 пұт шөптің 1000 бумасын 2 тиыннан жеткізуі тиіс болғандығын жазады [22; 210]. Мұндай өте төменгі бағамен шөп дайындауға Қоныс биден басқа ешкім де келісім бермеген.

Қоңырат руларын Сарысу арқылы орыс әскері келе жатыр, мақсаттары қазақтардың ауылдарын шабу деген қауесеттің таралуы-ақ, оларды толқуға түсірді деген мәлімет беріледі А.Г. Седебренниковтың құжаттарында [22; 211].

Түркістан, Әулиеата бекіністерін алғаннан кейін, орыстардың ендігі мақсаты Шымкент болатын. Бекініске жасалған алғашқы

жорық кезінде қоқандық әскер орыстарға күшті қарсылық көрсетті. Олардың арасындағы 14, 15, 16 шілдеде шайқастар және кейінгі болған ұрыстардың нәтижесінде орыс әскері жеңіліс тапты. Мейер бастаған әскердің көмекке келе жатқанын естіген Әлімқұл оның Черняевпен қосылуына жол бермеуге шешім қабылдап, Мейердің әскерін Шымкентке жақын Ақбұлақ деген мекенде 13 шілде күні күтіп алады. Ақбұлақ түбіндегі шайқас 14 шілде күні таңда басталып екі күнге созылады. Ақбұлақ шайқасында қоқандықтармен бірге қазақ пен қырғыздарда қатысып, қазақтарды Мыңбай, өзбектерді Мырзахмет басқарса, ал бүкіл қоқан әскеріне Әлімқұл қолбасшылық жасаған [20; 32]. Шайқасқа шыққан қоқандықтардың алғашқы шабуылын Мыңбайдың қарамағындағы әскерлер бастап, кейін оған Мырзадәулеттің ташкенттіктері, сонынан Мырзахмет күшбегінің қолы қосылған. Оларды Марғұлан, Қоқан, Әндіжан, Наманган нөкерлері қолдаған [23].

Ақбұлақ шайқасына қатысқан Сыздықтың көзсіз ерлігін А.Кенесарин былайша суреттеп жазды: «Ту ұстаған Сыздық сұлтан жігіттерін өзі бастап жүз қадам жерге келгенде орыстар үш жүз мылтықтан оқ жаудырды. Біріне бірі тығылып келе жатқан жігіттердің алдыңғылары жаппай құлады, кейінгілері үрейлері ұшып, жерге жата қалды. Он мың адамның біреуі басын көтеруге жарамады. Тек Сыздық сұлтан ту ұстаған күйі, солдаттардан жүз қадам жерде, бір сағаттай тік тұрды. Солдаттар оны өршелене атқанда тудың шүберегі шұрқ-шұрқ тесіліп, сау жері қалмаған еді. Бірақ Сыздықты құдай сақтады. Бір сағаттан кейін Әлімқұл молда адам жіберіп, оны кейін шақырып алды. Сыздық кейін қайтқанда, жер бауырлап жатқан жігіттердің бәрі бастарын көтеріп, онымен бірге қайтты. Осы ұрыста мың адам қаза тапты, олардың өліктері кешке дейін жинап алынды» [24].

Шайқастың басында Әлімқұл жауға қарсы жаяу әскерін жібереді. Алайда орыстар олардың шабуылын тойтарғаннан кейін Әлімқұл зеңбіректерден оқ атуға бұйырады [25]. Сол кезде орыстар зеңбірек оқтарынан қорғану үшін оқ тиіп өлген түйелер мен аттардың, тіпті өлген жауынгерлерінің өліктерін үйіп қойып бас

сауғалайды [26; 62-63]. Мейердің өзі мойындағанындай, «Сырдария шебінің орыс әскерлері мұндай қуатты қарсыласты әлі кездестірмеген еді» [26; 63].

Талкандалу алдында тұрғанын түсінген Мейер 15 шілде күні Черняевтан көмекке әскер сұрап үлгіреді. Мейердің қиын жағдайда қалғанын естіген Черняев жәрдемге старшина Катанаев бастаған 2 зеңбірегі бар 125 әскерді аттандырады. Көмекке ұмтылған Катанаевтың әскері де Бөріжар өзенінің бойында қоршауда қалады. Дегенмен, Черняев Катанаевтың әскерін зеңбіректердің күшімен құтқарады. Ал, Мейер бастаған әскердің қалдығын подполковник Лерхенің әскері аман алып қалады [28; 23].

Бұл сәтсіздіктер Черняевқа уақыт ұту үшін қоқандықтармен уақытша бітімге келуге мәжбүрлеп, «Әлімқұлға бүкіл Түркістан уәлаятын түгел қайтарып беруге уәде етіп, өз қосындарына қайтып кетеді» [21].

Орыс әскерлері Шымкенттің түбінен қайтқан соң, Сұлтансейіт хан мен Әлімқұл бастаған қоқандықтар мен қазақтар және өздерінің жеңісін аспанға зеңбіректен оқ атып, сырнайлатып атап өткеннен кейін Әлімқұл 2 мың әскерді Ташкент пен Шымкенттің қорғанысын қайта қалпына келтіруге қалдырады да, өзі Қоқанға қайтады.

Осылайша Шымкентті қорғауға қатысқан жергілікті қазақтар қоқандық қазақ қыпшақтарымен қоян-қолтық бірлесе отырып, әскери күш қуаты жағынан жоғары тұрған жау әскерімен шайқасқа түсіп, өз қаласын сақтап қалады. Қаланы қорғаушы қазақтардың ішінен сіргелі рулық бірлестігі мен құрама құрамындағы қазақтар ерекше көзге түскен. Сонымен қатар, қазақтардың келесі бір қарсылық түрі орыстарға және олардың аттарына азық-түлік пен жем-шөп бермеу мақсатында ұрыс қимылдары болып жатқан жерден алысқа көшіп кетті. Яғни, Жөлек пен Қаратау жотасынан кеткен рулардың көп болғаны соншалықты «Түркістанның төңірегі мүлдем қаңырап бос қалды» [29; 234].

Шымкент түбінде жеңіске жеткен Қоқан ханы Сұлтансейіт шайқаста ерекше белсенділігімен көзге түскен әскербасылар-

дың лауазымдарын көтереді. Мәселен, Мырзахметке паруанашы лауазымын берсе, ал Сыздық Кенесарыұлын пансаттықтан көтеріп, шайқас кезінде қаза тапқан Мынбай датқаның орнына мыңбасы етіп тағайындайды. Сонымен қатар Шымкентті қорғауда Сыздық төремен қатарласып ержүректілік танытқан Жалайыр Бекбау датқа, Арыстанбек төре Күшікұлы және тағы басқа да қазақтарға мол сыйлықтар таратады.

Шымкенттен Әулиеатаға қайтқан Черняев қоқандықтарға жәрдем беріп, орыс пошталарын талқандаумен айналысқан Ұлы жүздің руларын «тәртіпке» салу және өзіне қажетті мәлімет жинау мақсатында Арыстың оң жағалауын бойлай жоғары қарай жүреді [30; 100].

Әулиеатаға жеткен кезде Черняевқа Қоқан хандығында өзара тайталастар қайтадан басталғанын және Қоқан хандығының белгілі бір бөлігіне дәмәткен Бұқар хандығы Ресей империясынан келіп тұрған қауіпке қарамастан Ферғана аңғарына басып кіргенін естіген Әлімқұл бұхаралықтардың шабуылын тойтаруды ойлап, Шымкентті қорғауды Ташкенттің беклербегі Мырзахмет пен парванашы Нұрмұхамедке тапсырып, өзі қыпшақтарды алып, Ташкентке қарай бағыт алғаны туралы мәлімет жетеді. Сол кезде ол Әлімқұлдың жоқтығын пайдаланып, қоқандықтармен жасалған келісімді опасыздықпен бұзады және өз қимылдарын Петербургпен, тіпті Омбы немесе Орынбор әкімшілігінің келісімін алмастан подполковник Лерхеге төрт рота жаяу әскер, казактардың жүздігімен Шымкентке аттануға бұйрық береді де, өзі 12 қыркүйекте Түркістаннан алты жарым рота жаяу әскер мен жүз елу казакты алып шұғыл түрде сол бағытқа қарай жолға шығады [1; 113].

19 қыркүйекте екі бағыттан келген орыстың әскерлері Шымкентке жақын жерде кездеседі. Шешуші шайқасқа шықпас бұрын ол Шымкенттің қарсы алдындағы Тассай деген шағын бекіністі басып алады да оған батареяларды орнатады да, 20 қыркүйекте таң ата Шымкентті зеңбірекпен атқылауға көшеді. Орыстардың атқылауына қарсы қорғанушылар зеңбіректің оғымен жауап бе-

реді. 22 қыркүйекте Черняев әскерін үш қанаттан шабуылға шығарады да, Шымкентке басып кіреді. «Туркестанские ведомости» газеті беттерінде осы жорық бағыты былай беріледі: «Түркістан Орта Азияға барар жолында ең алғашқы түземдік қала. Бізге дейін ол Қоқан хандығының қол астында болса, 1864 жылы біздің әскерлер оны басып алды... 12 шілде 1864 жылы Түркістан... 22 қыркүйекте сол жылы Шымкент, ал маусым 1865 жылы Ташкент» [31; 155].

Шымкентті қорғау кезінде қоқандықтар жағынан 3170-тен аса адам қазаға ұшырайды [1; 83]. Алдыңғы шайқаста шымкенттіктерден естен кетпес соққы алған орыс әскерлері қала халқына қатыгез зорлық-зомбылық көрсетіп, аяусыз тонады, әсіресе, әйелдер мен балаларды қырып жойды, оларға оқты шығындамас үшін тұншықтырып, я болмаса бауыздап өлтірді [32; 82]. Орыс әскерлерінің жыртқыш айуанға айналғанын полковник Лерхе мен басқа да соғысқа қатысқан орыс офицерлерінің естеліктері растап, онда шабуылдан кейінгі қаланың жағдайы қорқынышты күйде суреттеледі: «Бекініс қақпасының биіктігінің жартысы жараланғандармен толған. Осы түні артиллериялық атқылаудың нәтижесінде көрші арыққа қан жылға болып құйылады, қоқандықтар басқалар білмес үшін өздерінің қызыл киімдерін тастап, қаладан қашты. Өршеленген орыс солдаттары бүкіл қаланы найзамен аралап шықты» [33; 48].

Шымкентті ойрандаған Черняев әскері шайқас кезінде орыс әскерлеріне жем-шөп пен түйе беруден бас тартқаны үшін Сайрам қаласындағы қазақтар да қырғынға ұшырату үшін оған бас салады. Орыс әскерлерінің шығынын азайтуды ойлаған Черняев шабуыл кезінде аманат ретінде жорыққа алынған Сұраншы батыр, Сарыбай би, Жайнақ би секілді қазақтар мен қырғыздарды алдыңғы қатарға жібереді. Шабуылға шыққан қазақтардың көпшілігі оққа ұшады немесе ауыр жараланады. Қаза тапқан қазақтардың ішінде Сұраншы батыр болса, Сарыбай би сияқты көптеген қазақтар ауыр жараланады [20; 30]. Екі сағаттық артиллериялық атқылаудан кейін басып алынған қала талқандалып,

тұрғындардың 50-і қаза болып, үшеуі жарақаттанған [34; 200]. Осылайша, Шымкентке көмек бермек болған Сайрам қазақтары да жазаланды.

Черняевтің Шымкентті алуы патша үкіметінде Орталық Азияға қатысты әскери және саяси шаралар бойынша қарама-қайшылықты күшейтеді. Халықаралық жағдайдың шиеленісуін ескерген А.М. Горчаков 1864 жылы қарашада Сыртқы істер министрлігімен бірігіп патшаға Орталық Азиядағы қимылдардың нақты бағдарламасын көрсеткен арнайы баяндаманы дайындап, онда патша үкіметінің экспансиялық саясатын Ресейге бағынышты территориядағы көшпенділердің шапқыншылықтарынан елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған «қорғаныс» бағытында көрсетіліп, басып алынған аймақта Ресей позициясын күшейту қажеттілігі, алдағы шапқыншылықтардан бас тарту, Орталық Азия билеушілермен адал қатынасты сақтауға және оларға орыстар жағынан «ықпалдастықты» күшейту бағыттары айқындалады. 1864 жылғы 21 қарашада Орта Азиялық мәселе бойынша үкіметтік бағдарламаны патша бекітеді. Алайда Орынбор мен Омбыдағы патша әкімшіліктеріндегі әскери топтар Петербург кабинетінің үнсіз келісуімен бірнеше рет бұл бағдарламаны бұзып отырады [35]. Яғни, қоқандықтарды қулықпен алдап-соғып өз мақсатына жеткен Черняев Бұхар мен Қоқан арасындағы қайшылықтардың шиеленісуін пайдалана отырып, 1864 жылы 1 қазанда Ташкентке шабуыл жасайды да, ауыр шығынға ұшырап Шымкентке қайтады [36; 102].

Шымкенттің орыстар қолына өткенін және Ташкентке қауіп төніп тұрғанын естіген Әлімқұл молда асығыс Ташкентке жол тартады.

Әлімқұл молда қар түскеннен кейін Ташкентке келіп, барлық әскер басшыларын жинап, пікірлерін сұрайды. Бұл жайында А.Кенесарин былай дейді: «Әлімқұл молда ...Ташкенде біраз күн болғаннан кейін әскер басыларын жинап, қазіргі жағдай жайында мәслихат құрғанда олардың бәрі де қыста ештеңе істеуге болмайды, қазір Қоқанға қайтып, жаз шыққан соң ғана аттану керек

дегенді айтты. Тек Сыздық сұлтан ғана: «осыншама шығында-лып, дайындалып мынадай көп әскерді алып келгеннен кейін орыстармен ұрыспай жатып, шегінуіміздің ешбір лайығы жоқ. Шымкентке беттемесек те Түркістанға барайық, естуімізге қарағанда, онда әскер аз көрінеді. Түркістанды алсақ алдық, алмаған күнде абыройсыз болмаймыз» деді. Оның осы ақылы Әлімқұлға да ұнады» [12; 26].

Қырғыз-қыпшақ Әлімқұл молда Қоқан хандығындағы билігіне 1863 жылы келген болатын. Оның ұсынуымен Мәллә ханның 12 жастағы ұлы Сұлтансейіт Қоқан ханы болып сайланады. Ханның жастығына байланысты елдегі билікті қолына алған Әлімқұл аталық «Әмірлашкәр» атағына ие болады. Сұлтансейіт хан билігі кезінде Әлімқұл мемлекеттегі билікті қолына алып, әскери, қаржы істерін реттеуге, халықтың басын біріктіріп, орыс жаулап алушылығына қарсы шараларды жүзеге асырды. Барлық түркі-мұсылман халқын ортақ жауға қарсы күресуге шақырды. Әлімқұлдың қолбасшылық қасиетін орыс әскерилерінің өздері де мойындайды. Мәселен, генерал-майор Веревкин Әлімқұлды «өте ақылды әрі жігерлі адам», «әскери істің негізін өте дұрыс түсінетін және өз мүмкіндігін дұрыс бағалай білетін адам» деп сипаттайды [37].

Сақтық шаралары үшін жан-жақтағы жолдардың бәріне күзет қойып, үш күн бойына әскерін жорыққа дайындаған Әлімқұл молда төртінші күні Сарыағаш жолымен жүріп отырып, келесі күні түсте Арыс өзенінің жағасына жетеді. 1864 жылы 3 желтоқсанда Сыздық сұлтан Әлімқұлдың рұқсатымен өз жігіттерінен 800 адам алып, ілгері озып Шілік қыстағына барып, ондағыларды тұтқынға алып, Әлімқұлдың келуін күтеді. Әлімқұл молда негізгі қолымен күн батардың алдында келіп жетеді. Сыздық сұлтан өзінің 800 жігітімен түнде тағы ілгері озып барып, таңда Иқанға жетеді. Онда Иқанның ақсақалы Ибн Әминді қолға түсіріп, тағы да Әлімқұлдың келуін күтеді.

Әлімқұл молда Иқанға жақындап келіп, негізгі күшімен Шілік жағына тоқтаса, ал Сыздық өз жігіттерімен Түркістан жағына

тоқтап, Түркістан жолына күзет қойды. Бұл жөнінде 4 желтоқсанда хабардар болған Түркістан қаласының коменданты подполковник Жемчужников Сыздық сұлтанның 400 қолмен Шымкенттен Түркістанға келетін төте жолда екендігін ескеріп, қоқан әскерінің қозғалысын бақылап, Иқанға бару үшін Орал казак әскерлеріне жиналуға бұйрық береді. Сонымен бірге пошта тасушы Паспакты генерал-майор Черняевке аттандырады. Осылай есаул Серовтың басқаруымен құрамында 2 обер офицер, 5 урядник, 98 казак, 4 артиллерист, 1 фельдшер, 1 фурштат және 1 зеңбірегі бар Орал казак әскерлері жолға шығады.

Серов бастаған Орал казак әскерлері Қазақстанның оңтүстігі мен Орта Азияны отарлау барысындағы әскери шараларға қатысу үшін Орал қаласынан арнайы алдырылған болатын. Өз әскерімен Түркістаннан шыққан есаул Серов қала маңындағы бақ ішінен пошта тасушы Ахметті кездестіріп, одан Иқан маңынан қоқан қолын көргенін естиді. Пошта тасушылардан қоқандықтар туралы естіп білген Түркістан басшысы подполковник Жемчужников сондағы тұрғын Әмірді есаул Серовқа аттандырып, егер де қоқанның қалың қолын көрген жағдайда Түркістаннан 10 верст қашықтықтағы қираған Тышанақ бекінісіне тоқтап, олардың қозғалысын бақылауды тапсырады. Кейін кері қайтқан Әмір арқылы Жемчужников қоқанның 1000 шақты қолы Иқанды қоршауға алғанын, есаул Серов әскерінің Иқанға жетпей тоқтағанын естиді.

«Серов бастаған Орал казак әскерлері Иқанға 3 верст жетпей қоқан қолын көріп кері шегінеді. Алайда Сыздықтың күзетшілері түн ішінде осылай қарай жақындап келе жатқан екі топ адамды көріп, хабар жеткізеді. Темекі тартып сөйлесіп келе жатқан олардың атты казактар екенін таныған соң Сыздық дереу Әлімқұл молдаға хабар беріп, өзінің жігіттерін дайындайды. Хабар тиген соң Әлімқұл да әскерін дайындап, алып шығады. Олар келе жатқан есаул Серов басқарған орыстың атты жүздігі екенін біледі. Қоқан әскерін көрген сәтте жанталасқан орыстар аттарынан түсіп, мылтықтан, зеңбіректен оқ ата бастағанымен барлық жағынан қоршауға алынады. Серов ат үстінде кері шегінуге

мүмкіндік болмағасын, тез арада отрядқа аттан түсіп, кішігірім орға тасаланып жатып, ал ашық жақтарына әскердің азық-түлік, жемшөп қаптарымен, т.б. қорғануға болатын заттардан үйінді жасауға бұйрық береді» [12; 70-71]. Сөйтіп екі жақ күн шыққанша атысып, келесі 5 желтоқсан күні одан әрі жалғасады. Казак әскеріндегі қару-жарақтың басым болуы бірнеше мәрте қокан әскері тарапынан жасалған шабуылға тойтарыспен жауап беруге ықпал етеді. Түс кезінде казактар оққа ұшқан аттарын айналасына қоршау етіп қойып, солардың тасасынан атысуды жалғастырады. Осы кезде Түркістан жаққа қойған күзетшілерден үш жүздей солдаты бар бір отрядтың келе жатқаны туралы хабар келеді. Шынында да осы тұста Түркістан қаласының коменданты подполковник Жемчужников өткен күні кешкі сағат 5-тің тұсында басталған күшті атыстың, түні бойы және келесі күні де жалғасып жатқанын естіп, бірақ Серов отрядынан ешқандай хабар ала-алмай, оған көмекке жаңа отряд жіберуге шешім қабылдаған еді. Подпоручик Сукорко бастаған құрамында 152 жаяу әскер, 2 жеңіл зеңбірек, екі пошта тасушы және 8 казак бар отряд Түркістаннан Иқанға аттанады. Жемчужников Сукоркоға егер де отряд Серов жүздігімен қосылу үшін жаудың айтарлықтай күшін кездестіріп, кедергіге тап болса және олардың Түркістан бағытына қозғалысын көрген жағдайда жүздікті құтқармай кері қайтуды тапсырады [37; 111].

Түркістаннан орыс отрядының шыққаны туралы хабарды естігенде Әлімқұл молда не істерін білмей сасқалақтап қалған. Ол өзінің әскер басшыларынан: «Мына екі жүз орысты жеңе алмай тұрғанымызда, оның үстіне тағы үш жүз солдат келіп қосылса, бізде бұларды талқандаудың ешқандай мүмкіндігі болмайды. Не істеу керек?» деп ақыл-кеңес сұрағанда олардың ешқайсысы да «өзіңіз шешіңіз» дегеннен басқа ештеңе айта алмаған. Сыздық сұлтан ғана Әлімқұл молдаға: «Сіз негізгі күшпен мына орыстарға шабуыл жасай беріңіз, ал мен өз жігіттеріммен келе жатқан солдаттардың алдынан шығып, оларды сізге жібермей бөгейін» деп айтқан және солай істеген»-деп жазады А.Кенесарин [38; 28].

Сыздық сұлтан көмекке келе жатқан подпоручик Сукорко бастаған солдаттарды Түркістан жолындағы Сасықбұлақ деген жерде қарсы алып, оқ атыса бастайды. Сол ұрыста оның алты аты оққа ұшып, он жігіті жараланады. Ашық әрі жазық жерде солдаттардың оғы өздеріне жақындатуға мүмкіндік бермеген. Сондықтан Сыздық атыса отырып, Иқан жолымен кері шегіне бастайды. Бұл ұрыс Иқан түбіндегі есаул Серов отрядына да естілген. Серов түскі сағат 2-нің шамасында Түркістан жағынан зеңбіректен, мылтықтан атылған оқтың дауысы естілгенін, кейін білгеніндей бұл өздерін құтқаруға жіберілген отряд екенін және оларға 3 не 4 верст жете алмай кері қайтқанын өкінішпен еске алады.

Орыстардың жолын бөгей алмайтынына көзі жеткен соң Сыздық сұлтан мынадай айла жасауға көшеді. Ол солдаттарды жайына қалдырып, өзі барлық жігіттерін ертіп Түркістанға қарай кеткен. Бұл орыс отрядын Сыздықтың Түркістанға қарай бет алғанына қарағанда, алдағы орыс казактары сірә тұтқынға түскен екен ғой деп ойлауға мәжбүр етті. Шынында да орыстар Сыздықтың соңынан Түркістанға қарай кері бұрылады. Сыздық сұлтан Түркістан маңындағы Әли қожа деп аталатын мазардың бағының ішіне келіп тоқтайды. Подполковник Жемчужниковтың айтуына қарағанда, түскі сағат 3-тің тұсында Түркістан бағытына келе жатқан әскердің алдыңғы шебі көрініп, ал оның артынан 6 сапқа бөлінген 400 қол жақындаған. Сағат 4-тің тұсында әскер қаланың іргесіне келіп, үш жақтан қоршауға алады. Ал кешкі сағат 6-да подпоручик Сукорко отряды да Түркістанға кері қайтып келеді. Ол өзінің алдынан қоқан қолының Түркістанға қарай қозғалғанын көрген соң қалаға кері шегінуге мәжбүр болғанын жеткізеді [37; 310].

Сөйтіп Сыздықтың ойлап тапқан әскери әдіс-амалы орыстар күшінің біріге алмауына ықпал етті. Солдаттардың кері қайтқанын көргеннен кейін Сыздық сұлтан Әлімқұлға жәрдем беру үшін шұғыл түрде Иқанға қайтады.

Сыздық Кенесарыұлы Ресей империясының Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияны жаулап алуы кезінде оларға қарсы

күрес жүргізіп, әке жолын жалғастырған, ұлт-азаттық қозғалыс жетекшісі. 1860 жылғы Ұзынағаш шайқасында қоқан әскерінің орыстардан жеңілуі, Кенесары ұрпақтарының өмір жолын екіге айырған болатын. Тайшық пен Ахмет сұлтандар орыс билігін мойындаса, Сыздық сұлтан: «Ата-бабамыздың ұстаған жолын тастап, орыс жағына шықпаймын. Олар Қоқанды алса, Бұхарға барамын. Егер Бұхарды да алса, онда, басқа мемлекеттер бар ғой, кез келген бір мұсылман еліне барармын. Қалай да ата-баба жолынан аумаймын!» деп қоқандықтар жағында қалды. Осы сөзінде тұрған Сыздық сұлтан орыстардың Орта Азияны толық жаулап алуына дейін азаттық туын тік ұстады. 1888 жылы Ташкентте жарық көрген А.Кенесариннің «Кенесары және Сыздық сұлтандар» деген кітабына жазған алғы сөзінде Е.Т. Смирнов Сыздық сұлтанға мынадай мінездеме береді: «Қазақ сахарасының атақты сұлтаны Кенесары Қасымұлының баласы Сыздық сұлтан орыстар Орта Азияны жаулап алған кезде Түркістан өлкесінде соларға қарсы соғысқан қазақ жігіттері мен түрікпен шабандоздарын басқарып қайрат көрсеткен қолбасы, ер жүрек, жігерлі адам болған. Қазақ халқының өз алдына ел болуы үшін күрескен ең соңғы жауынгер... Жасы елу бестер шамасында, орта бойлы, өте ширақ адам; қазаққа тән бидай өнді, аздап ақ шала бастаған шоқша қара сақалы бар, әсіресе көздері әдемі, жанарлы, сырт көрінісі аса келісімді жаралған, дене бітімі, әйелдерге тән нәзік саусақтары, өзін сабырлы, салмақты ұстауы, кісімен сөйлескендегі ұяндығы – бұл адамның Орта Азия хандарының сарай тұрмысын көрген, түрік халқының нағыз ақсүйек адамы екенін танытады, шынында да өзі ақсүйектер нәсілінен ғой. Алғашқы көргенде осы ойшыл келбетті келген сахараның ештеңеден тайсалмайтын баскесері атанған, жетпісінші жылдары біздің Түркістандағы алғы шебіміздегілердің үрейін ұшырған, күтпеген кезде және біздің осалдау жерімізден тап беріп, басқа қазақ, түрікпен топтарына қарағанда қайсарлықпен, өршелене шабуыл жасаған партизан, атақты шабандоз Сыздық екеніне нанғың да келмейді. Ал енді өзі шешен, ағыза сөйлеп, көздері от шашып,

қыза келгенде, алғашқы көрген сабырлы, момын адамды қайта тани алмай қаласыз. Алдыңызда сөз жоқ, құдай зерде берген дарынды, жаны жас, қарапайым халыққа айтайын деген ойын да, сөзін де жеткізе білетін шешен, қайраты тасыған қажырлы адам пайда бола қалады. Бұхара, Хиуа, Қашғар хандарына соғыс, саясат жөнінен оның қандай абзал ақылшы, үлкен ұлық болғанына, бетімен кеткен, жартылай тағы сахара шабандоздарының бастарын біріктіріп, қалайша қолында ұстағанына, Түркістан шебіндегі жаяу әскеріміздің қардай боратқан оғына сол аламан топты тура қарсы шапқызғанына, солармен Қызылқұмның өлі шөлінің бір шетінен бір шетіне талай жортып, аңдаусыз отырған жауына тайсалмай тап беріп жүргеніне, жау жағы оны орынсыз «Сахара баскесері» атағанына сонда түсінесіз» [12; 6-7].

1910 жылғы «История Туркестана» атты еңбегінде Н.Павлов Сыздықты: «Кенесары Қасымовтың баласы, Абылай ханның шөбересі, Тұрандағы аса ірі тұлғалардың бірі болып табылатын даланың осынау жаужүрек ұлының бойына бізге деген өшпенділік ана сүгімен бірге енгендей еді. Тұран өлкесіндегі өз замандастарынан Сыздықтың сирек кездесер оқшау бір өзгешелігі – атақ, мансап, қадір-құрмет іздемегендігі, жақсы жауынгер, талмас қажыр иесі екендігі де, оның жақсы қасиеттерінің қатарында аталуға тиіс» [39; 104], – деп бағаласа, шығыстанушы Н.И. Веселовский әкелі-балалы қос қолбасшының тарихи тұлғасына қатысты: «Кенесары мен Сыздық секілділер бұдан басқа уақытта өмір сүргенде, олардан Шыңғысхандар, Темірлер қалыптасар еді», – деп пікір білдірген [40; 201].

Әлімқұл молда басқарған қоқан қолы мен қоршаудағы есаул Серов отряды арасындағы шайқас күні бойы жалғасады. Түстен кейін Әлімқұл молда мөрін басып, есаул Серовқа елші арқылы хат жолдап, қантөгісті тоқтатып, мұсылман дінін қабылдап, берілуін талап етеді. Ол құтқаруға жіберілген орыс отрядының кері қуылғанын, ендігі жерде көмек күтудің қажет еместігін, егер Серов берілмеген жағдайда отрядтың түпкілікті жойылатынын ескертеді.

1864 жылдың 6 желтоқсан күні Сыздық сұлтан таң ата Иқанға қайтып келгенде, мұндағылардың әлі Серов отрядын талқандай алмағанын, олардың әлі атысып жатқанын көреді. Содан Сыздық сұлтан Әлімқұл молдаға: «Бұл орыстарды қаншама рет шабуылдасаңыз да, мұндай жолмен жеңу мүмкін емес. Менің әкем Кенесары хан осындай бекініп алған орыстарға шабуыл жасағанда, қамыс, жусанды орып, соларды оқ өтпейтіндей қалың етіп буып, бау жасап, одан соң, сол бауды қалқа қылып, домалатып барып, жақындап алып, ұрыс салушы еді» деген ұсыныс айтады [12; 36]. Әлімқұл Сыздықтың бұл айласын құп алады. Содан соң ол әскерге қамыс орып, жусан жұлып, соларды қалың етіп бууға бұйрық берген. Мұны есаул Серовтың мәлімдемесі де растайды. Оның айтуынша, қоқан қолы бекініп алған казактарға жазық жерде жақын келуге мүмкін болмағасын екі дөңгелекті арбаның үстіне қалқан орнату мен қалың бумалар жасау үшін қамыс пен әртүрлі ұсақ ағаштар тасуды бастаған. Ал 6 желтоқсан күні таңда өздеріне қарсы 16 қалың бумалар мен қалқандардың дайын болғанын көріп, отрядтың жағдайының одан сайын қиындай түскенін, әрі Түркістаннан келер көмекті күтуде уақыт ұту үшін есаул Серов Әлімқұл молдамен келіссөз жүргізуді көздейді. Алайда есаулдың ол мақсаты жүзеге аспай, таңғы сағат 7-нің шамасында шайқас қайта басталады. Дегенмен Серов өз хабарында екі сағаттан артық уақыт ұттым деп көрсетеді. Үлкен бумалардың тасасына, әрқайсысына жүз адамнан қойып, орыстарға қарай домалатып жақындап келгенде жігіттер тасадан шығып тап берсе, сол кезде қалың қол да орыстардың желке жағынан лап берген еді. Бұл туралы Әзімхан Ахметұлы Кенесариннің қолында «Сыздық төренің ілгеріде қылған жұмыстары» деген араб қарпімен жазылып, сақталған нұсқада: «ақыры Иқанның ағаштарын кесіп алып келіп, арқанмен көп қылып будырып, он-он бес адам артынан домалатып жүретін қылып, бетіне тұтып домалатып, жақындап келіп, бірден жүгіріп орыспен араласып бәрін қырды» деп баяндалады [12; 111]. Сыздықтың ойлап тапқан айласы жүзеге асып, үлкен бумалармен төрт рет шабуыл жасау нәтижесі казактарды

мол шығынға ұшыратады. Мықты шабуылға төтеп бере алмаған есаул Серов одан әрі өзінің орналасқан жерінде қарсылық көрсетуге ешқандай мүмкіндік таппай шегінуге мәжбүр болады.

Шынында шайқас барысындағы опыр-топырдың үстінде есаул Серовтың отыз шақты адамымен Түркістанға қарай шегініп бара жатқанын жұрт байқамаған еді. Қашып бара жатқан орыстардың ұзап кеткенін көрген Сыздық сұлтан оларды қуып жетіп, бітімге келуді ұсынады. Бірақ Сыздықтың келіссөз бастағалы тұрғанын білмеген өзбек сарбаздары шауып келіп, бірнеше орыс солдатын ту сырттарынан келіп шаншып, түйреп өлтіріп кетеді. Бұдан соң Серов солдаттарына атуға бұйрық беріп, тағы да қызу ұрыс басталып кетеді. Осы кезде Түркістан қаласынан шыққан орыс отряды көмекке келіп қалған еді. Өйткені өткен кеште Серовтың Түркістанға жіберген казактарынан хабар алған подполковник Жемчужников «қаланың қоқандықтар қоршауында болуына байланысты, сол бойда Серовқа көмек жібере алмадым, бірақ ертесіне 6 желтоқсан күні қала маңынан қоқан қолы көрінбеген соң, әрі бақта ешкім жоқ болғасын тез арада екінші рет отряд жіберу туралы шешім қабылдадым» дейді [12; 76]. Оның бұйрығымен подпоручик Сукорко мен Степанов бастаған 2 жеңіл зеңбірек сүйреткен 207 адамдық жаяу әскер, 10 казак және 3 пошта тасушыдан құралған отряд тез арада есаул Серовтың жүздігіне қосылу үшін Түркістаннан көмекке аттанады.

Оларды алыстан көрген Сыздық сұлтан көмек жеткен соң орыстарды жеңу қиын болатынын түсініп, өз жігіттерін жинап алып, казактарға шабуыл жасайды. Сөйтіп қайтадан қызу қанды шайқас басталып кетеді. Осы аяқаста Сыздықтың санына оқ тиіп жараланып, астындағы атына да бес жерден оқ тиеді. Сыздықтың аттан құлағанын көрген Әлімқұл молда негізгі қолмен жетіп келіп, он бес казакты өлтіріп, Сыздықты құтқарып алады. Ол туралы тарихшы А.Махаева: «Әлімқұл өзінің көреген қазақ қолбасшысын құтқарып алып, қазақ пен қырғыздың бауырластығын тағы бір паш етеді. Осылайша, Қырғыздың батыр ұлы Әлімқұл молда мен қазақтың текті ұлы Сыздық сұлтан бастаған

түркі-мұсылман әскері Иқан шайқасында ерліктің тамаша үлгісін көрсетті және орыс басқыншыларына қарсы жан аямай күресті. Еуропалық әскери тарихшылар Иқан шайқасын әскери өнердің тамаша үлгісі ретінде жоғары бағалады» деп қорытады [40; 204].

Серов отрядының көмекке келген әскермен бірге Түркістанға шегінуінен соң Әлімқұл молда бастаған қол Иқанға келіп, ақсақал Ибн Әминді және оның қызметке жарайтын адамдарын алып, Ташкентке қайтады.

Иқан түбіндегі шайқаста Серов отрядынан 1 обер-офицер, 4 урядник, 50 казак, 1 фельдшер, 1 фурштат қаза тауып, 1 обер-офицер, 1 урядник, 36 казак, 4 артиллерист және 1 жол бастаушы қазақ жараланған. «Сұмдық шығын болды. Ауыр жарақат алғандар мен өлгендер құлап, жолда қалды», – деп есіне алады кейін есаул Серов. А.Кенесарин еңбегінде мұсылмандар жағынан бұл соғыста 400 адам шәһид болып, көп адамның жараланғаны айтылса, подполковник Жемчужников Сырдария шебі басшысына жолдаған хабарында қоқандықтар тарапынан 90 қолбасшы мен 2000 шақты әскер қаза тауып, жараланғандар саны белгісіз деп жеткізді. Осы Иқан шайқасында Әлімқұл молданың қол астындағы түркі-мұсылман әскерінің саны туралы да орыс әскерілерінің хабарларында бірыңғай пікір жоқ деуге болады. Мәселен, пошта тасушы Әмір Иқанды қоршаған қоқан қолы шамамен 1000-ға жақын десе, есаул Серов 10000 астам болды дейді. Подполковник Жемчужниковке жеткізген казактар есебінше 9000 шамасында болған. Оған қоса ол қоқан қолының кетуінен кейін Иқанда қалған қарттың хабарлауынша Әлімқұл молданың әскері 20000 астам болған деп тұжырымдайды. Кейін осыны негізге алған генерал-майор Веревкин де есаул Серов басқарған Орал орыс-казак жүздігі екі тәулік бойына 20000 қоқандықтарға қарсы табандылық танытты деп жазады [37; 131–132]. Иқан түбіндегі ұрыста қоқан қолының 20000-ға жетпегенімен, жалпы басым болғаны белгілі. Дегенмен, орыс әскерілерінің өз «ерліктерін» соншалықты дәріптеп көрсету үшін қалай болғанда да қарсыласының күшін көбейтіп, жалған ақпарат беретіндігін де естен

шығармауымыз қажет. Өйткені кейбір деректерге жүгінсек, Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияны отарлау барысында орыс қолбасшылары қарсыластарының күшін арттырып көрсетіп, керісінше өздерінің ұшыраған шығындары туралы орталыққа жалған мәлімдеме түсіріп отырған.

Иқан түбіндегі шайқаста Әлімқұлдың әскері есаул Серов бастаған 200 орыс әскерін қоршауға алады. «Иқан шайқасында орыстардың шығыны өте көп болды. Ауыр жарақат алғандар мен өлгендер жолда қалды. Отрядтың көзінше қоқандықтар олардың басын қылышпен шауып тастап жатты және қарулары мен оқтарын алды» – деп есіне алады есаул [32; 83].

«Орыстар көп өлді, мұсылмандар да көп шейіт болды. Ақыры бауды домалатып жүгірді, – деп әңгімелейді Иқан шайқасы жөнінде Мирзоолим Мушриф, – Орыстың зеңбірегі мен мылтығының оғы баудан өтпеді. Жақын барып, «Аллаху акбар» деп орға кіріп, қоян-қолтық араласып, ұрыс салды. Қырғыздар қатты айқасты. Ұрыс кезінде байқатпай, бірнеше орыс қашып шығып кетті. Олардың сондарына түскен батырлар қуалап, Түркістанға дейін барды [42; 60].

Осылайша, Әлімқұл молда мен Сыздық сұлтан бастаған қоқан әскерлері Иқан шайқасында ерліктің тамаша үлгісін көрсетіп, басқыншыларына қарсы жан аямай күресті.

Түркістан өлкесін отарлау барысында патша үкіметі Орал казак әскерлерін өз мүддесіне шебер пайдаланды. Өз кезегінде Орал казак әскері аймақты жаулап алу жолындағы орыс үкіметінің әскери іс-шараларының барлығына дерлік қарқынды түрде қатысты. Олардың «енбегін» ескерген патша казактарды арнайы грамоталармен, түрлі шен-шекпенмен марапаттап отырды. Мәселен, Иқан шайқасына қатысып, тірі қалған Орал казактарының барлығы да патша марапатына ие болды. Кейін 1884 жылы шайқастың 20 жылдығына орай ұрыс болған жерде ескерткіш, белгі орнатылды.

Сонымен бірге Қазақстан мен Орта Азияны әскери жаулап алу жолында казактардың казак даласын жаулардан қорғауда оларға

қол ұшын созып, көмек көрсетті дегендері де еш сын көтермейді. Себебі қазақтарға өздерінің ата жауы ретінде қараған казактар халқымызды ешқашан, ешкімнен қорғап көрген емес. Тарихшы А.Рябинин Жайық казактарында бір ғана өліспей беріспейтін жауы болды – бұл қазақтар еді деп жазды. Олар «қажырлы, қайсар, қорқуды да, шаршауды да білмейтін жау еді. Жайық казактары оларға қарсы нағыз кескілескен соғыс жүргізді» [44; 28].

Келесі бір тарихшы А.Карпов еш қысылмастан, ашық түрде былай деп жазды: «Раз это киргиз (т.е. казах) – то враг, заклятый враг и все, что носило на себе киргизский облик, все уничтожалось, билось казаками на смерть, целые аулы, старцы, жены – все истреблялось; убивались дети и грудные младенцы, – «вырастут – укусят!» говорили казаки и поднимали их на копья. Истреблять басурманина – такова была миссия казака того времени, миссия, священная церковью» [45;121].

Елінің азаттығы жолында атқа мініп, қол бастаған баһадүр бабаларымыздың жанкешті күресін әскери күшпен езіп жаншыған Орал казак-орыстарының Иқан шайқасындағы қоқандықтарға қарсы «ерен ерлігі», яғни қазақтарды қоқан «езгісінен» құтқарды деген бүркемелеуі еш сын көтермейді. Бұлай қорытынды жасау жаңсақтыққа ұрындырып, төл тарихымызға қиянат жасау болып табылады. Өйткені қазіргі таңда қазақ-қоқан тарихын зерттеу барысында отандық тарихшылар Қоқан хандығының құрамында тек өзбектер ғана емес, сонымен қатар қыпшақтар, қырғыздар, қазақтар, т.б. түркі тілдес халықтардың болғандығын алға тартып, олардың орыс отаршылдығына қарсы ортақ түрік-мұсылман одағы негізінде бірігіп күрескенін дәлелдеуде. Оның үстіне Иқан түбіндегі шайқаста өзбек, қырғыз, қыпшақ, қазақтар, т.б. құралған қоқан қолына жетекшілік еткен қоқан ханының регенті Әлімқұл молданың шығу тегі қырғыз-қыпшақ болса, оның қасындағы Сыздық сұлтан қазақ төресі болатын. Осы жерде орыс зерттеушісі И.В. Аничковтың 1894 жылы Қазан қаласында жарық көрген «Қазақ батыры Жанқожа Нұрмұхамедов» деген еңбегіндегі орыстың отарлау саясатына қарсы күрескен қазақ батырлары

хақындағы шынайы пікірі көңіл аударарлық: «Біз Орта Азиядағы исі түркі тайпаларының бас бостандығы мен дербестігі үшін шыбын жанын шүберекке түйген, сырттан келген дұшпандардың әміріне көнбеген, өз мақсат-ниетінің жүзеге аса қоюының қиын екендігін көре-біле тұрса да, қолайлы бір кезеңде орыс патшалығына қарсы ақ ту көтерген Кенесары, Көтібарұлы Есет, Сыздық және басқалары тәрізді атақты Жанқожа әулиені күллі қазақтың аты шулы батырлары мен сахара қаһармандарының санатына толық жатқыза аламыз. Осы арада көзге түсетін бір жайт – Орта Азияда болған қандай да бір көтеріліс не толқу кезінде халықты бастаған Кенесары, Жанқожа, Есет, Сыздықтардың – қазақ, 1865 жылғы мамыр айының 9-ы күні өзінің атты әскерлерін бастап, орыстарға қаймықпай қарсы шапқан, Ташкент шаһарының айбынды қорғаушысы, Шортөбенің жанында шейіт болған Молла Әлімқұл немесе 1876 жылы Ферғанада орыстарға қарсы бұрқ ете түскен шайқастың ең бір қуатты қолдаушысы аптобашы Әбдірахмандардың – қыпшақ екендіктері. Мұндай жауынгерлік сарттарда немесе тәжіктерде жоқ. Бұл, шамасы, мұсылман діні қатты сіңген Орта Азияның басқа халықтарына қарағанда қазақтардың ұлттық сана-сезімінің аса қатты дамығанына байланысты болуы тиіс» [46; 25-26].

Черняевтың Ташкентке жасаған екінші жорығы 1865 жылы көктемде басталады. Әлімқұл молда қаланы қорғау кезінде ауыр жараланып, қаза табады да, қаланы қорғаудың басшылығын Сыздық сұлтан алады. Дегенмен қала қорғаушыларының жаңқиярлық ерлігіне қарамастан, үш күндік шайқастан кейін орыстар 1865 жылдың мамырында Ташкент қаласын алып, оны Ресей империясына қосады [47;195].

Сол жылы жасалған бейбіт келісімге сәйкес Қоқан ханы өз иелігінің біраз бөлігін соның ішінде Оңтүстік Қазақстанды Ресей империясының иелігіне береді.

Генерал Черняев пен полковник Веревкиннің сәті түскен әскери жорықтары қазақ даласын Ресейге қосып алуды аяқтап, Орынбор мен Сырдария шептері қосылды. Шымкент пен Ташкенттің

алынуы Қазақстан мен Орталық Азиядағы саяси жағдайды түп тамырымен өзгертіп, Ресей империясының пайдасына шешеді.

Қазақстан мен Орта Азияны толық жаулап алғаннан кейін, патша әкімшілігі отарлау саясатын жоспарлы түрде күшейте түсті. Жергілікті халықтардың өкілдері саяси үкімет пен мемлекет басқару мекемелеріне жолатылмады. Отарланған аймақты игеру үшін және Ресейдің ішкі аймақтарындағы саяси-әлеуметтік шиеленісті бәсеңдету мақсатында Түркістан өлкесіне орыс шаруалары мен орыс-казак әскерлерінің қоныс аударуы қауырт жүргізіле бастады. Осылайша, XIX ғ. екінші жартысында Түркістан өлкесіндегі отырықшы және көшпелі халықтардың сауда-экономикалық байланысы дамып, соның нәтижесінде ішкі нарық қалыптасады. Өлкенің Ресейлік геоэкономикалық кеңістігімен байланыс орнатуы нәтижесінде мал шаруашылығы саласының тауарлануына ықпал етті. Түркістан тарихында қаланың әрі қарай дамып, оның мәдени өмірінің өрлеуіне ықпал еткен жаңа дәуір басталды.

Отаршылдық идеологиясының уағызшылары «орыстар қазақтарды зұлым қоқандықтардан құтқарып, бейбіт өмір сыйлады, өркениетке сүйреді» дейді. Рас, орыстар қоқандықтарға қарағанда бізді өркениетке бір табан болса да жақындатты. Бірақ олардың да қазаққа шектірген зәбірі көп еді, бейбіт өмір сыйлағаны да жалған. Біз сол кезде түлкі талауынан құтылып, арыстанның жемтігіне айналған ел болдық.

1.3 Түркістан аумағында отарлық билік құрылымдарының қызметі мен сипаты

XIX ғасырдың 60-жылдарында Ресей империясы Қазақстанды толығымен жаулап алып, оны өзінің отарына айналдырды. Капиталистік даму жолына түскен Ресей енді отарына айналған қазақ жерінде басқарудың империяға ыңғайлы жүйесін енгізуге кірісті. Патша өкіметінің алдында аса күрделі міндет – жаңа қосылған өлке жерін басқаруды реттеу және соның негізде халықтан алымсалық жинау мәселесі тұрды.

Патша өкіметі Қазақ жерін Ресей империясының құрамына толық енгізуді саяси-құқықтық реформалар жүргізу арқылы заң жүзінде жүзеге асырды. Сөйтіп, осы реформалар нәтижесінде Қазақстан тағдырын қазақ халқынан тыс шешіп отыру құқығына ие болды.

1865 ж. үкімет Қазақ даласын басқару туралы «Ереженің» жобасын даярлау үшін Дала комиссиясын құрды. Оның құрамына Ішкі істер министрлігінің, әскери министрліктің және жергілікті генерал-губернаторлықтардың өкілдері кірді. Шаруалардың басыбайлы тәртібі жойылғаннан соң Ресей үкіметі земствоның, соттың, қалалықтардың және т.б. әлеуметтік-саяси өмірінің ағысын түбегейлі өзгерткен бірқатар реформалар жүргізді. Осы жағдайда Ресей Қазақстанды басқарудың бұрынғы жүйесін түбірімен өзгерту міндетін алға қойды. Реформаны даярлау кезінде қалың бұқараның көңіл күйі назарға алынбады.

1867 ж. наурызда Қазақ жерін, Орта Азия өлкесін әкімшілік басқару реформасының жобасын құрастыру мақсатында әскери министр Д.А. Милютин бастаған ерекше комитет құрылды. Нәтижесінде II Александр патша 1867 ж. 11 шілдеде «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы уақытша Ережеге», ал 1868 ж. 21 қазанда «Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлығын басқарудың уақытша Ережесіне» қол қойды. Шын мәнінде, қазақ даласында «бос жатқан» немесе «артық жерлер» жоқ еді. Әр аймақ белгілі бір рудың жаз жайлауы, қыс қыстауы болатын және оның шекарасы әр ру басы үшін әлдеқашан айқын белгіленіп қоятын.

1867–1868 ж. реформаның (Уақытша Ереже) негізгі мақсаты – Қазақ даласының Ресейдің басқа да бөліктерімен толық қосылуына қол жеткізу, Ресейдің билігіндегі халықтарды бір басқарманың астына біріктіру, жергілікті ақсүйектерді биліктен шеттету, рулық бастамаларды әлсірету еді. Реформаның негізінде Қазақстан территориясында 6 облыс құрылды. Олардың – Жетісу мен Сырдария облыстары Түркістан, Ақмола және Семей облыстары Батыс Сібір, ал Орал мен Торғай облыстары Орынбор генерал-губернаторлықтарының құрамына кірді.

Әрбір облыс белгілі бір шамадағы уездерден тұрды. Мысалы, Семей және Ақмола облыстары 5 уезден, ал Сырдария облысы 8 уезден тұрды. Уездер болыстарға, ал болыстар әкімшілік ауылдарынан құралды. Облыстың басында әскери губернаторлар болса, ал уездерді генерал-губернатор сайлаған орыс офицерлері басқарды. Болыс басына сайланбалы болыс басқармалары, әкімшілік ауылдарда ауыл старшындары тағайындалды. Болыстар сияқты ауылдар да рулық принцип бойынша емес, территориялық принцип негізінде құрылды.

Әкімшілік басқарма әскери сипатта болды. Облыстардың басында барлық әскери және азаматтық билікті толығымен өз қолдарында шоғырландырған әскери губернаторлар тұрды (олар әрі әскери округтердің қолбасшылары болды). Әскери және әкімшілік биліктің бір қолда яғни орыс әскерлерінің басқаруында болуы жаңа реформаның қазақ даласында жасалған әкімшілік құрылымының қағидасы еді.

1867 ж. «Түркістан өлкесін басқару» және 1868 ж. «Далалық облыстарды басқару» жөніндегі «Уақытша Ережелер» бойынша болыстық басқарманың қолында полициялық және нұсқау таратушылық биліктер болды. Ол «тыныштық пен тәртіпті» сақтауды, салық төлеуді және халықтың барлық міндеткерліктерін өтеуін бақылады. Оның міндетіне билер сотының шешімін орындату кірді. Ауыл старшиндері өзінің құзырында болыстық басқармалардың міндеттерін орындады. Қазақ шаруалары шамадан тыс ауыр земстволық міндеткерліктерді өтеді: ауыл – болыс әкімшілігін шығын малмен қамтамасыз етті, көпірлер мен жолдарды, пошта желілерін жөндеуге қаржы бөлді, әскери бөлімдерді көлікпен қамтамасыз етті.

«Уақытша Ереженің» 210 тармағына сәйкес Қазақ жері Ресей империясының меншігі болып жарияланды. Жерді мемлекеттік меншік деп жариялау үкіметке оны қазақ халқының пайдалануынан жатсындырып, қоныс аударушы қара шекпен учаскелеріне таратуға заңды құқық берді. Сұлтандардың барлық әлеуметтік-саяси және мұрагерлік құқықтары жойылды, барлық арнайы билік орыс шенеуніктерінің қолында шоғырланды.

Жаңа болыстар мен ауылдардың әкімшілік басқару жобаларын әзірлеген Далалық комиссия бірінші кезекте, дәстүрлі институттардың саяси қауіптілігінен қорықты. Ескі экономикалық және идеологиялық жағынан тұтас, туыстыққа негізделген біріккен әкімшілік-рулық ұжымдардың орнына «Уақытша Ережені» енгізудің нәтижесінде не шаруашылық мүдде, не генеалогия, яғни туыстық жағынан байланыспаған жасанды бірліктер пайда болды. Осының бәрі қоғамдық институттардың дәстүрлі базасына әсер етті. Бірнеше дүркін жүргізілген реформалар «орыс әкімшілігіне губернатордан бастап, уезд бастығына дейін қазақ халқын шексіз билеп-төстеуге, патшалық Ресейдің үстемдік ету саясатын салтанатпен жариялап қана қоймай, жергілікті халық алдында ешқандай да есеп бермеуді және жауапкершілікті сезінбеуді әлеуметтік практикада түсіндіруді қажет етпейтін құқықтар берген еді» [19; 86]. Барлық құқыққа ие болған патша шенеуніктері қазақ халқының ұлттық намысын аяққа басып, орыс әкімшілігі алдында құлдық ұру психологиясын қалыптастыруды, қазақтарды орыстардан төмен екендігін мойындауға мәжбүрлеп, бұратана халық екенін сезінуге тәрбиелеуді алға қойды.

Бұл реформалар тек басқарушылық жүйеге ғана емес, сол секілді сот жүйесіне де айтарлықтай жаңалықтар енгізді. Бұрыннан қалыптасып, өз жүйесін тапқан билер сотын мүлдем жойып, оны «халық» сотына айналдырды, әрі оларды сайлайтын болды. Сот қызметі орыс әкімшілігінің тікелей бақылауында қалды. Сот жүйесінің барлық сатыларында шексіз озбырлық, заңсыздық пен пара алушылық кең қанат жайып, адам құқығы аяққа тапталды.

Құқықтық заңдар қазақ халқының әдептік-құқық жүйесін құрағанмен, тек аты ғана болмаса, бұл заңдар мүлдем басқа сипатқа ие болған еді. Әдептік заңдар өзінің бұрынғы сапалық және мәндік сипатынан айрылып, патшалық Ресейдің ыңғайына орайластырылған құқықтарға айналды.

Қазақ қоғамында мұсылмандық шариғат құқықтарының жүйелері отырықшылыққа ден бере бастаған қазақтар арасына кең

таралып, бедел алады деп қорыққан патшалық әкімшілік, оның таралуына мүмкіндік бермей, алдын алуға тырысты. Орта Азия елдерінен келген молдалардың жүріп-тұруына тыйым салып, тіпті молда келген бүкіл ауылды айыпқа санап, шаралар қарастырды. Ал, өз кезегінде христиан дініне өткен қазақтарға көптеген жеңілдіктер мен құқықтар берілді. Соттар көп жағдайда шариғат нормаларын білмегендіктен жергілікті тұрғындардың даулы істерін қарама-қайшы жолдармен шешкені жөніндегі деректер кездеседі [18].

Қазақ халқы сайланатын басқару жүйесін жақсы қабылдай алмады, оның басты себебі сайлау кезінде рулар арасындағы талас, қайшылықтар орын алып, әртүрлі жолсыздықтарға жол берілді. Қазақ халқы мойындайтын жалғыз сот болғандықтан халық сотының өкілеттігін кеңейту қажеттілігіне сәйкес, патша өкіметі тағы да халық сотының екі органын енгізуге мәжбүр болды. Бұлар билердің болыстық және төтенше съездері. Билер сотында шешімін таппаған істер билердің болыстық съезінде қаралатын болды, ал шешілмеген істер көп болғанда төтенше съезд шақырылды. Негізінен, бұл съездерде әртүрлі рулардың арасындағы істер қаралды. Сонымен қатар, даулы істерді талқылау үшін түрлі уезд немесе болыс тұрғындары қатынасына қатысты төтенше съездер белгілеу, болысаралық жер дауын шешу мақсатында ерекше съездер шақыру сияқты күрделі істер тікелей әскери губернатордың қарауына алынды. Билер съезі патша өкіметінің саясатына ыңғайланып жүргізіліп, қазақтардың әдеп заңдарын еріксіз өзгертіп отырды.

Ресей патшалығы жаулап алғаннан соң 1868 жылға дейін Түркістанда жергілікті халықтың ішінде туған дау-дамайды қазылар соты шешті. Ал жергілікті тұрғындардың қылмыстық іс-әрекеті бойынша арыз-шағымдарын әскери комендант қарады. 1867 жылғы жоба, 1886 жылдың 12 шілдесінде қабылданған заңға және шариғатқа сәйкес жергілікті тұрғындар арасынан 3 жылға қазылар сайланып, олар Түркістан ауданының съезіне қатысып отырған. 1887 ж. 1 қаңтардан бастап, қазылар соты ха-

лық соты болып, ал қазылар съезі, халық сотының съезі болып атауын өзгертті. Ал 1872 ж. сәуірден 1887 жылға дейін уақытша жүргізген Түркістан уезінің сотының ісі Шымкент халық сотының және оның көмекшісінің қолына өтті. Қайта құрылған соңғы сот бөлімінің отырысынан кейін, 1899 ж. 14 мамырынан Түркістанда халыққа арналған түрмелік екі камера жұмыс істеді. Біріншісі бүкіл халықтық әділет басқармасының ісін жүргізсе, ал екіншісі тергеу бөлімі болды [1; 22-24, 26-28, 50-51].

XIX ғасырдың 60-шы жылдарының ортасына дейін Қазақстанның оңтүстік өңіріне байланысты мәселелер Орынбор генерал-губернаторлығының (азғана мөлшері Батыс Сібір генерал-губернаторлығы) құзырында еді. 1865 жылы Түркістан облысы құрылғанымен жағдай өзгерместен, облыс Орынбор генерал-губернаторлығының қоластында қала берді. Өлкеде билік еткен екі басшының арасындағы өзара қарым-қатынастардың күрделі болуы, олар қабылдаған шешімдердің көп жағдайда бір-біріне қарама-қайшы болуына алып келді.

Құрамында Түркістан қаласы бар Сырдария облысының маңызды стратегиялық ауданда орналасуы патша үкіметінің осы өңірді саяси және экономикалық жағынан отарлауды тездетуіне мейлінше себеп болды.

1864 жылы Түркістан, Шымкент бекіністерінің алынумен жаңа қосылған аймақтардың негізінде, 1865 жылы Түркістан облысы құрылып өлкені басқаруға М.Г. Черняевтің жобасымен жасалған «Уақытша Ереже» қабылданды.

Түркістанды Ресей әскерлері 1864 жылы 12 маусымда басып алса, қаланың азаматтық билік құрылымына артынша 15 маусым күні отарлау саясатына сәйкес өзгерістер енгізілетіні туралы халыққа жеткізілді [1; 121]. Қаланың барлық дерлік азаматтық билігі Бас басқару кеңесінің құзырында болды. Кеңес құрамында: Төраға және екі қала ақсақалы, көмекшілері және азаматтық сот жүргізу үшін қазылар тағайындады. Әрине, айта кететін жайт, сот ісі енді Ресей империясының заңдары негізінде жүргізілетін болатын. Бұл қалалық билік құрылымы (махкама) 1868 ж.

дейін сақталды. Махкама жергілікті сот органы болып табылды. Сот саласында да жергілікті халықтарды кемсіту саясаты анық көрінді. Отарлық кемсітушіліктің айқын көрінісі қалаларды жаңа қала және ескі қала деп бөлуден де танылды. «Ескі қала» деп жергілікті халық тұратын бөлігін атады. Бір сөзбен айтқанда Түркістан отарлық әкімшілігі мұсылман және түркі тілдес халықтар арасындағы ынтымақты байланыстардың жандануынан аса қатты қорықты. Реформалар мен Түркістан әкімшілігінің бүкіл ағымдық саясаты едәуір шамада қазақ, өзбек және т.б. халықтарды саяси, экономикалық және рухани жағынан ыдыратуға бағытталды.

Орыс әскерлері Түркістан қаласын бағындырған соң қаланың бірінші коменданты болып Н.П. Жемчужников тағайындалды.

1867 жылғы «Уақытша Ереженің» 82 бабына сәйкес руларды қысқы қоныстарына қарай бір болысқа біріктіруге негізделген болыс, ауылдық әкімшілік-территориялық жаңа жүйе енді. Ереженің 81 бабына сәйкес әрбір қазақ болысы 1000-2000 түтінді, ал ауыл 100-200 түтінді біріктіруі тиіс болды. Болыс, ауылдарды ұйымдастыру үшін әрбір уездге жеке-жеке комиссия аттандырылды. Комиссияның негізгі мақсаты болыс, ауылдарды құрумен бірге, болыснай, старшин, елулік, ондықтар мен билерге сайлауды өткізіп, әрбір ауылдың материалдық әл-аухатына, рулық құрамына, шаруашылығына қатысты статистикалық мәліметтер жинау да жүктелді [48; 186].

Бұрынғы хан әкімшілігінің көптеген өкілдері – ақсақалдар, қазылар, мүфтилер, билер және т.б. жаңа тәртіп жағдайында өз міндеттерін орындауды жалғастыра берді. Алайда, «бұратана» әкімшілік орыс отаршылдық басқару аппараты жағдайында көмекші рөл ғана атқаратын болды.

Түркістан облысы жеке әкімшілік аймақ ретінде құрылып, территориялық жағынан 3 қанатқа бөлінді. Облысты әскер губернатор басқарып, әр қанатты басқаратын бөлім басшылары оған тікелей бағынды. Барлық қазақ руларын жекелеген билер басқарып, олар бөлім басшыларына қарады.

1) Оң қанатқа бұрынғы Сырдария әскери шебі ауданы кірді. Рулық құрамы кіші жүз руларынан тұрды, саны – 22.220 түтін – 110.140 адам.

2) Орталық қанат – Түркістан, Шымкент аудандарына бөлінді. Рулық құрамы Орта жүздегі қоңырат, қыпшақ, найман және Ұлы жүздегі дулат руларынан тұрды, саны 22.450 түтін – 113.510 адам. Түркістан ауданының құрамына 3000 түтін қоңырат пен 760 түтін жетіру кірді. Қоңыраттар 8 бөлімшеге: 1) Құрбан – 345 түтін; 2) Алтыата – 375 түтін; 3) Қоңыр-Жиембет – 375 түтін, 4) Қылбелбеу – 375 түтін; 5) Жетімдер – 500 түтін; 6) Божбан – 500 түтін; 7) Саңғыл – 250 түтін; 8) Маңғытай – 250 түтін. Жетіру 7 бөлімшеге бөлінді; 1) Алшын, 2) Арғын, 3) Найман, 4) Қожа, 5) Қыпшақ, 6) Қаңлы, 7) Сунақ. Қоңыраттар мен жетіру бірлестігі үш аға биге бағынды. Қоңыраттардың аға билері Жаңабай мен Қоныс Тілесов, ал Жетіруға Қанатбай Тамабаев болды [48; 160].

3) Сол қанатқа Әулиеата, Мерке, Тоқмақ аудандары, кейін Ташкент аймағы кірді. Рулық құрамы Ұлы жүздегі дулат, қаңлы, шанышқылы рулары мен қырғыз, сарт, құрамадан тұрды, саны 240.000 жуық адам. Сол қанатта қоңыраттар Ташкент аймағының құрамында болды. Орыс деректерінде Ташкент аймағында қоңырат көктің ұлыларынан 100 түтін, көтеншіден – 15 түтін болды деп көрсетіледі. А.И. Макшеевтің дерегінде аталмыш аймақтағы қоңыраттардың саны – 890 түтін деп көрсетіледі [49; 46].

1865 жылы қазақ, қырғыз, сарттарды үш қанатқа бөлуге негізделген басқару жүйесі әскери және әкімшілік жағынан қолайсыз деп табылып, 1867 жылы аталмыш жүйе жойылды. 1865 жылы құрылған Далалық комиссия Қытаймен, Орта Азия хандықтарымен шекарадағы жағдайға байланысты, Түркістан облысын Орынбор генерал-губернаторлығынан бөліп жеке аймақ ретінде құру ұсынылды.

1864 жылғы Түркістан, Шымкент бекіністерін басып алу кезіндегі, қоңырат пен бестамғалы арасында ру араздығы, барымта күшейгенін, Түркістан облысын басқарып отырған орыс әкімшілігі жақсы біле тұра, бір-біріне өштескен екі руды орта-

лық қанатқа біріктірмек болады. Бұл дерек XIX ғасырдың екінші жартысындағы болыстарды ұйымдастыру комиссиясының есептері және XX ғ. басында жүргізілген отарлық биліктің жер мекемелерінің жүргізген статистикалық зерттеулерінде айтылған.

Сырдария облысының уездерінде рулардың аймақтық орналасу дерегі, олардың сандық құрамы туралы алғашқы мәліметтер А.И. Макшеевтің еңбегінде кездеседі. Ғалымның дерегіне сүйенсек, 1867 жылы Түркістан уезінде барлығы – 5960 түгін, оның ішіндегі жетіру – 760 түгін – 12,8%, бестамғалы – 2000 түгін – 33,6%, қоңырат – 3200 түгін – 53,7% [49; 42] болды.

Патша өкіметі XIX ғ. екінші жартысында Түркістанда іске асырған әкімшілік-территориялық және саяси, экономикалық реформаларды жүргізуде өлкенің табиғи, тарихи, экономикалық және рухани ерекшеліктерін ескермеді. Отарлық сипаттағы бұл өзгерістер патшалы Ресейдің жалпы империялық территория қалыптастыруының заңды жалғасы болды.

Осы саясатты тікелей іске асырған, Түркістан өлкесінің алғашқы генерал-губернаторы фон К.П. Кауфман «1863–1867 жылдардағы табыстар қозғала қоймайтын елдің сылбыр және томаға-тұйық саяси жүйесін шайқалтқанымен олардың жеңілген күштерін өзіне қаратып, өлкедегі орыс мемлекетінің мүдделері алып келген жағымды саяси және азаматтық бағдарламаларды орындауға үйрете алмады» – деп жазды [50; 5]. Расында да, өлкедегі нақты жағдай патша өкіметінің «өркениеттік» тосқауылынан әлдеқайда күрделі болып шықты. Отарлық басқыншылыққа ондаған мың адам қарсы тұрды. Фон К.П. Кауфман орыс мемлекетінің мүддесін осындай тегеурінді қарсылық жағдайында орнықтыруға тура келді. Бірде-бір қаланың қарсылықсыз берілмегендігін сол оқиғалардың куәгері М.Зиновьевтің: «Азиялықтар, әрине, Орта Азиядағы біздің әскери қимылдарымыздың қанды жылнамасының қорқынышты егжей-тегжейін жақсы біледі, солай бола тұрса да жаулап алу жолында кездескен барлық қалалар мен бекіністерді біз күшпен алдық» деген сөздері айғақтайды [51; 39].

Өлкені жаулап алудағы осындай «соғыс жағдай» факторы Түркістан генерал-губернаторлығын басқару туралы алғашқы бағдарламалық құжаттарды дайындауда басшылыққа алынды. Ол құжаттар жаңа жерлерді жаулап алу барысында жедел түрде, асығыс қабылданғандықтан оларды қолданудың уақытша сипаты басым болды. Сырдария және Жетісу облыстарын басқару туралы Ереже 1867 ж. «тәжірибе ретінде үш жылға» енгізілді. Патша жарлықтары мен нұсқауларынан өзге осы уақытша ережелерді басшылыққа алған шенеуніктер Түркістан қоғамында шексіз және бақылаусыз билік орнатты.

Осылайша, жоғарыдағы құқықтық-реттеушілік құжаттар негізінде «әскери және әкімшілік биліктің біртұтастығы мен оларды бір қолға шоғырландыру» орнықты. «Соғыс жағдайы» факторы мен жергілікті қоғамның әртүрлі әлеуметтік-құқықтық және мәдени ерекшеліктерін білмеуі патша үкіметін «саяси сипаты жоқ барлық істер бойынша ішкі басқаруды халықтың ішінен сайландандарға» беруге мәжбүр етті. Құқықтық қатынастарда «орыс заңдарымен анықталғанша» шариғат пен жергілікті әдет-ғұрыптар сақталатын болды [50; 163].

Өлкеде патша өкіметі қалыптастырған әскери-бюрократиялық жүйеде қатаң иерархиялық пен барлық билік буынының матасқан бағыныштылығы негізге алынды. Бұл жүйенің ең биік шыңы патша тағайындайтын және қызмет бабында Ресей Әскери министрлігіне тікелей бағынатын генерал-губернатор К.П. Кауфманды «самодержавиелік құқықтың, мемлекет пайдасының қол сұғылмайтындығы мен заңдардың дәл орындалуының бас қорғаушысы» етті.

Генерал-губернаторға ешқандай заңмен шектелмеген өзінің жеке еркі бойынша басқару құқы берілді. Ал оның билігін қамтамасыз еткен отарлық жүйенің басқару органдары Ресей шенеуніктерінің тұтастай иерархиясы қозғалысқа келтіріп отырған күрделі бюрократиялық тетікті құрады. Билік жүйесіндегі келесі буын облыстық әскери губернаторлардың қолына 1867 ж. «Ереже» бойынша әкімшілік, полицейлік, сот және әскери өкілеттік

биліктері шоғырландырылды. Облыстық билік буынына бұндай кең өкілеттілік берілуі «тұрғындар тыныштығын қамтамасыз ету және ондағы қандай да болмасын тәртіпсіздікті басып-жаншу үшін жасалынды.

Әскери губернатор жанындағы облыстық басқарманың төрағасы қызметін әскери губернатордың көмекшісі атқарды. Облыстық басқармалар деп аталғанымен ол мекеме іс жүзінде Ресейдің орталығындағы саясатты губерниялық басқармалардың қызметін алмастырды.

Отарлық биліктің келесі буыны уездік әкімшіліктің басшысы – уезд бастығын әскери губернатордың ұсынысымен генерал-губернатор бекітті және ол бір мезгілде уездік, қалалық полиция бастығы, қала басшысы, салық органының төрағасы қызметтерін атқарды. Отарлық биліктің бұл буыны атқару, ұйымдастыру, бақылау жұмыстарының барлық ауыртпалығын көтерді. Содан да уезд бастығы өз аумағында патша өкіметінің отарлық саясатын іске асыратын, уезің барлық қоғамдық және экономикалық өміріне араласатын билік монополиясына айналды. Әйтсе де, биліктің осы буынындағы кадрлар іс жүзінде пайдакүнемдік мақсат көздеген, қызметтегі біліксіздігімен жоғары органдарды үнемі алаңдатуы себебімен кейінгі уақытта құрылымдық, кадрлық өзгерістерге жиі ұшырады.

Отарлық әкімшілік биліктің ең төменгі буыны ретінде болыстық басқармаларды құруға ерекше мән берді. Қоғамдағы сұлтандар, билер мен феодалдардың ықпалын әлсірету және рулық негізді ыдырату мақсатында болыстар мен ауылдар қалыптасқан дәстүрмен емес, аумақтық белгімен құрылды. «Уақытша Ережеге» сәйкес болыстарды – болыснайлар, ауылдарды ауыл старшыны басқарды. Әрбір 10 түтіннен сайланған ондық ауыл старшынын және оның кандидатын сайлады. Ауыл старшынын сайлайтын жиын болыснайдың қатысуымен жүргізілді. Болыснай мен оның кандидатын сайлау үшін әрбір 50 түтіннен сайланған «елуліктер» болыснайды сайлау құқығына ие болды. «Елуліктерді» сайлау әрбір ауылда өздерінің көштерінде ауылдық съезде өткізіліп, уезд

бастығы қатысты. Болыс сайлауына уезд бастығы немесе оның көмекшісі міндетті түрде қатысуы тиіс болды. Болыснайлар мен ауыл старшиндары 3 жылға сайланды, олар патша үкіметінің мүддесінен шыға алмаған жағдайда, немесе орыс билігіне жат адам болған жағдайда кез келген уақытта қызметінен босатылды. Болыснайлар мен олардың кандидаттарын әскер губернатор, ауыл старшиндары мен олардың кандидаттарын уезд бастығы бекітуі тиіс болды. Болыснайлар болыста полициялық және атқару билігін атқарды. Болыстағы тәртіптің сақталуы, барымтаның болмауы және орыс заңы мен бұйрығының орындалуын қадағалады. Олар халықтық соттардың шешімі мен қарарын орындап, уезд бастығына бағынып, оның бұйрығын орындады. Болыснай өз міндетін дұрыс атқармаған жағдайда оған айыппұл салу құқы әскери губернатордың міндеті болды. Болыснайлар өз талаптары орындалмаған жағдайда және іріткі туғызушыларды 3 күнге қамауға алуға, 3 рубль көлемінде айыппұл салуға құқы болды. Ауыл старшины болыснайға бағына отырып, ауылда болыснайдың болыста атқарғандай міндетін ауылда атқарды. Болыстағы болыснайлар мен старшиндар өзіне берілген міндетті жіті орындап отыруы тиіс болды. Орындамаған жағдайда болыснайлық, старшиндық қызметтерінен алынып, жазаланды [48; 67].

1867 жылы 11 шілдеде қабылданған «Уақытша Ереженің» 12 бабына сәйкес Сырдария облысында Қазалы, Перовскі, Түркістан, Шымкент, Әулиеата, Ташкент, Ходжент, Жизак уездері құрылуы тиіс болды. Ережеде көрсетілген Түркістан уезі 1871 жылға дейін Шымкент уезінің құрамында болды. 1871 жылы жеке уезд ретінде құрылып, 1886 жылдан кейін Шымкент уезінің құрамына қайта беріліп, 1914 жылдан кейін Шымкент уезінің территориясында қайтадан уезд болып құрылды.

14 тамыз 1865 ж. жоғары билік үкімімен Түркістан қаласын басқаруы обер-офицер шенінен «городничий» (қала басшысы) қолына тапсырылды. Бұл қызмет 1868 ж. дейін сақталды. Городничийге айына 900 рубл төленді. Бастапқы кезде 1867 ж. уақытша Ереженің 12 бабына сәйкес Түркістан қаласы уездік қала бо-

лып құрылу тиіс еді. Алайда фон Кауфман бұл істі аяғына дейін апармады. Қала Шымкент уезінің құрамында кірді. Түркістан қаласында полициялық билікті бекіту үшін арнайы қызмет – Шымкент уезінің бастығының екінші аға көмекшісі тағайындалды. 1872 жылы қала жеке уезд ретінде құрылған соң, бұл қызмет жойылды [1; 123].

Түркістан қаласын басқаруды ұйымдастыру 1868 жылы 1 тамызда аяқталды. Оны ұйымдастырушы генерал-губернатор К.П. фон-Кауфман болды. Халықты басқаруда әлеуметтік салықтар жинау, билік тармақтарын тағайындау секілді күрделі мәселелерді патшалық үкімет басшылары өз бетімен шешуге кірісті. Жергілікті жерде елді бағындырып ұстау үшін патша әкімшілігі беделді ру ақсақалдарынан басшылар сайлады. Әр ақсақалға жылына 350 сом ақша төленетін болып келісілді. Арық-ақсақалдарының 13-не 10 сомнан жылына төленсе, қазыларға ештеңе төленбеді.

1871 жылы Түркістан уезі құрылды. Алғашқы уезд бастығы болып Алексей Густавович Реймерс (1871–1882 ж.) тағайындалды. Уезд бастығы арнайы бақылау палатасына есебін тапсырып отыратын болды [1; 124].

Түркістан уезінің аумағы 50 шаршы шақырым, солтүстіктегі шекарасы Шу өзені, Саумал көлмен дәлірек айтқанда Ақмола облысының Сарысу уезімен шектесіп, батысында Саумал көлдің оңтүстік жағалауымен Жабай көлге дейін, одан Ақсүмбе және Перовскі уезінің шекарасындағы Сунақата бекінісінің ескі орнымен, оңтүстігі Перовскі уезінің Төлтартпа деген жерінен Сырдарияға дейін созылды [48; 169]. Сыр бойымен Шымкент уезіндегі Арыс өзеніне жейін, солтүстік шығысқа қарай Шілік қышлағымен, Шошқа көлмен, Шолақ қорған және Шу өзеніндегі Көкмоламен шекараласып жатты.

1872 жылғы Түркістан уезінде мынандай болыстар болды: Жаңақорған, Қоңыр-Маңғытай, Алтыата, Божбан, Қаңлы-Сапар, Жаманбай, Сары, Маңғытай-Саңғыл, Тама, Бестамғалы, Сіргелі, Тілік. Түркістан уезіндегі болыстардың ерекшелігі құрылған бо-

лыстар алғашқы кезде ру атауымен аталды. 1873 жылы уездегі Алты ата, Божбан, Жаңақорған болыстарындағы қожа, сунақтардың жеке болыс құру өтінішіне байланысты, келесі жылы қаңтарда Сырдария болысы құрылады. Алғаш құрылғанда болыс құрамында қожа, сунақтардан тұрса, 1886 жылы болыс Перовскі уезіне берілгеннен кейін қоңырат руларымен араласты.

Сол жылы құрамы арғын, қыпшақ, наймандардан тұратын Шу болысы ашылады. 1874 жылдан 1886 жылы Түркістан уезі жойылғанға дейін оның құрамында 11 болыс болды [52].

1886 жылы Түркістан өлкесін басқаруға арналған жаңа Ереже қабылданғаннан кейін Сырдария облысының Түркістан, Шымкент, Ташкент, Ходжент уездерінде әкімшілік территориялық өзгерістер болды. Түркістан уезі жойылып, 1887 ж. қала Шымкент уезінің құрамына енеді.

12 маусым 1886 жылғы патша өкіметінің жаңа заңының 61 және 68 баптарына сәйкес Түркістан қаласында полиция және шаруашылық мәселелерге байланысты билік учаскелік приставтың қолына берілді. Қаланың түземдік (ескі) бөлігінде полиция билігі үш жыл мерзімге сайланған ақсақалдарға берілді. Ақсақалдардың құқықтары болыс басқарушы құқықтарымен тең болды.

Осы кезден бастап Шымкент уезі екі ауданға бөлінді: Түркістан, Шымкент. Түркістан уезіндегі болыстар Шымкентке бағындырылғаннан кейін, бұрынғы болыстардың рулық құрамы мен атауы да жаңа өзгерістерге түсіп, қайта құрылды. Жаңадан құрылған болыстар: Хантағы, Ақтөбе, Ноғай-Қара, Ақмола, Шаян, Арыстанды, Бөген, Жылбұлақ, Қаракөл, Шу, Қаратау. Бұрынғы болыстарының рулық атауымен бірге бөлініс жүйесі де жойылды.

1886 жылы Ережеден кейін де болыстағы рулар құрамының өзгеруі, кейбір болыстардың жаңа атауға ие болуы, немесе тарқауы сынды оқиғалар заңды құбылысқа айналды. Бұрын болыстардың барлығы уезд бастығына бағынса, 1886 жылдан кейін олардың бір бөлігі приставқа, бір бөлігі уезд бастығына бағындырылды.

1867, 1886, 1898 жылғы реформалар территориялық өзгерістермен бірге болыстардың рулық құрамына үнемі жаңа өзгерістер алып келді, мұндай бітпейтін бөліністер кей жағдайларда ру аралық қақтығыстарды да туғызды.

Бір болыстың құрамына бірнеше руларды біріктіру болыс сайлауындағы рулардың дау-жанжалдарына алып келіп отырды. Болыстарға бірнеше руды біріктіру саясатына байланысты қазақтардың руластарына қосылуға қатысты жазылған шағымдардың негізгі бөлігі қанағаттандырылмады. 1886 жылы Түркістан уезінің жойылуына халық наразылық танытты, әсіресе наразылық білдірген қоңыраттар болды. Өйткені кейбір рулардың бірнеше болыстарға, екі уезд құрамына бөліну қиындығымен қоса, материалдық жағынан да шығыны ауыр болды. Перовскі уезі Жаңақорған болысындағы №2 ауыл тұрғындары өз наразылықтары жөнінде былай деп жазды: «1887 жылы Түркістан уезі жойылғанда Қоңырат Божбандар бірнеше болысқа бөлініп кеткен болатын. Жаңақорған болысының №2, №4 ауылы және Сырдария болысының №2, №3 ауылы Шымкент уезіне беріліп Божбандар екі уезд құрамында қалды. Жаңақорған, Сырдария болыстарының құрамындағы Божбандарға басқа рулармен бірге жер, су пайдалану жүйесіне қайта жаңа тәртіп еніп, шекара өзгерді, мұның өзі қаншама қиындық алып келді» [48; 187]. Түркістан уезіндегі болыстардың Перовскіге берілуі шекарада орналасқан қазақтарға қолайсыз болғандықтан, Ресей әкімшілігінің қайта құруларын олар қабылдағысы келмей, кері Түркістанға қосылуға бірнеше рет шағым түсірді.

1867, 1886, 1898 жылғы реформалар территориялық өзгерістермен бірге болыстардың рулық құрамына үнемі жаңа өзгерістер алып келді, мұндай бітпейтін бөліністер кей жағдайларда ру аралық қақтығыстарды туғызды. 1886 жылы Түркістан уезінің жойылуына халық наразылық танытты. Өйткені кейбір рулардың бірнеше болыстарға, екі уезд құрамына бөліну қиындығымен қоса, материалдық жағынан да шығыны ауыр болды.

Сонымен 1867, 1886 жылғы Ережелердің қазақ қоғамының саяси құрылымына қатысты өзгерістеріне байланысты мынадай

қорытынды жасауға болады: біріншіден болыстық құрылым қазақтардағы рулық құрылымды жоюға бағытталған саясат ұстанды және бұл бірте-бірте жүргізілді; екіншіден, Ереже баптары қазақ болыстарының барлық саяси өмірін өз бақылауына алды; үшіншіден, қазақ болысының әкімшілік, құқықтық билік жүйесін сайлау шын мәніне келгенде патша үкіметінің мақсат-мүддесін қорғады.

Ресей патшалығы XIX ғ. 70-жылдары Қазақстанда өзінің отаршылдық жоспарын орындап, қазақ еркіндігінің, бостандығының тамырына балта шапты. Бұл кезеңдерде басқару жүйесін реформалау, жергілікті халықты рухани жағынан отарлау, әскери-жазалау шараларымен қатар жүргізіліп отырды. Ресей Қазақстанды жаулап ала отырып, шұрайлы жерлерін тартып алды, ежелден қалыптасқан көшпелі өркениеттің тамырына балта шапты, тұрмыс-тіршілік сипатын өзгертті, оларды шоқындыру саясатын ұстанды.

1.4 Отарлық билік тұсындағы Түркістан қаласының әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы

1819–1864 жылдар аралығында Түркістан қаласы Қоқан хандығының құрамында болды. 1864 жылы 12 маусымда үш күндік қоршаудан кейін қаланы орыс әскерлері жаулап алды. Түркістанды басып алу патша қазынасына 234000 рубльге түсті [1; 119].

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның бүкіл аумағы Ресей империясының құрамына өтіп, қазақ даласы Ресейдің меншігі болып жарияланды. Отарлық биліктің орнауымен Түркістан қаласы оңтүстіктің басқа қалалары сияқты патшалық әскери басқаруға бағынды.

Қалалар өміріндегі барлық өзгерістер олардың экономикалық дамуына байланысты болды. 1867–1868 жылдардағы әкімшілік реформалардың нәтижесінде Қазақстан территориясы үш генерал-губернаторлыққа, облыстарға, облыстар уездерге бөлінді. Территориялық және экономикалық қайта құрулар, саяси ре-

формалар өлкедегі бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі модельдерді күшпен бұзды, өзгертті және жаңа жағдайларға бейімдеді.

Бұл кезде Түркістан қаласы мен оның маңайының аумағы 70 гектар жерді алып жатты. Шахар үстінде 12 мұнарасы бар бекініс қабырғаларымен қоршалып, төрт жағынан қақпалар орнатылған болатын. Бұл жайында XIX ғасырдағы қаланың тарихи топографиясын зерттеуде өте құнды мәліметтер берген орыс географиялық қоғамының мұрағатында сақталған 1854 жылғы қала жоспарынан көруге болады [53; 228]. Картада қалан бекіністері, қақпалары, базарлары, мешіттері, бау-бақшалары, каналдары, диірмендері, көпірлері, жолдары мен тарихи орындары көрсетілген. Түркістан қаласы оңтүстік өңірдің ең маңызды орталығы ретінде зерттеушілердің де, империялық биліктің де үлкен қызығушылығын тудырды.

XIX ғасырдың екінші жартысында Түркістан қаласының аумағы кеңейе бастады, бекініс маңында жаңа көшелер пайда болып, оның құрылысы мен тұрмыстық жағдайы «ескі» қаладан мүлдем өзгеше болды. Алайда ортаазиялық қалаларға тән үш бөлімдік құрылым сақталып қалды: шахристан – қаланың өзі, бекініс және қала шеті. Қала ұзындығы 3 км дуалмен айнала қоршалған. Онда 12 мұнара және 5 қақпа болған. Бекініс шахристанның анағұрлым көтеріңкі солтүстік-шығыс аймағында орналасқан. Оның қабырғасы едәуір биік болған, ұзындығы 700 м болып, 8 мұнарамен күшейтілген. Цитадель ішінде бір қабатты үйлер арасында Ахмет Яссауи кесенесі маңғаздап көрініп тұрды.

Қаланың шеткі аймағы батыс және оңтүстік-батыс қақпаға қарай тарамдалған жолдардың бойында орналасқан. Оның тұрғындары негізінен егіншілікпен айналысқан. Қаланың айналасын жеміс ағаштарына толы қалың бақтар қоршаған. Оларға қарай суғару каналдары жүргізілген [54; 70]. Түркістан қаласы ертеден-ақ өңірдегі көшпелі және отырықшы халықтар үшін маңызды сауда орталығы болып табылған. Олар мұнда ауыл шаруашылық өнімін алып келген, малдарын айдаған, сондықтан да базар қала құрылысы үшін аса маңызды элемент болып табылған.

Қала көшелері иірімді және тұйық болып келген. Қаланың негізгі архитектуралық ерекшелігі – ондағы кең көлемді, әртүрлі құрылымдық кварталдардың болуы. Кварталдардың ерекшелігін анықтайтын негізгі белгі ретінде орталық шахристан қақпаларымен байланыстыратын бас көшелердің өзіндік орналасуын айтсақ болады. Барлық көшелер бекініске алып келетін.

Бекініс қала орталығы болып табылды, оның негізін Қожа Ахмет Яссауи кесені құрады. Оның ескі бөлігі қам кірпіштен және қамыстан соғылған бір қабатты үйлерден құралған еді. Түркістан үйлері әдетте сыртқы және ішкі ауладан тұратын. Әрбір бөлмеде бір трансформалаушы қабырға болды. Бұл бөлменің жанында ашық терасса (айуан) орналасады. Үйлерде жылыту пештері болмаған. Ескі қалада 20 мешіт болған. Құрылысы жағынан XIX ғ. басында соғылған медресе ерекше маңызға ие болды.

Түркістан қаласын суару үшін шахардан 50 шақырым жердегі Сырдария өзенінен су он екі арық жүйесі арқылы қалаға тартылды. Ал ауыз су құдықтардан алынды [54; 71].

Қазақстан оңтүстігінің Ресей құрамына енуі мен Қазан төңкерісі аралығында Түркістан қаласының архитектуралық-жоспарлық құрылымында 3 кезең байқалады: 1 кезең (1864–1872 ж.), 2 кезең (1872–1890 ж.), қала уездік қалаға айналғаннан бастап мұнда қоныстанушылар көбейіп, капитализм ене бастайды; 3 кезең (1890–1916 ж.), бұл кезең Ресейдегі империализмнің дамуымен және Орынбор-Ташкент темір жолының салынумен байланысты болды.

1864–1872 ж. аралығында орыс әскерлеріне бағынғаннан кейін Түркістанның архитектуралық-жоспарлық құрылымы біраз уақыт өзгеріссіз тұрды. Жаңалық ретінде тек бекініс қабырғаларының реконструкциясын айтсақ болады. Бекіністе әскери ведомство мекен етті. Кейінірек мұнда солдаттар үшін казармалар, комендант үйі, әскерилерге арналған пәтерлер соғылады [55; 26].

XIX ғ. 70-жылдары ортасынан бастап Сырдария облысының қалалары өзінің әскери маңыздылығын жоғалта бастайды. Әскерлер қалалардан шығарылып, бірнеше әскери мекемелер жа-

былып қалады. 1872 ж. бастап Түркістан уездік қалаға айналады, бірақ 1887 ж. Шымкент уезінің құрамына енеді. Бұл факторлардың барлығы белгілі бір шамада қаланың дамуына әсер етеді. 70-жылдар соңынан бастап орыс халқы қоныстана бастайды. Бұл уақытта Түркістанның жаңа бөлігінің жобасы құрастырылып, ол бойынша құрылыс жұмыстары да басталып кетеді. «Қаланың еуропалық бөлігі» деп аталатын бұл аудан ескі қалаға солтүстік-шығыс жағынан телінеді. Жаңа ауданның осылайша орналасуы орыс қоныстарының бекіністегі бос жерлерге салынуына байланысты болса керек. Сонымен бірге жаңа қоныс ескі бекіністі мекен еткен әскери гарнизонның қорғауында болатын. Қаланың жаңа бөлімі ескі аймаққа үйлесе жалғасып, жаңа қаланың иірімді көшелері қалыптаса бастайды. «Орыс бөлімінің» негізгі элементі әртүрлі көлемдегі тік төртбұрышты кварталдар мен шіркеу алаңы еді. Бұл бөлімнің тұтас композициясы екі өс бойында орналасуы: біріншісі (негізгісі) бас көшенің өсі, ол солтүстік-шығыс – оңтүстік-батыс бағыты бойынша орналасқан, ал екіншісі (қосалқы) ауданның солтүстік бөлімінің екі симметриялық бөлігінен құралады. Екінші бөлік біріншісіне перпендикуляр бағытта орналасқан. Бас көше бүкіл жаңа ауданның негізі бола отырып, жаңа аймақтың қаладағы басқа орталықтарымен байланысын қамтамасыз етті. Жаңа аймақтың орталығы шіркеу алаңы еді. Ол арнайы екі өс қиылысында орналастырылды.

Түркістанда «орыс аймағындағы» алғашқы бой көтерген нысан православ ғибадатханасы еді. Ол қам кірпіштен тұрғызылды. 1884–1886 ж. сыйымдылығы 100 адамдық жаңа шіркеу бой көтерді. Оның пішіні де, архитектуралық бейнесі де тартымды болды. Шіркеу іргетасы күйдірілген кірпіштен, ал қабырғалары қам кірпіштен қаланды.

Ал қаланың ескі бөлігі айтарлықтай өзгерістерге ұшыраған жоқ. Тек базар алаңында ғана сауда нысандары бой көтере бастады. Мұнда жергілікті және жат жерлік ірі саудагерлердің тапсырысымен сауда қатарлары, керуен сарайлар, қонақ үйлер, мешіттер соғылды. Бұл кезде осы сауда орталығы бүкіл қаланың негізгі

өзегіне айналады да, сауда-саттықтың маңыздылығы да арта түседі [55; 27].

1864 жылы 15 маусымда Сырдария шебінің қолбасшысы полковник Н.Веревкин Түркістандағы жергілікті азаматтық басқару туралы бұйрық жариялады, ол негізінен қаланы жаулап алғанға дейінгі тәртіпті сақтап қалдырды. Қаланы Бас әкімшілік кеңес басқаратын болды, оның құрамына: «Қожа шейх ул Ислам» – кеңес төрағасы, 3 қожа, 4 қала ақсақалдары мен олардың 8 көмекшілері, сондай-ақ азаматтық сот ісін жүргізу жөніндегі 4 қазы кірді. Бас кеңес қаланы басқару және оның тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерімен айналысты. 1864 жылы қаланы жаулап алған бойда жүргізілген санақтың негізінде полицмейстер міндетін атқарушы Хорунжий Алексеевтің 6 қараша күнгі мәліметінде Түркістан шаһарындағы тұрғындар саны – 4856 адам, 1201 шаңырақ деп береді [56].

Түркістан қаласы әкімшілік бірлік ретінде Қазақстанның басқа қалаларының соңынан Ресей құрамына енді. Жалпы басқару жүйесі әскери және азаматтық биліктің бір-бірінен бөлінбейтіндігіне негізделді.

Түркістан қаласын басқару және абаттандыру XIX ғасырдың 2-жартысында Ресей империясы өлкесін басқарудың әскери-отаршылдық жүйесіне толығымен бағынды.

Қала «орыс» және «түземдік» деп бөлінді. Қаланың «орыстық» бөлігі – жаңа қала, «түземдік» бөлігі – ескі қала деп саналды. Қаланың «орыс» бөлігінде халыққа қажетті жағдайлар жасалды – дәріханалар, дәрігерлік амбулаториялар, ауруханалар, саябақ, кітапханалар, еуропалық үлгідегі ғимараттар, жарықтандырылған көшелер және т.б. Қаланың «түземдік» бөлігі өткен ғасыр деңгейінде қалды. Ал барлық табыс ескі қала тұрғындарынан жиналатын салықтан түсіп отырды.

Қаланың «түземдік» бөлігінде өзін-өзі басқару жүйесі енгізілді. Мұндай қала үкіметі 1868 жылға дейін өмір сүрді [1; 122–123].

1865 жылы Түркістанда әкімшілік туралы заң негізінде әкім лауазымы бекітілді. Экономикалық мәселелер қала коменданты-

ның құзырында болды. Өз кезегінде 4 кварталға бөлінген қаланы төрт ақсақал басқарды. Ахмет Ясауи кесенесі, орыс казармалары, офицерлердің пәтерлері, комендант үйі мен қоймалары кіретін қала цитаделі коменданттың бақылауында болды. Олардан басқа қалада мынадай шенеуніктер болды: *базар-башы, райс, мираб*. Базар-башы базарды басқарды. Райс жергілікті ақсүйектердің мүшелері болды және қала тұрғындарының тәртібін қадағалау және міндеттемелерін орындату функцияларын атқарды [57; 143]. Мирабтар қаланы суаратын он екі бұлақтан келетін қаланың су құбырын бақылап отырды.

1868 жылы 1 тамызда Түркістан қаласын басқаруға енгізілген өзгерістерге сәйкес шаруашылық жүргізу құзыры коменданттың қолына тапсырылды. Ол үшін арнайы шаруашылық қоғамдық Басқарма құрылды. Шаруашылық Басқарманың жұмысы Түркістан қаласында тұратын Шымкент уезі бастығының екінші аға көмекшісі бақылауында болды.

Түркістан қаласының басты мәні ғұлама-ақын, әулие Қожа Ахмет Ясауидің осында жерленуі және Әмір Темір тұрғызған кесененің дәл осы шахарда орналасуымен анықталды. Түркістан түркі мұсылман әлемінің рухани астанасы, Қазақ мемлекетінің саяси орталығы болғандығын отарлық билік назарында ұстады. Кесененің жағдайы патша әкімшілігі үшін белгілі бір дәрежеде қиындықтар туғызды, оны күтіп ұстау және ондағы сирек кездесетін заттарды сақтау үшін белгілі бір шығындар қажет болды. XIV–XV ғасырларға жататын кесененің діни ғана емес, сонымен бірге ғылыми тарихи маңызы болғандықтан, 1886 жылы мешітті жөндеуге 28200 рубль бөлінді [58; 87]. Орта ғасырлық ескерткіш бірнеше рет тоналды, ұрланып, қайта сатылды, осылайша сәулет қазынасына және мұсылмандардың зиярат ету орнына қыруар шығындар әкелінді. Тіпті, мавзолейдегі қола шырағандардың бір бөлігін және Ясауи кесенесі қаптамасының фрагменттерін кесененің қызметшісі зиярат етушілердің өздеріне сатып жібергендігі мәліметтерде кездеседі [58; 102].

Қалада 20 мешіт, 2 медресе, 15 шеберхана, 5 зергерлік шеберхана, 6 тігін цехы, 18 наубайхана, 8 шаштараз, 22 су диірмені, базар болды [1; 155].

Отарлық билік орнағаннан кейінде қала халқы біртіндеп өсе берді. 1889 жылы Түркістандағы ересек тұрғындардың саны 7288 адамға (3837 ер кісі, 3451 әйел адам) жеткен. Әлеуметтік құрамы бойынша қалада 335 әскери адам, 1698 саудагер, 1380 қолөнерші, 1169 біліктілігі жоқ жұмысшы, 1343 егінші болған [59]. Мәліметтерден көрініп тұрғандай, қалада көпестер саны көп болды, бұл қаланың сауда орталығы ретіндегі маңыздылығымен түсіндіріледі. Әскерилер қызмет ету үшін қалаға жіберілген патшалық Ресейдің отарлық әкімшілігінің өкілдері еді.

Өңірдегі халықтың әлеуметтік-экономикалық өмірінің орталықтарының бірі базарлар болды. Сондықтан патша әкімшілігі қаладағы базарларды реттеу мәселелерін назардан тыс қалдырмады. Саяхатшы П.Пашино өзінің жазбаларында атап өткендей, Түркістан қаласы «Түркістан өлкесіндегі қырғыз саудасының орталығы» болды [54; 21]. Түркістан қаласының қолайлы орналасуы транзиттік сауданы дамытуға мүмкіндік берді. Негізгі өнімі ірі кара мал болды, онымен бірге қолөнер бұйымдары да қалалық базардың сөрелерінің көркін келтіріп тұрды. «Қала мал саудасымен айналысады, ал қырғыздар (қазақтар. – авт.) қолөнер бұйымдарын осында әкеледі» – деп жазды саяхатшылар [60; 110]. Түркістан сауда-саттық қатынасы тұрғысынан үлкен маңызға ие болды.

Түркістанға қала төңірегінен түрлі тауарлар мен мал әкелінді. Тіпті Ташкенттік ауқатты саудагерлердің агенттері керуен саудасы үшін әртүрлі елдерден келетін тауарларды сатып алу үшін де осында өмір сүретін. Мұнда мал шаруашылығының табиғи өнімдері үлкен сұранысқа ие болды. Қалада жаңадан дүкендер, дүңгіршектер, дәріханалар ашыла бастады. Алайда, шахардың экономикасы метрополияның ғана мүдделеріне қызмет ететін біржақты сипатта дамыды.

1885 жылға қарай Түркістан уезінде 6 базар болды. 1879 жылы генерал-губернатор К.Кауфманның арнайы рұқсатымен аптаның

әр жұмасы «базар» күні деп есептелді [61]. Орыс көпестерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, саудада халықтың әртүрлі топтарының арасындағы айырмашылықты жойып, қазақ даласындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды бақылайтын күшті билік орнады.

XIX ғасырдың соңында орыс халқы өкілдерінің саны әлі де аз болды. Оның есесіне бұхарлық еврейлер саны көбейді. 1872 жылға қарай қалаға татарлар да келді. Бірақ саудада татарлар еврейлермен бәскелесе алмады. 1873 жылы Бұхара мен Ресей арасындағы келісім шарттардан кейін Түркістан қаласына бұхарлық еврейлердің біразы тұрақтануға мүмкіндік алды. Қысқа уақыт аралығында Сырдария облысының Түркістан, Шымкент, Қазалы, Перовск қалаларында еврейлердің саны күрт өсті. Олар сауданы, өлкедегі мануфактуралық аймақтық сауда айналымын өз қолдарына алды, ал бұл Ресей басшылығын алаңдатпай қойған жоқ. 1886, 1891 жылы Сырдария облысының әскери губернаторы бұхарлық еврейлердің облыс аумағына келуіне тиым салу жөніндегі мәселені Түркістан генерал губернаторы алдына қойды. Осы жылдар аралығында бұхарлық еврейлер саны Түркістан қаласында 414 адам болса [2; 126], XX ғасырдың басында 800-ге дейін жетті. Алғашқы кезде олар Түркістан қаласының аумағында тұрса, кейін Қарнак, Созақ, Шолаққорғанда да орналасты.

Еврейлердің негізгі кәсібі сауда болды. Сонымен қатар еврейлер жергілікті тұрғындарға өсіммен қарызға ақша және тіптен сапасы төмен товарларды да несиеге беріп отырған. Бұхарлық еврейлердің әрекетін тексеру титулярлық кеңесші Карцовқа арнайы жүктеліп, кейін қазақ пен сарттардың қарыздары жөнінде мынадай анықтама берілді: «Түркістан қаласының ақсақалы қазақ Тілеулі Аллабергенев еврейлерге 10 рубль қарыз, Түркістан ақсақалдығының қарызы 30 мың рубль болған. Түркістанға жақын орналасқан Хантағы болысы бұрын ең бай болыстардың бірі саналса, қазір қайыршы халге жетіп, еврейлерге болыс 100 мың рубль қарыз болған» [62].

Түркістан қаласында еврейлік сауда фирмасының «Ю.Давыдов и К» деп аталатын үлкен бөлімшесі болды. Нақты ақшаға тауарларды сатуға мүмкіндік болмағандықтан көшпенділерге тауарды өткізудің бір ғана тиімді жолы болды. Олар жергілікті тұрғындарға өсіммен қарызға ақша берді және сапасы төмен тауарларды күзге немесе көктемге дейін несиеге беріп отырды [63; 84]. Осындай коммерциялық әрекет арқылы бұл аталған фирма бүкіл қала мен оның маңындағы тұрғындарын өзіне тәуелді етіп қойды. Өнеркәсіптік тауарларды «қойға» қарызға бере отырып, көпестер оның бағасын қатты көтерді, керісінше қазақтардың малы мен шикізатының бағасын өте төмен бағалады [сонда].

Ресей сауда капиталының рынокты жаулап алуын жеңілдететін мемлекеттік актілерінің бірі – татарларға Түркістан өлкесінде жылжымайтын мүліктерді сатып алуға тиым салу шарасы болды. Татарлардың құқын бұлайша шектеуін генерал-губернатор К.П. Кауфман: «олай істемегенде татарлар ортаазиялық сауданы жаулап алар еді» деп түсіндірді. Жергілікті сауда капиталының дамуына кедергі болатын осыған ұқсас мемлекеттік іс-шара Ферғана, Самарқан және Сырдария облысының мақта рыногында берік орын алған бухарлық еврейлердің сауда істерін жауып тастап, өздерін Бұхарға көшіру әрекеті. Бұл арқылы, Ресей капитализмі мақта нарығында неғұрлым күшті делдалдардан құтылғысы келді. XIX екінші жартысындағы әкімшілік реформалардың нәтижесінде, конфронтациялық аспект екінші орынға түсті. Осылайша, әкімшілік-территориялық реформалар қазақ даласында отарлық сауда жүйесінің қалыптасуына жағдай жасады.

Уақыт өте келе, өлкеге капиталистік қатынастардың, тауар-ақша қатынастарының енуіне байланысты ішкі саудада айырбас сауданың маңызы төмендеп, сауда көбіне ақшалай сипатта жүргізіле бастады. Бұл өз кезегінде қазақ қоғамының натуралды шаруашылығының ыдырауына септігін тигізді. Ресейдің рубльдік ақша жүйесі ішкі нарықта ортаазиялық хандықтардың бірнеше ақша жүйелерімен байланысқа түсті. Орыс рублі қоқан теңге-

лерін ХІХ ғ. 80-жылдардың өзінде-ақ ығыстыра бастады, ал Бұхар және Хиуа теңгелерін рыноктан ығыстыру оңай болған жоқ.

Қарастырылып отырған кезеңдері Қазақстан экономикасының жетекші саласы мал шаруашылығы болды. Қазақстанның Ресейге қосылуы және капиталистік қатынастардың қазақ қоғамының экономикасына енуі мал шаруашылығына да өз әсерін тигізді. Тауарлы өндірістің дамуы және сауданың кеңеюі қазақ көшпенділерін рынок жағдайына бейімделуге мәжбүр етті. Көбіне жоғары сұраныста болған мал тұқымдары өсіріле бастады. Олар ең алдымен қой мен жылқы түрлері болды (түркістандық құйрықты қой, қаракөл, биязы жүнді қой тұқымдары және т.б.).

Егін шаруашылығы да қазақтардың ертеден айналысқан кәсібі болды. Қазақстан Ресейге қосылғаннан кейін қазақ халқының отырықшылану процесі жылдам қарқын алды. Қазақстанға тауарлы-ақша қатынастары тереңдей енуіне байланысты егін шаруашылығы да тауарлы сипат алды. Оңтүстік Қазақстанның отырықшы аудандарында интенсивті түрде астық дақылдары егіліп, бау-бақша кәсібі одан әрі дами түсті.

Түркістан қаласында 1889 жылы 8 әкімшілік ғимарат, 20 инженерлік бөлім, 2 шіркеу, 35 мешіт, 1 медресе, 1627 жеке үй болды [64]. Отырықшы елді мекендер Түркістан қаласына жақын жерде топтасып орналасты [65; 101]. 1897 жылғы Бүкілресейлік халық санағының есебі бойынша Түркістан қаласы мен оның әкімшілік аумағына қарасты елді мекендердегі тұрғындардың жалпы саны – 63232 адам болса, оның ішінде ерлер – 32973 (52,1%), әйелдер – 30259 (47,8) құрады. Қала тарихын зерттеген Добросмысловтың еңбегі бойынша да осы уақытта қалада 11253 адам өмір сүрсе, оның 6037-сі ерлер, 5216-сы әйелдер болды [1; 127]. Мұрағат құжаттарында да шамамен осындай деректер келтірілген: «Түркістан губерниялық қаласында – ерлер – 6110, әйелдер – 5293, барлығы 11403 адам өмір сүрді» [66]. Осы кезде Түркістанда 1140 шаруашылық болса, оның ішінде қаланың өзінде 829 шаруашылық, ал Қарашық, Теке және Базар-арық ауылдарында сәйкесінше 108, 100 және 103 шаруашылық болған [67].

Қала тұрғындарынан тек 188-і орысша сауаттылар қатарына жатқан, ал басқа тілде сауаттылар – 557 адам болды. Осы санақ мәліметі бойынша қазақтардың ішінде сауаттылардың үлесі – 3,8% ғана болған, ал орыстарда бұл көрсеткіш – 43,3%-ға жеткен, татарлар арасында сауаттылар – 15,6% болған, өзбектердің – 5,7%, сарттардың – 26,6% сауатты болған [68; 78].

Түркістан қаласы тұрғындары XIX ғасырдың аяғында негізінде, яғни басым көпшілігі 39 жасқа дейінгілер – 77,3%, соның ішінде 1 жасқа дейінгі сәбилер саны – 119 болып, олар қала тұрғындарының 1,6%-на жеткен, ал 10 жасқа дейінгілердің үлесі (2964 адам) 26,5%-ды құраған, 20 жасқа дейінгілер – 45,3%, яғни қаланың жартысына жуығы сәбилер мен бозбалалар болған, ал 40-49 жастағылар – 17,0%, қалған 5,5%-ы 60 жастан асқандар еді. Қала тұрғындары арасында ерлердің басымдылығы барлық жастағы топтағыларда байқалуымен қатар, әсіресе 20-39 жастағылар арасында олардың үлесі – 17,7%-ға жеткен (ал әйелдер үлесі – 14%).

Діни сенімдері жағынан қала тұрғындары арасында қазақ, өзбек, татар және басқа мұсылман дінін ұстанған түркі ұлттары басым болды. Ислам дініндегілердің жалпы саны – 10387 адамға, яғни 92,7%-ға жетіп, қаланың мұсылмандар шоғырланған діни-рухани орталық болғандығын көрсетеді. Қала тұрғындары ішінде басқа діндерді ұстанғандар өте аз болды. Проваславие дініндегілер – 236 адам (2,1%), рим-католиктер – 46 адам (0,4%), старобрядтықтар – 17 адам (0,1%), протестанттар – 9 адам (0,08%). Тек иудей дініндегілердің саны едәуір – 498 адам (4,4%) еді, бұлар негізінен бұхаралық еврейлер болатын [68;79].

XIX ғ. аяғына дейін Түркістан қаласына сырттан келген көшікөн үдерісі күшті бола қойған жоқ. Қала негізінде жергілікті тұрғындардың табиғи өсімі нәтижесінде өсті. 1897 ж. мәліметтер бойынша Түркістан қаласы тұрғындарының осы жерде туғандары 10671 адам, яғни 94,8%-ға жеткен болса, басқа губернияларда туылғандар бар болғаны 279 адам, яғни 1,9% екен. Сырдария губерниясының басқа уездерінде туғандар 81 адам, яғни 0,7%,

сырттан келгендердің ішінде еуропалық Ресейдің ішкі аймақтарында туғандар 165 адам (ерлер – 119, әйелдер – 46), Висла бойындағы губернияларда туылғандар 44 адам (ерлер – 43, әйел – 1), және т.с.с. Сонымен қатар Түркістан қаласында 202 шетелдіктер тұрған [68; 80].

Жоғарыда көрсетілгендей, 1872 жылы 17 наурызда Түркістан уездік қала болды. Ал 1886 жылы 12 маусымда қала Түркістан учаскесі ретінде Шымкент уезінің құрамына енді. Айта кету керек, статистикалық мәліметтерде Түркістан Шымкент уезінде әрқашан жеке позицияны иеленген. Түркістан учаскесіне 16 болыс (Ақтөбе, Жылыбұлақ, Қарнақ, Қаратау, Қаракөл, Иқан, Құршу, Ноғай-Күрін, Көк-Шепүм, Сарыөзек, Хантағы, Шағатаей, Шілік, Созақ, Жаңасу) және Түркістан ақсақалдығы кірді [69]. Ұлттық құрамы жағынан Қарнақ, Созақ болыстарында өзбектер басым болса, қалған болыстарда қазақтар және басқа ұлттар көп болды [70].

Қазақ хандығының құрылу кезеңінің өзінде-ақ отырықшы халықты «сарттар» деп атаған болатын. Патшалық Ресейдің ресми құжаттарында «сарт» ұғымы халықтың жеке тобы ретінде барлық жерде кездеседі. Сарттардың негізгі кәсібі сауда болғанын айта кеткен жөн. 1885 жылғы статистикалық мәліметтерде айналасында ауылдары бар Түркістан қаласында сарттардың жалпы саны 15 мың адам болған деп көрсетіледі. Сарттардың ең көп бөлігі Түркістан, Шымкент, Ташкент қалаларында шоғырланды. «Жалпы өзбектер сарттарды тәжік пен өзбек нәсіліне бірдей жататын қала тұрғындары деп атаған» – дейді Н.Маев өз жазбасында [71; 128]. ХХ ғасырдың басында Түркістан өлкесінде қызмет еткен орыс ғалымы, шығыстанушы Н.Остроумов сарттарды зерттей келе, көне санскрит тілінен аударылған «сарт» сөзі «саудагер» деген мағынаны білдіреді деген тұжырымға келген.

Патшалық Ресейдің әскери тарихшысы Қ.Абаза: «Түркістанда қалалар мен ауылдардың отырықшы тұрғындарын сарттар деп атайды, олар да парсыларға жақын. Кейбіреулер тәжіктерді сарттармен шатастырып, бүкіл Түркістан халқын осылай атай-

ды» [72; 71] – деп жазды. Орыс ғалымдары мен әскери шенеуніктері «сарттарды» Орталық Азия халқының жеке тобы деп санады. Кеңестік тарихнамада «сарттар» жеке этникалық топ ретінде аталмайды. Тарихшы Ж.Артықбаев «жаңа дәуірде оңтүстіктегі қалалар мен елді мекендердің негізгі халқы ең шалғай дала-лық аймақтарда белсенді саудамен айналысқан сарттар болды» [73; 232] дейді.

Түркістан қаласы XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басында белсенді өсу мен өзгерістер кезеңін бастан кешірді. Бұл кезеңде қаланы көркейту жұмыстары жүргізіліп, халық саны көбейді. 1910 жылы XX ғасырдың басына қарай қалада 15236 адам өмір сүрсе, олардың жартысына жуығы ерлер – 7865 адам, ал осыншама дерлік, шамалы айырмашылықпен әйелдер саны – 7371 адамға жетті [1; 127].

Түркістан қаласы тұрғындарының санының XX ғ. басында едәуір өсуіне Орынбор-Ташкент темір жолының (1901–1905 ж.) қала үстінен өтуі, темір жол стансасы мен оның депо-шеберханасында жұмысшылар мен қызметкерлердің шоғырлануы (200-250 адамға дейін) әсер етті.

XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында Түркістан қаласы сол кездегі әлі де урбандалу күшті жүрмеген Оңтүстік Қазақстан аймағының (қазіргі Қызылорда, Түркістан және Жамбыл облыстары) ең ірі қалаларының бірі еді. Мысалы, 1897 ж. Шымкент қаласында 10995 адам тұрса, 1920 ж. – 14715 адамға жеткен, Қызылордада (Ақмешіт) 4870 адамнан 9100 адамға өскен, Қазалыда – 7573 адамнан 7039 адамға түскен, ал Түркістанда 11253 адамнан 14715 адамға көтерілген, яғни бұл кезде Түркістан қаласы Оңтүстік Қазақстан аймағының ең ірі қалаларының (Шымкентпен қатар) бірі болған еді.

Патшылық билік кезеңінде қаланың негізгі кірісін жылжымайтын мүліктен жиналатын алымдар құрады. 1900 жылға қарай оның көлемі 3137 рубльді болды [74]. Жергілікті халық салықтардың барлық түрлерін – жер және земство салықтарын төлеуге, жергілікті әкімшілік пен мектептерді қамтамасыз етуге, шешек

ауруына қарсы егу шығындарын өтеуге, заттай салықтар мен міндеткерліктерді атқаруға, жолдар мен көпірлерді ұстауға т.б. төлемдерді өтеуге мәжбүр болды.

Жыл сайын қаланың шығыс және кіріс сметалары жасалды. 1876 жылғы сметада шахардың шығынының жалпы сомасы 11800 рубльді құрайтыны көрсетілген, оның 688 сомы 5 айлық жылыту маусымында барлығы жеті үйді жылытуға жұмсалған болса, 120 рубль жарықтандыруға, 600 рубль техникаларды жалдауға және т.б. шығындарға берілген екен [75].

1880–1881 ж. Түркістанда қыстың қатандығынан малдың үлкен көлемде қырылуының салдарынан халықтың әл-ауқаты күрт нашарлап кетті де, Сырдария облысы бойынша Түркістан тұрғындардың салықтар мен алымдарды төлемеу дәрежесі ең жоғарғы көрсеткішті құрады. Төленбеген сома – 95264 рубльге жетті. Жұт кезінде малынан айырылған көшпенділердің жағдайы ауыр болды. Нан бағасы он есеге қымбаттады. Мысалы, Перовск қаласында бір пұт ұн 3 рубль 50 тиынға, Түркістан қаласында 2 рубль 50 тиынға жетті [76; 45].

Әкімшілік жағынан Оңтүстік Қазақстан Сырдария облысының құрамында болды. Түркістан ауданы 79550 шаршы верст (шамамен 90 шаршы км) аумақты алып жатқан Сырдария облысындағы ең үлкен уез болды. XIX ғасырдың 80-жылдарында аудан әкімшілігінің жеке құрамы облыс аудандарының барлық жерінде бірдей дерлік еді. Түркістан қаласында уезд басшысының жергілікті халық арасынан тағайындалған аға және кіші көмекшісі болды. Патша әкімшілігі оларды мемлекеттік қызметке тарта отырып, солар арқылы халыққа ықпал етуді және жергілікті халықты басқару ісін жеңілдетуді қалады [76; 41].

1883 жылғы сметаға қарағанда Түркістан қаласында орыстардың 49 үйі және жергілікті тұрғындардың 1488 үйі болған. Есеп берілген жылы қала кірісінің сомасы 8726 рубльді құраған [76; 36].

1901 жылы кірістер мен шығыстар сметасы бойынша жылжымайтын мүліктерден (3157 рубль), сауда және кәсіпшілік-

тен (600 рубль), алымдардан (120 рубль), қалалық мүліктерден (12320 рубль), қала ғимараттарынан (3019 рубль) алынатын кірістер түсті. Кірістің жалпы сомасы 19196 рубль болса шығындар 12770 рубльді құрады. Шығындардың 2530 рубльі қалалық қоғамдық басқармаға, 4140 рубль қалалық полицияға, 2800 рубль қаланы абаттандыруға, 1540 рубль халық ағарту қызметіне, 1580 рубль медициналық бөлімшелерге, қаланың жылжымайтын мүліктерін күтіп ұстауға және жайластыруға – 120 рубль, басқа да әртүрлі шығындар – 60 рубль жұмсалған екен [77]. Көріп отырғаныңыздай, полицияның әскери басқармасын қамтамасыз етуге шығыстың ең көп бөлігі берілген. Жалпы, қаржыландыру облыстағы әкімшілік пен әскерлерді ұстауға жұмсалды. Қаланы абаттандыруға кететін шығындар да қаланың ресейлік бөлігіне жұмсалды.

XIX ғасырдың аяғында Түркістан қаласы негізінен жергілікті халықтан тұрды, қаланың орыс бөлігінде қала маңы ретінде аздаған халық өмір сүретін мемлекеттік ғимараттар салынды. Мұнда әкімшілік орталық және императорлық әскер орналасты [65; 72].

Пошта қызметі. Алғаш рет қалада пошта бөлімшесі 1868 жылы ашылды. Пошта барлық хат-хабар жеткізумен айналысты. 1871 жылдан бастап тұрақты жұмыс істейтін штаттық қызметкерлері бар пошта бөлімшесіне айналды. 1878 жылы Түркістан қаласына телеграф желісі тартылғаннан кейін пошта және телеграф бекеттері пошта-телеграф кеңсесіне біріктірілді. 1893 жылы кеңседе жинақ кассасы ашылды [1; 158].

Отарлық әкімшілік байланыс жолдары мен телеграф желілерін салуды аз шығын жұмсауға, мүмкіндігінше жергілікті халықтың жәрдемімен жүзеге асыруға тырысты. Бұл жайында деректерде: «1875 жылы Әулие-Ата, Шымкент, Түркістан, Перовский және Қазалы уездерінің басшылары телеграф желісін жүргізу үшін 20-дан 30 рубльге дейін әр аула мен отаудан жиналған садақаларын берді» – деп көрсетілген [76; 36].

Түркістан қалалық пошта байланысының халыққа қызмет көрсету кеңсесі үй-жайды жалға алу мен жөндеуге 300 рубль,

жеке құрамын қамтамасыз етуге, кеңсе, шаруашылық және басқа да шығындарға 2869 рубль жұмсаған, 1882 жылғы есеп беру жылының кірісі небәрі 1616 рубльді құраған екен. Яғни, кіріс ешқандай жағдайда шығындарды өтей алмады.

Түркістан стансасының салынуы. 1899 жылы Қ.Қалманов басқарған Түркістан учаскелік пристапының Басқармасы Түркістан қаласына жақын 8 шақырым жерден, жобаланған Орынбор-Ташкент темір жолының бойынан стансасын салу үшін 60 десятина қалалық жерді тегін бөлу туралы шешім қабылдады [78]. Алайда, сәл кейінірек бұл шешім Түркістан стансасының қашықтығы қалаға жақын болу жағына қарай өзгертілді. «Түркістан қаласы – Қаратау өңірінің көшпенділері мен өлкедегі отырықшы тұрғындары арасындағы ежелгі табиғи байланыс жасау, өзара тауар алмасу орны болып табылады. Күзде Түркістан базарына көшпелі шаруашылықтың заттарынан тұратын жүктер: мал майлары, жүн, былғары – барлығы бір миллион пұттан асатын заттар әкелінсе, осы жерден астық, тоқыма және т.б. заттардың бір бөлігі Түркістан учаскесінің далалық аудандарына және бір бөлігі Перовск, Қазалы уездеріне мен Далалық генерал-губернаторлығына әкетілді. Соның нәтижесінде вокзалды Түркістан қаласына жақындату өте маңызды және аса қажет», – деп атап көрсетті В.Суворов темір жол құрылысы туралы зерттеулерінде. «Изменение общего направления Оренбургско-Ташкентской магистрали против изысканий 1899 года, в смысле приближения рельсового пути к г. Туркестану, вполне согласуется с видами военного ведомства на мотивацию станции Туркестан для устройства продовольственного пункта...» [79; 151].

Темір жол коммуникациялық желі және қала мен станса арасындағы буфер ретінде қалалардың өсуін анықтайды. Түркістан бекеті салынғаннан кейін қала маңында жаңа ауыл пайда болды, оны жергілікті тұрғындар кейінірек учаскелік полиция қызметкері Борис Тризнийдың есімімен «Борисовка» немесе «Борисовский» деп атай бастады. «Борисовка» поселкесінде негізінен темір жол жұмысшылары өмір сүретін еді, олар үшін арнайы

типтік үлгідегі үйлер соғылды. Темір жол маңындағы барлық құрылыстар негізінен күйдірілген кірпіштен соғылды [80].

Борисовка поселкесі 1902 ж. пайда болды. Алдымен станция маңына қазыналық пәтері жоқ 6 темір жол қызметшісі қоныстанады. 1903 ж. қоныстанушылар арасынан таңдалған бірнеше өкілдер Ташкент қаласына барып, өлке Бастығынан поселке құру жөнінде өтініш сұрайды. Әкімшіліктің өкімімен Әулие Атадан жер өлшеуші келіп, 34 учаске бөліп береді. Бұл жерлерді темір жол шеберханаларының қызметкерлері мен жұмысшылары мекендейді де, 1904 ж. барлық 34 учаскеде құрылыс нысандары бой көтереді. Келесі жылы қайта қосылған темір жол қызметкерлері мен жұмысшылары 34 учаске шекарасымен іргелес жерлердің бос орындарына үйлер сала бастайды. 1908 ж. көптеп халық қоныстана бастайды, өйткені бұл аймақты тек темір жол жұмысшылары ғана емес, басқада тұрғындар көшіп келе бастаған еді. Осылайша дәрігер, судья, нотариус, шенеунік, фельдшер және т.б. тұрғындар да осы аймақтан жер телімін алуға тырысты. 1909 жылы қаладан вокзалға дейінгі жолға тас төселді, оған 9000 рубль жұмсалды [1; 131]. 1911 жылы мұнда 268 үй, 748 тұрғын болған.

Қоғамдық ұйымдардан бұл поселкеде Халық Ағарту Министрлігінің біркешенді приходское училищесі болды. Борисовканың әкімшілік басқармасы Түркістан Аймақтық Приставы Б.П. Тризнаның қолында болды, бұл құзыретті оған Шымкент Уездік Басқармасы бастығы ауызша тапсырған болатын. Бұл жағдай Түркістан өлкесін басқару тараулы Ереженің 116 бабындағы ескерту талаптарына қарсы келмеді. Алайда Б.П. Тризнаның шаруашылықты басқару жөнінде ешқандай ресми құзыреттілігі болмады.

Борисовка 1912 ж. зерттелген поселкелердің ішінде қоғамдық құрылысы старостамен басқарылатын жалғыз поселке болған. Ол 1902 ж. шыққан Шаруалар туралы жалпы Ереженің 192 бабына сәйкес жалпылай таңдалып, Аймақтық Пристав Б.П. Тризнаның бекітуімен тағайындалған. Бұл туралы 1912 ж. жұмыстар жайындағы есепте баяндалған [81]. Борисовка поселкесінің сау-

да-саттық және өнеркәсіптік маңызы болмады, ол тек қарапайым отырықшылық мекені ғана еді. Оның тұрғындары Түркістан ст. темір жол шеберханаларында жұмыс істеп, аз ғана табыс табатын, сонымен қатар өздерінің үйлерін жалға беретін болған. Поселкеде қаңырап тұрған бос үйлер де өте көп еді, сондықтан жалға алынған пәтер ақысы да мардымсыз ғана болды [82].

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Түркістан қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы қала стансасы арқылы теміржол, жолдар мен байланыс желілерінің салынуымен, өлкенің Ресей империясының экономикалық, мәдени және рухани өмірі жүйесіне енуімен сипатталады. 1906 жылы Орынбор-Ташкент темір жолының құрылысы жалпы Сырдария облысының экономикалық дамуына айтарлықтай әсер етті. Теміржол желісі Перовск, Қазалы, Түркістан, Шымкент қалалары арқылы өтіп, осы уездерде тұратын тұрғындардың көлік және жүк қатынасын жеңілдетті [83; 348].

Білім беру жүйесінің дамуы. Өлке әкімшілігін ұйымдастыру конфессиялық мектептер құру арқылы өлкені орыстандыруды жүзеге асыруға бағытталды. Алайда, орыс-түзем мектептерін ашу арқылы орыс тілін білу және енгізу деңгейі өте төмен болып қала берді. Бұл жалпы аумақты, атап айтқанда қаланы империялық басқару жүйесін ұйымдастырудағы шекаралар мен айырмашылықтарды жоюдың тежегіші болды.

Жоғарыда айтылғандай, 1867 жылғы Ережеде көрсетілген Түркістан уезі 1871 жылға дейін Шымкент уезінің құрамында болды. 1871 жылы жеке уез ретінде құрылып, 1886 жылдан кейін Шымкент уезінің құрамына беріліп, 1914 жылдан кейін Шымкент уезінің территориясында қайта уез болып құрылды. Қала уездік қалаға айналғаннан бастап, тұрғындар саны көбейді. Қалаға бөлінетін қаржы бойынша халық ағарту ісіне жұмсалатын шығындар қаланы аббаттандыру, полиция, шаруашылық басқару және медицина саласынан кейін бесінші орында болды. Бәлім беру саласына 1887 жылы – 851 рубль бөлінсе, 1897 жылы – 1256 рубль, 1907 жылы 2092 рубль ғана қаржы бөлінген болатын [2; 130].

Түркістан қаласы орта ғасырдың өзінде ірі білім орталығы болды. Түркістанда рухани тәрбие, сондай-ақ білім орталықтары ретінде ең алдымен мешіттер, мектептер мен медреселер қызмет атқарды. Медреселер мешіттің жанынан ашылып, көп жағдайда онда оқитын шәкірттердің есебінен қаржыландырылды.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ жерінде негізінен мұсылмандық білім беру мекемелері – мектеп пен медреселер жұмыс жасап тұрды. Мұсылман мектептері оқу орындарының бастауыш сатысы болды. Мектеп оқушылары сауатын ашып, құранды жатқа оқитын. Мектептен білім алған балалар оқуларын медреседе жалғастыра алды.

Медресе – орта және жоғары оқу орны болып есептелінді. Медреселерде молдалар және мектеп мұғалімдері даярланды. Халық арасында медреселердің беделі өте жоғары болды. Оқу мерзімі 3-4 жылға дейін жалғасты. Медресе шәкірттері ислам діннің негіздері бойынша бастауыш білім алып философия, математика, медицина, тарих, тіл пәндерін қоса меңгеріп шығатын болған.

Бастауыш мектептер бір сыныптық және екі сыныптық болды. Оқу мерзімі 1 жылдан 6 жылға дейін созылды. Мектеп пен медреседе оқу мерзімінің ұзақтығы шәкірттің қабілетіне немесе кейбір жағдайда денсаулығына байланысты болған. Сынып шәкірттерінің жас ерекшелігі де сақталмаған еді. Бір сыныпта 7-8 жасар оқушы 12-14 жастағы балаға дейін оқыды. Оқу курсының аяқталуы белгілі бір діни кітапты жаттап алуымен белгіленген. Мектеп оқушылары оқудың алғашқы жылы араб алфавитін жаттап, одан кейін оқуға кіріскен болатын. Оқушы мәтіндерді тек жатқа оқығандықтан, жаңа таныс емес мәтіндерді оқи алмады. Шәкірттердің өз бетінше оқуды игеруі бірнеше жылдарға созылды. XIX ғасырдың соңына дейін медреселер ескі әдіспен оқытты (қадыми – ескіше). Ескі әдіс бойынша оқытуда әріптерді қосу арқылы оқыту әдісі қолданылды. Оқушылар араб әліпбиінің әріптерін дауыстап айтып, буындарды қосып, одан кейін ғана сөзді жаттады, араб әріптерінің түрлі жазылу жолдарын да жатқа білуі талап етілді. Мектептерде ана тілі оқытылмады. Тек діни

мәтіндерді жаттаған мектеп шәкірттері ана тілінде оқуды және жазуды білмейтін болды.

Мектеп мен медреселер жергілікті халық арасында жоғары беделге ие болды. Патшалық өкімет мұсылмандық оқу орындардың қызметіне және дамуына барынша кедергі келтіруге тырысты. Ресей шенеуніктері орыстандыру саясатын жүргізу үшін мектеп пен медреселерге тіпті полицейлік бақылаулар мен құпия тыңшыларды да жіберіп отырған. Солардың мәлімдемелері негізінде жұмысын тоқтатып немесе жауап тастап отырды.

Патша үкіметі орыстандыру саясатын жүргізу үшін ең алдымен мектеп, медресе ашу және оған қазақ балаларын тарту арқылы ислам дінін ығыстыруды көздеді. 1870 жылдан бастап патша үкіметі медреселерде міндетті түрде орыс тілін үйретуді енгізді.

1873 жылы генерал-губернатор фон Кауфман ұсынған «Түркістан өлкесінде оқу бөлімі мен халыққа білім беруді орнату жоспары» бойынша мұсылман және орыс балаларын бірге оқыту талап етілді. «Бірге оқыту бұратана халық балаларының негізгі ұғымдарындағы айырмашылықтарды жоюға әсер ете отырып, басып алынған өлкенің ассимиляциялану ісіне маңызды пайда әкеледі» деп санады [84]. Осы жоспарға сәйкес 1873 жылы Түркістан қаласында Александр Тихомировтың бастамасымен халықтық мектеп ашылды. 1879 жылы 18 қыркүйекте бұл мектеп екі жылдық қалалық училище болып өзгертілді. Мұнда жергілікті халықтың балалары білім алды. Училище жанынан 20 оқушыға арнайы пәтер берілетін болды [2; 133].

1878 жылы Түркістан өлкесінің оқу орындары Басқармасының тапсырысы бойынша арнайы естелік кітапшасы шыққан болатын. Кітапшадағы мәліметтер бойынша Сырдарья облысында 8 бастауыш мектеп болса, оның бесеуінде (Әулие-Ата, Қазалы, Перовск, Ташкент, Шымкент қалаларында) – ерлер және әйелдер бөлімі, екеуінде (Ходжент, Шыназ) – бірлескен, ал Түркістан қаласында – ерлер мектебі болғаны туралы айтылады [85; 111]. Осындай кітапшалар 1878–1879, 1879–1880, 1880–1881 оқу жылдарында шығып, кейін тоқтатылды.

1884 жылы Түркістан қаласында ересектер үшін кешкі оқу курстары ашылып, 1886 жылы тыңдаушылар саны азайған соң жабылады. 1887 жылдан бастап училищеде түстен кейінгі ауысымда қыз балалар білім алады. Қыздар үшін ашылған сыныптар 1890 жылға дейін жұмыс жасап тұрды. 1887 жылы училище жанынан аяқ киім тігу кәсібіне үйрететін арнайы сыныптар, 1905 жылдан бастап қол өнер шеберлігі сыныптары да ашылды. Училищеге жылына 8500 рубль қаржы бөлініп, оның 2360 рубльі қазынадан, 400 рубльі қала тұрғындарының салығынан, 5515 рубльі жерден және 400 рубльі оқушылар үшін жиналған салықтардан құралды. Солай болса да әр уақытта училище басқарған меңгерушілері бөлінген қаражатты тиісті мақсатта пайдаланбай, оны жымпitudан бас тартпады. Мысалы, бір меңгеруші қомақты ақша жинап, оны жергілікті еврей саудагерлеріне несиеге беріп отырғаны белгілі болған [1; 133]. Осындай себептерден де әрине білім мекемелерінің жағдайы өте төмен болды. 1910 жылы училищеде жалпы 82 оқушы білім алды. Оның ішінде орыстардан – 49, қазақтардан – 23, сарттардан – 4, татарлардан – 1, еврейлерден – 5 шәкірт оқыды [1; 133].

XIX ғасырдың соңында мұсылман оқу орындарының саны өсе бастады. Түркістан қаласы мұсылман діни оқу орындарының орталығы болды. 1886 жылы Сырдарья облысы бойынша 31 медреселерде 1121 оқушы, 1866 мектепте 29572 оқушы оқыған. 132579 жалпы бала санынан, 32074 бала, яғни 24% білім алып отырды. Бұл көрсеткіш жалпы халықтың санынан 1,9% құрады. Орыс мектептерінде 1454 мұсылман балалары, яғни 1,1%, оқыған. Соның ішінде Түркістан қаласында 1871 жылы 1 медресе және 14 мектеп болды. Медреседе 35 оқушы, 14 мектепте – 250 ұл және 32 қыз бала білім алды. 1879 жылы 1 медреседе – 30 оқушы, 15 мектеп – 322 оқушы болды [86]. Жыл сайын мектептер мен медреселер және оларда білім алатын шәкірттердің саны артып отырды. 1892 жылы Сырдария облысында жалпы 1497 мектеп және 35 медресе болы, ал ондағы оқушылар саны – 27082, 1893 жылы – 2458 мектеп пен 34 медреседе 28 868 оқушы білім алған [87; 16–17].

Мұсылман мектептері мен медреселер көбінесе жергілікті жеке азаматтардың есептерінен қаржыландырылды. Мектептерде оқуға төлемақы алынбағанымен, оқушылардың ата-аналары ақшалай немесе түрлі бағалы сыйлықтар беріп отырған [88]. Алғашқыда мектептер «ықпалды байлардың балаларының орнына» кедейлердің балаларымен толықтырылып тұрды. «Жалған оқушыларға» тіпті арнайы «мектеп пұлы» деп аталатын жасырын алым-салық тәрізді төленіп тұрды [89; 133].

Орыстандыруды көздеген Ресей империясы отар аймақтардағы халықтарды қатаң бақылауға алды. Патша үкіметі орыстандыру саясатын жүргізу мақсатында араб жазуын қолданыстан шығаруды көздеді. Араб графикасын орыс әліпбиімен алмастырып, орыстар мен жергілікті халықтардың балаларын оқытатын орыс-түзем мектептерін аша бастады. 20 шілде 1886 жылы орыс-түзем мектептерін ашуға арнайы заң қабылданған соң, өлкеде 14 мектеп ашылады.

1886 жылы 12 маусымда Түркістан уезі жойылып, орнына Сырдарья облысы Шымкент уезі құрамындағы Түркістан учаскесі құрылғаннан соң оның аумағына 16 болыс кіреді (Ақтөбе, Жылыбұлақ, Қарнақ, Қаратау, Қаракөл, Шу, Ноғай-Қира, Хантағы, Сарыөзек, Созақ). Болыстардың негізгі тұрғындары қазақтар болды. Созақ және Қарнақ болыстардың тұрғындарын негізінде өзбек ұлты құрады [90].

Қарнақта (Түркістаннан 25 шақырым жерде орналасқан елді мекен) 4 медресе болған. Бұл медреселерде білім алып отырған оқушылар саны 200-ге дейін жетті. Түркістан мұсылмандық орталық ретіндегі қызметінде Қарнақтың ерекше орны болды.

Түркістан қаласында орыстар мен жергілікті халықтарға арналған бір сыныптық мектеп 1888 жылы ашылды. Оқушылар саны мұнда – 20 адам болды. 1911 жылы училище екі сыныптық болып өзгертілді. Оқу орыны қазыналық мекеме үйінде орналасып, оқушылар саны 65 адамға дейін жетті. 1912 жылы оған қоса кешкі курстар ашылып, оларда 30 дан 60 адамға дейін ересектер білім алды [1; 133]. Екінші сыныпта арифметика, тарих, география, жаратылыстану пәндері оқытылды.

1890 жылы қалада жалпы интернаты бар 1 қалалық екі жылдық мектеп болды, мұнда 33 оқушы оқыды. Сондай ақ, шахарда шіркеу жанынан қыздар училищесі ашылып, онда 12 қыз бала оқытылды [91]. Қалалық училищесінде уақытша екінші ауысымда және мұғалімге сыйақы төлемей, яғни, егер ол қосымша жаңа шығындарды қажет етпесе, қыз балаларды оқытатын училище ашуға рұқсат етілді.

Осы уақытқа дейін Түркістанда біршама еврей ұлтының өкілдері өмір сүргендіктен, 1890 жылы қалада 6 хедер (еврей мектептері) болған. Хедерлерде 80 оқушы білім алды [92].

1893 жылы Түркістандағы отарлық әкімшілік билік өкілі ерлер училищесінің етікші шеберханасы мен қалалық әйелдер училищесі үшін оқу орындары орналасқан екі ғимаратты өтеусіз беруді Халық ағарту министрлігінен сұрайды. Ведомство жауап ретінде егер ешқандай шығынды қажет етпесе, ғимараттарды беруге рұқсат етеді. Осылайша, білім беру саласына енгізілетін өзгерістердің өзі де ауқымды шығынсыз және орасан зор реформаларсыз жаңашылдықтармен шектелді [93].

Архив деректеріне қарағанда 1890 жылы Түркістан қаласында жалпы оқу орындары мен ондағы оқушылар саны мынадай болды:

1) Интернаты бар екі сыныптық училище (оқушы саны – 33 ер балдар);

2) Әйелдер училищесі (оқушылар саны – 12);

3) Орыс-түземдік мектеп (оқушылар саны – 16);

4) Медресе – 2 (оқушы саны – 90 ер бала);

5) Мектептер – 21 (оқушылар саны – 220 ер балдар);

Еврей мектептері (хедер) – 6 (оқушы саны – 80 ер бала) [76].

Орынбор-Ташкент темір жолы бойында орналасқан Түркістан стансасы жанынан темір жол училищесі 1877 жылы ашылып, 1910 жылы ондағы оқушылар саны – 229 болды [1; 134]. Бастауыш училищелері жоғары және төменгі болып бөлінді. Жоғары училищелер 1912 жылы ашыла бастады. Төменгі бастауыш училищелердің бағдарламалары жиі өзгеріп, тұрақсыз болды.

1885 жылы – 4 жылдық, 1895 жылы – 3 жылдық, ал 1897 жылы жаңа бағдарлама енгізілді.

XX ғасырдың бас кезінде дәстүрлі мектептер мен медреселер қоғамның өскелең талаптарын қанағаттандырудан қалды. Мұсылман мектептерін реформалау қозғалысы басталды. Оны ұйымдастырушылар жәдитшілдер болды. XX ғасырдың бас кезінен бастап жаңа әдісті мектептер пайда бола бастады. Мектептер мен медреселердің оқу жоспарлары, бағдарламалары, оқу құралдары жаңа әдіс бойынша қайта дайындалды. Жәдитшілдер білім беруді уақыт талабына сай өзгертуді және барынша жеңілдетіп, оқыту мерзімін 6 жылдан 2-3 жылға дейін қысқартуды көздеген болатын. Қазақстандағы ең алғашқы жаңа әдісті мектеп 1900 жылы Түркістан қаласында ашылды. Ондай мектептер кейін басқа да қалаларда пайда болды. Қазақ зиялыларының едәуір бөлігі жаңа әдісті мектептерде білім алып шыққандар болатын. Атап айтқанда, солардың қатарынан мемлекет және қоғам қайраткері С.Қожанов 1910 жылы Түркістанда 4 сыныптық орыс-түзем бастауыш мектебін, 1913 жылы 3 сыныптық қалалық мектепті тәмамдады.

Жаңа әдіс мұсылман балаларын хат танытуда буындап оқытудан дыбыстап оқытуға ауыстыруды ұсынды. Егер бұрын буынмен оқытқанда әліпбиді 3 жылда үйренсе, дыбыстап оқытуда 2-3 айда меңгерді. Бұндай бағыттың негізін қалаушы белгілі түркі ағартушысы, қоғам қайраткері Исмаил Гаспринский болды. Жәдитшілдер мектептерде арифметика, география, жаратылыстану, тарих сияқты басқа да зайырлы пәндерді оқыту қажеттігін дәлелдеді. Жаңа әдісті мектептерде білімді де білікті мұғалімдер сабақ берді, оларда қажетті оқу құралдары мен жабдықтары жеткілікті болды. Оның үстіне, оқыту әдістемесі де әлдеқайда тиімді еді. Алайда жаңа әдісті мектептер елге кең көлемде тарай алмады. Патша үкіметі жаңа әдісті мектептердің ашылуына барынша қарсылық көрсетті. Себебі ондай мектептерді панисламизм мен пантүркизмнің ошақтары деп білді. 1917 жылы Қазақстан аумағында 100-ге тарта ғана жаңа әдісті мектеп бар еді. Жәдитшілдік рефор-

малар білім беру мен ағарту ісін ғана емес, ұлттық сана, саяси өмір мен мәдениет салаларын қамтыды. Жәдидтік мәдени-ағартушылық қозғалыс дәстүрлі мұсылмандық білім беру жүйесінің кемшіліктерін жоюға және модернизациялауға бағытталды.

Архив құжаттарына қарағанда 1904 жылы 1 шілдеде Сырдарья облысы бойынша 6 қалалық училище болды, олардың біреуі Түркістан қаласындағы екі класстық халықтық училище еді. Орыс-түземдік мектептер саны облыс бойынша 28 болса, оның біреуі Түркістан қаласында орналасты. Ал облыс бойынша медреселердің жалпы саны – 29 болса, оның екеуі Түркістан қаласында – Бадиль датқа және Ахмед Баябашы медреселері орналасты [94]. Бадиль датқа (Ишан-құл) медресесінде 30-50 оқушы білім алды, ал Ахмед байдың медресесінде 50-60 оқушы болды. Добросмысловтың қала жайлы еңбегінде «Ишан құл датқа медресесі Түркістан қаласында 100 жыл бұрын, яғни ХІХ ғасырдың басында ашылған» деп көрсетіледі [1; 134]. 1821 жылы және 1875 жылы ашылған Түркістан қаласында 2 медресе болғаны туралы нақты К.Бендриковтың зерттеуінде айтылады [85; 51].

1908 жылы Түркістан қаласында кітапхана ашылады. Кітапхана жұмысы үшін қала қазынасынан 300 рубль бөлініп тұрды. Оқырмандар саны 20-ға жуық болды делінеді деректерде [1; 135].

1908 жылы Түркістан өлкесіндегі жәдидтік оқу орындарының білім беру қызметі тексерілді. Тексеру комиссиясының басшысы граф Пален бірнеше мектеп-медреселерде аралап, олардың діни күштілігі туралы ескертіп, орыс-түземдік мектептердің өлкедегі негізгі қызметі туралы ашық айтқан болатын [95].

Түркістан өлкелік оқу ісінің бас инспекторы Н.П. Остроумов қазақтардың арабша жазуын міндетті түрде орыс алфавиті негізіндегі жазуға алмастыруға ерекше мән берді. 1909 жылы бас инспектор Н.П. Остроумов ұсынған жаңа әдісті мектептер ашу туралы жобасын 1912 жылы Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы Самсонов бекітті. Осы бес тармақтан тұратын Ережелердің екінші тармағы негізінде «жаңадан ашылып жатқан мектептерде ұлты татар мұғалімдердің мектептеріне өзбек, қа-

зақ, тәжік, қырғыз, т.б. Түркістан өлкесінде тұратын ұлттардың балаларын қабылдауға тыйым салынды. Сондай ақ, өзбек, қазақ, тәжік, қырғыз т.б. мектептерде татар мұғалімдеріне сабақ беруге болмайтыны» ескерілді [96;90].

1876 жылы 6 ақпан күні фон Кауфман халық ағарту министрі Д.А. Толстойға жазған хатында орыстандыру саясатын жүргізуде бәсекелестер болып тұрған қазан татарлары қызметін шектеу үшін «мұсылман әдебиетін басып шығаруға және таратуға тыйым салуды» сұраған болатын [97; 10]. Жаңа әдісті оқу орындарын ашу үшін халық училищелері инспекторының арнайы рұқсаты қажет болды. Мектептерде орыс тілін оқыту керектігі ескерілді. Осы ережелер негізінде патша өкіметі халық ағарту саласында мұсылман медресе-мектептерін аралас орыс-түземдік мектептермен алмастыруға тырысты. Мұсылмандық оқу орындарын жабуға сылтау табу үшін оларды жиі тексеріп тұрды. Инспекторлар әр бір тексеріс нәтижесіндегі табылған түрлі кемшіліктер туралы, көп жағдайда санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкестікке байланысты, орталыққа жеткізіп отырды. Мұсылмандық білім беру орындарын бақылауда ұстау үшін тіпті арнайы тыңшылар да жіберілген болатын.

1910 жылы жергілікті халық арасынан білім алып отырған оқушылар саны бойынша ең көбі Түркістан қалалық училищесінде болды. Училищедегі 82 оқушының 28-і (34%) жергілікті тұрғындардың балалары. Олардың 23 қазақ, 4 өзбек, 1 татар. Түркістан қаласында 1897 жылғы санақ бойынша жалпы халық саны 11253 адам болса, орыс ұлты тұрғындарының жалпы саны 312 адам (2,8%) болды [89; 129].

1912 жылы Түркістан қаласындағы жаңа әдісті мектепте ұл және қыз балаларға арналған бөлімдерде жалпы 60 оқушы білім алды [85; 260].

1917 жылға қарай Түркістанда жергілікті халыққа қызмет көрсетіп отырған мектептердің үш түрі болды: 1) мұсылмандық мектептер мен медреселер; 2) жаңа әдісті мектептер (жәдидтік); 3) зайырлы орыс-түземдік мектептер [98; 348] жұмыс істеді.

Сонымен, ХХ ғасырдың басында қанат жайған мұсылман мектеп-медреселері мен білім орындарының оқу-ағарту жүйесіндегі орны ерекше маңызға ие болып табылады. Аталған оқу орындарынан білім алғандар зиялылар қатарын толықтырып, қазақ қоғамының мемлекеттік билігінде белсенді қызмет етті. ХХ ғасырдың басында жәдидшілдіктің ықпалымен білім беру жүйесінің мазмұнында өзгерістер енгізіліп, жаңа әдісті мектептер ашылды.

Медициналық мекемелер және медициналық қызмет көрсету ісі. Қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының құрамдас бөліктерінің бірі медициналық мекемелердің қызметі болып табылады. Отарлық биліктің орнауы және соған байланысты аймақтағы саяси-әлеуметтік өзгерістер медицинаның да даму деңгейіне әсер етті. Алайда, амбулаториялық-емханалық орталықтар мен стационарлардың жағдайы туралы статистикалық ақпарат олардың техникалық қызмет көрсету деңгейінің төмендігін, емдеу мекемелерінің жағдайының нашарлығын, мамандар мен дәрі-дәрмектің тапшы болғандығын көрсетеді.

Түркістанда отарлық үстемдіктің орнауымен өлкеге орыс халқы өкілдерінің – әскери, шенеуніктер мен қара шекпенді шаруалардың қоныс аударуы басталды. Жоғарыда айтып көрсеткеніміздей, қаланың әскери-әкімшілік құрылымы «орыс» (жаңа) және «түземдік» (ескі) бөліктерге бөлінді. Қаланың «орыс» бөлігінде халық үшін қажетті жағдайлар жасалды – дәріханалар, амбулаториялар, ауруханалар, саябақтар, кітапханалар, еуропалық типтегі ғимараттар, жарықтандырылған көшелер және т.б. орналастырылды да, қаланың «түземдік» бөлігі өткен ғасыр деңгейде қалып қойды. Барлық кірістер ескі қала тұрғындарының салықтарынан түсіп отырды. Ал шығындар қаланың жаңа бөлігінің тұрғындары мен әкімшілігіне жағдай жасауға бағытталды. Осы қағида бойынша қаланың денсаулық сақтау ісінде де қолданылды.

Генерал-губернатор фон Кауфманның бастамасымен уезд және қала дәрігерлерінің лауазымдары құрылып, жергілікті әскери лазареттерге азаматтық науқастарды қабылдау басталды. Іс

жүзінде әрбір қалада кем дегенде бір шағын аурухана немесе қабылдау бөлмесі ашылды.

Қарастырылып отырған кезеңде облыс тұрғындарына медициналық қызмет көрсеткен ауруханалар мен амбулаториялардың саны аз болды. Медицина қызметкерлерінің және дәрі-дәрмектердің жетіспеушілігі, емдеу мекемелерінің және олардағы тұрмыстық жағдайлардың төмен деңгейі, қаржыландырудың жеткіліксіздігі, эпидемиялардың орын алуы осы саладағы жұмыстардың жалпы көрінісіне теріс әсер етті. Емдік мекемелер округтердің сметасы бойынша Түркістан әскери-медициналық басқармасының қарамағында болды.

XIX ғасырдың аяғында жергілікті халық орыс медицинасын әлі де мойындамады. Алайда, халық емшілері мен тәуіптері жылдан жылға өсіп жатқан облыс халқының медициналық көмекке қажеттілігін толық қанағаттандыра алмады. XX ғасырдың басында мұсылман халқы орыс дәрігерлеріне біртіндеп жүгіне бастады. Орыс дәрігерлері де өз кезегінде дәстүрлі медицинаның жетістіктерін мойындауға мәжбүр болды.

Алайда дәстүрлі медицина заманауи еуропалық медицина жетістіктерінен әлдеқайда артта қалды. Ресми билік халық емшілерін елемеу позициясында қалды және халық медицинасына ешқандай қолдау көрсетпеді.

Көп жылдар бойы Түркістан өңіріндегі денсаулық сақтау саласы әскерилерге бағынды және Түркістан әскери округінің Бас әскери-медициналық басқармасы тарапынан тікелей бақылауға алынды. 1864 жылдан Қазақстанның оңтүстігін Ресей империясы толық басып алғаннан кейін өлкеде әскерилер және әкімшілік қызметкерлері үшін алғашқы медициналық мекемелер құрыла бастады. Медициналық бөлімдерді бақылау мақсатында Сырдария ауданында әскери-медициналық инспектор лауазымы енгізілді.

Облысқа Ресейден келген медицина қызметкерлері мұнда ерекше жеңілдіктерге ие болды. Алғашқы емдеу мекемелері орыс халқы үшін ұйымдастырылды. Жергілікті халық үшін де

біртіндеп амбулаториялар ашыла бастады. Алайда, стационарлық емдеу мекемелерінің жағдайы қанағаттанарлықсыз деңгейде болды, білікті медициналық қызметкерлер жетіспеді.

1867 ж. Ереженің негізінде Сырдария облысының әрбір уезіне 1 уездік дәрігер және 1 акушер әйел тағайындалды. Медициналық бөлімге арналған шығындар сомасы өңірдегі дәрігерлік көмек үшін жеткіліксіз болды. Уездік дәрігер қызметіне – 1200 рубль, 300 рубль – жол шығынына, 200 рубль – дәрі-дәрмекке, 180 рубль – аудармашыны жалдауға бөлінді [76; 57].

Дәрігерлердің көпшілігі жергілікті тұрғындардың тілдерін түсінбеді. Сондықтан олар аудармашылардың көмегіне жүгінулеріне тура келді. Ал аудармашылар іс жүзінде жетіспеді немесе мүлдем болмады. Бұл жағдай халыққа медициналық көмек көрсетуді қиындатты. Тіл білу проблемасы жергілікті халықтың дәрігерлерге бармау себептерінің бірі болды. Емделушілер дәрігерлердің сөздерін түсінбеді.

Акушер әйелдердің рөлі ерекше болды. Уезде акушер әйелдердің қызметіне 700 рубль бөлінді [76; 157]. Олар әйелдерді босандырумен айналысты. 1867 жылғы Ережеге сәйкес акушер әйел лауазымы уездің әкімшілік штатында тұрды. Өлкенің әскери әкімшілігі акушерлер арқылы жергілікті әйелдер қауымына ықпал етуді де ойластырды [99; 310].

1872 жылға дейін қала тұрғындарына медициналық көмекті Түркістанда болған әртүрлі әскери бөлімшелердің, лазареттер мен госпитальдардың әскери дәрігерлері көрсетті. 1872 жылы 17 наурызда Түркістан уездік қалаға айналды. Ал, 1886 жылы 12 маусымда Түркістан Шымкент уезінің құрамына енді. 1872 жылдан 1887 жылға дейін Түркістан уездік қала болған кезде халыққа медициналық қызметті учаскелік дәрігер, фельдшер және акушер әйел көрсетіп, олар жыл сайын 200 рубльдік дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіледі.

Түркістан қаласының бірінші уездік бастығы Алексей Густавович Реймерстің кезінде (1872 жылдан бастап 1882 ж.) қала тұрғындары үшін қабылдау бөлмесі салынды. Қабылдау бөлмесі үш

шағын бөлмеден тұрды: дәрігердің қабылдау бөлмесі, дәріхана және күзет бөлмелері. 1875 жылға қарай қабылдау бөлмесі лазаретке айналдырылды.

XIX ғ. 70-жылдары Түркістан өлкесінде медициналық мекемелердің алғашқы заманауи түрі ұйымдастырылды. Бұл уақытта өңір халқы көмек сұрап, негізінен, халық емшілеріне жүгінді. Өлкенің отаршылдық кезеңіндегі дерек көздерінде медицинаның көптеген мәселелері еуроцентристік тұрғыдан қарастырылды. Мәселен, Чубин генерал-губернатор Самсоновқа өңірді әскери отарлау прогрессивті сипатта жүрді деп баяндайды: «Түркістан өлкесі империяға қосылғанға дейін жергілікті халық ешқандай ұйымдастырылған медициналық көмек алған емес» дейді [100; 15]. Халықтық медицина заманауи еуропалық ғылымнан артта қалған деп есептелді.

Патша әкімшілігі өкілдері өңір халқының сан ғасырлық тәжірибесін елемей, «жергілікті тұрғындардың медицина туралы қарапайым да түсінігі жоқ» деп қабылдады. Қазақтардың халық медицинасының тамыры тереңде екендігі белгілі. Халық дәрігерлерінің білімі ата-бабаларымыздың ежелгі ілімі мен үлкен тәжірибеге негізделген. Бұл туралы өңірдің көптеген зерттеушілері жазды. Қазақ даласы бойынша экспедицияға қатысқан әскери дәрігер А.Ягмин атап өткендей елге көбінесе халық емшілері, бақсылар, сынықшылар, тәуіптер медициналық қызмет көрсетті. А.Ягмин халық емшілерінің адамның тамыр ұрысы арқылы ауыруды анықтау қабілеттерін ерекше атап өтті [101; 101].

XIX ғасырдың бірінші жартысында жергілікті дәрігерлерді емдеу әдістері туралы А.Левшин [102; 96] өз еңбектерінде сипаттап жазса, 1887 жылы А.Краснов халық емшілерінің шөптер жайлы білімі мен олардың науқастарды сауықтыру үшін қолдану тәсілдерін ерекше атап көрсетті [103; 46]. Жергілікті аурулармен күресте орыс медицина ғылымы дәстүрлі медицинамен бәсекелесе алмады. 1883 жылы өлкеге тексеру жүргізген Гирстің есебінде: «Аймақты жаулап алғаннан бері біздің медициналық ғылым жергілікті ауруларды емдеу әдістерін жергілікті дәрігерлермен

бәсекелесе алатындай дәрежеде сәтті игере алмады» – деп көрсетті [76; 164].

Жергілікті дәрігерлер адам анатомиясын, органдардың барлық қызметін өте жақсы білді. Тамыр соғуын тыңдау және басқа белгілері бойынша диагнозды дәл анықтап, емдеуге арналған шараларды жасай алады.

Қазақ халқы шөптерді жақсы біледі. Дәрігер Г.Колосовтың мәліметтері бойынша ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында Түркістан өңірінде дәрілік өсімдіктердің 300-ге жуық түрі кеңінен қолданылды [104; 63]. Емшілер емдеу барысында қымыз, шұбат, бозамен (арпа, сұлы, тары және жүгеріден жасалатын құлмақ қайнатпасын) қоса шөп тұнбаларын және жануарлардан алынатын майларды кеңінен қолданды.

Қазақ сынықшыларының өнері көпке белгілі. Білгір сынықшылар сүйектердің сынуы, созылуы, шығып кетуі және тірек-қимыл жүйесінің басқа да аурулары кезінде көмектесті. Айта кету керек, ресейлік дәрігерлер халық сынықшыларымен бәсекелесе алмады. Жергілікті халық сүйек шыққанда немесе сынғанда дәл сол халық емшілеріне жүгінді, олар бұл тұрғыдан еуропалық медицинадан озық тұрды. Халық емшілері уқалау әдісін, әсіресе «үзу» түрін жақсы қолданды. Олар қан айналымы бұзылған кезде қалыптасатын тұйықталудың орнын анықтап, уқалау әдісімен процестерді қалпына келтіре алды.

Біздің ата-бабаларымыз дұрыс тамақтанудың негіздерін өте жақсы білген. Қазақтың дәстүрлі тағамдары адам ағзасының қажеттіліктерін терең білуге негізделген. Қыс мезгілінде ет тағамдарын жоғары мөлшерде тұтынуға байланысты сілтілі тепендік бұзылатындықтан, жазда ашытылған сүт өнімдерін тұтыну арқылы қалпына келтірілді. Қазақ қоғамында неке қатынастарында қатаң тәртіп сақталды, жақын туыстарының некеге тұруына рұқсат етілмеді. Қазақ медицинасында әртүрлі билер мен жарыстар түріндегі профилактикалық гимнастика болды.

Түркістан өлкесіндегі емдеу әдістері туралы зерттеуші Н.Маев былай деп жазады: «Көкірек ауыруларына жергілікті тұрғындар

кеуде шөптерін пайдаланады, кейде қан алуға дейін барды... Асқан ауырсынуында біз сияқты хош иісті шөптердің тамырларын қолдану жергілікті тұрғындар арасында өте кең тараған» [105; 478]. Сонымен қатар, зерттеуші жергілікті емшілердің заманауи хирургиялық құралдарды пайдалана алатындығына таң қалысын білдірді: «жергілікті емшілерден мен фельдшерлік құрал саймандардың толық жиынтықтығын көрдім» деп жазды [105; 479]. Халық емшілері кесар тілігі, қатаракта, қуықтан тас алу, буындарды ашу сияқты күрделі операцияларды жасады, сулема сияқты антисептикалық заттарды, сынап жақпа майларын қолдануды білді.

Қазақтар екпе егу принциптері мен әдістерін жақсы меңгерді, сонымен қатар жұқпалы індеттік аурулармен күресуде санитарлық-гигиеналық шаралар алдын ала қолданды. Емшілер шешек ауыруының алдын алу үшін сауығып келе жатқан адамның терісінен оспаның құрғақ қабықтарын жинап, оларды сау баланың жарылған терісінің үстіне қою арқылы профилактикалық екпе егу жұмыстарын атқарды. Ауырған адамды «карантиннің» барлық шараларын сақтай отырып, басқалардан оқшаулады білді: науқасқа ешкімді жібермеді, тамақты ұзын таяқтың көмегімен қашықтықтан берді, яғни қажетті арақашықтықты сақтады. Егер науқас өлсе, өлген адамның мәйіті мен киімін өртеді.

Жұқпалы аурулардың алдын алу ең алдымен халық денсаулығының негізгі кепілінің бірі ретінде адамдарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету деп есептелді. Жергілікті тұрғындар тырысқақ, сүзек, іш аурулары сияқты жұқпалы кеселдердің таралуын болдырмау мақсатында қайнатылған су ішті және ең алдымен құрғақ климатқа байланысты жергілікті тұрғындардың сүйкімді сусыны – шәйді көп мөлшерде қолданды. Бұған ХІХ ғасырдағы зерттеуші Н.Мачинскийдің Түркістан қаласында жүргізген санитарлық бақылаулары да дәлел бола алады: «Судя по плохому качеству воды можно было бы ожидать усиленную заболеваемость катаррами кишек, однако ожидания эти не оправдались, что вероятно обусловилось употреблением почти исключительно ки-

пьяченой воды (чая)» [106; 53]. Шай, сонымен бірге, науқасқа терлеуге мүмкіндік беретін жақсы сусын екендігі де белгілі.

Медицина бойынша білім беру жүйесінің болмауынан жергілікті емшілер өз кәсіби білімін жақын туыстарына беру арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырды. Олардың арасында өздігінен үйренгендер, кейде дұрыс емдей алмауынан науқастардың денсаулығына қауіп төндіретін жалған тәуіптер де болғанын атап өту керек.

XIX ғасырдың екінші жартысында ауыл тұрғындары көбінесе халық емшілеріне жүгінді. Дәрігерлер мен акушерлердің қызметі негізінен қалада шоғырланды. Олардың көмегіне көбінесе тұрғындардың орыс бөлігі жүгінді. Ресей империясының көптеген зерттеушілері мен шенеуніктері аймақтың артта қалғандығын атап көрсете отырып «медициналық бөлім әлі де империяның ішкі губернияларының үлгісіндей өзінің дәрігерлік бөлім ашатындай дәрежеге жетпеген деп сынады [76; 163]. Медициналық қызмет көрсету уездерде салыстырмалы түрде ұзақ уақыт іс жүзінде мүмкін емес болып көрінді.

Түркістанда XIX ғасырдың 70-жылдарына дейін жергілікті тұрғынды стационарлық емдейтін арнайы медициналық мекемелер болған жоқ. Пайда болған медициналық мекемелерді орыс дәрігерлері қолданатын медициналық әдістердің артықшылықтарына қарамастан бастапқыда жергілікті халық менталитетіндегі, мәдениеттері мен діндеріндегі айырмашылықтарға байланысты, жат деп қабылдады.

1878 жылы қалада 7 ғана қоғамдық және мемлекеттік ғимарат болды [107]. Жалпы уезде және қала маңындағы ауылдық жерлерде медициналық мекемелерге арналған ғимараттар жоқ еді. Сондықтан қала әкімшілігі амбулаториялық пункттер ашу үшін қаланың жергілікті ауқатты азаматтарының үйлерін жалға алды. Мұрағат деректерінде XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы медицина жағдайы туралы көптеген құнды мәліметтер бар. Мысалы, Қарнақ ауылындағы (Түркістан қаласынан 25 км) амбулаториялық-емханалық пункті үшін Абдулазиз Бабатаевтың

тұрғын үйін жалға алған Түркістан учаскелік приставамимен жасасқан келісім шарты бар. Келісім шарт бойынша 3 бөлмеден тұратын (бір бөлме, асүй және 2 дәліз) тұрғын үйді бір жылға жалға алу құны 96 рубльді құраған. Ал Созақта Ислам-Қожа Вапа-Ходжиновтың 3 бөлмелі тұрғын үйін амбулаториялық пункт үшін бір жылға 120 рубль төлеп жалға алынған [108].

Статистикалық мәліметтер амбулаториялық пункттердің, лазареттердің жағдайының нашар болғандығын көрсетеді. Мұрағаттық материалдарда жарықтандыруға, жылыту және басқа да қызметтер түрлеріне жұмсалатын шығындар жайлы ақпараттар кездеседі. Қарнақ амбулаториялық пунктінде жылыту және жарықтандыруға 1 жылда 76 рубль жұмсалған. Есептік 1898 жылы 360 пұт отын (көбінесе сексеуіл), жарықтандыруға керосин мен шам пайдаланылған [109]. 1880 жылы ауруханалар мен дәріханаларды ағымдық жөндеуге 1411 рубльдік жалпы сомдан 35-40 рубль ғана бөлінген [110].

1887 жылдың қаңтарынан бастап Түркістан қаласындағы медициналық мекеменің штаты қалалық дәрігер, фельдшер және акушерден тұрды. Түркістанда, зерттеуші Добросмыслов атап өткендей, «қаладағы учаскелік дәрігер өзінің тікелей міндетін өтеуден жиі кетіп қалып жүргендіктен қала тұрғындары апталап өз дәрігерін көрме алмады» [1; 133].

«Түркістан» теміржол стансасының жанында дәрігердің қабылдау бөлмесі мен стационарлық 9 төсектік емхана жұмыс істеді. Алайда мұнда да дәрігер жиі жұмысында болмады. Жыл бойына 3-4 дәрігер ауысты [1; 134] Қабылдау бөлмесі негізінен теміржолшылар мен олардың отбасыларына қызмет көрсетті.

Ресей билігі аурухананың орнына уездің тұрғындары көп ауылдарында фельдшерлік амбулаториялық пункттерді ашу керек деп шешті. Уездік фельдшерлер уезд дәрігерінің бақылауына бағынатын болды.

1887 жылы Түркістан уездік қала ретінде таратылып, Шымкент уезінің құрамына кірді. Қаланың полиция және шаруашылық басқармасы учаскелік приставқа жүктелді. Учаскелік прис-

тав басқаруында денсаулық сақтау, шаруашылық басқару, полиция, қаланың абаттандыру ісі болды.

1888 жылы қалада 27 төсектік 1 аурухана жұмыс істеді [111; 284]. 1888 жылы қала тұрғындарына медициналық қызмет көрсету үшін 3890 рубль бөлінді. Түркістан уезі мен уездік басқармасы таратылғаннан кейін де Түркістан қаласында медициналық штат бұрынғы күйінде қалды: 1 дәрігер, 1 акушер және 1 фельдшер [76; 162]. Енді олар қалалық деп атала бастады.

1889 жылы Сырдария облысының мынадай қалаларында 5 кабылдау бөлмесі болды: Шымкент, Түркістан, Әулие ата, Перовский және Қазалы [111; 290]. Түркістан қаласында 7303 адам өмір сүрді. Сол жылғы статистикаға сәйкес ауруханада (жергілікті лазаретте) 20 адам стационарлық, 1127 адам амбулаториялық ем қабылдады. 1889 жылы Сырдария облысы бойынша дәрігерлік көмекке 33765 адам жүгінген [111; 280]. Осы науқастарды емдеуге 2309 рубль 63 тиын бөлінді. Яғни, бұл көрсеткіштерден 1891 жылы Сырдария облысының уездерінде ауруға небәрі 6 тиын ғана жұмсалғандығын көруге болады [112; 71]. Қаражаттың өте аз мөлшерде бөлінуі жалпы Түркістандағы медицинаның жағдайы туралы түсінік береді.

Жалпы Сырдария облысы бойынша дәрігерлер мен фельдшерлерге жұмсалатын шығындарды үкімет көтерді. Түркістан қаласында дәрігерлерге 2430 рубль, фельдшерлерге 860 рубль бөлінді. Қалғанын барлық медициналық бөлімнің шығындары жергілікті бюджеттен земство мен қала сомасынан алынды. 400 рубль медициналық қызметкерлерге, 180 рубль – шешекке қарсы екпе егетіндерге, 420 рубль ауруханаларды ұстауға, 170 рубль – дәрі-дәрмектер мен құралдарды сатып алуға [111; 283] бөлінді. 1891 жылы Сырдария облысындағы Әулие-ата, Қазалы және Перовск қалалары сияқты Түркістан қаласы үшін шығындардың мөлшері шамамен бірдей деуге саяды. Осы жылғы мәліметте Түркістанның медицинаға жұмсалған шығыны 769 рубль 35 тиын болды деп көрсетілген. Уез әкімшілігі жойылғаннан кейін де медициналық штат тек атауын ғана өзгертіп, «уез» дегеннің орнына «қа-

лалық» деп жазылды және құрамы сол күйінде қалды: дәрігер, акушер әйел және фельдшер [76; 162].

Өз кезегінде ауруханада стационарлық емдеу науқастарға өте қымбатқа түсті. Сондықтан халық емдеу мекемелеріне өте сирек жүгінетін. Қаражаттың жоқтығынан лазаретте емделу үшін кейбір азаматтар аукциондық саудамен жеке мүліктерін сатуға мәжбүр болды. 1893 жылы Түркістан қаласының Нина Савельева деген тұрғыны ауруханадағы күтім мен ем үшін 9 рубль 90 тиын мөлшерінде қаржы төлей алмай қалады. Сондықтан Н.Савельева қарызында сипатталған мүлікті сатқаннан кейін қарыз соманы төлеуге міндеттенді [113]. Отставкадағы қатардағы жауынгер Овсянников лазаретте 1893 жылдың 5 тамызынан 30 қыркүйегіне дейін 56 күн болғанда 18 рубль 48 тиын қарыз болып қалады, оның қарызын өтейтін жеке мүлкі де жоқ болатын [114]. Кейбір қала тұрғындары ауруханада емделгендігі үшін ақша төлей алмағандықтан жалақыларынан ақша ұстау туралы өтініш жазуға мәжбүр болды. Мысалы, Николай Панюгин деген кісі Түркістан қаласының ауруханасында емделгендігі үшін 15 рубль 18 тиын төлеуге мәжбүр болды да, осы соманы ол «Перовскілік пошта ұстаушының кеңсесінен алатын жалақысынан ұстауын» сұранған [115].

Түркістан өлкесінде жұмыс істеген бірнеше стационарлар негізінен әскери ведомстволардың, құқықтық тәртіп органдарының, әкімшілік өкілдеріне, теміржолшыларға, сондай-ақ емделуге ақы төлеуге мүмкіндігі бар адамдарға қызмет көрсетті. Сондай ақ, айта кету керек, стационарлардың барлығы қаланың жаңа («орыстық») бөлігінде орналасты.

Халыққа медициналық қызмет көрсету мәселесіне және жергілікті тұрғындардың денсаулық ахуалына ведомстволық ұйымдар жаппай эпидемиялық жағдайлар туындағанда ғана ерекше көңіл бөлді деуге болады. Көптеген дәрігерлердің қажырлы еңбегінің арқасында жұқпалы аурулардың таралуы тоқтатылды. 1890-шы жылдары безгек індеті эндемиялық кесел ретінде кең тарады. Түркістан қаласында осындай 55 ауру жағдайы тіркелді.

Әсіресе Әулиеата және Ташкент уездерінде бұл кесел кең жайылды, әрқайсысында мыңнан астам жағдай тіркелді [111; 256]. Өлкеде шешек індеті де жиі орын алды. Эпидемиялық жағдайларға байланысты шешек ауруына қарсы екпе егетін медициналық штат кеңейтілді. Шешекке қарсы екпе егетіндер қазынадан сыйақы алды, алайда бұл қызметпен айналысатын жеке тұлғалар да болды. Көбінесе шешекке қарсы екпе егуді фельдшердің өзі жүргізетін [116; 218]. Әр болыстықта қоғамдық жарналардан қаржыланатын жергілікті халық қатарынан 1 екпе егуші жұмыс істеді [76; 161].

1894 жылдан 1912 жылға дейінгі кезеңде өлкеде Түркістан медициналық қоғамы қызмет етті. Түркістан медицина қоғамының бірқатар алдыңғы қатарлы ресейлік дәрігерлері (А.Шварц, П.Боровская т.б.) жергілікті халық арасында жұмыс істеп, өңір тұрғындарына медициналық көмек көрсетуге көп күш салды. Медицина қоғамының дәрігерлері жергілікті ауыру кеселдердің ерекшеліктерін, тұрғындардың өмір сүру жағдайлары мен тұрмыстарын, санитарлық-гигиеналық нормаларын зерттеді және халықты сауықтыруда маңызды рөл атқарды. Жергілікті халық орыс әскери дәрігерлерінің қызметін бірден қабылдай алмады және алғашқыда оларға сенімсіздікпен қарады. Медициналық мамандардың басым бөлігі Ресейден әскери-медициналық ведомство желісі бойынша келді. Медициналық қызметтің жетіспеушілігінен өңірге келген дәрігерлердің бір бөлігі дәрігерлік борышын орындай отырып, эпидемияға қарсы күреске белсене араласты, жергілікті тұрғындарға тегін медициналық көмек те көрсетті. 1901 жылы Түркістан қаласында Қарнақ, Созақ және Шолаққорған амбулаториялық пункттеріндегі фельдшерге айына 33 рубль, жылына 400 рубль көлемінде еңбекақы төленді. Аталған пункттердің медициналық персоналы фельдшерден және аудармашы-күзетшілерден ғана тұрды. Аудармашылар айына 10 рубльден, бір жылға – 120 рубль жалақы алатын. Мысалы, 1901 жылы Қарнақ амбулаторлық пунктінде фельдшер Архип Кармазинге 400 рубль, аудармашы-күзетші Сеид Ахмет Абдуль-

таировқа 120 рубль төленген [117]. Көбіне аудармашыларды арнайы жалдамаған. Әдетте олар орыс тілін түсінетін осы пункттердің күзетшілері болды.

Алғашқы да, бірқатар елді мекендерде амбулаториялар ашылды, онда тұрғындар дәрігерлерге жүгініп, сол жерде қажетті дәрі-дәрмектерді сатып ала алды, алайда дәрі дәрмектің көлемі де, түрлері де өте аз болды. Тіптен сондай амбулаториялық көмектің өзінің жеткіліксіз болғанын атап өткен жөн. Науқастардың көптігінен, оларға қажетті медициналық көмек көрсетуге барынша көп уақыт бөлу үшін, дәрігерлер науқастарды жылдам тексеруіне (көп болғанда 1-2 минут) тура келді. Көптеген фельдшерлік пункттер мен амбулаториялар тозығы жеткен, санитарлық-гигиеналық нормалар нашар сақталған ғимараттарда орналасқандықтан медициналық мекемелердің қызметкерлері өз жұмысын тоқтатуға мәжбүр болды.

XX ғасырдың басындағы мемлекеттік сметаларға сәйкес емдеу ғимараттары мен медициналық қызметкерлер үшін пәтерлерді салуға 2 миллион рубльден астам қаржы қажет болды.

Түркістан қаласында дәрі-дәрмек сатып алуға болатын алғашқы жеке меншік дәріхананы 1905 жылы 1 наурызда Шмул Аронович Барон ашты.

1905 жылғы 26 желтоқсандағы Заң өңірдің жергілікті облыстарының ауыл халқына медициналық көмек көрсетуіне елеулі өзгерістер енгізді [118; 157]. Жаңа заңға сәйкес ауылдық жерлердің тұрғындары дәрігерлердің қызметін пайдалану мүмкіндігіне ие болды. Бұрын ауыл тұрғындары тек жергілікті фельдшерге ғана жүгінген болатын.

Сырдария облысы 18 дәрігерлік учаскеге бөлінді. Учаскелердің шекарасын әскери губернаторлардың ұсынысы бойынша Түркістан генерал-губернаторы белгіледі. Әрбір учаскеде медициналық штаты 1 дәрігер, 1 фельдшер, 1 фельдшер-акушер [100] болатын 6 төсектік бір ауылдық емхана болды. Жаңа енгізілген заң бойынша учаскелік дәрігер лауазымын әйел дәрігерлермен ауыстыруға рұқсат етілді. Өйткені, дін мен жергілікті ментали-

теттің орнықты дәстүрлеріне байланысты өлкедегі әйелдер аса консервативті болғандықтан іс жүзінде жергілікті дәрігерлердің (емші), тәуіптер мен молдалардың қызметін пайдалану қажет болса да ер дәрігердің көмегіне жүгінбеді. Күшейтілген режим қажет болған жағдайларда өлкенің генерал-губернаторына дәрігерлік учаскеге басқа учаскелерден медициналық қызметкерлердің қажетті санын іссапарға жіберу немесе жергілікті жерлерде уақытша фельдшерлік амбулаториялық пункттер ашу құқығы берілді.

Түркістан әскери округінің қарамағындағы қала тұрғындарын медициналық қамтамасыз ету үшін 1906 жылғы есеп бойынша Түркістан қаласындағы қалалық жедел жәрдем дәрігерінің қабылдау бөлмесіне (5–15 орындық) 2200 рубль қаржы бөлінді. Жол шығынына – 180 рубль, аудармашыға – 120 рубль, кеңсе шығындарына – 70 рубль, қызметшілерді жалдауға – 180 рубль, ұсақ шығындарға – 60 рубль жұмсалған. Науқастарды қамтамасыз еті үшін бір адамға тәулігіне 40 тиын жұмсалады деп қаралды. [119]. Бұл деректен патша әкімшілігінің халық денсаулығына бөлген қаражатының мардымсыз болғандығына көз жеткізуге болады.

1911 жылы қалалық дәрігер Ян Станиславович Мадалинскийдің кезінде күзетшінің бөлмесі науқастарға арналған 4 төсек-орны бар стационарлық бөлімше болып рәсімделді. Санитарлық-гигиеналық нормаларға қайшы келсе де қарауылдың өзі де осында орналасты.

1910 жылы қаланың медициналық персоналы 2 дәрігерден, 1 фельдшерден, 1 акушерден және 1 фармацевттен тұрды. Провизор Баронның дәріханасында 1 фармацевт, 1 дәріханалық шәкірт жұмыс істеді. Бір жыл ішінде 1465 рубль сомасына 1965 рецепт берілді [116; 182]. 1911 жылы стационарда 17 науқас емделді. Амбулаториялық науқастардың саны сол жылы 16 000 адамға жетті.

Түркістан қаласында, Ресей империясының шеткері аймақтарының барлық қалаларындағы сияқты медицина саласын дамыту және халыққа медициналық қызмет көрсету үшін жеткілікті қа-

ражат бөлінген жоқ. Жұмыс істеп тұрған денсаулық сақтау мекемелері – амбулаториялар мен ауруханалар қиын жағдайда болды, медициналық құралдар мен дәрі-дәрмектер жетіспеді. Әйтседе, қала тұрғындары дәстүрлі медицинамен қатар ғылымға негізделген өздері үшін жаңа медицинаға біртіндеп тартыла бастады.

Шетелдік авторлар Ресей империясының жергілікті халыққа қатысты білім беру, медицина, дін мәселелерінде қабылдаған шараларын өлкені отарлау тұрғысынан сипаттаған жөн, ал медициналық қызмет көрсетудегі жетістіктер, сондай-ақ орыс білімі де аймақ халқының мәдени дамуына ықпалы болғандығын атап өтеді [120; 235].

Осылайша, XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында дәстүрлі және орыс медицинасының алғашқы кезеңде қатар өмір сүруі өзара елемеумен сипатталады. Бірақ біртіндеп ресейлік дәрігерлер халық медицинасының сан ғасырлық тәжірибесінің жетістіктерін мойындады. Дәл солай, біртіндеп қаланың мұсылман халқы орыс дәрігерлеріне жүгіне бастады. Өңірге келген, өз ісіне маман ретінде жанқиярлықпен қызмет еткен медицина қызметкерлерінің еңбегін де ерекше атап өткен жөн.

Қарастырылып отырған кезеңде медициналық қызметтердің жаңа түрлері – амбулаториялық пункттер, стационарлар, жұқпалы ауруларға қарсы егулер, науқастарды есепке алу, дәріханалар, дәрігерлер, фельдшерлер және басқа да медицина қызметкерлері пайда болды. Бұл халыққа медициналық қызмет көрсетуді кеңейтуге және жалпы өңірдің, атап айтқанда Түркістан қаласының денсаулық сақтау мәселелерін жақсартуға ықпал етті.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Түркістан қаласы аумағындағы тарихи процестерді ғылыми талдау нәтижелері көрсеткендей, ең көп қайшылықты өзгерістер қоғамдық өмірде орын алды. Отаршыл биліктің бұл бағыттағы саясаты қоғамдық өмірдің мәдени-рухани ерекшеліктерін ескермей, ұлттық мүддені жалпы империялық мұраттармен алмастырды.

Түркі халықтарының рухани санасында өзіндік рөлі бар Түркістан қаласы Ресей империясының шалғайдағы басқару уез-

дерінің бірі болды. Бұндай күрделі құрылымның генезисі аймақтың ғасырлар бойы орныққан саяси, экономикалық және рухани интеграциялық дәстүрлері мен тарихы Ресейдің патша өкіметінің Түркістан қоғамын модернизациялау барысында қалыптасты. Түркістан қаласы Қазақстанның басқа қалалары сияқты Ресей империясының шеткері қалаларының біріне айналды. Олардың барлығында да біртұтас әскери-отаршылдық басқару жүйесі өріс алды. Ресей империясы өлкенің ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылық дәстүрін бұзбай, аймақтың өзін-өзі қамтамасыз етуін қолдай отырып қазынаға кіріс түсіруі үшін менеджментті еуропалық стандартқа сай жаңғыртуға тырысты.

Әдебиеттер:

1. Добросмыслов А.И. Города Сыр-Дарьинской области. Казалинск, Перовск, Туркестан, Аулие-Ата и Чимкент. – Ташкент, 1912. – 204 с.
2. Наливкин В. Краткая история Кокандского ханства. – Казань, 1886. – 215 с.
3. Бейсенбиев Т.К. «Тарих-и Шахрухи» как исторический источник. – Алма-Ата, 1987. – 200 с.
4. Бабаджанов Б. Кокандское ханство: власть, политика, религия. – Токио, Ташкент, 2010. – 744 с.
5. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. Алма-Ата, 1985. – 560 б.
6. Тұрсұн Х. Қазақ-Қоқан-Бұхар қатынастарындағы қоңырат тайпасы (XVI–XVIII ғ.). Елдікті ұлықтаған әулет: Ғылыми мақалалар жинағы. / Құраст.: Х.М. Тұрсұн. – Алматы, 2012. – 272 б.
7. Әбдәкімұлы М. Қоқан хандығының тарихы. // Жалын, 2013. – №10. 34-45 б.
8. Потанин Г. Исследования и материалы. Показание Сибирского казака Максимова о Коканском владении // Вестник Имп., Русского географического общества. – Ч. 23. Кн. 3. Отд. 2. 1860. – С. 65-75.
9. История Казахской ССР в 5-ти томах. Т. 3. – Алма-Ата. 1979.
10. Махаева А.Ш. Тойшыбек би және оның заманы. – Алматы. 2006. – 201 б.
11. Оңтүстік Қазақстан. Энциклопедия. Алматы. 2005. – 503 б.

12. Кенесарин А. Султаны Кенесары и Сыздык. – Алма-Ата. 1992. – 143 с.
13. ҚР ОМА (Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві), 383 қ.,1 т., 83-іс, 54 п.
14. Сайфулмаликова С. ХІХ ғ. бірінші жартысының этносаяси үдерістеріндегі қоңырат тайпасының орны. // Елдікті ұлықтаған әулет: Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы, 2012. – 272 б.
15. ҚР ОМА, 382-қор,1 тізбек, 17-іс, 2 п.
16. Набиев Р. Из истории Кокандского ханства. – Ташкент. 1973. – 58 с.
17. Жүнісбекова Ж. Ресей империясының Сырдария және Жетісу облыстарындағы салық жүйесі (ХІХ ғасырдың ІІ жартысы – ХХ ғасырдың бас кезі). – Алматы. 2004. – 114 б.
18. Туркестанские ведомости. 1876, №16.
19. Махаева А.Ш. Қазақ-қырғыз саяси байланыстарының тарихы (ХVIII ғасырдың екінші жартысы – ХХ ғасырдың бас кезі): тарих ғыл. докт. диссер. – Алматы, 2009. – 310 б.
20. Жубанышов Б. Патша үкіметінің Оңтүстік Қазақстанды жаулап алуы және жергілікті халықтың қарсылығы. // Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті. Хабаршы. №2 (44). 2013. Б. 33.
21. Аваз Мухаммад Аттор Хуқандий. Тарихи Жахоннамои // Шарк юлдузи. – 1991. – №8. – 120 б.
22. Серебренников А.Г. Туркестанский край. Сборник материалов для истории его завоевания 1864. Ташкент. 1914. – Т. 17. Ч. 1. – 192 с.
23. Дәдебаев Ж. Жауғаш батыр // Алматы ақшамы. – 2000. – 19, 26 сәуір.
24. Кенесарин А. Кенесары және Сыздык сұлтандар. – Алматы, 1992. – 48 б.
25. Бартольд В.В. Туземец о русском завоевании // Собр. соч.: в 9 т. – М.: Наука, 1964. – Т. 2. – 345 с.
26. Перечень событий на Сыр-Дарьинской линии, со времени ее учреждения по 1860 г. // Русский Туркестан / под ред. В.Н. Троицкого. – СПб., 1872. – Вып.3. – 246 с.
27. Виноградов В., Умаров О. Вместе к великой цели. – Грозный. 1983. – 27 с.

28. Илхамов З.А. Аликули Амирлашкар и его место в политической истории Кокандского ханства: автореф. ...канд. истор. наук. – Ташкент, 2004.
29. Қазақстан тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін). – Алматы, 2002. Т. 3. – 378 б.
30. Тилеукулов С., Утепбергенова У. К истории присоединения Чимкента к России // Ученые записки госпединститута им. Низами. – Ташкент, 1960. – Вып. 23. – Ч. 3. – 159 с.
31. По горам и степям Средней Азии. Путевые заметки. От укрепления Джулека до города Туркестана. Туркестанские ведомости. Том 297. С.633.
32. Перечень событий на Сыр-Дарьинской линии, со времени ее учреждения по 1860 г. // Русский Туркестан / под ред. В.Н. Троицкого. – СПб. 1872. – Вып.3. – с.246.
33. Киняпин А.С., Блиев М.М., Дегаев В.В. Кавказ и Средняя Азия во внешней политике России. – Москва, 1984. – 255 с.
34. Шахматов В.Ф. Освободительное восстание казахов против Кокандского феодального гнета // Вестник АН Каз.ССР. №10. 1949. С.291.
35. ҚР ОМА, 39-қ., 1-т, 12-іс, 45 п.
36. Зиёев Х. Туркистонда Россия тажовузи ва хукмронлигига қарши кураш (XVIII – XX аср бошлари). – Тошкент, 1998. – 145 б.
37. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. 9-шы том. Кенесары ұрпақтары мұрағат құжаттарында. / Құрастырушы Оразов Р. – Алматы, 2008.
38. Кенесарин А. Кенесары және Сыздық сұлтандар. – Алматы. 1992. – 48 б.
39. Павлов Н. История Туркестана. – Ташкент, 1910. – 163 с.
40. Махаева А.Ш. Қазақ-қырғыз саяси байланыстарының тарихы (XVIII ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезі): тарих ғыл. докт. диссер. – Алматы, 2007. – 229 б.
41. Майлықожа. Дүние-ай. Өлеңдер, сықақтар. Шымкент, 1993. – 36 б.
42. Мирзоолим Мушриф. Ансоб ус-салотин ва таворих ул-хавоқин (Қукон хонлиги тарихи). – Тошкент, 1995. – 71 б.
43. Ахметов Р.А. Алтын Орда қолтумасы немесе «казактардың» жадсыздану тарихы // Ана тілі. 2010. 20 тамыз.

44. Рябинин А. Уральское казачье войско. Ч. II. – СПб., 1866.
45. Карпов А.Б. Уральцы. М., 1960. с. 320.
46. Аничков И.В. Қазақ батыры Жанқожа Нұрмұхамедұлы (Ақ патша әскерінің Сыр бойындағы алғашқы қадамы туралы тарихи очерк). – Алматы, 1991.
47. Казахско-русские отношения в XVIII–XIX веках. / Сборник документов и материалов. (Сост. Ф.Н. Киреев, В.Я. Басин, Т.Ж. Шоинбаев, К.Ж. Жунисбаев, В.С. Мусаева). – Алматы, 1964.
48. Сайфулмаликова С. XIX ғ. бірінші жартысының этносоаяси үдерістеріндегі қоңырат тайпасының орны // Елдікті ұлықтаған әулет: Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы, 2012. – 272 б.
49. Макшеев А.И. Географические и статистические материалы о Туркестанском крае // Записки Императорского Русского географического общества. отд. статистики. – СПб. – 1871. Т. 2. С.42-46.
50. Проект всеподданнейшего отчета генерал-адъютанта К.П. Кауфмана по гражданскому управлению и устройству в областях Туркестанского генерал-губернаторства. 7 ноября 1867 – 25 марта 1881 г. – СПб. 1885.
51. Зияев Х.З. Завоевания Бухарского и Хивинского ханств царизмом. // Общественные науки в Узбекистане. 1990. – №8. – 38-41 с.
52. ҚР ОМА, 145 к., 1 т., 5 іс, 2 п.
53. Bimendiev A.Sh., Kozha M.B., Uskenbay K.Z. A Little-Known Plan of the City of Turkestan in 1854 from the Archive of the Russian Geographical Society // *Bylye Gody*, 2022. №17(1). Pp. 225– 236.
54. Пашино П.И. Туркестаникий край в 1866 году. – СПб., 1868. – 176 с.
55. Дусейбаев У. Застройка Сыр-Дарьинских городов в конце XIX – начале XX вв. (г. Туркестан) // Тенденции развития архитектуры Узбекистана. Сборник науч. трудов. – Т., 1982. 26 с.
56. ҚР ОМА, 118 қор, 1 тізбе, 2 іс, 8-11 шп.
57. Курпалидис Г. Государство Великих Сельджукидов: официальные документы об административном управлении и социально-экономических отношениях. – М., 1992. – 143 с.
58. Литвинов П. Государство и ислам в Русском Туркестане (1865–1917) (по архивным материалам). Елец, 1998. – 319 с.

59. ҚР ОМА, 145 қ., 1 т., 84 іс, 32 п.
60. Лавров М. Туркестан. География и история края. М.: Издание Торгового Дома Думнов, Клочков, Луковников и К., 1914. – 198 с.
61. ҚР ОМА, 145 қ., 1 т., 530 іс, 10 п.
62. Сайфулмаликова С. Бұхарлық еврейлер: саны, әлеуметтік-экономикалық жағдайы (XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басы) // Абай ат. ҚазҰПУ-дың тарих факультеті және оның педагогикалық, ғылыми кадрларды дайындаудағы рөлі: тарихы мен бүгіні. Университет аралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 11.12.2009 ж. Алматы, 2009. – 472 б.
63. Галузо П.Г. Аграрные отношения на юге Казахстана в 1967–1914 гг. Алма-Ата, 1965, – 345 с.
64. РМТА (Ресей Мемлекеттік Тарихи Архиві), 1276 қ., 48 т., 2231 іс, 63-64 пп.
65. Обзор Сырдарьинской области. Сырдарьинская область. Описание составленное по официальным источникам Е. Смирновым. СПб., 1887. – 356 с.
66. РМТА, 1290 қ., 11 т., 2239 іс, 46 п.
67. РМТА, 1290 қ., 11 т., 2239 іс, 97 п.
68. Өмірбекұлы Ж. Түркістан қаласы мен агломерациясының әлеуметтік-демографиялық жағдайы (1867–2009 ж.). Т. ғ. канд. диссер. Алматы, 2010.
69. ҚР ОМА, 145 қ., 1 т., 95 іс, 6-7 пп.
70. ҚР ОМА, 145 қ., 1 т., 227 іс, 47 п.
71. Маев Н. Русский Туркестан. Сборник изданий по поводу Политической выставки. Вып. 1: География и статистика. М., 1872. – 133 с.
72. Абаза К. Завоевание Туркестана. – СПб., 1902. – 316 с.
73. Артыкбаев Ж.О. Кочевники Евразии (в калейдоскопе веков и тысячелетий). – СПб., 2005. – 320 с.
74. ҚР ОМА, 145 қ., 1 т., 534 іс, 12 п.
75. ҚР ОМА, 119 қ., 1 т., 278 іс, 1-2 пп.
76. Отчет ревизующего, по Высочайшему повелению, Туркестанский край тайного советника Гирса. – Б.м., 1884. 467 с.
77. РМТА, 1288 қ., 48 т., 1665 іс, 20 п.

78. ҚР ОМА, 145 қ., 1 т., 491 іс, 2 п.
79. Суворов. В.А. Историко-экономический очерк развития Туркестана. Ташкент, 1962. – 172 с.
80. Дусейбаев У. Застройка Сыр-Дарьинских городов в конце XIX – начале XX вв. (г. Туркестан) // Тенденции развития архитектуры Узбекистана. Сборник науч. трудов. – Тошкент, 1982.
81. ҚР ОМА, 1129-қ, 5-т, 31-іс, 4-п.
82. ҚР ОМА, 1129-қ, 5-т, 31-іс, 5-п.
83. Dinasheva L.S., Isabek B.K., Kozgambayeva G.B., Sandybayeva A.D. Changes. Development and Features of Agriculture in the Syrdarya Region of Turkestan (second half of the XIX – early XX centuries // *Bylye Gody*. 2023. №18(1). Pp. 344–352.
84. ҚР ОМА, 145-қ, 1-т, 5-іс, 8-п.
85. Бендриков К.Е. Очерки по истории народного образования в Туркестане (1865–1924). – М., 1960. – 520 с.
86. ТОМА 1129-қ, 6а т., 17 іс, 22 п.
87. Сабитов Н. Мектебы и медресе у казахов. – Алма-Ата, 1950. – 42 с.
88. ҚР ОМА, 145-қ., 1-т., 84 іс, 54, 59 п.
89. Баргольд. История культурной жизни Туркестана. – Л., 1927. – 256 с.
90. ҚР ОМА 145 қ., 1-т., 95-іс, 6-7 пп.
91. РМТА, 733 қ., 171 т., 1876 іс, 1 п.
92. ҚРОМА, 145 қ., 1-т., 84 іс, 55 п.
93. РМТА, 733 қ., 191 т, 1396 іс, 1–3 п.
94. ТОМА. 1129 қ., 6а-т., 12 іс, 6-9 пп.,
95. РФМА (Ресей Федерациясының Мемлекеттік Архиві), 543-қ., 1-т., 483 іс., 21-п., 67-70 пп.
96. Алексеев И.Л. Н. П. Остроумов о проблемах управления мусульманским населением Туркестанского края //Сборник Русского исторического общества. Т. 5 (153). Россия и мусульманский мир. М., 2002.
97. Жолсеитова М. Қазақстандағы мұсылмандық білім беру жүйесінің тарихынан. – Алматы, 2004. – 64 б.
98. Dinasheva L., Sandybaeva A., Kaibuldaeva G7, Primkulova G. Features of the Formation and Establishment of the Public Education in the

- Turkestan Region in the Late XIX – Early XX Centuries // *Man In India*, №97 (26) Part 3: 347-356.
99. Махмудов М. Становление и развитие медицины и здравоохранения в Средней Азии (1867–1924 гг.). Дисс. соиск. уч. ст. док. ист. наук. Ташкент. 1992. – 243 с.
100. Туркестанские ведомости. 9 октября, 1910. №30. с.15
101. Ягмин А. Киргиз-Кайсацкие степи и их жители. СПб., 1845, 101 с.
102. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. Алматы, 1996. – 656 с.
103. Краснов А.Н. Очерк быта семиреченских киргиз. СПб., 1887. – 46 с.
104. Колосов Г.А. О народном врачевании сартов и киргизов Туркестана. СПб, 1903. – 63 с.
105. Маев Н. Русский Руркестан. Вып. 2. – Ташкент, 1872. С. 289.
106. Мачинский Н. От г. Оренбурга до г. Туркестана. Санитарные наблюдения. – Казань, 1890. 380 с.
107. ҚР ОМА, 119 қ., 2 т., 26 іс, 89 п.
108. ҚР ОМА, 145 қ., 1 т., 565 іс, 1-3 пп.
109. ҚР ОМА, 145 қ., 1 т., 391 іс, 22 п.
110. ҚР ОМА, 119 қ., 2 т., 26 іс, 57, 59 п.
111. Обзор Сырдарьинской области за 1890 год. Ташкент, 1892. – 306 с.
112. Васильев Н. Наша общая беда и как помочь ей // *Окраина*. 1895. №61.
113. ҚР ОМА, 145 қ., 1 т., 255 іс, 11-12 пп.
114. ҚР ОМА, 145 қ., 1 т., 255 іс, 23 п.
115. ҚР ОМА, 145 қ., 1 т., 255 іс, 80 п.
116. Обзор Сырдарьинской области за 1910 год. – Ташкент, 1911. – 193 с.
117. ҚР ОМА, 145 қ., 1 т., 4991 іс, 53 п.
118. Полное собрание законов Российской империи. Собрание третье. Том XXV. 1905. Отделение I. От №25605-27172 и дополнения. СПб, 1908.
119. РМТА, 1149 қ., 13 т., 34 іс, 35 п.
120. *Russia s Protectorates in Central Asian Empire 1885–1917 // Russian Colonial Expansion to 1917* Ed.by M/Rywkin. London. New York. Mansell, 1987. P. 235.

2 РЕСЕЙДЕГІ ТӨҢКЕРІС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ЖӘНЕ КСРО ТҰСЫНДАҒЫ ТҮРКІСТАН (1917–1989 ж.)

2.1 Түркістан қаласы және ұлттық автономиялар

1917 жылы Түркістан қаласы тұрғындары патша үкіметінің құлатылуын зор қуанышпен қарсы алды. Олар патша өкіметінің құлатылуы халықтың өзі-өзін басқаруға жол ашады деп қабылдады. Түркістан қаласының халқы Уақытша үкіметке барынша қолдау танытатынын білдірді.

Қаладан төрт шақырымдай қашықтықта орналасқан Түркістан теміржол вокзалының құрылысымен Нахаловка тұрғындары деп аталатын үлкен ауыл құрылды және учаскелік полиция капитаны Борис Петрович Тризна құрметіне Борисов ауылының әкімшілігі құрылды. Қала мен стансасының арасын қосуы қала аумағын кеңейтуге мүмкіндік беріп, тұрғындар санының артуына әкелді.

Темір жол құрылысы көп жаңалық әкелді. Түркістанда еуропалық үлгідегі жаңа ғимараттар бой көтерді: локомотив депосы, теміржолшылар саябағы (қазіргі таңда Н.Ондасынов саябағы) аурухана, су құбырының мұнарасы, демалыс үйі. XX ғасырдың бас кезінде қала аумағы 1400 гектарға алып жатты. Қала халқының саны 1910 жылы 15 мың адамды құрады. Осы кезде Түркістан қаласында 3616 үй, 41 мешіт, 2 кластық қалалық училище, қыздар училищесі, 1 медресе, 23 мектеп, 2 шіркеу болды. 1912 жылы қалада өнеркәсіп орындарынан 4 мақта тазалайтын, 10 май шайқайтын, 8 сабын қайнататын, 5 кірпіш зауыты, 15 су диірмені жұмыс істеді.

1917 жылы 19 сәуірде Уақытша үкімет Түркістан комитетінің төрағасы бұйрығымен подполковник Борис Тризна Сырдария

облыстық комиссары болып тағайындалды. 1918 жылы маусымда Түркістан темір жолының облыстық әскери халық қорғау комиссары, 1922 жылы Шымкент сантонин зауытында дермене тоғайларын қорғау басқармасының бастығы, кейін осы кәсіпорын директорының көмекшісі болды. 1924 жылы Шымкент мұражайының директоры қызметін атқарса, 1925–1936 жылдары Борис Петрович Тризна Ақсу-Жабағылы қорығын ұйымдастырып, оның алғашқы директоры болды. Борис Тризна еңбек еткен шағын елді мекен Кеңес өкіметі кезінде де теміржолшылардың ауылына айналған.

Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті мүшелері 1917 жылы сәуірде Ташкентте өз жұмысына кіріскеннен кейін Түркістан қаласына өз комиссарын тағайындау жөнінде жарлық шығарды. Алайда бұл жарлық Уақытша үкімет тұсында орын алған дағдарысты жағдайларға байланысты орындалусыз қалды. Осыған карамастан Түркістан қаласы саяси өмірдің жандануында өзіндік елеулі рөл атқара білді. Бұған Түркістан қаласында «Шуро-и-Улема» ұйымының съез өткізуін мысал ретінде келтіруге болады.

Бүкілресейлік құрылтай жиналысына сайлау кезінде депутаттыққа кандидаттар ұсынуда Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі барлық ұлттық ұйымдар атынан бір тізім жасау керектігін ұсынған болатын. Бірақ мұндай ұсыныстан, яғни «Шуро-и-ислам» ұйымымен бірлесе Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидаттар белгілеуден «Шуро-и-улема» ұйымы бас тартты. 1917 жылы 2 қазанда «Шуро-и-улема» ұйымы Түркістан қаласында Сырдария облысы мұсылмандарының съезін өткізіп, онда Құрылтай жиналысына өз алдына бөлек депутаттыққа кандидаттар тізімін жасады. 14 адамнан тұратын бұл кандидаттар тізімі қатарында С.Лапин, С.Махмұдқожа, С.Алдабергенов, С.Нұрмұхамедов, Садық Қожа ишан, Х.Ибрагимов, Т.Ғалым, О.Мерейов, М.Мабирхан, Ө.Топчибашев, Қ.Бұралқиев, С.Юсупов, С.Наргелов, Ғ.Махдум бар еді [1].

«Шуро-и-улема» ұйымы атынан Сырдария облысы мұсылмандарының съезінде Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутат-

тыққа кандидат ретінде ұсынылғандарға ұлттық демократиялық күштер көңілдері толмайтындығын баспасөздер арқылы білдіріп жатты. Бұл жөнінде «Бірлік туы» газетінде: «Сырдария облыстық мұсылман съезі шын мәніндегі облыстық съезд болмаған. Өйткені, оған Қазалы һәм Әулиеата уездерінен тіпті ешкім келмеген. Барғандардың көбі Ташкенттен ертіп апарған Сералымен Садық Қожа ишанның өз адамдары болған. Құрылтай жиналысына баратын адамдар саясат ісінен хабардар болуы керек. Олардың ұсынған тізімінде ондай адам жоқ. Көбі молдалар мен ишандар. Олар Петроградқа Николайдың жаназасын шығаруға бармаса, Құрылтай жиналысындағы топқа түсуге жарайтын адамдар емес» [2; 1], – деп жазды.

«Шуро-и-улема» ұйымының Түркістанда өткізген съезінен кейін 1918 жылы қаңтарда Сырдария облысының демократиялық күштері съез өткізуді жөн санады. Сырдария облыстық қазақ съезі деп аталған бұл съез 1918 жылы қаңтардың 6-9 аралығында Түркістан қаласында өтті. Оған 82 өкіл жиналды. Олардың құрамында Перовск уезінен – 15, Әулиеата уезінен – 3, Ташкент уезінен – 9, Қазалы уезінен – 5, Черняев уезінен – 10, Түркістан қаласынан – 20 өкіл болды. Съезге Алашорда үкіметі атынан Б.Құлманов, Т.Құнанбаев, М.Дулатов қатысты. Сондай-ақ съезге Түркістан автономиясы атынан және Орал облысының Темір уезі мен Торғай облысының Ырғыз уезі қазақтарынан бірнеше өкіл келді. Съезге М.Шоқай пен М.Тынышбаев арнайы шақырылған болатын. Бірақ олар бұл съезге қатыса алмады. Съезде Сырдария облысының қазақтарының Алаш автономиясына қосылу жайы басты мәселе етіліп қойылып, қызу талқыланды. Сөйтіп, бұл жөнінде қабылданған қаулыда Сырдария облысы осы күні тегіс Түркістан автономиясында болғандықтан әзірге Түркістан автономиясы құрамында қалады; Алаш автономиясы жарияланып, Түркістан автономиясымен одақ болса, Сырдария қазақтары сол күннен Алаш автономиясына қосылады; Сырдария қазақтары қосылғанда Алаш автономиясының астанасы Түркістан қаласы болады делініп көрсетілді. Осыдан соң Торғай облысының Ырғыз

уезінен келген өкілдер сөз алып, олар 1917 ж. 28-29 желтоқсанда Ырғыз уезі қазақтарының съезі өткенін және онда Сырдария облысы қазақтары қайда болса, Ырғыз қазақтары да сонда болу туралы қаулы қабылдағанын, яғни Сырдария облысы қазақтарымен бірге Түркістан автономиясына кіруді қалайтындықтарын білдірді. Осыған орай съезде егер белгілі бір себептермен Алаш автономиясы жарияланбай қалса, онда Ырғыз қазақтарының Түркістан автономиясына қосылуына Сырдария облысы қазақтары көмек көрсететіні жөнінде шешім қабылданды. Съезде Ташкенттегі кеңестік биліктің өкілі комиссар П.Г. Полтарацкий кезектен тыс сөз алып, Қоқанда жарияланған Түркістан автономиясы халық тілегіне қайшы келеді деген мазмұндағы пікірін алға тартты. Мұндай пікірге съезге қатысушылар қарсылық танытып, П.Г. Полтарацкийдің съезді тастап, шығып кетуіне мәжбүр етті. Делегаттар халық арасындағы большевиктер озбырлығы мәселесін қарап, қазақтар большевиктер үкіметін мойындамайды және олардың айтқанына еріп, айдағанына жүрмейді деген қаулы қабылдады. Бұл қаулыда большевиктерге еріп, халық берекесін кетірген қазақ азаматтарына наразылық білдірілуі керектігі де айтылды. Делегаттар Түркістан автономиясына сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де қолдау көрсету жөнінде шешім қабылдады. Съезде Түркістан автономиясының Ұлттық кеңесіне Ақмешіттен М.Шоқай, Әулиеатадан Ә.Кенесарин, Шымкенттен С.Сейітов, Ташкенттен Ә.Көтібаров, Түркістаннан Д.Алтынбаев, Қазалыдан М.Күзембаев ұсынылды. Облыс аумағында қазақ милициясын құру мәселесі съезде арнайы қаралып, бұл істі жүзеге асыру Түркістан автономиясының Уақытша үкіметіне мүше болып сайланған азаматтарға және қазақ ұйымдарына тапсырылсын деген ұйғарым жасалды. Мұнан соң съезде делегаттар облыс тұрғындары азық-түлік тапшылығынан аштыққа ұрына бастағанын талқылап, мұны тез арада шешудің жолдарын қарастыру жөнінде Түркістан автономиясының Уақытша үкіметі атына өтініш жасалсын деген қаулы шығарды [3].

Осылайша, Алаш автономиясымен Түркістан автономиясы одақ құрған жағдайда Түркістан қаласы Алаш автономиясы-

ның астанасы болып жарияланатын болды. Алайда, сол тарихи кезеңде орын алған оқиғаларға байланысты Алаш автономиясы жарияланбай қалды. Алашорда үкіметінің мұны жүзеге асыру жолындағы әрекеті кеңестік биліктің орнығуына байланысты нәтижелі бола қоймады. Оның үстіне 1918 жылы көктемде Ташкенттегі кеңестік билік Түркістан автономиясын қару күшімен талқандады. Мұндай жағдайда Түркістан автономиясының төрағасы Түркістан өлкесінен кетуге мәжбүр болды.

2.2 XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Түркістанның тарихи тұлғалары

Тілеулі Алдабергенов. Түркістан қаласының арық ақсақалы Тілеулі Алдабергенов Ресейдің II Мемлекеттік Думасына Сырдария облысынан депутат болып сайлануы оның ел ішіндегі танымал да беделді тұлға болғандығын айқындайды.

Т.Алдабергенов туралы осы кезге дейін біршама деректердің айналымға шыққандығына қарамастан ол әзірге ғылыми тұрғыда толық тұлғалана қойған жоқ. Демек, оның қоғам қайраткері ретіндегі тарихтағы алар орны мен атқарған рөлі айқындалған жоқ.

Тілеулі Алдабергеновке қатысты ӨРОМА қорларында сақталған деректер: Түркістан уезіндегі еврейлердің әрекетін тексеру үшін титулярлық кеңесші Карцев мынадай анықтама берген: Түркістан қаласының ақсақалы қазақ Тілеулі Алдабергенов еврейлерге 10 мың рубль қарыз, Түркістан ақсақалдығының қарызы 30 мың рубль болған... Түркістанға жақын Хантағы болысы бұрын ең бай болыстардың бірі саналса, қазір қайыршы халге түсіп, еврейлерге 100 мың рубль қарыз, Түркістан уезіндегі 9 көшпелі қазақ болысы, 2 сарт болысы және 1 ақсақалдықтың қарызы 600 мың рубльге жеткен [4]. Т.Алдабергеновтің өмірбаянын қалпына келтіру алдағы уақыттың еншісі деп білеміз.

Сұлтанбек Қожанов. 1916–1917 ж. Ташкент қаласында қазақ зиялыларының «Кеңес» атты астыртын саяси үйірмесі жү-

мыс істеген. Ол үйірменің саяси бағыты большевиктік идеядан алыс, алаштық рухта болатын. Түркістан қаласында С.Қожановпен бірге 1918–1920 ж. бірқатар жауапты қызметтер атқарған, Ленинмен кездескендігі жөнінде естеліктер жазған Дүйсенбай Нысанбаевтың құпияхат (донос) сипатындағы деректеріне [5] жасалған сыни талдау «Кеңес» үйірмесінің қызметін ғылыми қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Оның партиялық басшылыққа, ОГПУ органдарына Түркістандағы алашордашылардың қызметіне қатысты айғақ ретінде ұсынған құпияхаты тікелей Қырғыз (қазақ) өлкелік партия комитетінің хатшысы С.Қожановтың ұлтшылдық қызметін әшкерелеуге арналған. Сұлтанбектің саяси мансабына орны толмас нұқсан келтіргенімен қазіргі кезде оның Алаш қозғалысына тікелей қатыстылығын айғақтайтын аса құнды деректер қатарына еніп отыр.

1917 жылы қарашаның 26 күні басталған Қоқан қаласындағы Бүкілтүркістан мұсылмандарының IV съезі Түркістан мұхтарияты (автономиясы) атты ұлттық үкіметін жарияланғанда «Бірлік туы» газеті осы мемлекеттік құрылымның қазақ, өзбек, орыс тіліндегі үш баспасөз органының біріне айналды. Осы съезге делегат болып қатысқан С.Қожанов газет беттерінде тәуелсіздік идеясын насихаттауға белсене араласты. Түркістан мұхтарияты басшылығындағы ұлттық элитаның көшбасшылары М.Тынышпаев, С.Лапин, М.Шоқай, С.Ақаев, С.Өтегенов, Ә.Оразаевтар Алашорда үкіметімен байланыс орнатып, қазақ мемлекетінің тұтастығы мәселесін алғаш рет ұлттық идея ретінде күн тәртібіне қойды.

Бұл идея 1918 ж. 4-9 қаңтарында Түркістан қаласында өткен Сырдария облысы қазақтарының съезінде арнайы қарастырылды. Алашорда үкіметінің атынан Б.Құлманов, Т.Құнанбаев, М.Дулатовтар қатысқан съезд шын мәнінде Алаш қозғалысының оңтүстіктегі ұйымдастырған ірі саяси шаралардың біріне айналды. Түркістан қазағын алашқа қосу мәселесін талқылаған съезд жөнінде «Сарыарқа» газетінің «Алаш һәм Түркістан» мақаласында «Съезде Алашқа қосылмаймыз деген ешкім болған жоқ:

кәрі-жас, қарасы-төресі, байы-кедейі бірауыз болды» [6] деп ұлттық идеяның қолдау тапқандығы жазылды. Сұлтанбек Түркістан қаласындағы осы съезді ұйымдастырушыларының бірі болатын.

Оған 82 өкіл жиналды. Олардың құрамында Перовск уезінен – 15, Әулиеата уезінен – 3, Ташкент уезінен – 9, Қазалы уезінен – 5, Черняев уезінен – 10, Түркістан уезінен – 20 өкіл болды. Сырдария қазақтарының облыстық съезінде Алаш зиялылары ұлттық мемлекеттіліктің аса маңызды белгісі – территориялық тұтастыққа қол жеткізу идеясын көтерді. 5–13 желтоқсан 1917 ж. Орынбор қаласында өткен Жалпы қазақ-қырғыз съезінің Түркістан қазақтарын Алаш автономиясына қосу мәселесі шешімін таба алмады. Осы съезді шақыруға шешім қабылданып, Ә.Бөкейханов пен М.Шоқайдың «Қазақ» және «Бірлік туы» (№17 1917 ж. 14 желтоқсаны) газеттерінде жарияланған «Сырдария облыстық съезін шақыру туралы» жеделхатында «съезге болыс басы бір кісінің үстіне мына кісілер арналып шақырылды» деп арнайы тізім ұсынған. Съездің ұйымдастыру жұмысында Түркістан төңірегінде туып өскен С.Өтегенов, С.Қожанов, Қ.Қожықов және С.Алдабергеновтер белсене қызмет жасаған. С.Қожановтың съезге қатысқандығын оның Сырдария қазақтарының облыстық съезінде сөйлеген сөзі «Бірлік туы» газетінің идеясы негізінде болды және оның большевиктермен бітіспестігін танытты» деген дерек айғақтайды.

Съезге Алашорда үкіметі атынан Б.Құлманов, Т.Құнанбаев, М.Дулатов қатысты. Сондай-ақ съезге Түркістан автономиясы атынан және Орал облысының Темір уезі мен Торғай облысының Ырғыз уезі қазақтарынан бірнеше өкіл келді. Съезге М.Шоқай пен М.Тынышбаев арнайы шақырылған болатын. Бірақ олар Түркістан Мұхтариятындағы кабинеттік дағдарысқа байланысты съезге қатыса алмады. Съезде Сырдария облысы қазақтарының Алаш автономиясына қосылу жайы басты мәселе етіліп қойылып, қызу талқыланды. Сөйтіп, бұл жөнінде қабылданған қаулыда Сырдария облысы осы күні тегіс Түркістан автономиясында болғандықтан эзірге Түркістан автономиясы құрамында

қалады; Алаш автономиясы жарияланып, Түркістан автономиясымен одақ болса, Сырдария қазақтары сол күннен Алаш автономиясына қосылады; Сырдария қазақтары қосылғанда Алаш автономиясының астанасы Түркістан қаласы болады деп көрсетілді. Осыдан соң Торғай облысының Ырғыз уезінен келген өкілдер сөз алып, олар 1917 ж. 28-29 желтоқсанда Ырғыз уезі қазақтарының съезі өткенін және онда Сырдария облысы қазақтары қайда болса, Ырғыз қазақтары да сонда болу туралы қаулы қабылдағанын, яғни Сырдария облысы қазақтарымен бірге Түркістан автономиясына кіруді қалайтындықтарын білдірді. Осыған орай съезде егер белгілі бір себептермен Алаш автономиясы жарияланбай қалса, онда Ырғыз қазақтарының Түркістан автономиясына қосылуына Сырдария облысы қазақтары көмек көрсететіні жөнінде шешім қабылданды. Съезде Түркістан автономиясының Ұлттық кеңесіне Ақмешіттен М.Шоқай, Әулиеатадан Ә.Кенесарин, Шымкенттен С.Сейітов, Ташкенттен Ә.Көтібаров, Түркістаннан Д.Алтынбаев, Қазалыдан М.Күзембаев ұсынылды. Бұл тізімдегі М.Шоқай Түркістан Мұхтарияты Уақытша Ұлттық кеңесінің мүшелігіне 28 қарашада сайланған болатын. Ал тізімдегі одан басқа қайраткерлер Ұлттық кеңес құрамындағы қазақтардың үлес салмағын арттыру мақсатында қосымша ұсынылған деп білеміз. Облыс аумағында қазақ милициясын құру мәселесі съезде арнайы қаралып, бұл істі жүзеге асыру Түркістан автономиясының Уақытша үкіметіне мүше болып сайланған азаматтарға және қазақ ұйымдарына тапсырылсын деген ұйғарым жасалды. Мұнан соң съезде делегаттар облыс тұрғындары азық-түлік тапшылығынан аштыққа ұрына бастағанын талқылап, мұны тез арада шешудің жолдарын қарастыру жөнінде Түркістан автономиясының Уақытша үкіметі атына өтініш жасалсын деген қаулы шығарды.

Қ.Қожықов 1918 ж. қаңтарда Түркістан қаласында өткен Сырдария облысы қазақтарының съезі туралы «Орынбордағы алашордалықтар ұйымдастырған еді. Мен олардың саясатын мақұл көргенмін, бір мәселені өз тарапымнан үзілді-кесілді қойдым.

Ол – Қазақстанның орталығы ретінде Оңтүстіктегі қалаларының бірі болсын деген ұсынысым еді» деп жазады.

Сырдария қазақтарының облыстық съезі нақты шешім қабылдай алмағанымен қазақ елі мен жерінің тұтастығы мәселесі Алаш Орда үкіметі тарапынан ресми талқылануы арқылы оның ұлттық идеяға айналуына негіз қалап, тарихи маңызға ие болды.

Қожықов Қоңырқожа (1880 ж. Перовск уезінің Хан ауылында 20 шілдеде дүниеге келген – 15 ақпан 1938 ж., Алматы қаласы қ.б.) – Алаш қайраткері, ағартушы-педагог.

Ауыл мектебінде ескіше сауат ашқан, Перовск қалалық училищесінде білім алған. Ташкент қаласындағы Түркістан мұғалімдер семинариясының түлегі. Мамандығы мұғалім.

1905–1906 ж. Перовск уезі №6 ауылда жаңа тәсілді 4 сыныптық мектеп ашты. Одан кейінгі жылдары Андижан қалаларында мұғалімдік жасады. 1912 ж. Шымкент уезі Қарнақ ауылында жәдиттік мектептің меңгерушісі болып қызмет істеп, қазақ оқушыларына арналған «Әліппе» жазып, Орынбор қаласында Фатих Каримидің баспасынан жарыққа шығарды [7]. 1912 ж. осы баспадан А.Қасымов, С.Жәңгіровпен бірге «Русие патшалығында Романов нәсілінен хукіманлық қылған патшалардың тарихлары» [8] атты еңбегі жарық көрді.

Ә.Бөкейханов бастаған бір топ ұлт зиялылары 1917 ж. 15 наурызда Минск қаласынан қазақ даласына қалыптасқан жағдайдың мән-жайын баяндап жолдаған жеделхатта Андижанда қызмет істеп жүрген Қоңырқожа Қожықов есімі аталады.

Қоңырқожа Қожықов 1917 ж. 2-5 тамызда Ташкент қаласында өткен Түркістан қазақ-қырғыздарының съезінде съезд төралқасына сайланып, Құрылтай жиналысына Сырдария облысынан депутаттыққа кандидат болып ұсынылады. 1917 ж. 26 қарашада жарияланған Түркістан мұхтарияты Халық Кеңесінің құрамына енген. Оның есімі Алаш қозғалысы тарихының деректерінде жиі аталады.

Қожықов Қ. өмірбаянында 1918 ж. қаңтарда Түркістан қаласында өткен Сырдария облысы қазақтарының съезі туралы

«Орынбордағы алашордалықтар ұйымдастырған еді. Мен олардың саясатын мақұл көргенмін, бір мәселені өз тарапымнан үзілді-кесілді қойдым. Ол – Қазақстанның орталығы ретінде Оңтүстіктегі қалаларының бірі болсын деген ұсынысым еді» [9] деп жазады.

Өлкелік Халық ағарту комиссариаты құрған Мемлекеттік ғылыми комиссияның жанындағы «Талап» қоғамының мүшесі ретінде халық ағарту ісіне араласқан. С. Асфендияров пен П.А. Кунтенің редакциясымен 1936 ж. жарық көрген «Прошлое Казакстана в источниках и материалах» жинағын құрастырушылардың бірі.

Түркіатком мүшелігіне сайланып, осы органның өкілетті өкілі ретінде «Қосшы» одағын құруға қатысты және оның Орталық комитетінің мүшесі болып сайланды. Жер істері халкомында бөлім меңгерушісінің орынбасары қызметін атқарды.

1938 ж. 27 қаңтарында ҚКСР ІХК Мемлекеттік қауіпсіздік басқармасы тұтқынға алған, 15 ақпанда ату жазасына кесілген. Түркістан әскери округі Әскери трибуналы 1957 ж. қылмыс құрамының болмауына байланысты толық ақтады.

2.3 Түркістан қаласы – Алаш қозғалысы орталықтарының бірі

Түркістан қаласының тарихы аса бай әрі мазмұнды. Оның қазақ тарихындағы атқарған миссиясы орта ғасырлардағы ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасуына қатысты тарихи процестермен ғана шектелмейді. ХХ ғасырдың бас кезінде де Түркістан қазақ жеріндегі қызу саяси процестердің орталықтарының бірі болды.

Осыған байланысты Түркістан өлкесіндегі ұлт-азаттық қозғалысты Алаш қозғалысымен тарихи сабақтастықта салыстыра қарастырудың маңызы зор. Бұл екі қозғалыс бірін-бірі толықтырған, сонымен бірге бір-бірімен ерекшеліктері де көп құбылыстар болғандықтан да оларды өзара ықпалдастықта қарастырған орынды болады. Оның үстіне Алаш қозғалысының тарихы дегеніміз оған

қатысқан жеке тұлғалардың да тарихы екендігі белгілі. Тарихи әдебиеттерде Алаш партиясына мүше немесе оған тілектестікте болған 300-ден астам жеке тұлғалардың есімдері белгілі. Бұл сан алдағы уақытта одан да ұлғаюы әбден мүмкін. Осы аталған әрбір тұлғаның өмірбаяны қалпына келтірілсе Отан тарихының мазмұны бұрынғыдан да толығырақ түсер еді. Әзірге Алаш қайраткерлерінің басым бөлігінің тарихи өмірбаяны қалпына келтіріле қойған жоқ. Тарихшылардың назары ауа қоймаған Түркістан қаласының шыққан алаштық тұлғалардың бірі – Садық Өтегенов. Түркістан қаласында туып өсіп, Түркістан өлкесіндегі Алаш қозғалысының көрігін қыздырған С. Өтегенов Ташкентте мұғалімдер семинариясын бітірген, ескіше, жаңаша сауатты, ұлт-азаттық идеяларымен жақсы таныс болатын.

Орынбор қаласындағы І Жалпықазақ съезінде көтерілген қазақ даласындағы ұлттық бірлік, ұлттық мемлекеттілік түріндегі алаштық идеяны Түркістанда іске асыруда бірқатар ерекшеліктер болды. Атап айтқанда, оның ең бастысы – өлкедегі Сырдария және Жетісу облыстарын қазақ еліне қосуға бағытталды. Ұлт мүддесін ұлықтап, тәуелсіздік идеясын Түркістан өлкесінде тынбай насихаттаған қайраткерлердің бел ортасында С.Өтегенов те болған еді.

Ұлттық элитаның көшбасшысы Ә.Бөкейханов бастаған бір топ ұлт зиялылары Минск қаласынан қазақ даласына қалыптасқан жағдайдың мән-жайын баяндап жеделхат жолдаған. Осы жеделхаттың Түркістан қаласындағы С.Өтегеновке жолдануы да оның өз кезіндегі қоғамдық-саяси оқиғаларға белсене араласқандығын аңғартады. Жеделхатқа қол қойғандардың бірі М.Дулатовтың саяси және шығармашылық қызметі Түркістан қаласымен де, Түркістан өлкесімен де тығыз байланыста дамыды.

М.Дулатов Түркістан қаласына келгенде Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің жағдайы қатты алаңдатты: «Қожа Ахмет Иасауидің бірнеше бөлмелері бұзылып, құлағалы тұр деп қауіп айтып, hükümet осы күні печаттап қойыпты. Абылай хан жатқан бөлме, ақ сарай деген бөлме, зияратхана деген бөлме һәм мешіттің құдығы

– бәрі де жабулы. Бұл мешітке қолсалар ие болып тұрғанда жұрттан жылында миллиондап ақша жиылса да, пайда жоқ. Мешіттің тарихи бір белгі болып мәңгіге қалуын тілеушілер болса, оны түзетуді археологический обществолардың біріне тапсырып, қайдан болса да жиылған ақшаның жарты тиыны артық болмайтын жолмен жиылып, инженерлерді сол общество өзі жалдап түзеттірсе ғана мақсат қабыл болар еді. Болмаса енді біраз жылдарда бес-алты жүз жыл өмір сүрген Қожа Ахмет Иасауи мешітінің орнында үйіліп бір оба томпайып қалуы ғажап емес» [10].

Ол 1912 ж. Семей түрмесінен шыққаннан соң Түркістан қаласын паналайды. Елге жазған хаттарында Түркістанда Садық Өтегенұлы, Қоңырқожа Қожықов, оның жұбайы Латипа Лапина деген оқыған, мәдениетті кісілермен танысқандығын» жазады. Осы хаттағы ең бір маңызды дерек, Түркістан қаласындағы қазақ, өзбек байлары мен қырғыз манаптары Міржақыпқа мол қаржы жинап берген. Орынборға келіп А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейхановтармен ақылдасып «Түркістанда жиналған мол қаржыны, Уфадағы «Ғалия» медресесі шәкірттерінің қосқандарын «Қазақ» газетін шығаруға бағыштаған [11]. М.Дулатов С.Өтегенов туралы қомақты деректер қалдырған.

Қаланың зиялыларымен сыйласып, мектеп, медреселерін аралаған жазушының Сұлтанбек Қожановпен таныстығы осы кезден басталған. Осыған байланысты «дәл осы кезде орыс-қазақ мектебінде оқып жүрген Сұлтанбектің Міржақыпқа жолығып, одан аса құнды пікір естіп, өміріне азық боларлық нәр бағдар тапқаны атап көрсетерлік нәрсе» [12] деген академик Р.Бердібайдың пікіріне ден қоюға болады. Өйткені, Сұлтанбек Міржақыпқа қамқор болған С.Өтегеновты өзіне ұстаз тұтқан және олар жақын араласқан.

Кейін бұл үшеуінің жолы 1921 ж. Ташкентте түйіседі. Олардың арасында ұлттық мүдде төңірегінде терең түсіністік орнағанын аңғарамыз. С.Қожанов ұлттық элитаның жоғарғы эшелонындағы басқару элитасының өкілі болса, М.Дулатов республикадағы шығармашылық элитаның көрнекті өкілі еді. Ол «1921 ж. Таш-

кентке шақырылып, «Ақ жолдың» басшылығына тағайындалды» [13]. Әрине, бұл шақырудың С.Қожанов пен С.Өтегеновтың та-рапынан болғандығын аңғарамыз.

С.Өтегеновтың М.Шоқаймен байланысы саяси-идеялық қана емес, туыстық, жолдастық сипат алады. Елде қалған Шоқайдың достары оған хат жазып тұрған. Мысалы, сондай хаттардың бірі туралы Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының тағы бір көрнекті тұлғасы А.З. Валиди «бұл бізге жеткен бірінші сәлем хат» дейді, бірақ ол М.Шоқайдың оған дейін де Түркістанмен астыртын түр-де хабарласып тұратынын білмейтін.

Парижде елін, жерін аңсаған Мұстафа Шоқай өткен күндерді еске алып, досы Садық Өтегенов туралы мынадай мақала жаза-ды: «Петербургке қайтып оралған соң, түркістандық Өтегенұлы Садық деген досымның өзінің Петербургке келмек екенін ай-тып жолдаған бір телеграммасын алдым. Келетін күні мен оны вокзалға барып қарсы алдым. Екеуіміз мен тұрған жерге келдік. «Аздаған алтын ақша әкелдім. Түрік елшісіне өз қолыммен та-быс етуім керек еді» деді ол маған ентігін басып үлгермей жа-тып. Ол кезде Түркияның Петербургтегі елшісі Тұрхан паша бо-латын. Арада екі күн өткен соң, кешке таман көшеде адам аяғы саябырлаған кезде, Садық екеуіміз Түркия Елшілігіне келіп Тұр-хан пашаның қабылдауында болдық. Түрік елшісі кең қабылдау бөлмесінің ішінде оңаша отырып, бізді мұқият тыңдады. Садық оған түрік жаралыларын емдеу үшін шалғайдағы Түркістанда тұратын түрік қандастары жинаған азын-аулақ ақша әкелгенін айтқанда, елшінің көңілі босап, көздерінен жас парлады. Оған қосылып Садық екеуіміз де жылап алдық... Қадірлі Садық, сен қазір қайда жүр екенсің? Әлде Түркістанның қазіргі қожайында-ры жағынан итжеккенге кеттің бе? Жоқ әлде аштан өліп қалдың ба?..» [14]. «Қазақ» газетін шығаруға ақша жиып берген, «Алыс-тағы бауырыма» деп Мағжан ақын үн қосқан түркілік бірлік идеясына қадари-халінше қол көмегін аямаған ұлтжанды Садық итжеккенге айдалған жоқ. Аштан да өлмеді. 1937 жылдың 19 қа-раршасында Ішкі істер халық комиссариаты облыстық басқарма-

сы «Үштігінің» шешімімен сотталып, атылған. 1957 жылдың 17 шілдесінде ақталған [15].

Түркістан және Алаш ұлт-азаттық қозғалыстарына белсене араласқан қайраткерлердің бірі – Қожықов Қоңырқожа (1880–1938) Ақмешіт қаласында туған. Қаладағы 4 сыныптық орыс-бұратана мектебін, 1905 ж. Ташкенттегі мұғалімдер семинариясын бітірген. Перовск, Андижан қалаларында, Қарнақ қыстағында жәдиттік мектептер ұйымдастырып, қазақ мектептеріне арналған тұңғыш «Әліппені» 1912 ж. Орынбор қаласында Фатих Каримидің баспасынан жарыққа шығарды. 1912 ж. осы баспадан А.Қасымов, С.Жәңгіровпен бірге «Русие патшалығында Романов нәсілінен хукіманлық қылған патшалардың тарихлары» атты еңбегі жарық көрді. Оның қоғамдық-саяси қызметі Түркістан өлкесімен тығыз байланысты болды. «Кеңес» үйірмесінің бюро мүшесі ретінде Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына белсене араласады.

Қ.Қожықовқа «Бұрынғы Қоқан автономиялық үкіметінің мүшесі. Көрнекті алашордашыл, Шоқаевтың көмекшісі. 1913 ж. Романовтар әулетінің мерекесі кезінде қырғыз тілінде патшаның портретімен кітапша шығарған. Керенскийдің Уақытша үкіметінің Ферғана аудандарының бірінде комиссары болған. 1921 ж. Жер істері халкомына мүше, кейіннен орынбасары болып, Жетісу облысындағы жер реформасын басқарды. 1922 ж. жерге орналастыруды басқарды, қазір Жерге орналастыру басқармасында жұмыс істейді. ...бірнеше рет Түркатком мүшелігіне сайланды және «Қосшы» Орталық Комитеті басшыларының бірі. 1921 ж. Қожанов пен Асфендияровтың кепілдемесімен тіпті партия қатарына өтті» деген саяси мінездеме берілген.

Қ.Қожықовтың ОГПУ басшыларына өз қолымен жазған өмірбаянынан оның отаршылыққа қарсы тәуелсіздік жолындағы күресі туралы мәліметтерді кездестіреміз. Ресей Министрлер кабинетінің төрағасы С.Виттенің атына бірнеше петиция жазып, Түркістан өлкесіне ішкі басқару істерін өзі шешу құқын беруді өтінуі Қ.Қожықовтың өз заманындағы саяси күрес тәсілін меңгерген кемелдігін

танытады. Ол осындай тәсілді кейін де қолданған. Мысалы, «генерал Куропаткинге жазалау отряды мен орыс мұжықтарының мейрімсіз және айуандық іс-әрекеттерін баяндап жазып жібердім. Сонымен бірге редакцияның ұсынысына (*Ташкентте эсер В. Чайкиннің редакторлығымен шығып тұрған «Голос Туркестана» газеті – Х.Т.*) қосылып, Түркістанға Мемлекет Думасының мұсылмандар фракциясының уәкілдерін шақырып, көтерілістен кейінгі репрессия нәтижесімен танысуды талап етім. Осыған байланысты күз айларының бірінде (*1916 ж. тамыз-қыркүйек айлары – Х.Т.*) Тевкелеев, Керенский және Шоқаев келді. Соңғы екеуіміз Чайкиннің үйінде кездестік, сөйтіп оларға қолымдағы бар құжаттарымды тапсырдым» [14; 336-375 бб.] деп жазады.

Ол өмірбаянында алашордашылардың қатарында болғандығын жасырмайды. «1917 жылы мен екінші рет Ташкентте өткен қазақ съезіне қатыстым, Қоқан автономиясы талқандалғаннан кейін Тынышбаевпен бірге коммунистік отрядтардан қашып, тау ішінде жасырынған кезім де болды».

Осы дереккөзде ол 1918 ж. қаңтардағы Түркістан қаласындағы Сырдария облысы қазақтарының съезі туралы «Орынбордағы алашордалықтар ұйымдастырған еді. Мен олардың саясатын мақұл көргенмін, бір мәселені өз тарапымнан үзілді-кесілді қойдым. Ол – Қазақстанның орталығы ретінде Оңтүстіктегі қалаларының бірі болсын деген ұсынысым еді. Бірақ алашордашыл Дулатов менімен келіспей, ренжіп, Орынборға кетіп қалды» – деп жазады. Осы жерде мәтіннің мазмұнына кішкене түзету жасай кеткен орынды болар. Қ.Қожықов 1933 ж. тұтқынға алынған кезде М.Дулатов алашордашыларды қуғындаған алғашқы лекпен 1930 ж. сотталып кеткен. Содан да оған салқын қабақ танытқан болып, Қазақстанның орталығын таңдау жөніндегі алауыздықты алға салып, ұлттық бірлік идеясын көтерген Түркістан съезінің басты мәселесінен тергеушілердің назарын басқа жаққа аударуға әрекет жасаған.

Қ.Қожықов 1918 ж. қарашада Ташкент қаласында тұңғыш қырғыз педагогикалық курсы ашылғанда Перовскіден Қ.Қожы-

қов оқытушылыққа шақырылған. Сол сияқты осы алғашқы оқу орнындағы оқытушылар құрамында «Кеңес» үйірмесінің С.Өтегенов, С.Қожанов сияқты мүшелері де аталады. Ташкенттегі Қазақ ағарту институтын ұйымдастырушылардың бірі, әрі осы оқу орнында дәріс берген. Түркістан республикасы Халық ағарту халкомы алқасының 1920 ж. 21 тамыздағы хаттамасында Қырғыз ағарту институтының комитеті құрамында И.Тоқтыбаев төраға, Бабабек Есенов төраға орынбасары, мүшелері қатарында Х.Досмұхамедов, К.Көшербаевтармен бірге Қ.Қожықов та аталған. Өлкелік Халық ағарту комиссариаты құрған Мемлекеттік ғылыми комиссияның жанындағы «Талап» қоғамының мүшесі ретінде халық ағарту ісіне араласқан.

Түркістан қаласынан шыққан Алаш қозғалысы қайраткерінің бірі – Алдабергенов Серкүл 1883 ж. Қызылорда облысы Жаңақорған ауданында туған. Жөлектегі орыс-бұратана мектебінде білім алып, 1893 ж. Ташкенттегі ер балаларға арналған сегіз жылдық гимназияға оқуға түскен. Оқу орынын он сегіз жасында «Суды пайдалану және жерді игеру» мамандығы бойынша бітірді. С.Алдабергенов 1904–1912 ж. Перовскіде уезд бастығының орынбасары қызметін атқарды. 1912 ж. Төменарық болысының басқарушысы болып сайланды. Ташкентте Мұстафа Шоқай арқылы «Кеңес» үйірмесінің жұмысына қатысып, саяси жұмыстарға тартылады. Сол кезде С.Өтегенов, Қ.Қожықов, С.Ақаев, А.Оразаев, С.Қожанов және т.б. ұлт зиялыларымен араласады. 1917 ж. Орынборда өткен I Жалпықазақ съезіне Сырдария облысының атынан М.Шоқаймен бірге қатысып, съезд аяқталған соң Түркістанға бірге қайтқан.

С.Алдабергенов Ташкенттегі ерлер гимназиясында Жорабек Есеновпен (*Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті Шахмардан Есеновтың әкесі*) қатар оқыған. Екеуі Перовск уездік атқару комитетінде бірге қызмет істеген. Ол жер бөлімінің бастығы болса, Ж.Есенов уездік милицияның бастығы болған. Ж.Есеновтың көмегімен атылудан аман қалған С.Алдабергенов өзінің ағайын-туыстарымен Қызылқұмға, одан әрі Өзбекстанға көшіп

кетеді. Ол Алаш қозғалысына қатысқандығы және М.Шоқаймен байланысы үшін қуғындалды.

1917 ж. большевиктердің Ташкентте билікті күшпен тартып алуы Қоқан қаласында құрылған Түркістан автономиясы үкіметінің тынысын тарылта түсті. Большевиктік билік ұлттық мемлекеттік құрылыммен санаспады және оның талаптарына құлақ аспады. Осыған байланысты 1918 ж. 6-8 қаңтарда Түркістан қаласында Сырдария облысы қазақтарының съезі өтті. Съезді шақыруға байланысты Ә.Бөкейханов пен М.Шоқайдың «Қазақ» газетінде «Сырдария облыстық съезін шақыру туралы» жеделхаты жарияланды.

Түркістан өлкесі қазақтарының Алаш автономиясына қосылу мәселесін күн тәртібіне қойған съезге негізін Сырдария облысының делегаттары құраған 82 өкіл қатысты. Алашорда үкіметі атынан Б.Құлманов, М.Дулатов, Т.Құнанбаевтар қатысқан съездің қабылдаған шешімдері біртұтас қазақ мемлекеттілігін қалыптастырудағы ұлттық элита қызметін айшықтай түсті.

Қазақ хандығының астанасы болған Түркістан қаласы жаңа жағдайда ұлттың рухани орталығы болып танылған тарихи миссиясын осы жолы да атқарды. Алаш зиялылары съезде ұлттық мемлекеттіліктің аса маңызды белгісі – территориялық тұтастыққа қол жеткізу идеясын алғаш рет көтерді. Съездің ұйымдастыру жұмысында Түркістан қаласының азаматтары С.Өтегенов, С.Қожанов, Қ.Қожықов, С.Алдабергеновтер белсене қызмет етті.

Қорыта айтқанда, Түркістан қаласын түркі халықтарының рухани астанасына айналдырудың бір міндеті – қаланың тарихын қазіргі заманға сай мемориалдық ескерткіштермен абаттандыру болмақ. Осындай істің одан әрі жалғасуы үшін Түркістан қаласының мәртебесін нығайту шараларының қатарында қаланың көрікті жеріне Алаш аллеясын орнату жоспарланса. Түркістан – Алаш қозғалысы орталықтарының бірі екендігі ғылыми тұжырымдалды.

2.4 Кеңестік саяси науқандар кезіндегі Түркістан қаласының әлеуметтік-экономикалық жағдайы

Кеңестік тарихнамада Қазан төңкерісін бағалауда адамзат тарихында түбірлі өзгерістер енгізген, капиталистік формациядан жаңа дәуір социализмге жол ашқан басты оқиға деп дәріптеді. Ресейдің құрамына енген халықтардың өмірі лениндік идеология, сталиндік нұсқада, әкімшіл-әміршіл жүйенің социализм идеяларын жүзеге асыруда тәжірибелер алаңына айналды. Олардың зардаптары аз болмады. Солай болса да, Қазан төңкерісінен кейін Кеңес Одағы үшін, оның құрамдас бөлігі болған Қазақстан үшін, бос кеткен кезең болған жоқ. Елдегі материалдық өндіріс жүйесі түбегейлі өзгерді, халықтың білім деңгейі өсті, ғылым жүйесі қалыптасты.

1917 жылғы Ресейде Қазан төңкерісі, Кеңес өкіметінің орнауы Қазақстан жерінде саяси, әлеуметтік-экономикалық және демографиялық жағдайды күрт өзгертті. Түркістан XX ғасырдың бас жағында талай саяси, мәдени оқиғаны, үлкен құбылыстарды бастан кешірді. Солардың бірі – Орынбор – Ташкент теміржол құрылысы көп жаңалық әкелді. Теміржол құрылысымен бірге Қазақстанда жұмысшылар даярланып шыға бастады. Станса мен локомотив депосында жүздеген қазақ мамандық иеленді. Кейіннен Түркістанда еуропалық үлгіде ғимараттар бой көтерді. Олар – темір жол стансасының вокзалы, локомотив депосы, теміржолшылар саябағы, аурухана, су құбырының мұнарасы, демалыс үйі.

1917 жылы 2 желтоқсанда Ташкент атқару комитеті, солдаттар және жұмысшылар депутаттарының кеңесі, Түркістан өлкесінің Халық комиссарлар кеңесі мен Сырдария облыстық кеңестің бірлескен жиналысында қабылданған шешім бойынша барлық уездер бойынша милиция жасақтарын құру туралы нақты тапсырмалар бекітілді. Сонымен қатар жер комитеттерін құру үшін әр бір уезден үш адамды бекітуге ұсынылды [16].

Түркістан қаласында қызыл гвардия құру және жасақтау туралы қарар 1917 жылы 12 желтоқсанда қабылданды. Қалаға жақын

орналасқан Түркістан стансасында қызыл гвардия құру және қару жарақпен қамтамасыз ету туралы шешім артынша 1917 жылы 15 желтоқсанда Революциялық комитет отырысында қабылданды [17]. Қалада қызыл гвардияның арнайы штабын құру туралы қаулы шықты. Гвардияны жасақтау мақсатында 18-55 жас аралығындағы барлық ер азаматтарды есепке алу шаралармен қатар, оларды соғыс ісіне үйрету де қолға алынды [18]. Орталықтан Халық комиссарлар кеңесі қаладағы қызыл гвардияны құру үшін 25 тапанша пен 500 мылтық бөлуге тапсырды.

1918 ж. 13 мамырда Солдаттар, жұмысшылар және шаруа депутаттар кеңесінің Түркістан қалалық атқару комитетінің мәжілісінде Халық шаруашылығы Кеңесінің құрылуына байланысты қалалық думаны тарату жөнінде шешім қабылданды [19]. 1918 ж. 15 мамырда Түркістан қаласында баспахана ашуға ұйымдастыру шаралары бекітілді. Баспахана қызметкерлерінің саны – 3 адам деп белгіленді. Соның ішінде 1 орыс, 1 жергілікті ұлт өкілі, ол әріп теруші қызметін атқару тиіс еді және 1баспашы. Құжаттарда кеңес өкіметі тұсында патша өкіметі тұсындағыдай әлі де жергілікті халықты «туземец» деп атады. Қазан төңкерісі жеңісінен кейін жарияланған «Ұлттардың теңдігі мен бостандығы» ұраны сөз жүзінде қала берген. Жергілікті халыққа кеңістік заманда Ресей орталығындағы көзқарастың өзгермегені анық көрінеді [20].

1918 ж. 18 қыркүйекте Түркістан қаласында атты қазақ жүздігінің екі эскадроны, сонымен қатар социалистік мұсылмандық армияны ұйымдастыру жөніндегі штаб құрылды. Штаб бірден жұмысқа кірісті. 1919 ж. 14 ақпанда У.Бапишев қол қойған №2 бұйрық жарияланды, онда қабылдау комиссиясынан өткен қызыл әскерлердің тізімі берілді. Бұл тізімде 1919 ж. 13 қаңтардан 12 ақпанға дейін қабылданған жергілікті ұлттардың өкілдерінен құрылған 117 еріктілердің есімдері аталды. Еріктілерді қабылдаумен қатар, әскери штаб киім, аяқ киім дайындау үшін еріктілер материалдар іздеумен, азық-түлік дайындаумен т.б, шұғылданды. 15 адамнан тұратын алғашқы еріктілер тобы мұсылмандық жаяу

әскер ротасын құруға негіз болды. Рота құрамы күн сайын 3–10 адаммен толығып отырды, бұлар негізінен Перовск және Түркістан уездерінен жиналды [21].

1919 ж. 24 мамырынан 18 маусымға дейін мұсылмандық Қызыл Армияны ұйымдастыру жөніндегі уездік бөлімшелер Әулие-Атада, Самарқанда, Түркістанда, Бетпақдалада, Әндіжанда, Ошта, Черняевта (Шымкентте), Ходжентте, Перовскіде, Пішпекте құрылды. Мерке селосында да учаскелік бөлімше ұйымдастырылды.

1920 жылы 26 тамызда Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті мен РКФСР Халық комиссарлары Кеңесінің “Қазақ Кеңестік социалистік Автономиялық Республикасын құру туралы” М.И. Калинин мен В.И. Ленин қол қойған декреті жарияланды. Қырғыз (Қазақ) АКСР-і құрылып, орталығы Орынбор қаласы болды. Бірақ ол кезде Жетісу, Сырдария облыстары Түркістан АКСР-нің құрамына енді. Сырдария облысына Қазалы, Перовск, Түркістан, Ташкент, Мырзашөл, Черняев, Әулиеата уездері кірді. Соның ішінде 1920–1924 жылдары Черняев уездіне Ақсу, Ақтас, Алексеевка, Арыс, Бадам, Белые воды, Боралдай, Вановка, Георгиевка, Дорофеевка, Жабағылы, Жылыбұлақ, Қазығұрт, Қарабұлақ, Қаракөл, Қошқарата, Машат, Мыңбұлақ, Первомай, Сарыкөл, Сайрам, Сырдария, Темірлан, Түлкібас, Шаян болыстары еңсе, Түркістан уезді Ақтөбе, Жанақорған, Жетіарық, Қостөбе, Қосмезгіл, Көкшеқұм, Құмкөл, Құршу, Сарыөзен, Сауран, Ноғайлы, Созақ, Үзген, Үшқайық, Шу, Шілік, Иқан, Қаратау, Қарнақ болыстарынан тұрды.

Түркістан уезінің болыстары ішіндегі Қарнақ қонысын алсақ, білім жағынан ерекше орын алатынын айтқанымыз жөн.

Қазақстан тарихында ежелгі өркениет ошақтарының бірі ретінде Түркістан қаласы және оның төңірегіндегі тарихи-географиялық атауларды этимологиясы тұнып тұрған тарихи дерек көзі деп есептеуге болады. Ол атаулардың мағынасын ғылыми талдаудан өткізер болсақ, олардың тарихи танымымызға тигізер ықпалы мол.

Қарнақ атауы «Қар» және «нақ» тіркестерінен құралған. Мұндағы «қар» бірқатар түркі тілдерінде «тау» деген мағына берсе, «нақ» сөзі тілімізге араб тілінен ауысқан «нәқд» (қазақшасы «дәл») сөзінен туындайды [22].

Венгер тілінде «қар» сөзі «ру», «ағайын» мағынасын береді [23]. Демек, Қарнақ «таудағы қала», «қырдағы қоныс» немесе «руластар мекені» дегеннен туындаған болса керек. Түркістан қаласының солтүстік-батысында 25 км жерде, қазіргі Атабай кентінің оңтүстік шетінде, орны төртбұрыштанып келген топырақ дуалмен қоршалған, іргелері: солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 100 м және солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай 150 м, биіктігі 1–1,5 м. Ішкі солтүстік-шығыс бөлігінде биіктігі 6 м төбе түріндегі қамалдың пішіні байқалады, оның табанының көлемі 60×70 м кіре беріс қақпасы оңтүстік-батыс іргесінің орта шенінде. Г.И. Пацевич, Е.И. Агеева археологтары Қарнақты Шагилджан, Ишкент аталды деп жорамалдайды (Ишкент орналасқан Қаратаудың бөктері Х ғасырда қимақтардың мекені болған) [24]. А.Н. Бернштамның жүргізген археологиялық зерттеуі Қарнақтың Әмір Темір әулеті тұсында (XIII–XV ғ.) салынғанын анықтаған [25].

Қарнақ Қазақ хандығы дәуірінде (XV–XVIII ғасырлар) маңызды рөл атқарған қалалардың бірі. Онда ежелден мыс, шойын қорыту, қорғасын балқыту, оқ-дәрі жасау кәсібі дамыған. Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи мавзолейіне арналып жасалған атақты тайқазан XIV ғасырдың соңында Қарнақта құйылған. Ресей патшалығының Қазақ хандығына жіберген елшілері Ф.Скибин мен М.Трошин қазақтардың оқ-дәрілік қорғасынды Қарнақ қаласында балқытқанын атап көрсетеді.

Кеңес өкіметі орнағанға дейін Қарнақта 22 мешіт – медресе мұсылманша сауат ашатын мектептер болған. XVIII ғасырда осы жерде Бұқар жырау ұстаздық еткен, XIX ғасырда Қарнақта Кенесары төре оқыды. Атақты «Зар заманның» ақыны Шортанбай Қанайұлы да Қарнақтан шыққан.

Бүкіл қазақ даласынан балалар осы жерге оқуға келеді. Төрт дарбазалы (арғын Қырғызбай, Нышан қожа, Бабатай мыңбасы,

Мысеке атымен аталады) шағын ғана қышлақтың Түркістан және жалпы қазақ тарихына қосқан үлесі осындай [26]. Түркістан топонимикасындағы жер-су тарихи атаулардың сыры көп тарихи дерек ретінде ғылыми құндылығы өте жоғары. Біз Түркістан қаласы маңындағы көптеген елді мекендердің бір ғана қонысы туралы мысал келтірдік.

1923 жылы Түркістан уезінің құрамына жаңадан құрылған Жаңақорған, Қарнақ, Сауран, Шілік болыстары біріктірілді. Ұсынылған жоба бойынша алдында Жаңақорған болысы Сырдария округінің құрамына берілетін болған. Алайда соңғы шешімімен Түркістанға өткізілді. Арыс ауданының құрамына өткізуге жоспарланған Ноғай-Құра болысы Шілік болысына біріктіріліп, Түркістан ауданына берілді [27]. Уезд орталығы – Түркістан қаласы. Уезд Шымкент округінің қарамағына өткізілді.

1924 ж. 12 желтоқсанда Сырдария облысы губерния болып қайта құрылды да, оның орталығы Шымкент қаласы болып белгіленді.

XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы аштық адамзат баласының тарихындағы жан түршігерлік ең зұлматты да ауыр қасірет болды.

1921–1922 ж. аштық еліміздің батыс аймақпен қатар оңтүстік өңірлерін де жайлады. 1930-жылдардағы аштық бүкіл Қазақстанда етек алды. Қазан төңкерісі, «соғыс коммунизм» саясатынан бастамасы басталған шаралар елдегі жағдайды қиындатты. Шаруалардан «артық» деп танылған өнімді мемлекет пайдасына тартып алу халық наразылығын тудырты. Соғыс коммунизм саясатының қаулылары бойынша «артық» деп белгіленген мүлік, қазақ шаруаларында жоқ та еді. Мал – шаруалардың негізгі күн көріс көзі болатын. Халықтың қолындағы барын тартып алу міндеттелген соғыс коммунизм саясаты азық-түлік салғырты арқылы іске асырылды. Бұл науқандық саясат күштеу, асыра сілтеу әдістермен өткізілді. Билік басындағылар салық жинауды жазықсыз жандарға қатаң жаза қолданып, аса қатігездікпен жүргізді.

Архивтік құжаттар беттеріндегі жазбалар – тарихтың дәлелі. Осы жылдары 1 миллионнан аса халық шет елге жер асып, аштықтан аман қалуды көздеді. Жалпы ашаршылықтан 2 миллионнан аса адам қайтыс болды. Олардың ішінен 1 миллион 750 мың қазақтар.

Аштықтың салдары мен зардаптары еліміз үшін өте ауыр болды. Қайғылы қасіреттен халықтың жартысына жуығынан айырылды. Алайда ашаршылықтың құрбандары туралы әлі нақты ортақ келісілген пікір жоқ.

Бұл мәселе жан-жақты зерттелуін қажет етеді. Кеңес өкіметі тұсында ашаршылыққа қатысты құжаттар құпия саналып, зерттеушілер үшін қолжетімсіз еді. Кеңестік дәуірде іс қағаздардың барлығы, протоколдар (хаттамалар), бұйрықтар, нұсқаулар, қаулылар орыс тілінде жүргізілген. Әр бір өңірдің архив құжаттары іріктеліп, зерттеушілер үшін пайдалы болып, тарихи ақтаңдақ беттері толықтырылып, ақиқат ашылу қажет.

Архив құжаттарында 1921–1922 ж. аштық тек құрғақшылықтың нәтижесі емес, ауыл шаруашылықтың артта қалуымен, кеңес билігіне қарсы күштердің күресі» деп көрсетіледі.

Ашаршылыққа ұшыраған аудандарға көмек көрсету үшін арнайы комиссиялар құрылды (помгол – помощь голодающим). Ашаршылық жаппай сипат алған. Оның салдары адамдарды ауруға, індетке шалықтырды.

Азамат соғысы аяқталған соң өлкедегі жағдай өте қиын болды, азық-түлік мәселесі күн тәртібіндегі кезек күттірмейтін мәселе болып қала берді. Түркістан уезі бойынша халықты нанмен қамтамасыз ету үшін 249600 пұт астықты қажет етті. Ал астық жинауда тек 41000 пұт бидай алуға мүмкіндік болды [28]. Малдың қырылуы, аштық салдарынан өлкеге далалық бөлігінен 300 босқындардың көшіп келуі нанның жетіспеушілігін үдейтті. Бұл жөніндегі мәселелер уездердегі арнайы азық-түлік бөлімшелеріне (упродотд) тапсырылып тұрды. 1920 ж. 26 қазанда Түркістан қаласының атқару комитеті мен уезд-қалалық комитетінің бірлескен отырысында нанды басқа аудандарға жіберуді тоқтату туралы шешім қабылданды.

1921 ж. 28 маусым Түркістан қаласының атқару комитетінің пленарлық жиналысында Түркістан стансасындағы базарында орын алған нанды алып-сату фактілері туралы талқыланып, азық-түлік салғырты тапсырмалары орындалмай тұрды.

Аштықтың қасіретін тартпаған қазақтың бірде-бір облысы, ауданы мен ауылы қалған жоқ. Әр ауданда байларды тәркілеу жөнінде комиссиялар құрылып облыстық өкілдермен қоса жұмыс істеп, әр бай толық есепке алынды. Сонымен бірге құрал-саймандары да алынып, хатталғаны туралы арнаулы құжаттар бар.

Бұл науқан 1930 жылы да жүріп жатқандығын архив құжаттары дәлелдейді. Тәркі «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» ұранмен өтті де, голощекиндік нұсқау сөзсіз жүзеге асып, аша тұяқ қазақ жерінде қалмай да шықты. Міне жаппай аштықтың басты себебі осы. Қолдан мал кетті. Байлар қамауға алынды, үй хатталып, ар тапталды. 1931 жылдың көктемі ел шетіне аштықты ала келді.

Аштықтан есінен танғандардың қайда кетіп, қайда бағыт алып бара жатқанын өздері де сезбейтін. Ағасы інісінен, әкесі баласынан қалай айырылғанын білмей де қалды. Білуі де мүмкін болмады. Кейін белгілі болғандай аталған ауылдардың бірқатары Оңтүстік Қазақстанның Мақтаралынан, Өзбекстанның кейбір қоныстарына Қарақалпақ жерінен бір-ақ шыққан екен. Қарсақпайдың кен орны да кейбіреулерге пана болған.

1920–1930 жылғы астық жинау науқаны жалғасып жатқанда, шаруалар, колхозшылар нансыз, көбінесе малсыз, бір ауыз сөзбен айтқанда аштыққа ұшырады – бұл туралы ОГПУ-дің көптеген есептері, шаруалардың хаттары мен арыздары-шағымдары, тіпті партия мен Кеңес басшыларының жергілікті орындарынан хабарламалары да соны дәлелдейді.

Астық жинау негізінен әкімшілік-әміршілік, репрессиялық әдістермен жүргізілді. БК(б)П ОК барлық партиялық комитеттерге тапсырмаларды орындамағандарға белгіленген репрессиялық шараларды қолдана отырып, ауқатты шаруаларға нан сату бойынша қатаң тапсырмалар беруді ұсынды. Қазақстанда ауыр

азық-түлік жағдайына қарамастан, астық дайындау және мал дайындау қарқынды жүргізілді.

Елді жайлаған ашаршылықты кеңес өкіметіне қарсылас топтары әдейі ұйымдастырып отыр деп жаба салып, шынайы себептерді жасырды. Түркістан облысының қоғамдық-саяси архивінің 40 қоры, 320 іс құжаттан үзінді келтірейік: «1933 жылы – Ұлы революцияның он алты жылдығы қарсаңында жұмысшы табы Ленин партиясының басшылығымен Кеңес Одағының колхозшылары колхоз құру жолында таптық жаудың соңғы қарсылығын тоқтатты. Таптық жаулар колхоздық жүйеге қарсы күресіп, артта қалған колхоз топтарын басқара отырып, біздің елімізді колхоздардағы жұмысты арандату арқылы ашаршылыққа жеткізгісі келді. Осы жолмен біздің еліміздегі капитализмді қалпына келтіруді көздеп отыр» [29].

Аштыққа ұласқан «азық-түлік қиындықтары» Қазақстанда 1931 жылдың қазан айынан бастап байқала бастады, ал 1932 жылдың ақпанына қарай 33 аудан қамтыды.

Ашаршылық жағдайында бірқатар аудандарда колхоздардан жаппай шығу байқалды. Олардың колхоздарының жаппай шығуы «қиындықтарға» және аштыққа байланысты, сондай-ақ астық дайындаудағы асыра сілтеу әдістеріне байланысты (жаппай ұрып-соғу, қамауға алу, азаптау).

Қалаларда азық-түлік қиыншылықтарына байланысты жағдайларының ауырлығын айтқан көптеген жеделхаттар түскен. Барлық жеделхаттарда «аштыққа қатысты бүлік» болуы мүмкіндігі айтылып, тез арада төтенше шараларды қолдануды өтінген. Қалаларда берілетін нан мөлшері азайып, оны тұрғындары күнделікті ала алмаған. Архив құжаттары көрсетіп тұрғандай: «Түркістан ауданының атқару комитеті жұмысшыларға 400 гр, қызметкерлерге – 200 гр, олардың отбасы мүшелеріне – 100 гр дейін қысқартты. Жұмыс істемейтіндерге нан беру мүлдем тоқтатылды. Сондай-ақ қала тұрғындарының жағдайы нашарлануына байланысты мақта зауытының бірқатар жұмысшылары жұмысқа шығуды тоқтатты. №3 бригаданың 16 тракторшылары

тракторларды тастап, қалаға нан сұрауға келді. Сондай ақ, №1 ауыл «Фрунзе» және «Коммуна» колхоздарының 100 әйелі аулсоветке келіп нан беруді талап етті» [30].

Елде баға шарықтап, алыпсатарлар жағдайды қатты пайдаланды. «Қараша айында қамыс пішенінің 1000 орамасы 10 рубль болды. Алыпсатар қазіргі уақытта 30-40 рубльге дейін көтерді. Осы жағдайдың нәтижесінде аймақтың көшпелілері қатал қыста және көктайғаққа байланысты жем-шөпке деген сұраныстары күшейе түсті. Қыста малдарын азықпен қамтамасыз ету мүмкіндігі мүлдем жоқ» [31].

Ашаршылық салдарынан халықтың басым бөлігі қырылды. Бір бөлігі көрші елдерге қашып, босты. Мысалы, Шығыс Қазақстан мен Тарбағатай, Жетісу өңіріндегі қазақтар Қытайға, Моңғолияға асты. Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан мен Ақтөбе тұрғындарының бір бөлігі Өзбекстанға, Ауғанстанға және Иранға ауды. Жамбыл облысының халқы қырғызға жетсе, Маңғыстау халқы Түркменстан мен Өзбек жерінде тентіреді. 1921–1922 ж. ашаршылықтан 1923 жылы Түркістан және Ақмешіт уездеріне 250 отбасы Ақтөбе, Семей, Торғай уездерінен орналасып, тұрғылықты жерлеріне қайтып оралуды өтінген [32].

Әулие-ата уезіне Ресейдің Воронеж, Саратов, Самара, Оренбург қалаларынан аштықтан амал қалу үшін орыс отбасылар көптеп келіп қоныс тепкен [33].

Түркістан өлкесіндегі ашаршылықтың орын алуының бірден-бір себебі астық өсіріліп келген суармалы жерлердің басым бөлігіне мақта егіліп, егіс алқаптары қысқарып, өлкені астықпен 30%-ға ғана қамтамасыз етіп, тұрғылықты халық ішкі Ресейден әкелінген астықпен қоректеніп келген еді.

«Кеңес өкіметі жауларының қастандық әрекеті» деп бағаланып келген оқиғалар әділеттілікті қалпына келтіруді талап етеді. Сол оқиғалар туралы деректік мазмұны жағынан архив құжаттары негізінде кеңес заманындағы идеологиялық тұрғыдан жазылып сақталған. Қазіргі міндет – қолдағы бар құжаттарды ақтарып, әр бір парақта келтірілген мәліметтерді зерделеп, оқиғалардың

шынайы себептерін анықтауымен бірге, заңсыз қудаланып, сотқа тартылған азаматтардың есімін қайта қалпына келтіру, ақтауға ұсыну және тиісті бағасын беру.

Кеңес өкіметінің жергілікті органдары барлық салаларды билікті өз қолына алып, тікелей бақылауға алды. Осылайша Түркістан қалалық кеңесі де 1927 жылы 10 сәуірде құрылды. 1928 жылы қалалық кеңес құрамында 141 адам болды. Оның ішінде 126 ерлер, әйелдердің саны – 15. Ұлты жағынан – 36 қазақ, 68 өзбек, 12 орыс, 11 татар, 2 еврей, 12 адам өзге ұлттар. Әлеуметтік жағынан кеңес құрамының басым бөлігін – 68 адам қызметкерлер құрады, жұмысшылар – 5 адам, дехкандар – 4 адам, батрақтар – 2 адам, үй шаруасындағы әйелдер саны – 10. Қалалық кеңес өз құзырында қала өмірінің барлық мәселелерді қамтып отырды: салық жүйесі, коммуналды шаруашылық, электростансасы, базар, жөндеу-құрылыс жұмыстары, т.б. [34].

1928 ж. Түркістан қалалық кеңесінің Президиумында қаланың шекарасын анықтау үшін арнайы комиссия құрылады. Оның жұмысының нәтижесінде Губерниялық Жер басқармасының жобасына сәйкес қаланың шекаралық аумағы кеңейтілуі керек еді.

Қала шекарасын бекіту үшін 2000 сом қаржы бөлуге шешім қабылданып, 1929 жылғы бюджетіне кіргізу үшін арнайы сметаға кіргізуге ұйғарды [35].

1928 жылы әкімшіліктік-аумақтық аудандастыру жүргізіліп, губерниялар, уездер мен болыстар жойылды. Олардың орнын 13 округ, 198 аудан басты. Сырдария және Қызылорда округтері құрылды. Сырдария округінің құрамына 22 аудан берілді. Олар – Арыс, Қаратас, Мойынқұм, Әулиеата, Қараспан, Сарысу, Бадам, Келес, Созақ, Бастандық, Қызылқұм, Талас, Ақсу, Манкент, Түркістан, Жуалы, Сайрам, Түлкібас, Ержер, Мерке, Шаян, Жаңақорған аудандары.

Түркістан қаласы 1928 жылдан Түркістан ауданының әкімшілік орталығы болды. Түркістан уезі, Әулие-ата, Ташказак, Шымкент уездерімен бірге Сырдария округінің құрамында болды. 1929 ж. Түркістан қалалық әкімдігіне қарасты Теке ауылы ұйым-

дастырылған. «Крупская» атындағы астық ұжымшарының орталығы болды. Үшқайық ауылдық округінің орталығы. Түркістан қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 12 шақырым жерде Қарашық өзенінің бойында орналасқан. Тұрғыны 2,8 мың адам (2003). Оның негізінде шаруа қожалықтары құрылды. Текеде орта мектеп, клуб, кітапхана, фельдшерлік-акушерлік пункт жұмыс істейді [36].

Түркістан ауданы БОАК-тың 1930 жылы 23 шілдедегі қаулысына сәйкес құрылған және орталығы Түркістан қаласы болып белгіленген. Ауданның жалпы алаңы 3669040 гектар, оның ішінде 179408 гектары егістік, 29248 гектары суармалы жер.

Кез келген қалаларда бірінші орында қала халқының денсаулығын сақтау мәселесі бақылауда болады. 1917 ж. 14 желтоқсанда Түркістан қалалық Думасы мәжілісінде Қарнақ емханасын Түркістан қаласына ауыстыру жөнінде шешім қабылданды. 1918 жыл 1 қаңтардан бастап Түркістан қабылдау бөлімінің атауы Қалалық аурухана деп өзгертілді [37]. 1921 жылы Түркістан қаласында бар-жоғы бір уездік аурухана болды. Бүкіл уезден қаладағы бұл ауруханада екі дәрігер, үш көмекші, екі акушер қызмет атқарды [38].

Түркістан уезінің денсаулық сақтау бөліміне көптеген қиыншылықтарға байланысты өз жұмыстарын тиісті дәрежеде жүргізуге мүмкіншілігі болмады. Ол біріншіден, мамандардың жетіспеушілігі, екіншіден – арнайы үй-жайлардың жоқтығы, қажетті құралдардың, азық-түлік мәселесінің тапшылығына байланысты болды. Осы себептердің салдарынан ана мен бала денсаулығын қорғау мәселесі де шешімін таппай отырды. Уездік ауруханада 20 орындық арнайы ана мен бала үйін ашуға жоспарланды. Жергілікті өкімет 30 балаға арналған балабақша ашуды көздеді [39].

1920 жылы атқару комитетінің шешімімен қалада кинематографты ашуға бұйрық шықты. Бұл іс-шараны қалалық халық білім беру бөліміне тапсырылды [40]. 1921 жылы Түркістан қалалық атқару комитетінің шешімімен қалада мекемелер арасында те-

лефонды байланыс орнату мақсатында пошта-телеграф басшысына арнайы тапсырма берілді [41]. Білім беру мекемелерде қаражаттың жетіспеушілік салдарынан оқу үрдісі дұрыс жүргізілмеді, оқулықтар жетіспеді, қалам мен қағаздар болмады, бірақ сабақтар өз кестесімен мұғалімдердің күшімен және ынтасымен жүргізіліп отырды.

1921 жылы Түркістан уезінде 11 мектеп жұмыс істеді. Олардың дерлік барлығы Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі уақытта ашылды. 1917 жылға дейін қалада және Қарнақта 3 ғана мектеп болды: қалада – 1895 жылы ашылған №2 Абай атындағы қазақ (қырғыз) мектебі және 1913 жылы ашылған №7 мектеп, Қарнақта – 1907 жылы ашылған №15 мектеп-интернаты. Ол кезде бұл мектеп сарт мектебі деп аталды, яғни дәрістер өзбек тілінде оқытылды. Мектептердегі оқушылар саны 10-ға жетпейді – 1 мен 8 оқушы аралығы. Орыс халқы үшін және мұсылман халқы үшін деп бөліп қалада екі балабақша: №1 орыс – 1919 жылы, №2 мұсылман балабақшасы – 1920 жылы ашылды. 1919 жылы арнайы музыкалық мектеп ашылды. Оқушылар саны – 7. Осы жылы қалада метеорологиялық стансасы да өз жұмысына кірісті [42].

1923 жылы уезде 16 мектеп болды. Қалада 4 мектеп, бір балалар үйі, бір орыс-мұсылман кітапханасы жұмыс істеп тұрды. 1921 жылмен салыстырғанда мектептер саны артқаны байқалғанымен, материалдық дағдарыс салдарынан қаладағы бір интернат мектебі, уездегі екі интернат жабылды. Уезд бойынша мектептердегі жалпы мұғалімдер саны – 56. Техникалық қызмет көрсетушілер – 28 адам.

Қаладағы мектептерді арнайы қамқорлығына алған мекемелер бекітілді. Сондай-ақ, №1 мектептің медеткері (шеф) – Уездік қалалық комитет (Угорком), №2 мектептің – Қосшы одағы, №3 мектептің – Атқару комитеті, №4 мектептің – Қалалық сот, балалар үйінің – болыстық атқару комитеті [43].

Сауатсыздықты жою іс-шаралардың ішінде кең өріс алған «білім апталықтары» болды. Архив құжаттарындағы мәліметтерге сәйкес, бүкіл Түркістан уезі бойынша осындай апталық

1923 жылы мамыр айында өткізілген. Мектептің ішінде оқушылардың бос уақытын өткізетін клубтар істеп тұрды. Клуб жұмыстарын сол мектеп мұғалімдері жүргізді. Мұғалімдердің әлеуметтік жағдайы елдегі ахуалға байланысты төмен болды. 2-3 айлап айлықтарын ала алмай жүрді. Мемлекет тарапынан көрсетіліп тұрған әлеуметтік қолдау ретінде мөлшерлеп берілетін азық-түлікті беру мамыр айынан бастап тоқтатылды. Осының салдарынан мектептердің әлеуметтік жағдайы, әсіресе интернаттарда, төмен деңгейде болғаны мәлім. Оқушыларды тамақпен қамтамасыз ету елдегі ашаршылық науқанынан қиынға соқты. Дегенмен аталған қиыншылықтарға қарамастан білім беру ісінде біршама ілгерушіліктер байқалады.

Қала мектептеріндегі жазғы демалыс уақыты 17 мамырдан 17 тамызға дейін созылса, уездік мектептерде демалыс айлары 17 мамырдан 1 қазанға дейінгі уақытты қамтыды. Ересектерді оқыту үшін арнайы кешкі мектептер ұйымдастырылды. 30-35 адамға дейін оқытатын топтар әр бір болыстарда ашылып, жергілікті мектеп мұғалімдері дәріс берді. Олардың айлығына қосымша етіп 2 сағаттық дәрістің қаражаты төленуге тиіс болып белгіленді. Жергілікті саяси білім беру бөлімдері (Политпросвет) сауатсыздықты жою кешкі мектептердің бағдарламаларын әзірледі [44].

1924 жылы қаладағы 4 мектепте 333 оқушы, сауатсыздықты жою 3 мектебінде 103 оқушы, бір интернатта – 80 білімгер болды. Уезде 14 мектеп болды. Көріп отырғанымыздай 1 жыл ішінде жаңа мектептер ашылған жоқ. Мектептер жергілікті бюджет есебінен жұмыс істеп тұрды, мемлекет тарапынан түсіп тұрған нұсқаулықтарды жергілікті халық келісім-шарт негізінде орындады [45]. Ел арасында газет-журнал, кітаптар оқу жұмысын жүргізу, қызыл шайханалар, шағын кітапханалар ұйымдастыруға нұсқаулар тапсырылды [46].

1926 жылы сауатсыздықты жою науқан кезінен кейінгі қорытындылар бойынша Түркістан қаласында 7356 ерлердің 1447-і сауатты болды, 7077 әйелдердің – 271 ғана сауатты [47].

1926 жылы 1 қазаннан бастап сауатсыз әйелдерді оқыту үшін Түркістан уездік білім беру бөлімі арнайы үгіт орындарын ұйымдастырды [48].

1927 жылы Түркістан қаласында 4 мектеп болды. Бір жетіжылдық Ленин атындағы аралас мектебі және үш бастауыш – Абай атындағы қазақ мектебі, Калинин атындағы өзбек мектебі және Ясауи атындағы аралас мектебі [49]. 1934 жылы РКСФР Халық комиссарлар кеңесі одақ бойынша мектептерді жетіжылдық міндетті білім беруге қаулы шығарды.

Кеңес өкіметі орнаған алғашқы онжылдығында Түркістан қаласының коммуналдық-тұрмыс жағдайы өте төмен болды. Мысалы, су құбыры жүйесі болмады, қала көшелеріндегі жарықтандыру жұмысы тым баяу жүрді. 1927 жылы 10 мамырда Түркістан қалалық советі қаланың төмен әлеуметтік жағдайын түзету мақсатында тазалыққа, халықтың денсаулығына байланысты арнайы шешімдер қабылдап, бірқатар іс-шараларды атқарғанын атап айту қажет. Соның ішінде, бірінші кезекте тазалық мәселесін көтеріп, қала тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағыттады. Мәселен, сауда нүктелерінің сатушыларын ай сайын дәрігерден рұқсат анықтамасын алуға міндеттендірді. Қала көшелерін, арықтарды таңғы сағат 7.00-ге дейін тазартып, көшелерге көктемгі және жазғы айларында аптасына бір рет су шашуды ұйғарды. Аса қатты көңілді қаланың санитарлық тазалығына бөлінді: беті ашық тауарларды сатуға тыйым салынды, күл-қоқысты арнайы орындарға, қала сыртына шығару, көгалдандыру сияқты мәселелер көтеріліп, Түркістанды көркейтуге қадам басты [50].

Қала тарихында өзіндік орны бар білім ошағы – Түркістан гуманитарлық-техникалық колледжі (бұрынғы Түркістан педагогикалық училищесі). 1934 жылы құрылған оқу орнының шежірелі тарихы мол. 1964 жылы училищеге Ы.Алтынсарин аты берілді [51]. 1995 жылы педагогикалық училищенің 60 жылдық мерей тойы салтанатты түрде аталып өтті, осы жылы педагогикалық колледж болып өзгертілді. 1997 жылы оқу орны Түркістан ин-

дустриалды-педагогикалық колледжімен біріктірілудің жолымен Түркістан гуманитарлық-техникалық колледжі болып қайта құрылды.

Ресейдегі ақпан революциясы және әсіресе қазан төңкерісі аймақтың табиғи-тарихи даму бағытын күрт өзгертеді. 1917 ж. және одан кейінгі жылдардағы әлеуметтік өзгерістер, қоғамдық қатынастардың шиеленісуі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және демографиялық дамуына әсерін тигізбей қоймады.

Соғыс қимылдары, қаулап кеткен індеттер, экономикалық күйзеліс, көптеген кәсіпорындардың жабылау, өндірістердің тоқтатылуы, 1917–1918 жылдардағы құрғақшылық пен аштық халық өлімінің көбейіп, туылу көрсеткіштерінің кемуіне, жалпы халық санының азаюына алып келді.

1920 жылы 28 тамызда кеңестік алғашқы халық санағы жүргізілді. Қызыл армия мен ақгвардияшылар арасындағы азамат соғысы әлі толық аяқталмағандықтан, Қазақстанның барлық аймағы санаққа кірмеді.

1920 ж. Бүкілодақтық халық санағында Түркістан уезінің қала және ауыл халқының саны – 17173 адам болды. Қалада ерлер – 20,1%, әйелдер – 49,8%, ал, ауылда ерлер – 50,2%, әйелдер – 49,7%-ды құрады. Осы санақ қорытындыларында Түркістан өңірінің сарт қышпақтары жеке сарт болыстарын құраған. «В Туркестанском уезде все 20 сартовских кишлаков объединены по национальному признаку в сартовские волости: Жеті арық – 9; Кошкурған – 7; Сузак – 2; Икан-Карнак – по 1» [52].

Сарт деген көне дүниеден саудагер ел дегенді білдіретін атау Түркістан-Ташкент атырабында отырықшы-саудагер елді қорлайды деген желеумен, олар Кеңес өкіметі орнағаннан бастап біртіндеп өзбек деп атанып кетті [53]. Сарт дегеніміз Түркістан өңірінің байырғы отырықшы, саудагер халқы. Патша заманындағы санақтарда өзбек пен сарт қашанда бөлек жүреді. Ал 1926 жылғы санақта сарттарды өзбекке қосып Түркістан уезінде 150193 адамның 104992 қазақ, 5726 орыс және өзге славяндар, 34412 өзбек деп көрсетіледі [54]. Санақ қорытындыларын жасау

барысында бірінші рет сарттарды өзбек деп, атау ресми қағаздарға еніп кетті.

1926 жылы Бүкілодақтық ең толық халық санағы болды. Осы 1926 жылғы халық санағында Түркістан қаланың өзінде – 14718 адам болды [55]. Қаланың жер ауданы – 15140 гектар. Түркістан қаласы мен оның төңірегіндегі тұрғындардың әлеуметтік құрамы мынадай еді: жұмысшылар – 6,3%, қызметкерлер – 1,9%, еркін мамандық иелері – 0,1%, жалдамалы жұмысшылар – 1,4%, артелдегі жұмысшылар – 47,3%, жалғызбастылар – 26,5%, кәсібі көрсетілмегендер – 2,6%, жұмыссыздар – 0,2%, әскерилер – 0,01%-ын құрады [55].

1925 ж. индустрияландыруға бет алған бағытта елдегі алға басқан қадамдардың бірі – қалалар мен елді мекендерді электр жарығымен қамтамасыз ету жүйесі болды.

Түркістан қаласында осы мәселені шешу үшін электростанция құрылысын бастауға рұқсатын алу орталыққа арнайы тапсырмамен Кипченев жолдасты жіберді. Иссапар барысында қала интернаттары үшін Мәскеуден аяқ-киім алдыру мүмкіндіктері де қарастырылды [56].

Қабылдаған шешімдерді жүзеге асыру экономикалық қиыншылықтарға кездесіп тұрды. Сондай-ақ, электростанция мәселесі шешімін таппай тұрғанына байланысты 1926 жылы Түркістан уездік-қалалық атқару комитетінің кеңейтілген отырысында күн тәртібінде тағы көтерілді [57].

Түркістан қалаларында үлкен өндіріс жоқ. Қажетті металды маңайдағы кен орындарынан керегінше алады, мыс, қорғасын, қалайыны Сарыарқа даласындағы кен орындарынан қазақтар алып келіп сатады. Қаратау өңірінде әсіресе Суындық асуы маңында әртүрлі кен көздері аз емес. «Свинца вблизи Туркестана в горе, называемой Суындық, великое множество, где всяк кому надобно берут и льют пули...» [58].

Кеңес өкіметінің жергілікті органдары барлық салаларды билікті өз қолына алып, тікелей бақылауға алды. Осылайша Түркістан қалалық кеңесі де 1927 жылы 10 сәуірде құрылды.

1928 жылы қалалық кеңес құрамында 141 адам болды. Оның ішінде 126 ерлер, әйелдердің саны – 15. Ұлты жағынан – 36 қазақ, 68 өзбек, 12 орыс, 11 татар, 2 еврей, 12 адам өзге ұлттар. Әлеуметтік жағынан кеңес құрамының басым бөлігін – 68 адам қызметкерлер құрады, жұмысшылар – 5 адам, дехкандар – 4 адам, батрақтар – 2 адам, үй шаруасындағы әйелдер саны – 10. Қалалық кеңес өз құзырында қала өмірінің барлық мәселелерді қамтып отырды: салық жүйесі, коммуналды шаруашылық, электростансасы, базар, жөндеу-құрылыс жұмыстары, т.б [59].

1928 ж. Түркістан қалалық кеңесінің Президиумында қаланың шекарасын анықтау үшін арнайы комиссия құрылады. Оның жұмысының нәтижесінде Губерниялық Жер басқармасының жобасына сәйкес қаланың шекаралық аумағы кеңейтілуі керек еді. Қала шекарасын бекіту үшін 2000 сом қаржы бөлуге шешім қабылданып, 1929 жылғы бюджетіне кіргізу үшін арнайы сметаға кіргізуге ұйғарды.

Түркістан қаласы 1928 жылдан Түркістан ауданының әкімшілік орталығы болды. Түркістан уезі, Әулие-ата, Ташказак, Шымкент уездерімен бірге Сырдарья округінің құрамында болды. Түркістан ауданы БОАК-тың 1930 жылы 23 шілдедегі қаулысына сәйкес құрылған және орталығы Түркістан қаласы болып белгіленген. Ауданның жалпы алаңы 3669040 гектар, оның ішінде 179408 гектары егістік, 29248 гектары суармалы жер. 1930 жылдары аймақтағы қалалардың, соның ішінде Түркістанның да халық саны едәуір артты. Халық шаруашылығы социалистік реконструкциясының өрлеуі нәтижесінде Қазақстан өнеркәсібі республиканың өзінде анағұрлым кең және мықты негізге ие бола бастады. Өлке экономикасын кешенді түрде қайта құра отырып, Кеңес Үкіметі жеңіл және тамақ өнеркәсібін дамыту міндетін тиімді түрде шешуге іздестірді.

Түркістан аумағында Қаратау қойнауында каучук ретінде қолдануға болатын өсімдіктерінің бір түрі – тау сағызы өседі. Осы өсімдіктен Ұлы Отан соғысы кезінде каучук өндірістік жолмен алынған. 1930 жылы осы өңірде өсетін тау сағызы мемлекеттік

өндіріске қажетті деген бағалаумен жергілікті аудандық атқару комитеті арнайы бұйрық шығарады. Сондай-ақ, тау сағызы өсетін аймақта мал бағуға тыйым салынды, өсуіне зиян келтірген үшін 25 сом көлемінде айып пұл белгіленді [60]. 1931 жылы Қаратау каучук тресі таусағыз түбірінен табиғи каучук өндіру кәсіпорын салды. Бұл тұңғыш әрі жалғыз кәсіпорын болатын. Осы жылдан бастап қазыналы Қаратау Түркістан өңіріне өзінің ғасырлар бойы сақтап келген байлығын бере бастады. Түркістанда мақта тазарту зауыты жұмыс істеп, алғашқы өндеуден 4354 тонна мақта өткізілді. Байланыс қызметі 10 агенттік қызметті жүзеге асырды. Оның екеуі ғана телеграфтық қызмет көрсететін.

1931 ж. 1 қаңтарына дейінгі мәлімет бойынша ауданда 16986 шаруашылық біріктірген 86 ұжымшар мен жолдастық серіктер бар. 9618 ірі қара мал, оның ішінде 735 сиыр, 1545 ешкі қоғамдас-тырылды. 1933 жылы құрылған аудандық машина-трактор стан-сасында 36 трактор сол кездегі 47 ұжымшарға қызмет көрсетті. 1932 жылы қалалық коммуналдық шаруашылыққа жергілікті бюджеттен тұрғын үйлерді күрделі жөндеу жұмыстарын жүргі-зуге – 3,5 мың, көпір салуға – 12,9 мың, өртке қарсы шараларды жақсартуға – 18,6 мың сом бөлінді. Тұрғындарға сауда қызметін негізінен тұтынушылар кооперациясы көрсетті. 1932 жылдың қаңтарында қалада 84 сауда орны жұмыс істеді. Сонымен қатар, 4 дәрігерлік, 8 фельдшерлік бекет қызмет етті.

1931–1932 оқу жылында ауданда бірінші денгейдегі 75 мек-тепте 9476 оқушы оқыды. Ал екінші денгейдегі 5 мектеп пен сауатсыздықты жою бекеттеріне 5818 адам қамтылды. Саяси-ағарту жұмыстары 5 клубта жүргізілді. Ауданда «Қызыл Түркіс-тан» деп аталатын жергілікті газет аптасына бір рет жарық көрді.

1932 жылы ауданда 40 партиялық ұйымда 1532 партия мү-шесі мен кандидаттар біріктірілді. Әлеуметтік құрамы жағынан 713 жұмысшы, 615 шаруа, 93 зиялы қауым есепте тұрды. Ком-сомол ұйымдарында 1675 мүше болды, оның 386-сы жұмысшы, 53 – батрак, 1006 – кедей әлеуметтік таптар өкілдері 1932–1933 жылдардағы аштық нәубеті «үлкен жылан» деген атпен қазақ та-

рихына кіріп, Голощекиндік зұлмат, ашаршылық қазақтарды қай жерде болмасын шыбынша қырды. Жұрт ішіп отырған астықтан да айырылды. Күн көріс үшін біразы басқа елдерге, жақын туыстарына тентіреді. Орталықтан «Қазақстандағы аштықты тоқтату үшін көктемгі егіске сақталып тұрған тұқымдық астықты елге тез таратылсын» деген бұйрық тарады. Түркістан қаласындағы осы кездегі жағдай туралы жергілікті ақсақал Бөкебаев Кеңесбектің өмірдеректік жазбаларында былай жазады: «Тәжен Темірбайұлын (әкесі – авторлар) астық әкелуге жібереді. Бұл астықты осы күнгі астық дайындау мекемесінен алу керек еді. Ол мекемеге байдың балалары жиналған, аштық нәубетімен ісі жоқ, қызмет бөлмесінде күнде той...». Нәтижесінде Шаян ауданының атқару комитетінің төрағасы Т.Темірбайұлы зор күшпен 30 түйеге артылған астықпен Түркістаннан шығады. Ал жол бойы көргені елді мекендерде қыбырлаған жан көрінбейді, қай үйдің есігін ашса ісініп кеткен өліктер. Осылайша бір жекелеген жандардың тағдыры арқылы өткен қоғамның тағдырын, тұтас елдің тарихын елестетуге болады.

1935 жылы Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи мешітін мемлекеттік қорғау қарамағына алу туралы шешім қабылданады. Осыдан енді Қожа Ахмет Ясауи кесенесі өлкелік маңызға ие болып, мұражай болып құрылды. Қалпына келтіретін жөндеу жұмыстарын жүргізуге өкімет тарапынан іс-шаралар қарастырыла бастайды. Мүлкін талан-таражға ұшыратпай, кесененің қорын сақтау мақсатында күзеті ұйымдастырылады [61].

1937–1938 жылдары бүкіл КСРО еліне таралған репрессияның зобалаңы Түркістан қаласын да айналып өтпегені белгілі. Бүгінде Түркістан өңірінен, алыс жақын шет елдерден жер аударылып, Түркістан түрмесінде болған 800-ден аса азаматтарының есімі анықталды. Саяси репрессияның құрбандары тергелген НКВД тергеу бөлімінің кеңсесі қазіргі таңда бұзылып, естелік ретінде тек іргетасы қалды.

1939 жылдың 16 қазанында Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Жарлығы бойынша Түркістан ауданынан бөлектеу есебінен Фрунзе

ауданы мен Шорнақ селосы құрылып, Бабайқорған, Шорнақ, Бозбұтақ, Қандөз, Сауран, Теке, Шертауыл кеңестері шаруашылықтарын өзіне қаратты. Сондықтан, 1939 жылғы халық санағында Түркістан ауданы тұрғындары 68699 адамды құрады.

1939 ж. Түркістан қаласында халық саны – 36000 адам болды. Бұлардың ішінде қалада ерлер – 54,1%, әйелдер – 45,8%, ауылда ерлер – 53,5%, әйелдер – 46,4%, ал жалпы Түркістан бойынша ерлер – 53,8%, әйелдер – 46,1% құрады. Осы аталған тұрғындар көрсеткішінің ұлттық құрамына келсек, қазақтар – 45,7), орыстар – 20,5%, өзбектер – 24,7%, украиндер – 3,4%, татарлар – 2,3%, басқалары – 3,4% болды [62].

1940 жылдары аймақтағы өнеркәсіптің даму деңгейі біршама артады. Олардың қатарында машина жасау зауыты, май зауыты, шұлық фабрикасы, айна фабрикасы, консерві зауыты, тоқыма комбинаты секілді кәсіпорындар жұмыс істеді.

Сонымен, Түркістан қаласы кеңес өкіметі орнаған алғашқы күндерінен бастап елімізде болып жатқан құбылыстардың барлығында ресми түрде болмаса да өз ролін атқарып келіп отырды. Билікке келген Кеңес өкіметі қаланың шынайы орнын төмендетіп, саяси белсенділігіне жол бермеді. Қала орталықтың шалғайдағы экономикалық базасы іспетті дамып келді.

2.5 Түркістандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысуы және жеңіске қосқан үлесі

Отандық тарих ғылымында Ұлы Отан соғысының тарихы мен республиканың жеңіске қосқан үлесіне қатысты мәселелер басым бағыттарының бірі болып табылады. Кеңес заманында Қазақстанның Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тарихын зерттеуге арналған еңбектер идеологиялық тұрғыдан жазылып, оқиғаларды сипаттауда жеке басына табынушылық белең орын алып отырды. Сол себептердің салдарынан соғыс тарихы біржақты қарастырылды. Қазақстандықтардың ірі соғыс қимылдарына қатысуы, майдандағы ерліктері көп жағдайда әділетті бағаланбай

келді. Сонымен қатар, қазақстандық әскери құрамалардың тарихы кәсіби тұрғыдан, яғни әскери тарих тұрғысынан зерттеуді қажет етеді. Мұндай ақтаңдақ тұстары әлі де толық зерттеуді қажет ететіні тарих ғылымының еншісінде. Түркістан қаласының соғыс кезіндегі тарихын зерттеуде көптеген қиыншылықтар осы мәселелерге кездеседі. Қала тұрғындарының алапат соғысына қатысуы туралы да кешенді деректердің жоқтың қасы.

1941 жылдың 22 маусымында КСРО Ұлы Отан соғысы басталды. Алып елдің басқа да халықтарымен бірге оңтүстікқазақстандықтар да соғыс ауыртпалығын бастарынан кешірді.

1941жылғы 25 маусымда Түркістан темір жол стансасында жұмыс істейтін және үй шаруашылығындағы әйелдер митингі өткізіп, резолюцияда «Ұлы Отанымызды қорғауға бізде өз үлесімізді қосуға дайынбыз» дейді.

Соғыстың бірінші аптасында-ақ Түркістан қаласына 62 адам әскери комиссариатқа қатысуға өтінішін түсірді. Олардың 16-сы әйел. Бұлардың ішінде Хасан көлі ұрысына қатысқан Ефремов, колхозшы Оразбаев, офицер Файзуллаев, Таукен техникумының III курс студенті Маслов және Ильиндер бар.

Ұлы Отан соғысына Түркістан әскери комиссариатынан 18547 адам майданға аттанып, 15960 туған жерге оралған. 1941–1945 жылдары Түркістан әскери комиссариатынан әскер қатарына шақырылған азаматтардың, майданда қаза болған жауынгерлердің аты-жөндері Түркістан қаласы ардагерлер Кеңесінің басшылығымен Ұлы Жеңістің 65 жылдығына арналған «Түркістан» газеті редакциясы негізінде «Ерлік даңқы өшпейді» атты кітапта жарияланған (2010 ж.).

Соғыс жылдары Шымкент облысы өз аумағына көшіріп адамдарды мекемелерде, балалар үйлеріне, госпитальдарда қабылдады. Облыстық атқару комитетінің 1941 жылғы 19 шілдедегі шешімінде былай делінген: «Шымкент қаласында және Түркістанда, аудан, кеңшар орталықтарында санитарлық норма әр адамға 5 шаршы метр болып белгіленсін. Алғашқы 7 айда облыс бойынша 52880 адам қабылданса, соның 3000-ы Түркістанға орналасты.

Соғыс аумағынан облысқа 26 ірі кәсіпорын көшірілді. Олардың көбі Шымкент қаласына жайғасты. Соғыстың алғашқы айларында өлкемізге Воронеж пресс-автоматтар зауыты, Харьковтың шұлық және айна фабрикалары, Подольскінің илеу-құю зауыты, Киевтің химия-фармацевтік зауыты, Мәскеу алколоид зауыты, Кременчуг электростансасы көшіріп әкелінді. Кәсіпорындардың бірсыпырасы облыстың аудандарына орналасты: шыны зауыты – «Күйік» совхозына, трактор шеберханасы – Сайрам ауданына, 100 киловаттық электростанса – Түркістан ауданына, Мақта иіру фабрикасы – «Мақтаарал» совхозына. 1942 ж. барлық көшіріп әкелінген кәсіпорындар өнім бере бастады. Облысқа сонымен бірге, КСРО Архитектура академиясы, Дүниежүзілік экономика мен саясат институты, География институты, Дәрілік шөптердің Бүкілодақтық ғылыми зерттеу институты (ВИЛАР) көшіріп әкелінді. Көшірілген ұжымдардың арасында Моссовет атындағы театр да болды.

1940 жылы қыркүйек-қараша айларында облысқа 22 балалар үйі көшіп келді. Түркістан ауданына Сталин (Волгоград) облысынан екі балалар үйі (288 бала) орналасты. 1942 жылғы қаңтарда облысқа 8 көшпенді госпиталь орналастырылды. Солардың №2068 госпиталына Түркістандағы педагогикалық училищеден, Ленин атындағы мектептен, қалалық дәріханадан 500 адамдық орын бөлінді.

Партияның шақыруына әйелдер аса отаншылдық сезімімен жауап берді. Түркістан ауданындағы «Ортақ» ұжымшарындағы ондаған әйел: Маржан Мурзаева, Ибат Момышова, т.б. Шорнақ МТС-дегі жүргізушінің курсын бітіріп, өз ұжымшарында еңбек етті. Облыстағы 27 өнеркәсіп және теміржол мекемелеріндегі үй шаруашылығындағы әйелдерді өндіріске тартудың курстары жұмыс істеді. Олардан 1941 жылы 4902 адам оқыса, оның 3338 әйел, 197-сі қазақ әйелдері. Мұндай курстар Ащысай комбинатында ұйымдастырылды. Курсты бітірген Мәмбетова, Жұмабекова, Айкина дәнекерлеуші, шебер классификаторшы мамандықтарын жетік меңгеріп, өндірісте озаттар қатарында болды.

Түркістан тау-темір жолындағы әйелдер жақын маңдағы «Ортақ» ауыл шаруашылық артелінің колхозшыларына бидай орып, жинауға көмектесті. Ұжымшарда әр күні 80 әйел жұмыс істеді. Осындағы мақта теріміне 1942 ж. қыркүйекте Түркістан қаласынан 64 комсомол оқушы қатысып, Дәдебаева Аят, Ибрахимова Лиза 1 күнде 80-100 кг мақта теруге қол жеткізді. 7 сынып оқушылары Сүлейменова, Базаханова күн сайын жауынгер паракшасын шығарып тұрды. Екі ай ішінде комсомол оқушылары 20 тонна мақта теріп, өткізді. Жас кенші №2 ФЗО-ның оқушысы комсомол Сейдолла Ащысай кенішінде 1944 жылы наурызда тәуліктік тапсырманы 1637 пайыз орындады.

1941 жылы 7 шілде Түркістан ауданының Ыждыхат ауыл шаруашылық артелінің колхозшылары Түркістан ауданының барлық колхозшыларға үндеу қабылдады: «Аудан еңбекшілері! Отан, партия төңірегіндегі жақын, тығыз топтасуларыңызды, Қызыл Армияға мақта, ет, жүн өнімдерін мол беруге шақырамыз».

1941 жылы 1 тамыз мемлекеттік қорғаныс қорына Түркістан ауданы еңбекшілерінен 48255 сом, тегін 94460 сомның облигациясы, 4,2 тонна бидай, 7 тонна жеміс-жидек, 3,5 тонна ет тапсырылды. 1942 жылы танк колоннасын құруға Түркістан ауданын колхозшылары 1 млн 150 мың сом қаржы аударды.

1942 жылы мамырда облыстан 1 топ адам майдан шебіне жақын барып, жауынгерлермен кездесті, апарған сыйлықтарын тапсырды. Осы делегацияның құрамында түркістандық «Ортақ» ұжымшарының бастығы КСРО Жоғары Кеңесінің депутаты Шарап Ниязов болды.

Отанымызға адал қызмет етіп, қазіргі таңда жас ұрпаққа дамыған елде өмір сүруге және бүгінгідей мемлекет құруға соғыс ардагерлердің әрқайсысының қосқан үлестері мол. Сондай-ақ, бүгінгі күні де жас ұрпақ бойында Отанға деген патриоттық сезім мен туған жерді адал қорғаудың үлгісі болып келеді. Соның ішінде Құрбанбай Рысбеков, Абдулла Үсенов, Расул Есетов, Файзулла Юлдашев түркістандық төрт азамат Кеңес одағының Батыры жоғары атағына лайық деп танылды.

1943 жылы күзде біздің әскер Днепр үшін ұрыста ерліктері үшін Кеңес Одағының батыры атаққа облыстан 13 адам ие болса, екеуі түркістандық: Рысбеков Құрбантай, Юлдашев Файзулла.

Құрбанбай (Құрбантай) Рысбеков – 1922 жылы Түркістан ауданы Шорнақ ауылында туған. 29 желтоқсан 1943 жылы қаза тапты. КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының 1944 жылғы 10 қаңтар жарлығымен Қ.Рысбековке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Соғысқа дейін Шорнақ мектебінде тарих және география пәнінің мұғалімі болып істеді. 1942 жылдары көктемде өз еркімен майданға аттанды. 42-атқыштар полкі құрамындағы взвод командирі Рысбеков Днепр, Украина үшін болған ұрыстарда ерлік көрсеткен.

Абдолла Үсенов – 1924 жылы Түркістан темір жолы стансасында, қазіргі Түркістан қаласында туған. 7 желтоқсан 1943 жылы Украина майданында қаза тапты. Кеңес Одағының Батыры атағы 25 тамыз 1944 жылы берілді. Соғысқа дейін Түркістан вагон жөндеу депосының цех механигі болды. 1942 ж. Қызыл Армия қатарына шақырылды. 112-Рыльск-Коростень атқыштар дивизиясының құрамында 159 жеке сапер батальонның Украина жерін жаудан азат ету үшін кескілескен шайқаста асқан ерлік көрсетті.

1992 жылы Крупская атындағы кеңшарға А.Үсеновтың есімі берілді. Үшқайық ауылдық кеңесі ғимаратының алдынан батырға үлкен ескерткіш орнатылып, арнайы ас берілді. 1994 жылы Үшқайық ауыл әкімшілігі ауыл азаматтарының басқосуында Теке ауылы А.Үсеновтың есімімен аталды.

Файзулла Юлдашев – 15 қыркүйек 1912 жылы Түркістан қаласында дүниеге келді. Самарқанд педагогикалық техникумын және Ташкент мұғалімдер институтын бітіріп, Бұхара облысында мұғалім, мектеп директоры қызметтерін атқарған. Кеңес әскері қатарына 1942 жылдың маусымында шақырылып, сол жылдың қазан айынан Воронеж майданына қарасты 38-армия 180-атқыштар дивизиясы 42-атқыштар полкі құрамында Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1943 жылы 27 қыркүйекте аға сержант Юлдашев

алғашқы десантшылар құрамында Киев облысы Вышгород ауданы Новые Петровцы селосы маңында Днепрдің оң жағалауына өтіп, қолма-қол ұрыста басып алған плацдармды ұстап қалу үшін өз бөлімшесімен бірге қаһармандықпен шайқасты. 11 адамнан жалғыз Файзулла тірі қалды. Жалғыз қалса да, зеңбірекпен жауға оқ жаудыруын тоқтатпады. Бұл ұрыста қатты жарақат алған Файзулла Десна бойындағы госпитальда емделеді.

Осы шайқастағы ерлігі үшін Юлдашевқа КСРО Жоғары Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы 29 қазан 1943 жылы берілді.

Расул Есетов 25 маусым 1924 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан қаласында туған. 1943 жылы Совет армия қатарына шақырылады. 1944 жылғы 11 қазанда немістер қорғанысының алғы шебін барлау жөніндегі бұйрықты орындап жүрген Есетовтың бөлімшесіне дұшпан доттан, пулеметтен оқ атты. Бірақ бұл жолы да командир шебер маневр жасап, дотқа жақындады да, қол гранаттарын лақтырды. Ол жау бекінісіне басып кіріп, автоматпен дұшпанның 15 солдатын сұлатып салды. Осы ұрыста Есетовтың бөлімшесі жаудың 50 солдаты мен офицерін өлтіріп, 37 миллиметрлік зеңбірегін, екі станокты пулеметін, танкіге қарсы ататын екі мылтығын, бір огнеметін, 40 винтовкасы мен оқ дәрі қоймасын қолға түсірді.

Осы ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен 1945 жылғы 24 наурызда Расул Есетовқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Карпат үшін болған соғыста осындай жоғары атақтың иегері болған 2 қазақстандық жауынгердің бірі. Соғыстан кейін Түркістанда қызмет етті. Ленин, 1- және 2-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, медальдармен марапатталған. 2 маусым 2009 жылы қайтыс болды.

Түркістан қаласында Ұлы Отан соғыс жылдары ерлікпен қаза тапқан түркістандық жауынгерлерге бірқатар ескерткіштер орнатылған: Ескі Иқан (1975), Коммуна (1971), Қарашық (1970), Жаңа Иқан (1976), Оранғай (1968), Қызыләскер (1970) ауылдарында.

Сондай-ақ, Әл-Фараби орта мектебінде (1970), Хамза орта мектебінде (1967), №9 орта мектебінде (1967), А.Навои мектебінде (1971) соғысқа қатысқан мектеп мұғалімдері мен оқушылардың тізімімен арнайы тақтайшалар мен ескерткіштер бар [63].

Біздің жерлестеріміз туралы өте құнды мәліметтер Серікқали Байменше зерттеулерінде келтіріледі [64]. Бұл деректер – соғыс басталған алғашқы күндері 1941 жылдың 31 маусым – 2 шілде аралығында кеңес армиясының қатарында жауынгерлік борышын атқарып жүрген түркістандық тұрғындардың туған-туысқандарына жазылған хаттары. Түрлі себептермен үйлеріне жетпей қалған хаттар қазіргі таңда ұрпаққа жетіп тұрғанының өзі бұл хаттардың тарихи дерек ретінде мазмұнын байыптайды.

1941 жылғы 22 маусымда соғыс басталып, көп ұзамай Украинаның Каменец-Подольский қаласын жау басып алады. Осы өңірде әскери қызметте жүрген кеңес солдаттарының 1941 жылдың маусым-шілде айларында жазылған хаттары соғыс жағдайына байланысты жіберілмей, 1208 хат пошта жәшігінде қалып қояды. Фашист әскері барлық хатты жинап алып, «соғыс басталған кездегі кеңес халқының көңіл күйін зерттеп білу» деген мақсатпен оларды Австрияға жібереді. Жауынгер хаттары 2009 жылға дейін Вена қаласының мұражайлар қорында бұзылмай сақталып келгені белгілі болып отыр. Киевтегі «1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы тарихының ұлттық мұражайы» мемориалдық кешені басшылығының хабарлағанындай, бүгінде «1941 жылғы оқылмаған хаттар» деген жалпы атау алған осынау бірегей құнды эпистола коллекциясы реституциялық (соғыс кезінде басып алынған мүлікті қайтару) үдерістер шеңберінде Украина шекарасына қайта өтіп, 2010 жылдың бас кезінде аталған мұражайға келіп түсіпті. Қазір олар түгелге жуық өңделіп, мұражайдың тұрақты мемлекеттік қорына алынған. Бүгінге дейін 500-ден астам хаттың көшірмесі иелеріне табыс етіліпті. Соның ішінде жеріне жетпей қалған 19 хат Қазақстанға жолданған екен. «Хат иесіне жету керек. Бұл біздің қасиетті борышымыз. Сол себепті іздестіру жұмыстары жалғасу үстінде», дейді мұражай басшылығы.

Бізге мәлім дерек бойынша, осы 19 хаттың әзірге 9-ы қазақстандық жауынгерлердің артында қалған ұрпақтарының қолына тиген. Оның үстіне, соғыс жаңа басталған кезде ұрысқа кіріскен жауынгерлердің кейінгі тарихы, тағдыры және белгісіз. Олардың арасында тірі қалған, аман-есен оралғандары болуы мүмкін. Немесе осы уақытқа дейін соғыста хабарсыз кеткендердің бірі болып жүруін де жоққа шығара алмаймыз. Бірақ жетпіс жылдан астам бұрын жазылған хаттардың мазмұнын білу, соның ішінде қазақ жауынгерлерінің аты-жөнін айғақтау уақытқа бағынбайтын қажеттілік екеніне ешкім дау айта алмаса керек.

Соғыстың алғашқы күнінен бастап Қазақстан майданның бір арсеналы болды. Майдангерлердің жағдайын жақсартып, олардың әскери жігерін де көтерген тылдағылар. Көптеген оңтүстік-қазақстандықтар Жеңіске өз үлестерін қосты.

Оңтүстік Қазақстан өңірі КСРО-ның Германиядан әскери-экономикалық артықшылығын қамтамасыз етті. Фашист басқыншыларға қарсы атылған әрбір 10 оқтың 7-уі Шымкент қорғасынынан құйылды. Оңтүстік Қазақстан еліміздің аса маңызды ауылшаруашылық аймағына айналды. Ол майданды және Орал, Сібір және Еділ бойының ірі өнеркәсіп орталықтарын астықпен, маймен, жүнмен, қамтамасыз етті, майданға жеміс-жидектер мен көкөністер жіберіп отырды. Соғыс жылдарында Отанымызға 2 млн пұт ет, 800 мың литр сүт, 100 мың ірі қара мал және 1 млн артық қой және ешкі терісін, 44 мың 80 пұт жүн, 2 млн 120 мың пұт астық берді. Оңтүстік Қазақстан тапсырған мақтадан тоқылған матамен Қызыл Армияның 7 млн жауынгерін киіндіруге болатын еді. 1942 ж. маусымында еңбекшілері Ленинград тұрғындарына 287 бас мал, 160 ц шұжық, 35 ц мал майын және 80 ц өсімдік майын, 120 ц ұн, 270 ц жемістер қағы мен көкөніс, 30 ц жаңғақ, 170 ц кондитер тағамдарын, 560 л шарап аттандырды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында республикада мақта егісінің көлемі біраз азайып, шығындылығы төмендеп кетті. Бұған ең алдымен соғыстың зардабы әсерін тигізді. Техника жетіспеді, суландыру жүйелері жаңартылмады, бұрын басталған иррига-

циялық құрылыстардың жұмыстары тоқтап қалды. Қолда бар техниканың бір бөлігі майданға жіберілді. Осының барлығы мақта егісінен төмен өнім жиналуына себепші болды. 1944 жылы 37,5 мың гектарға егілген мақтаның әр гектарынан 5,3 центнерден ғана өнім жиналды. Әрине бұл көрсеткіш соғыстың алдындағы жылдармен салыстырғанда екі есе кем.

1941 жылғы 25 маусымда Түркістан темір жол стансасында жұмыс істейтін және үй шаруашылығындағы әйелдер митингі өткізіп, резолюцияда «Ұлы Отанымызды қорғауға бізде өз үлесімізді қосуға дайынбыз» деп аса отаншылдық сезімімен жауап берді. Түркістан ауданындағы «Ортақ» ұжымшарындағы ондаған әйел: Маржан Мурзаева, Ибат Момышова, т.б. Шорнақ МТС-дегі жүргізушінің курсын бітіріп, өз ұжымшарында еңбек етті. Облыстағы 27 өнеркәсіп және теміржол мекемелеріндегі үй шаруашылығындағы әйелдерді өндіріске тартудың курстары жұмыс істеді. Олардан 1941 жылы 4902 адам оқыса, оның 3338 әйел, 197-сі қазақ әйелдері. Мұндай курстар Ащысай комбинатында ұйымдастырылды. Курсты бітірген Мәмбетова, Жұмабекова, Айкина дәнекерлеуші, шебер классификаторшы мамандықтарын жетік меңгеріп, өндірісте озаттар қатарында болды.

Түркістан тау-темір жолындағы әйелдер жақын маңдағы «Ортақ» ауыл шаруашылық артелінің колхозшыларына бидай орып, жинауға көмектесті. Ұжымшарда әр күні 80 әйел жұмыс істеді. Осындағы мақта теріміне 1942 ж. қыркүйекте Түркістан қаласынан 64 комсомол оқушы қатысып, Дәдебаева Аят, Ибрахимова Лиза 1 күнде 80-100 кг мақта теруге қол жеткізді. 7 сынып оқушылары Сүлейменова, Базаханова күн сайын жауынгер паракшасын шығарып тұрды. Екі ай ішінде комсомол оқушылары 20 тонна мақта теріп, өткізді. Жас кенші №2 ФЗО-ның оқушысы комсомол Сейдолла Ащысай кенішінде 1944 жылы наурызда тәуліктік тапсырманы 1637 пайыз орындады.

1941 жылы 7 шілде Түркістан ауданының Ыждыхат ауыл шаруашылық артелінің колхозшылары Түркістан ауданының барлық колхозшыларға үндеу қабылдады: «Аудан еңбекшілері! Отан,

партия төңірегіндегі жақын, тығыз топтасуларыңызды, Қызыл Армияға мақта, ет, жүн өнімдерін мол беруге шақырамыз».

1941 жылы 1 тамыз мемлекеттік қорғаныс қорына Түркістан ауданы еңбекшілерінен 48255 сом, тегін 94460 сомның облигациясы, 4,2 тонна бидай, 7 тонна жеміс-жидек, 3,5 тонна ет тапсырылды. 1942 жылы танк колоннасын құруға Түркістан ауданын колхозшылары 1 млн 150 мың сом қаржы аударды.

1942 жылы мамырда облыстан 1 топ адам майдан шебіне жақын барып, жауынгерлермен кездесті, апарған сыйлықтарын тапсырды. Осы делегацияның құрамында түркістандық «Ортақ» ұжымшарының бастығы КСРО Жоғары Кеңесінің депутаты Шарап Ниязов болды.

Түркістан аумағында Қаратау қойнауында каучук ретінде қолдануға болатын өсімдіктерінің бір түрі – тау сағызы өседі. Осы өсімдіктен Ұлы Отан соғысы кезінде каучук өндірістік жолмен алынған. 1930 жылы осы өңірде өсетін тау сағызы мемлекеттік өндіріске қажетті деген бағалаумен жергілікті аудандық атқару комитеті арнайы бұйрық шығарады. Сондай-ақ, тау сағызы өсетін аймақта мал бағуға тыйым салынды, өсуіне зиян келтірген үшін 25 сом көлемінде айып пұл белгіленді [65]. 1931 жылы Қаратау каучук тресі таусағыз түбірінен табиғи каучук өндіру кәсіпорын салды. Бұл тұңғыш әрі жалғыз кәсіпорын болатын. Осы жылдан бастап қазыналы Қаратау Түркістан өңіріне өзінің ғасырлар бойы сақтап келген байлығын бере бастады [66].

Соғыс жылдары Оңтүстік Қазақстан өз аумағына көшіріп адамдарды мекемелерде, балалар үйлеріне, госпитальдарда қабылдады. Облыстық атқару комитетінің 1941 жылғы 19 шілдедегі шешімінде былай делінген: «Шымкент қаласында және Түркістанда, аудан, кеңшар орталықтарында санитарлық норма әр адамға 5 шаршы метр болып белгіленсін». Алғашқы 7 айда облыс бойынша 52880 адам қабылданса, соның 3000-ы Түркістанға орналасты.

Соғыс аумағынан оңтүстікке 26 ірі кәсіпорын көшірілді. Олардың көбі Шымкент қаласына жайғасты. Соғыстың алғашқы айла-

рында өлкемізге Воронеж пресс-автоматтар зауыты, Харьковтың шұлық және айна фабрикалары, Подольскінің илеу-құю зауыты, Киевтің химия-фармацевтік зауыты, Мәскеу алколоид зауыты, Кременчуг электростансасы көшіріп әкелінді. Кәсіпорындардың бірсыпырасы облыстың аудандарына орналасты: шыны зауыты – «Күйік» совхозына, трактор шеберханасы – Сайрам ауданына, 100 киловаттық электростанса – Түркістан ауданына, Мақта иіру фабрикасы – «Мақтаарал» совхозына. 1942 ж. барлық көшіріп әкелінген кәсіпорындар өнім бере бастады.

1940 жылы қыркүйек-қараша айларында облысқа 22 балалар үйі көшіп келді. Түркістан ауданына Сталинград облысынан екі балалар үйі (288 бала) орналасты. Сондай балалар үйінің бірі №5 интернаттың тәрбиеленушілері соғыс жағдайына бейімделіп тігін және тоқыма шеберханаларында еңбек етіп майданға қажет заттарды жіберіп отыруға өз үлестерін қосты [67]. 1942 жылғы қаңтарда облысқа 8 көшпенді госпиталь орналастырылды. Солардың №2068 госпиталына Түркістандағы педагогикалық училищеден, Ленин атындағы мектептен, қалалық дәріханадан 500 адамдық орын бөлінді. Педагогикалық училище Шымкент қалалық депутаттар кеңесінің атқару комитетінің 1942 ж. 7 тамыз шешіміне сәйкес Түркістан қаласына көшіруге тапсырылды [68].

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы көші-қон эвакуация, депортация, ревакуация, репрессия секілді іс-шаралармен тығыз байланыста жүрген.

Күштеп қоныс аударудың қайғы-қасіреті өлшеусіз еді, оны басынан өткізгендер ешқашан ұмытпақ емес. Бұрын өмір сүрген жерлерінде олар барлық дүние мүлкін тастауға мәжбүр болды. Жүздеген мың «сенімсіз халықтарды» мал немесе тауар таситын вагондармен әкелді. Қоныстанушылар арасында эпидемиялық жұқпалы аурулар күшейіп кетті. Климаттық өзгеріс пен өте ауыр тұрмыстық жағдайлар қоныс аударушылар арасындағы өлімді көбейтіп жіберді. Әміршілдік өктем жүйенің озбырлығын тартқан ұлыстың бірі – месхет (Ахысха) түріктері. «Ахыск» түріктері – 1944 жылдың қараша айында Сталиннің өктемдігі кезінде Орта

Азия мен Қазақстан аумағына қоныс аударған халықтардың бірі. Сондай-ақ, Түркістан қаласына да күштеп көшіріп әкелінген. Қалада қазіргі кезде бұл ұлт өкілдерінің шоғырланған ауылы да бар.

1944 жылы 139 мың месхет түріктер жанұясымен бірге түгел күштеп жер аудартылды. Ұзақ жолда суықтан, аштықтан, ауру-сырқаттан 17 мың адам қайтыс болған. Қатал тағдырдың тәлкегі бір тұтас халықтың өміріне балта шауып, жағдайын күрт өзгертті.

Бірақ депортациялық саясаттың қатал жағдайында олар аман қалып қана қоймай, Қазақ өлкесінен жаңа Отанын тапты, өздерінің ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалды, көп ұлтты Қазақ жерінде өзіне лайықты орнын алды.

1989 жылы Халық депутаттарының Түркістан қалалық совет атқару комитетінің қарарымен Түркістан қаласында Шымкент облысының түрік мәдени орталығының филиалы құрылды [69]. Орталықтың жұмысын ұйымдастырып жүргізу үшін мақта зауыттың клубында арнайы бөлім бөлінді. Түркістан қаласының мақта зауытында түріктердің көпшілігі жұмыс атқарып отырған орын болды. Мұрағат деректері көрсетіп отырғандай алғашқы ұйымдастыру жиналысында түрік ұлтының өкілдері өздерінің ұлттық, дәстүрлік мәдениетін ұмытпай келешек ұрпаққа жеткізу міндетін атап өтіп, сол кезде бірінші кезекте азаматтардың паспорттарындағы ұлт атауын өзгерту туралы мәселесін көтерді. Сонымен қатар балаларын әзірбайжан тілінде емес, түрік тілінде оқыту туралы сұрақтары да орын алды. 1989 жылы Түркістан қаласында түріктер 0,6% құрайды, ресми құжаттар бойынша шамамен 1100 адам [70]. Түрік ұлтының өкілдерінің өзі «қалада түрік ұлты өкілдері шоғырланған ауылында 265 үй, 2100-2200 адамдай тұрады» дейді.

Ұлы Отан соғысының тарихы тек төрт жылмен шектеліп қалмайды, ол тұтас дәуірді қамтиды, қиындығы мен құпиясы уақыт өткен сайын біртіндеп ашылады. Бұл соғыстың тарихы – халық ерлігінің тарихы. Оның шежіресі өшпейтін, өлмейтін, тозбайтын құбылыс. Сондықтан мұның үлкен алау, өшпес отының маздай беретіні даусыз.

2.6 Соғыстан кейінгі жылдардағы қаланың саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуы

Соғыстан кейінгі жылдары еліміздің барлық аумақтарында халық шаруашылығын қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Құлдыраған экономиканы көтеру үшін қалалардың бюджеттік жігері жетпеді. Сондай-ақ Түркістан қаласының да жағдайы осындай болды.

Тарихи маңызы бар қаланың жағдайын жақсарту мәселесін қала басшылары бірнеше рет көтеріп 1949 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасының орынбасары Т.Тажиевке, 1950 жылы КП Орталық Комитетінің хатшысы Ж.Шаяхметовке, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Н.Оңдасыновқа хаттар жолдап отырды.

1949 жылы Еңбекшілер депутаттарының облыстық атқару комитетінің төрағасы Даулетов Түркістан қаласының Түркістан ауданының әкімшілік орталығы ретінде және тарихи маңызы бар қала болғандықтан қаланың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеру үшін республикалық бюджеттен 528 мың сом бөлуді қажет ететіні туралы мәлімдейді [71].

Соғыстан кейінгі жағдайда қаланың жағдайы күрт нашарлады. Қалада ауыз су жетіспеушілік шарықтады. Су арықтардан 11 шақырым жерден алынып тұрды. Қала жолдары нашарлығынан жүріп өтуге қиынға соқты. Көлік байланысын бар жоғы 1 автокөлік – ескі ГАЗ 12 атқарды. 1948 жылы шілде айынан бастап қалада электр қуатымен қамтамасыз ету мүлдем тоқтаған болатын. Түркістан теміржол стансасында Борисовка поселкесінде қонақ үйі болмағандықтан келушілер вокзал ғимаратында түнеуге мәжбүр болды. Себебі қалаға және ауданға қарасты 8 мемлекеттік мекемелердің барлығы Түркістан теміржол стансасында орналасқан болатын. Жұмысшылардың да үлкен бөлігі осы жерге ауыстырылды. Қала әкімшілік орталық ретінде өз қызметін атқаруға мүмкіндігі болмады.

1950 жылы Түркістан аудандық комитетінің хатшысы Уразгулов, Түркістан аудандық атқару комитетінің төрағасы Бостанов қаланың қайта қалпына келтіру жұмыстарының тізбесін дайындап, нақты іс-шараларға мемлекет тарапынан қаражат бөлуді сұрады. Солардың ішінде ең алдымен Түркістан қаласы мен Түркістан стансасын (Борисовка жұмысшылар ауылы) қосуды ұсыныс берді. Қала мен стансасының арақашықтығы – 5 км. Бұл экономикалық тиімді шығын болуы тиіс еді. Келешекте транспорттық тасымалдаулардың шығындарын азайтуға, өнеркәсіп орындарының, ауданның өнімдерінің өзіндік құнын төмендетуге, сондай-ақ, қала мен стансаның аралығына адамдардың қоныстануына мүмкіндік беретін болады. Осы арқылы негізгі теміржол торабымен байланысын кеңейту мақсатында қаланың әрі қарай жоғары дәрежеде дамуға жол ашуға жергілікті өкімет басшылары ұсыныстарын беріп отырды. 1940-шы жылдардың соңында Түркістан стансасындағы, яғни Борисовка деп аталатын жұмысшылар ауылындағы мекемелерді қалаға ауыстыруды қажет етті. Бұл мекемелер: Райпотребсоюз, Лектрест, Заготдубитель, Ауданаралық орман шаруашылығының басқармасы, Союззаготтранс, Казпиво бөлімшесі, Абай атындағы артель, «Еңбек» артели, т.б.

Қала мен стансасының арасын қосуы қала аумағын кеңейтуге мүмкіндік беріп, тұрғындар санының артуына әкелді. Оның үстіне теміржол желісіне тікелей шығуы қаланың экономикалық, мәдени-әлеуметтік дамуына зор әсерін тигізетін еді. Ол үшін теміржол торабының ұзындығын тағы 2,5 шақырым көлемінде ұзартып, орталықпен қосуға 1250 сом қаражатты қажет етті [72]. 1960 жылдары ескі-жаңа қалалардың арасына тұрғындар қоныстанып, бұл күнде ескі қаласы мен жаңа қаланы ажырату қиын. Қала орталығы мен Темір жол вокзалы арасындағы, ол кезде Фурманов көшесі, қазір Тәуке хан даңғылының жолына ғана тас қаланған. Басқа бірде-бір көшеге тас төселмеген еді. 60-шы жылдары қалада 100 ден аса көше болды. 70-жылдары олардың тең жарымы асфальтталды. Аудан орталығынан ұжымшар, кеңшар, ауыл-селоларға жалпы ұзындығы 300 км асфальт жол салынды.

Қала маңындағы 7 колхозды еңбекшілер депутаттары қалалық советінің құзырынан жаңадан құрылған Түркістан ауылсоветіне өткізілді.

Түркістан қалалық әкімдігі аумағында Қазақстанның 30 жылдығы ауылы бар. Қазіргі таңда Ынтымақ ауылы деп өзгертілді. 1950 жылы Қазақ Автономиялы кеңестік социалистік республикасы құрылуының 30 жылдық құрметіне Түркістан қаласының жанында жаңадан ірге тепкен елді мекеннің атауы болып қалыптасты. Шаға ауылдық округінің орталығы. Түркістан қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 10 шақырым жерде. Шымкент-Түркістан автомобиль жолының бойында орналасқан. Тұрғыны 6,8 мың адам (2003). 1953 ж. құрылған «Чапаев» атындағы мақта ұжымшарының орталығы болып келді. Ауылда орта мектеп, мәдениет үйі, мешіт, кітапхана, емхана, т.б. мекемелер жұмыс істейді [73].

Қазақстан тарихында ежелгі өркениет ошақтарының бірі ретінде Түркістан қаласы және оның төңірегіндегі тарихи-географиялық атауларды этимологиясы тұнып тұрған тарихи дерек көзі деп есептеуге болады. Ол атаулардың мағынасын ғылыми талдаудан өткізер болсақ, олардың тарихи танымымызға тигізер ықпалы мол. Мәселен, Қосмезгіл – саяси-идеологиялық мақсатта қойылған «Қызыл әскер» ауылының қазіргі атауы. Түркістан қалалық әкімдігіне қарасты Шаға ауылдық округінің құрамында. Түркістан қаласынан солтүстік батысқа қарай 16 шақырым жерде, Арыс-Түркістан каналы бойында орналасқан. Тұрғыны 4,7 мың адам (2003). Ауыл 1952–97 ж. мақта өсірумен айналысатын «Ленинизм» ұжымшарының орталығы болды. Оның негізінде Қызыләскерде өзімен аттас ЖШС және бірнеше шаруа қожалықтары құрылған. Ауылда орта мектеп, мәдениет үйі, мешіт, кітапхана, емхана, т.б. мекемелер бар. Ауылдың үстімен республикалық маңызы бар темір жол, автомобиль жолы өтеді [74]. Бұл атауға негіз болған «Қос» сөзінің бірнеше мағынасы бар.

1. Қос – бір нәрсені екінші бір нәрсемен біріктіру, қосу; араластыру; дұрыстау, қостау.

2. Екі, пар, егіз.

3. Белгілі бір жұмысты істеуге шыққан адамдар тобы. Ал «мезгіл» сөзі – уақыттың бір кезеңін білдіретін ұғымды береді. Демек, «Қосмезгіл – Қошмезгіл» – шаруаға қолайлы, көңілге қошуақ мезгіл деген мағынаға сай келеді [75].

1960–1970 жылдары қалада өндіріс, өнеркәсіп орындары күрт өсті. Жаңадан құрылған темірбетон бұйымдарының жасау зауыты, құрылыс бөлшектер және құрастыру комбинаты, техникалық жабдықтау «құрылыс жол мәшинелерін жөндеу, ұсталық пресс-автомат зауыттары, жергілікті өнеркәсіп комбинаты, тігін фабрикасы, автокөлік мекемелері, сауда орындары жергілікті бюджетті толықтырып қала дамуына елеулі үлес қосты.

1962 жылы Түркістан қаласында темірбетон бұйымдар зауытының құрылысы басталды. Келешекте бұл зауыт қаланың маңызды өндіріс орындарының біріне айналды.

Мақта өсіру кәсібі алдымен Оңтүстік Қазақстанның Ташкент қаласына жапсарлас Келес және Сарыағаш аудандарында, ал XX ғасырдың алғашқы жылдарында, Ташкент-Орынбор темір жолы салынып біткеннен кейін, Түркістан және Шымкент қалаларына жақын аудандарда өнім алды.

Шит егу мемлекет тарапынан кең қолдануға, қамқорлыққа алынды. Қозаны күтіп баптау өте күрделі болғанымен, одан түсетін табыс елдің ынтасын арттырды. Отызыншы жылдары аудан орталығында жыл сайын мақтаның алғашқы терімі басталғанда, Қызыл керуенге мақташылар бес жүздей түйе жегілген арбалармен қатысқан. Мақта шаруашылығының жылдан-жылға дамуы Түркістан аймағы экономикасының, тұрғындарының әлауқаты жақсаруына орасан зор ықпалын тигізді. Елуінші жылдары Түркістан аймағын мақталандыру мақсатымен Арыс өзенінен Түркістанның батысындағы Сауранға дейін алып арна қазылды. Арық құрылысы – республика өміріндегі саяси-экономикалық мәні үлкен оқиға болды, бүкіл қазақстандық халықтық құрылысқа айналды. Арна бойында 2500 жұмысшы, 18 экскаватор, 129 трактор, 247 автокөлік, 200-ден аса жер қазатын машина жұмыс істеді. Арыс-Түркістан каналы Оңтүстік Қазақстан облысында

мақта, дермене, мал, бау-бақша шаруашылықтарын мейлінше өркендетуге жол ашты. Арнаның ұзындығы – 194,5 шақырым. Арыс-Түркістан арнасының құрылысы біткен соң Түркістан, Арыс, Шәуілдір, Шаян аудандарының шаруашылығы, мәдениеті өркендей түсті. Әр гектардан жекелеген ұжымдарда 70 центнерге дейін «ақ алтын» алынып, Түркістан бойынша мемлекетке 45000 тонна мақта өткізген.

Түркістан қаласы бойынша ең жоғары түсім көрсеткіші Ескі Иқан ауыл әкімшілігінде – 15,5. Бұл – аудандағы ең биік көрсеткіш болып табылады. Қарашық – 12,9, Жүйнек – 13,1 центнерден алды. Гектар түсімі 10 центнерге жетпеген ауыл әкімшіліктері де бар. Мәселен, Үшқайық – 8,3, Сауран – 8,7, Бабайқорған – 5,4 центнерден берді. Ал, 1004 гектар жерге 4 есе кем қоза еккен Жаңа Иқанда әр гектардан небәрі 4-ақ центнерден шитті мақта алынды.

1960-жылдары Қазақстанның екінші тыңы – мал шаруашылығында үлкен бетбұрыс болды. Жайлауға, қыстауға автодүкендер барып, шопандарға азық-түлік, киім-кешек жеткізіп тұрды. Отынсу, жарықпен қамтамасыз етілді. Шопандардың балалары үшін аудан, ұжымшар, кеңшар орталығында мектеп жанынан шағын интернатта ұйымдастырылды. Мал шаруашылығын өркендетуге ерен еңбегімен үлес қосқан Социалистік Еңбек Ері атағын алғандар – М.Айтқожаев, Ы.Нұрымов, Қ.Арқабаев, Т.Сауранбаев, Б.Қонысов, Ә.Қалмырзаев, Ж.Момбеков, М.Нарымбаев.

1962 жылы Түркістан қаласының тұрғындарын нанмен қамтамасыз ету көрсеткіші төмен болды – 24-36%. Күндігіне қажет етілетін 25 тонна орнына 6-9 тонна ғана нан шығарылып тұрды. Бұл мәселені шешу үшін жаңа нан зауытын салу үшін 1963 жылдың жоспарына енгізіп, 1968 жылы құрылысты бастауға ұсынылды [76].

Түркістан қаласы мен аумағындағы елді мекендердің Орталық телеарналардың бағдарламаларын қабылдау мүмкіндігін алу үшін 1964 жылы телевизиялық станция құрылысын бастауға шешім қабылданды. Ол үшін 2,25 гектар жер және станциямен

байланыстыратын жол көлемін 1,80 гектар етіп бөлуге бекітілді [77].

1967 жылы қалада келесі өндіріс орындары болды: механикалық-жөндеу зауыты, мақта зауыты, кірпіш зауыты, темірбетон бұйымдар зауыты, антибиотиктер зауыты, киіз үй құрылыс фабрикасы, тұрмыстық комбинат, контейнер цехы. Құрылыс мекемелерден: СМУ (құрылыс монтажды басқарма), «Южводстрой», «Межколхозстрой», ПМК№3, ПМК №6, ПМК №8, Дорстрой. Теміржол және көлік мекемелерден: Локомотивті депо, Түркістан стансасы, №1 автобаза, №2 автобаза, жолаушылар автобазасы, «Главрисстрой» қалалық базасы [78]. Кеңестік кезеңінде мекемелердің атаулары дерлік бөлігі әдеттегідей орыс тілінде аталып жүрді. 1968 жылы Түркістан қалалық партия комитеті құрылып, бұрынғыдай аудандық атқару комитетінің емес, тікелей облыстық атқару комитетіне бағынып, есеп беретін болды. Партиялық жүйе жағынан бәрібір Түркістан аудандық партия комитетіне бағынды. 1975 жылы 4 сәуірде Түркістан қалалық партия комитеті құрылды да, Түркістан қала мәртебесіне қол жеткізген.

Осы жылдардан бастап қаланың көшелері реттеліп, коммуналдық, тұрмыстық қызмет көрсету жұмыстары жандана бастады. Түркістанның дербес қала мәртебесін алуында сол кездегі қалалық кеңес атқару комитетінің төрағасы Мәкен Мәдіходжаев сіңірген еңбегі орасан зор. Түркістан қалалық партия комитетінің тұңғыш хатшысы В.Ф. Троян шаруашылықтың қай саласында да жетік, білгір басшы болды.

1969 ж. арналған жоспарда «Прогресс» жиһаз бірлестігі мен Түркістан киіз үй фабрикасы 5,7 млн сомға өнім шығарады деп көрсетілген.

Мәдени-тұрмыстық нысандағы тауарларды 3,2 млн сомға, оның ішінде жиһаздарды 2,7 млн сом қаражатқа өндіру жоспарланған, жоспар бойынша балалар жиһазы өндірісі 11 есе артуы керек еді. 2000 дана төсек топтамаларын, 7,5 мыңнан астам диван-кереуеттерді жасап шығару мақсат етілген. Киіз үй өндірісі

814 данаға артып, 1969 жылы 3000-ға жетуі керек еді. Айна зауыты мен Түркістан киіз үй зауытын жетілдіруге арнап 429 мың сом көлемінде қаражат жұмсау жоспарланған.

1973 ж. Түркістанда жылдық өндіріс көлемі 46 млн сомды құрайтын 14 кәсіпорын, құрылыс-монтаждау жұмыстарының жоспары 15 млн сомға сәйкес 6 құрылыс мекемесі, 16 млн тонна көлемінде халық шаруашылық жүктерін тасымалдау жоспарын түзген автокөлік ұйымы, барлық Орта Азия республикаларын елдің орталық және батыс бөлігімен байланыстыратын темір жол торабы болған.

1984 ж. жылына 6 млн дана кірпіш шығаратын зауыты іске қосылды. Зауыт Шорнақ елді мекен жерінде салынды. Смета бойынша құны 788 мың сомды құрады [79].

Кеңестік кезеңдегі мәдениет тарихының айрықша ерекшелігі оның дамуында партия мен мемлекет рөлінің аса басымдылығы болды. Коммунистік партия мемлекеттік қоғамдық ұйымдар арқылы халыққа білім беруді, мәдени ағарту жұмыстарын, әдебиет пен өнерді бағыттап және бақылап отырды, еңбекшілерге маркстік-лениндік идеология рухында идеалдық саяси тұрғыда тәрбиелеу жұмыстарын жүргізді. Соғыстан кейінгі кезеңдегі қоғамдық саяси дамудың ондағы басты сипаты идеология рөлінің күшеюі болып табылды.

Көркем шығармашылыққа саяси бақылауды күшейту орталық партия комитетінің 40-жылдардың екінші жартысы – 50-жылдардың басында әдебиет пен өнер мәселелері бойынша қабылдаған көптеген қаулыларында айқын көрініс тапты.

1950 жылы Түркістан қаласының әлеуметтік-мәдени жағдайын жақсарту үшін бірнеше жаңа құрылыс объектілерін салуға жоспарланды. Соның ішінде қалалық клуб, қонақ үйі, монша, электростанция, нан зауыты, автобаза, телефонды стансасы, арнайы мамандар үшін 16 пәтерлік тұрғын үй. Көпшіліктің сұранысына ие болып тұрған бұл нысандар қаланың жағдайын көтеруге қажет болып тұрды. Ол үшін мемлекет тарапынан бюджеттен 1990 мың сом бөлуді керек етті.

Қаланың әлеуметтік-мәдени жағдайын жақсарту орталық дұрыс көңіл бөлмеді деп те айту қиын. Қажетті бұйрықтар мен іс-шаралар жасалынғанымен, еліміздің барлық түпкірлерінде кіші қалалардың жағдайы бірдей болды. 1950 жылы 22 сәуірде Министрліктер үйінің арнайы бұйрығы бойынша Түркістан қаласының коммуналдық қызметтерді түзетуге біраз іс-шаралар белгіленіп, оларды жүзеге асыруға нақты тапсырмалар берілді. Атап айтқанда, электрмен қамтамасыз етуге жабдықтар үшін – 80 мың сом, ауыз су мәселесін шешу үшін – 24 мың сом, қалалық монша құрылысын бастау мерзімі нақтыланып белгіленді, т.б. [80]. Дегенмен орталықтан шыққан бұйрықтар орындалмай, бөлінген қаржының өзі де уақытылы және тиісті салаға кейде жұмсалмай, қаланың көркеюіне кедергі болды. Мәселен, 50 орындық қалалық монша құрылысын салуға шыққан бұйрықты орындауға Коммуналды шаруашылық Министрлік кешеуілдетіп отырды. Жергілікті Түркістан қалалық шаруашылық комитеті құрылыс материалдар жоқтығынан жоспарды іске асыруға шамасы болмады. Қалада ауыз судың өзі де жетіспеді. Сондықтан қаланы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін бұрғы ұңғымасын қазуға 24 мың сом бөлуге жоспарланды.

1950-жылдардың басында қалада аудандық мәдениет үйі жұмыс істеп тұрды. Мәдениет үйі 1903 жылы салынған. Ол кезде офицерлер үйі деп аталды. Кейін Қазан төңкерісінен кейін бұл үй клуб қызметін атқарып келді. Мәдени клубында үш залы бар. Бірінші залы – кинофильмдерді көрсетуге арналса, екінші залында – жастардың ойын-сауық кештері өткізілетін орын деп белгіленді, үшінші залында қалалық іс-шаралар өтіп тұрды. Мәдениет үйінде оқу залы да болды. Кеңес өкіметі тұсында мәдениет үйлері идеологиялық тұрғыдан саяси тәрбие беретін орталықтар қызметін атқарып келгені мәлім. Осылай Түркістан қаласындағы мәдениет үйінің ішкі безендіруінде міндетті түрде кеңестік ұрандар, бесжылдық жоспарлардың ұрандары, КСРО Коммунистік партиясының Орталық комитетінің Президиум мүшелерінің, аудан озаттарының портреттері, т.б. болды [81].

1950 жылы қалада 16 орта мектеп, 1 педучилище болды. Жыл сайын 300 оқушы мектеп тамамдап, аттестаттарын қолға алып үлкен қалаларға оқуды жалғастыру үшін жоғары оқу орындарына түсуге кетіп отырды. Сондықтан сол жылдың өзінде қаламызда жоғары оқу орнын ашуға ұсыныс жасалынған болатын [82]. Қаланың тұрғындар саны да, оның өзіндік орыны да бұл мәселені көтеруге орынды болған. Дегенмен, бұл ұсыныс тек егемендігімізді алған соң, 1991 жылы іске асып, қалада тұңғыш жоғары оқу орны Түркістан университеті ашылды. Қазіргі таңда бұл халықаралық дәрежедегі Ахмет Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті.

1950–1960-жылдары қала, ауыл тұрғындары арасында қазақтың қолөнері қарқынды дамыды. 1957 жылы Мәскеуде қазақтың қолданбалы өнерінің көрмесі ұйымдастырылған кезде аса ерекше орын алған Түркістан ауданынан әкелінген екі бұйым болды. Біріншісі, жүннен нақыштап тоқылған алаша. Ұзындығы – 650, ені – 238 см. Екіншісі – шымылдық. Қазақ әйел-қыздарының алаша мен шымылдық жасаудағы абзалдығы мен асқан шыдамдылығына орталықта таң қалып Мәскеуден хат жолдаған.

1959 ж. Бүкілодақтық халық санағында Түркістан қаласындағы халық саны –38000 адам болды. Оның ішінде ерлер – 47,2%, әйелдер – 52,7% құрады [83].

1959 жылы қалада 8 арнайы және техникалық кітапхана болды: аудандық партия комитетінің, медучилище, мақта зауытында, теміржол, индустриалды-педагогикалық техникум, ТГЖД, теміржол клубы, педагогикалық училище [84].

Қазақ әдебиетінің ірі өкілі, Түркістан қаласың тумасы Саттар Ерубаевтың 1962 жылы қайтыс болғанына 25 жыл толды. Қала тұрғындары мақтаныш еткен жерлесінің құрметіне еңбекшілер депутаттарының Түркістан аудандық советінің атқару комитетіне арнайы хат жолдайды. Хаттың мазмұны: 1913 жылы құрылған №7 қала мектеп-интернатына және Стаханов пен Плеханов қала көшелерін біріктіріп Саттар Ерубаев есімін беруге сұранды [85]. 1962 жылдан бастап №7 мектеп-интернат Саттар Ерубаев мектебі

деп атала бастады. Саттар Ерубәев көшесі қазіргі таңда қаланың үлкен көшелерінің бірі. 1987 жылы жергілікті билік органдары №1 Ленин атындағы орта мектепке қарасты ғимаратта Саттар Ерубәев атындағы қалалық мұражайын ашуға шешім қабылдады. Ол ғимарат 1938 жылы салынған. Күрделі жөндеу жүргізіп мұражайды ашуға қалалық бюджеттен 5,6 мың сом бөлінді [86].

1963 жылы еңбекшілер депутаттарының Түркістан аудандық Советі атқару комитетінің шешімімен қала саябағы мен тәлімбағына 8 гектар жерден бөлінді. Қаланы көгалдандыруға қажетті ағаш, гүл көшеттерін осы тәлімбағы қамтамасыз ететін болды. Телестанция құрылысы үшін 2,25 гектар жер бөлуге шешім қабылданды. Түркістан қаласы инфрақұрылымның дамуында біршама жетістіктерге қол жеткізе бастағанын байқауға болады.

1950–1960 ж. Қытайдан қазақтардың ата жұртына оралуы басталды. Репатрианттардың тарихи отанына көші-қоны кезде партия және үкімет органдары олардың орналастыру және тұрмыстық жағдайын реттеу мәселені қатаң қадағалауына алды. Түркістан қаласында 1962 жылы осы шаралар аясында Қытай Халық Республикасынан көшіп келген отбасылар балаларына арнайы класс-комплектілер деп аталатын қосымша сыныптар ашуға ұйымдастырылды.

Ю.Гагарин атындағы орта мектепте – I-II-III үш орыс сыныбын, V бір қазақ сыныбын, барлығы 76 оқушы және В.И. Ленин атындағы мектепте – бір I сынып – 25 оқушы ашуға шешім қабылданды. Мектептердегі қосымша сыныптарды ашуға арнайы қаржы бөлуге қарастырылып, педагогикалық кадрмен қамтамасыз ету мәселесі де ескерілді [87].

1962–1963 оқу жылында Түркістан қаласында 9 мектеп болды. Атап айтқанда,

1. №3 Ленин атындағы орта мектеп
2. №1 Никитин атындағы орта мектеп
3. №386 теміржол орта мектебі
4. №387 теміржол орта мектебі
5. №388 теміржол орта мектебі

6. Киров атындағы орта мектеп
 7. Мәншүк Мәметова атындағы орта мектеп
 8. Калинин атындағы орта мектеп
 9. Саттар Ерубаяев атындағы жетіжылдық мектеп-интернат
- Оның ішінде 2 қазақ мектебі, 4 аралас болды [88].

1969 жылы Түркістанда 6 аралас, 2 қазақ мектебі, 5 балабақша, пионерлер үйі, спорт мектебі, музыкалық мектептері болды [89]. 1977 жылы Әлия Молдағұлова атындағы 1320 оқушы оқытатын жаңа орта мектебі ашылды [90]. Жалпы 1960–1970 ж. қалада 20 ға жуық орта, орталау мектеп, 4 интернат, 4 кәсіптік-техникалық училище жастарға білім, тәрбие берді. Қазан төңкерісінен бұрын ФЗУ (фабрико-заводское училище), Кеңес дәуірінде ЖДУ (железно-дорожное училище), бертінде ТИПТ (Түркістан индустриалды-педагогикалық техникумы).

1966 ж. Түркістан аудандық статистика бөлімі мәліметтері бойынша Түркістан ауданында – 106 мың адам болды, қалада – 46 мың адам, ауылдарда – 60 мың адам [91].

1966 жылы қаланың әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымының дамуында 100 орындық қалалық емхананың ашылуы елеулі оқиға болды. Емхана бұрынғы 1 май көшесі деп аталған қазіргі С.Қожанов атындағы көшеде ашылды [92]. Емхана Аудандық денсаулық сақтау бөлімінің балансына өткізілді. Сондықтан да қала тұрғындар арасында бұл емхананың аталуы әлі де «рай-больница», яғни аудандық емхана деп аталады.

1968 жылы Шымкент облысы Еңбекшілер депутаттарының Түркістан аудандық Советінің атқару комитеті Түркістанда су емханасын ашуға қарар қабылдады. Ол үшін 122,3 мың сом бөлінді [93].

1970 ж. Бүкілодақтық халық санағында Түркістан қаласы мен ауылдық жерлеріндегі тұрғындар саны – 54000 адам, оның ішінде ерлер – 48,0%, әйелдер – 51,9% болды [94].

1980 жылы Орталық базарды жөндеу жұмыстарын қалалық құрылыс, шаруашылық, коммуналдық мекемелерге бөліп тапсырылды [95].

1982 жылы Түркістан қаласындағы Бухарская көшесіне 1930 жылы ұжымдастыру науқаны кезінде қаза тапқан түркістандық азамат, Бостандық ауданының бірінші хатшы қызметін атқарған Мәулен Сұлтановтың есімі беріліп ауыстырылды [96].

1983 жылы қаланың үгіт-насихат көрнектілер жақсарту іс-шаралар жоспары бекітілді [97].

1983 жылы қалада жүзу бассейні халықтық әдіспен салынып пайдалануға берілді. Бассейн көлемі 21×50, жалпы құны – 864 мың сом құрады [98].

Қаланы аббаттандыру бойынша 1976 жылы қалалық мәдениет және демалыс саябағы ашылды. Саябақ қалалық мәдениет бөліміне қарасты болып белгіленді. Қажетті мамандарымен қамтамасыз ету үшін штаттық тізім жасауға қала бюджеті есебінен, қажетті шығындардың сметасын шығаруда Қожа Ахмет Ясауи мұражайының шығындары шамасында бөлуге қарастырылды [99].

1978 жылы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мұражай болып ашылғаннан кейінгі уақытта жөндеу мен қалпына келтіру жұмыстары қарқынды жүргізіле бастады. 1978 жылғы 30 қыркүйекте сағана мұражайға айналып ашылды. Оның ашылуы көне қаланың тарихында үлкен құбылыс әрі мәдени жаналық болды. Тарихи ескерткіштің республикалық мұражай мәртебесін алуы, онда кең көлемде қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуді талап етті. Осы жылы кешен құрамындағы «Шығыс моншасы» қайта қалпына келтірілді. 1975 жылға дейін үздіксіз жұмыс істеп келген монша тарихи-мәдени ескерткіш ретінде, өзінің негізгі қызметін тоқтатып, 1979 жылдан бастап мұражайға айналдырылды. 1980 жылы қалпына келтірілген Қорған қабырғасы мен Қорғанның қақпасын бұрынғы сақталған сурет, сызбалар негізінде жаңадан тұрғызуға тура келді. Ал жұма мешітінің 1878 жылы салынған ғимараты бастапқы қалпы сақталып, қайта қалпына келтірілді. XIV ғ. ескерткіші болып табылатын Шілдехана ішінара қалпына келтіріліп, консервацияланды.

Жетпіс жыл бойы халқымыздың ұлттық рухын бұғаулаған тоталитарлық жүйе қасиетті ғимараттың тарихи-мәдени құнды-

лық ретінде әлеуметтік мүмкіндігін пайдалануды шектегендіктен жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары біржақты жүргізілді. Кесенеге сәулет өнерінің үздік туындысы ретінде мән берілгенімен, оның тарихи, рухани сипатын қалпына келтіру екінші кезекке ысырылды.

Тәуелсіздік жағдайында ұлттық мүддеден туындаған мәдени, рухани өрлеу көптеген құндылықтарды қайта қарауды, қайта бағалауды қажет етті. 1992 жылдың 29 мамырында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің «Тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау туралы» қаулысы қабылданды. Бұл қаулы негізінде 2 шілде 1992 ж. «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жарыққа шықты. Осы заң бойынша еліміздің тәуелсіздік жағдайында тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғауды және оны қалпына келтіру жұмыстарын ұйымдастырудың құқықтық негізі қаланды.

Сонымен соғыстан кейінгі кезең Түркістан қаласының экономика саласында, оқу-ағарту, білім, ғылым, әдебиет пен өнердің дамуында оң өзгерістерге толы уақыт болды. Әкімшілік-әміршіл жүйенің идеологиялық саясаттағы ықпалына қарамастан, қаланың мәдени-ағарту мекемелері тұрғындардың әлеуметтік-мәдени сұраныстарын қанағаттандыруда біршама табыстарға қол жеткізді, экономиканың деңгейі де ілгері қадам баса бастады, білім деңгейі өсті, жаңа мәдени ошақтар пайда болды. Дегенмен, экономика, мәдениет тоталитарлық жүйенің ықпалында болып қала берді. Қаланың даму тарихында идеологияландыру, формализм кезінде кері әсерін тигізді.

2.7 Тәуелсіздікке дейінгі кезеңдегі

Түркістан қаласының әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы (1985–1991 ж.)

1980 ж. екінші жартысында КСРО-ның одақтас республикаларында саяси, экономикалық, әлеуметтік салаларда аса күрделі жағдай қалыптасты.

1985 жылы партияның сәуір Пленумында қабылданған «қайта құру» саясатының қабылданған «жеделдету», «жариялылық» ұрандары іс жүзіне аспады. Қоғамдық өмірдегі дағдарыс коммунистік партия және мемлекеттің функцияларының бір-бірінен ажыратылмай бірігуі заңдылықтың бұзылуына, саяси дағдарысқа әкеліп соқты. Маңызды мәселелердің барлығы орталықта Мәскеуде шешіліп, республикалар ол тапсырмаларды орындауға міндеттенді. Билік басындағы басшылар өзгерістердің қажеттілігін түсінуге қабілетсіз болды. Саяси саладағы жариялылық іс жүзіне аспады. Экономикалық дағдарыс белгілері ғылым мен техникалық прогрестің баяу дамуында, ақшаның құнсыздану, тауарлардың жетіспеушілігі, шаруашылық жүргізудің шығындарының тиімсіздігі белең орын алды. Халықтың тұрмыс деңгейі күрт нашарлай бастады. Түркістан қаласының жағдайы да елдегі оқиғаларға тікелей байланысты болып, олардың әсері қала өміріндегі даму алғышарттарына айналды.

1985–1991 жылдар аралығы Қазақстан қоғамы үшін рухани сілкіністің, жаңару, жаңғырту үрдістерінің белең алған уақыты болды.

Қаланың ғасырлар бойы қалыптасқан құрылысы, қаланың ішіндегі көлік қозғалысы мен коммуникациясының желісі, тарихи маңызы бар нысандар мен аймақтар, сондай-ақ оның сақталуы мен мұралық жалғастырылуын, оның дамуын құрайтын негізгі қала құрылысы мен оны сақтауға жататын тарихи құндылықтар болып табылады. Қала аумағында тұрғындар үшін көркейген қала құрылысы ортасын жасау және қызметтік аймақты және сәулет-жоспарлауды ұйымдастыру үшін бағытталған. Қаланың жоспарлау құрылымында қалыптасқандарды барынша ескере отырып, негізгі қызметтік аймақтары қалыптасады, оның элементтері болып табылатындар: тұрғын үй аймағы, қоғамдық және тарихи тағайындалған нысандар кешенінің аймақтары, рекреациялық аймақ, еңбек жұмсау аймағы, инженерлік-көліктік коммуникациялық арнайы тағайындалған аймағы, санитарлық-қорғау аймағы және қордағы аумақтар, сондай-ақ қала жанындағы аумақтар.

Түркістан қаласының экономикалық дамуы өнеркәсіптік мақта-шикізатын өндірумен тікелей байланысты, ол жалпы көлемінің 60% өнеркәсіп өнімін құрайды. Түркістан қаласының ішкі аймақты дамудың өзекті бағытының бірі ретінде халықаралық туризм және зиярат етудің дамуы ретінде ерекшеленуде. Қаланың табысты дамуының негізі аймақтың аграрлық секторының одан ары дамуы болып табылады. Тұрақты экономикалық даму мақсатында, соның ішінде, шағын және орта бизнес кәсіпорындарының қатысуымен тамақ өнімдерін, мата, тігін өнеркәсібінің одан ары дамуымен қарастырылды.

Түркістан қаласында 34 өнеркәсіп мекемелері жұмыс істейді. Шағын кәсіпкерлік алғашқы қадамдарын баса бастады. Онда жұмысқа жарамды халықтың 49,1 пайызы жұмыс жасайды. Қаланың әлеуметтік-инфрақұрылымында Ардагерлер үйі, театр, этно-клуб, спорттық сауықтыру комплексі, қонақ үйлер, мейрамханалар, салтанат үйлері т.б. жұмыс жасайды. Қаржы инфрақұрылымында 8 банк бөлімшелері жұмыс атқаруда. 73 жалпы білім беру мектептерінде 49433 оқушы, 26 мектеп алды мекемелерде 5040 бала тәрбиеленуде.

Қала халқына 12 аурухана, 6 – емхана, 14 – ФАП, 3 – ФП, 16 – дәрігерлік амбулатория, 45 – дәріхана, 1 – жедел жәрдем бөлімі қызмет көрсетеді. 438 дәрігер, 1356 орта буынды медициналық дәрігерлер қызмет көрсетеді. Түркістан қаласында 3 ұлттық мәдени орталық, “Тұран-Түркістан” телеарнасы және “Түркістан” газетінің редакциясы жұмыс жасайды.

Қаланың инфрақұрылымы дамып келді. Қала аумағында 1 мың 578,7 шақырым автокөлік жолдары бар. Оның 169,5 шақырымы – республикалық маңызы бар, 369 шақырымы облыстық маңыздағы жолдар. Шымкент агломерациясының көлік инфрақұрылымын дамыту аясында Түркістан қаласында жаңа әуежай салынады деп жоспарға кіргізіледі.

Әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымды дамыту еңбек жұмсау орындарында жасауға мүмкіндік беруге, тұрғындардың аумақтық инвестициялық қабілеттіліктерін көтеру, қала бюджетін

толықтыру, тұрғындардың өмір сүру деңгейін көтеруді жасауға мүмкіндік береді.

Кенес дәуірінде тарих қойнауына сіңіп кеткен кеңестік империя идеологиясы ұлттың тарихи тұлғаларына байланысты сынаржақ көзқарас қалыптастырғанымен ақиқатты халық жадынан өшіре алған жоқ.

1978 жылғы 30 қыркүйекте Ахмет Ясауи сағанасы мұражайға айналып көне қаланың тарихында үлкен құбылыс әрі мәдени жаналық болды. Бұл кез атеистік, дінге қарсы саясаттың белең алып тұрған шарықтау шағы болған. Кеңестік саясаттың сойылын солқылдатып, дінге ашықтан ашық тосқауыл қойылған кезде Қожа Ахмет Ясауи сағанасын мұражайға айналдыруға батыл үлес қосқан ғалым-этнограф, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков болды.

1989 жылы Қазақстан үкіметі «Түркістан қаласында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайын құру туралы» арнайы қаулы қабылдады. Шетелдік инвесторлар (Түркия, Араб Эмираты, ЮНЕСКО, т.б.) тартылып, олармен жан-жақты келісім-шарт жасалды. Сол жылғы қыркүйектің 18-інде қала жұртшылығы қасиетті Тайқазанның Санкт-Петербургтен (ол кезде Ленинград қаласы) өзінің тарихи тұғырына қайта оралып, орнатылуын салтанатпен тойлады.

1989 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №265 қаулысымен «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық музейі құрылып, ережесі бекітілгенді. 88,7 га қорғау аймағы белгіленіп, көне қаланың орнындағы 19 археологиялық ескерткіш мемлекеттің қарауына алынып, музейдің құрамына енгізілген болатын. Кезінде ашық-шашық жатқан көне қаланың орны құрылыс қалдықтары мен күл-қоқыс төгетін орынға айналса, осы маңдағы ауыл тұрғындары үстінен жол салып алған болатын. Қазір мұның барлығы тәртіпке келтірілді. Музейдің қорғау аймағының шекарасы нақты белгіленіп, қада қағылды, басына белгі қойылды. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қорғалатын белдемінің санитарлық-экологиялық жағдайын жақсарту қорғау аймағын

қоқыстан тазалау, оған қоршау орнату үшін арнайы жоба жасалынып, мемлекеттік сараптамадан өткізілді.

Түркістан қаласы аумағындағы адамдардың спортпен, дене шынықтырумен тиянақты айналысуына мүмкіндіктер жасалынды, материалдық база нығайтылды. Спорт орындары – 266. Оның ішінде 4 стадион, 4 жүзу бассейні, 43 спорт залы, 176 спорт алаңы, 20 тир жұмыс істеді. Бұлардың арасында ауылдық жерлерде «Коммуна», «Победа» ұжымшарларында жүзу бассейні, «Коммуна» ұжымшарында стадион, сол сияқты ауылдарда 22 спорт залы, 13 тир, 4 денешынықтыруға бейімделген алаң болды.

Одан басқа, қала дін, ғылым, мәдениет, сауда, өндіріс, бос уақыт және т.б. салаларда ресурстық мүмкіндіктерге ие. Қаланың қоғамдық орталықтар жүйесін ұйымдастыруда. Қаланың қызметін орындау үшін белгіленген тарихи-мәдени мұралар және нысандарды сақтау мен мирасқорлық дамытуға айрықша көңіл бөлінгені оның статусымен анықталған.

1985 жылы қала инфрақұрылымының дамуында маңызды болған тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау аумағы мен шекарасы және жаңадан ашылып жатқан тарихи ескерткіштердің тізімі бекітілді. Бұл бағытта жұмысты «Казпроектреставрация» институты жүргізді [100].

XIX шақырылымының IV сессиясы өтеді, онда облыстың 1986 жылға арналған бюджеті қарастырылды. Ол жерде сонымен қатар аудандар мен қалалардың кірісі мен шығысы бойынша 246577,9 мың сом көлеміндегі бюджеттер қарастырылады. Оның ішінде Түркістан қаласына 8849,3 сом көлемінде бюджет бекітіледі. Жалпы одақтық және мемлекеттік салықтар мен кірістер есебінен аймақтар мен қалалар бюджетіне бөлінген қаражаттың Түркістан қаласы үшін 98,8% белгіленді.

Қаламызда ел басқарған қайраткер әйелдер: Б.Ханділлаева – колхоз басшысы, ауыл кеңесінің төрайымы. Б.Батыршаева – өндіріс басшысы. Одақ бойынша темірбетон бұйымдарын жасайтын зауытты басқарған тұңғыш қазақ қызы. Д.Жамболова – партия совет қызметінің ардагері, Әйелдер кеңесінің төрайымы.

1988 жылы Халық депутаттарының Түркістан қалалық совет атқару комитеті қарарымен қаладағы ірі өнеркәсіп орындарының бірі антибиотиктер зауытының 25 жылдық мерейтойын Жаңа жыл мерекесі қарсаңында 30 желтоқсан күні өткізуге жоспарлады. Мерейтой іс-шаралар ішінде зауыттың еңбек ардагерлерін, озаттарын құрметті грамоталармен марапаттау қарастырылды. Соның ішінде Н.Ходжайбергенова – микробиолог, С.Ахметжанова – аппаратшы, М.Жұмабекова – экономист, С.Ташенова – бас инженер [101].

Түркістан қалалық әкімдігінде – 202182 адамды құраса, оның ішінде, қазақтардың үлесі – 52,6% (106328) адамды құрап, 13 мыңға көбейді [102].

Түркістан қаласында 1917–1918 жылдар аралығында өзбек кеңес әдебиетінің негізін қалаушы Хамза Хақимзаде Ниязи тұрған үйдің орнына қаладағы іргелі білім ошақтарының бірі болып саналатын №2 М.Калинин орта мектебі ғимараты орналасқан. 15 наурыз 1989 ж. Калинин атындағы орта мектеп ғимараты сыртына «Бұл үйде 1917–1918 ж. өзбек кеңес әдебиетінің негізін қалаушы Хамза Хақимзаде Ниязи тұрған» деген сөздері бар Өзбек КСР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының Хамзаның 100-жылдық мерейтойы қарсаңындағы ұсыныс хаты бойынша құрметті тақтайшаны орнату туралы Түркістан қалалық совет атқару комитетінің шешімі шықты [103]. Өзбек КСР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының ұсыныс хатында Хамзаның 1917 ж. қазан айында қоқандықтар қудалауынан қашып, Түркістан қаласын паналауға мәжбүр болғанын баяндай келе, Түркістан көпесі Саиднасир Мирджалиловтың өзбек ақыны Хамзаға көрсеткен көмегінің әрі қарай қызмет етуіне маңызды болғанын айтады. Хамза Хақимзаде Ниязи Түркістан қаласында 1917 ж. қазан айынан 1918 ж. наурыз айына дейін тұрды. Ол туралы нақты деректер де бар [104].

Түркістан қаласындағы №2 Калинин атындағы орта мектепке 21-ші облыстық Совет депутаттары 12-ші сессиясының 04.07.1992 жылғы қаулысымен Түркістанның түлегі, көрнекті өзбек жазушысы Хамза Хақимзаде Ниязидің есімі берілді.

Қала дамуындағы маңызды шаруашылық ірі нысандар ретінде нан зауыты, сүт зауыты, сыра зауыты, темір-бетон бұйымдар зауыты, техоснастика (техникалық жарақтандыру) зауыты, Реммехзавод (жөндеу-механикалық зауыты), антибиотиктер зауыты, Ремстройдормаш (Құрылыс бөлшектер мен жол машиналарын жөндеу зауыты), КНМ (комбинат нерудных материалов) – Рудасыз материалдар зауыты, мақта тазарту зауыты, сияқты өндіріс орындары еліміздің экономикасына елеулі үлесін қосып отырды. Экономикалық саладағы жетістіктер әлеуметтік дамуға да оң әсерін тигізді. Қала тұрғындардың табиғи өсімі артып, эмиграция қысқарып, жұмыссыздық азайды. Индустриалды-экономикалық профильді Түркістанда машина құрылысы, жеңіл және тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары, құрылыс материалдары өндірісі, биохимия өнеркәсібі кәсіпорындары қызмет атқарады. Түркістанның ірі кәсіпорындарына тоқыма және тігін өнеркәсіптері де жатады – «Яссы» ААҚ, «Тұран» ШҚ, «Ақ алтын корпорациясы» ЖШС, «ШТФ-Түркістан» ЖШС.

Ауданда мал өсіру, өсімдік өсіру дамыған. Аймақтың ауыл шаруашылығында дәнді дақылдар мен мақта шикізатының жоғарғы сортын өсіру ерекше орын алады.

Тоқырау жылдардан кейінгі уақытта қала экономикасының негізін мақта және мал шаруашылығына бағытталған ауыл шаруашылығы құрады. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі өндірушілері Түркістан маңындағы колхоздар мен совхоздар болды. 1990 жылы еліміздің экономикасы, ауыл шаруашылығы жоспарлы әкімшілік түрінен нарықтық экономика өту реформасы басталды. Түркістан қаласының жағдайы жалпы елдегі оқиғаларға тікелей байланысты болып, олардың әсері қала өміріндегі даму алғышарттарына айналды.

1988 жылы «Казахстанская правда» газетінде Түркістан қаласының төмен әлеуметтік жағдайына байланысты «Туркестан – город социальных проблем» атты мақала шықты. Қала тұрғындары жолдаған хаттары бойынша әлеуметтік шиеленістерді шешуге арналған бір қатар шаралар ұйымдастырылды. Ол жоспарларды

жүзеге асыру партиялық ұйымдарға тапсырды. Қалалық атқару комитетінің төрағасы Э.Жорабековке қала мәселесін жақсартуға арнайы ескертулер берілді. Бұл бағытта теміржол ауруханасының, санэпидстансасының, базар, автокөлік, халықты еңбекпен қамтамасыз ету жұмыстары қатаң бақылауға алынып, жауапты тұлғаларды есептерін беруге шақырды. Қабылданған шешімдер жергілікті халыққа жеткізу үшін қала газетінде жарияланды [105].

Бірте-бірте қала аймағы кеңейіп, қалалық атқару комитеті арнайы бөліп берген 40 гектар жер телімдерінде жаңа үй тұрғындар салынып, 1988 жылы жаңа көшелер пайда болды. Оларға Э.Тельман, С.Рахимов, С.Торайғыров есімдері берілді [106].

1987 жылы 26 маусымда Түркістан индустриалды-педагогикалық техникумының 960 орындық жаңа оқу ғимараты пайдалануға өткізілді [107]. 1960 жылы құрылған бұл оқу орны қазіргі таңда бұрынғы педагогикалық училищемен біріктіріліп Түркістан гуманитарлық-техникалық колледж деп өзгертілді. Қаланың ірі білім ошағы.

Қазақ КСР Министрлер Кеңесі 1985 жылы 15 шілде №248 бұйрығы, облыстық атқару комитетінің 1987 жылы 21 қараша №520 шешімдері негізінде Түркістан қаласында қалалық атқару комитетіне қарасты шаруашылық есеп мұрағаты құрылды. Мұрағаттың негізгі қызметі қала мен ауданның ұйымдар мен мекемелер және кәсіпорындарының құжаттарын сақтау жұмысын орталықтандыру. Қала азаматтарына олардың сұраныстары бойынша талап етілетін мұрағаттық анықтамаларды беру 1988 ж. 1 қаңтардан бастау белгіленді. Мұрағат жұмыстарын ұйымдастыруға, құжаттарды сақтау, азаматтарға қызмет көрсетуде әдістемелік қолдауды атқару комитетінің жалпы бөліміне тапсырылды [108].

Түркістан қала халқы ұлттық санасын қалыптастыруда, ұлтжандылыққа тәрбиелеуде «Әзірет-Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының маңызы зор болды. 1985–1990 жылдар аралығында музей ісіне алға басушылық байқалды. Тарихи-өлкетану, мемориалдық, көркемдік бағытта жаңа музейлер

мен мұражайлар ашылып, бұқаралық деңгейде қызмет атқарды. Музей мамандарын дайындауға мүмкіндік туып, қаржы мәселесін шешуге де мүмкіндіктер табылғандай болды. Бірақ, қоғамда қалыптасқан сыңаржақ саясат музейлердің бар мүмкіндіктерін көрсетуге дес бермеді. Нәтижесінде музейлер өздерінің ғылыми-зерттеу экспозициясын құру мүмкіндіктерінен айрылып, «қосымша» мәдени ағарту мекеме ретінде қалып қойды.

1989 жылы 6 шілде КСРО мәдениет министрлігінің бұйрығына сәйкес Эрмитаждағы экспонат – тайқазан Ахмет Ясауи кесенесіне қайтарылды. 1989 жылы облыстық бағыныстағы Ахмет Ясауи кесене-мұражайы республикалық бюджеттегі «Әзірет-Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы болып қайта құрылды. Мұражай қызметкерлерінің күшімен болашақ Түркістан тарихы мұражайының экспозициялық жоспары өмірге келді.

Мұражайға жылына 275753 адам келеді, 1211 экскурсиялар ұйымдастырылып, 267474 адам қамтылды, оның ішінде 1470 шетелдік туристер болды. Түсетін қаржы көлемі 7770 сомды құрады. Мұражайда 7 зал ашылды. Сонымен қатар осы жылдары археологиялық ашылымдар мұражайын ашу жоспарланды. 1537 жәдігер негізгі қорды құраса, 566 жәдігер қосымша қор болды. Мұражай қызметкерлері Алматы, Шымкент, Самарқанд, Бұхара, Баку қалаларына біліктілік көтеруге барып қайтқан.

1989 ж. Бүкілодақтық халық санағы бойынша Түркістан қаласы мен әкімшілігіне қарасты елді мекендердегі халық саны – 78000 адам [109].

Түркістан қаласы мен ауданында ең басым ұлт өкілдері өзбек халқы. 1990 жылы 16 сәуірде Қазақ КСР Шымкент облысы халық депутаттарының Түркістан қалалық Советі атқару комитеті қарарымен Түркістан қалалық өзбек мәдени орталығы құрылды [110]. Ұлттық дәстүрлерді жандандыру, өзбек мәдениетінің, тілінің өркендеуіне, ұлттық спорт пен кәсіптерді дамытуға баса назар аударып, осы бағытта іс-шаралар өткізуге өзбек мәдени орталығының жарғысы мен бағдарламасы қабылданып, жұмыстың негізгі

бағыттары айқындалды. Өзбек мәдени қоғамдық бірлестігі 1992 жылы Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінің тіркеуінен өтті. Орталықтың негізгі міндеті – екі ұлттың, екі мемлекеттің арасындағы достық көпіріне айналу. 2010 ж. көрсеткіштер бойынша Түркістан қаласында 110250 қазақ тұрса (52,5%), өзбектер саны – 94920 адам (45,2%) [111].

Бүгінгі Оңтүстік Қазақстандағы өзбектер негізінен Қоқан хандығы тұсында көшіп келе бастады [112]. Түркістан аймағында XIX ғасырға дейін де өзбектер көп шоғырланбаған еді. Бұл хакында И.Ерофеева: 1738 жылға дейін Орта жүздің ханы болған Сәмекенің тұсында Түркістан аймағында тек Қоңырат, Арғын, Найман рулары ғана өмір сүрді. Сәмеке ханнан кейін оның ұлдары Түркістан аймағын (Қарнақ, Сауран, Отырар, Созақ, Өгізтау) Әбілмәмбет хан (1739–1771) мен Сейіт хан (1741–1745) және Есім хан (1750–1798) билеп, бұл хандардың иелігінде Арғын, Қыпшақ, Қоңырат, Уақ рулары болды. Тіпті, Түркістанның соңғы ханы Әликеннің тұсында (1858–1860) бұл өлкеде Қоңырат, Қыпшақ, Сарыүйсін рулары өмір сүрді [113] деп баяндайды. Яғни, И.Ерофееваның XVIII ғасырда Сайрам, Иқан, Түркістан өлкесінде өзбектердің қоныстанбағандығын көрсетуі, олардың Оңтүстік Қазақстанға кейін Қоқан хандығы кезінде көшіп келгендігін дәлелдейді. Мәселен, XVII ғасырда Оңтүстік Қазақстанда болған Тобыл саудагері Тауыш Мерген де өз естелігінде: «Түркістан қаласын 1000-ға жуық қазақтардың мекендейтінін жеткізеді [114]. Егер, Түркістан аймағында өзбектердің үлкен шоғыры қоныстанған болса, саяхатшылар оны да жазып қалдыратын еді. Ал, тарихшы-археологтар К.Байпақов пен А.Нұржанов Сайрам қаласы туралы зерттемесінде XVI ғасырдан бастап Сайрам қаласында қазақтардың санының тұрақты түрде өсіп отырғандығын айтады [115]. Соңғы жылдары Иқандық Тухташ Мамаевтың тарихи және шежіре мәліметтерінің негізінде жазған «Иқон ва Иқонликлар» атты зерттеу жұмысы да біздің тұжырымымызды қуаттай түседі. Тухташ Мамаев өз зерттеуінде Түркістан ауданындағы Иқан, Иба ата, Шаға, Сайрам ауданындағы Ақсу, Манкент, Қарабұлақ, Қа-

рамұрт селосындағы өзбектердің Самархан, Хорезмнен көшіп келгендігін айтады [116]. Тухташ Мамаевтың бұл дерегін тілші ғалым А.Ходжиев та растайды. А.Ходжиевтың көзқарасынша өзбек тілі Оғыз, Қарлұқ, Қыпшақ диалектісіне бөлінеді. Оғыз диалектісінде Хорезм өзбектері сөйлейді. Ал, Иқан, Қарабұлақ, Қарамұрт өзбектерінің тілі өзбек тілінің оғыз диалектісіне жатады [117]. Бұл, Иқан, Иба ата, Қарабұлақ, Қарамұрт өзбектерінің Самархан, Хорезмнен көшіп келгендігіне нақты дәлел бола алады. Ал, Самархан, Хорезм өзбектері Оңтүстік Қазақстанға қашан көшіп келді дегенге келетін болсақ, оларды ХІХ ғасырда көшіп келді деуге толық негіз бар. Тарихшы-археолог М.Тұяқбаевтың айтуына қарағанда, Иқан мен Иба атаға өзбектер ХІХ ғасырда көшіп келген. Себебі, бұндағы өзбектердің қорымы ХІХ ғасырға тән. Ал, оған дейінгі Иқан төңірегіндегі қорымдарда қазақтар жерленген. Сондықтан, біз бұл мәселеде Мауереннахрдағы табиғи түрде өзгеріске ұшыраған бұрынғы өзбектер ХІХ ғасырда Қоқан хандығының Оңтүстік Қазақстанды жаулап алуымен Түркістан, Сайрам аудандарына келіп қоныстанды деп тұжырымдаймыз.

Тоталитарлық биліктің идеологиясы қоғамның тарихи-мәдени санасына әсер ету құралына айналды. Содан да жер-су, елді мекен, көше атауларында келеңсіздіктер орын алып, халық санасына кеңестік саясатының таңбасы басылып, тарихи жадына қианат жасалды. 1990 жылдары осындай халде қадам баса отырып, ономастикалық жұмыстарды ұлттық мүддемізге сәйкестендіруге, тарихи атауларды қалпына келтіруге, сөйтіп жер-су, елді мекен, көше атауларында орын алған келеңсіздіктерді тез арада жойып, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру міндеті алдымыздан шықты.

Осы міндеттерді іске асырудағы белсенді әрекеттің нәтижесінде қала аумағындағы жер-су, елді мекен, мектептер мен көшелердің атауларындағы отарлық, тоталитарлық қоғамнан қалған белгілерден арылып, ұлттық сипатта мазмұнға ие болды.

1988 жылы Халық депутаттарының Түркістан қалалық советі атқару комитеті қарарымен Кентауская көшесі Түркістан қаласының перзенті С.Қожановтың атымен өзгертілді [118].

1989 жылы XXII партсъезд көшесін Кеңес Одағының батыры А.Үсенов көшесі деп өзгертті. Бұрынғы Әл-Фараби көшесіне ауған соғысына қатысқан Н.Утебеков есімі берілді [119].

Тарихи атауларды қалпына келтіру жас ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелеудің құралдарының бірі екендігі даусыз. Сондықтан да 1990-жылдары осы бағытта атқарылатын жұмыстарға ұлттық идеологияның басты бағыттарының қатарында мән беріп келді.

1990 жылы қаланың 13 көшесінің аты өзгертілді [120].

| № | Көшенің бұрынғы атауы | Өзгертілген жаңа атауы |
|----------|------------------------------|-------------------------------|
| 1 | Ашинская | Ж.Саин |
| 2 | Борисовская | Ж.Шанин |
| 3 | Декабристов | З.Қалауова |
| 4 | Жданова | А.Токмағамбетов |
| 5 | Жданова | Интернациональная |
| 6 | Железнодорожная | А.Жұбанов |
| 7 | Каратауская | Н.Бекежанов |
| 8 | Самаркандская | Д.Нисамбаев |
| 9 | Семилетка | Ә.Қашаубаев |
| 10 | Ташкентская | Хамза Хакимзаде Ниязи |
| 11 | Кентауская | Н.Оңдасынов |
| 12 | Брежнева | И.Жақаев |
| 13 | Пер.Валиханова | М.Байзақов |

Түркістан төңірегінде туып-өскен көрнекті мемлекет қайраткері, Нұртас Дәндібайұлы Оңдасыновтың құрметіне 1990 ж. ұлт-азаттық көтерілістің басшысы Амангелді атындағы ауылдың атауын өзгертіп берді. Ауылдағы Мир көшесі де Н.Оңдасынов көшесі деп атала бастады [121].

Қазіргі таңда Түркістанда 547 көше бар. Оның 399-і адам аттарымен аталады, 148 тарихи, жер-су аттарымен аталса, 12 көшенің аты жоқ [122].

Ұлан-байтақ қазақ даласындағы жер-су, елді мекен, көшелер мен мектептердің аттары әрбір дәуірдегі қоғамдық формация-

лардың жемісі мен тілде хатталған мәдени мұрасы, атаулардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі, қасиеті, тәрбиелік мәні бар.

Тәуелсіздік жылдары Түркістан қаласында елді мекендермен бірге мектеп атауларын да кеңестік тоталитарлық қоғамда қалыптасқан саяси-идеологиялық солақайлақтан арылту бағытында бірқатар жұмыстар жүргізілді. Қалалық ономастикалық комиссияның жүргізген ұйымдастыру жұмыстары барысында кеңестік идеология ықпалымен қалыптасқан жалпы білім беру мекемелерінің атаулары тәуелсіздік рухында жаңа мәнге ие болды. Атап айтқанда, осы кезге дейін төрт қалалық мектептің, жеті ауылдық мектептің аты жаңартылды. Түркістан қаласындағы ғасырдан астам тарихы бар №1 В.И. Ленин атындағы орта мектепке 21-ші шақырылған облыстық Совет депутаттары 14-ші сессиясының 27.03.1993 жылғы қаулысымен көрнекті қоғам қайраткері, Алаш қозғалысы басшыларының бірі А.Байтұрсыновтың есімі берілді. Қаладағы іргелі білім ошақтарының бірінен саналатын №2 М.Калинин орта мектебіне 21-ші облыстық Совет депутаттары 12-ші сессиясының 04.07.1992 жылғы қаулысымен Түркістанның түлегі, көрнекті өзбек жазушысы Хамза Хакимзаде Ниязидің есімі берілді. №8 С.Никитин орта мектебіне ҚР Үкіметінің 31.08.2000 жылғы №1325 қаулысымен Түркістанның тумасы, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, саяси қуғын-сүргін құрбаны Н.Төрехұловтың есімі берілді. №17 М.Әуезов атындағы орта мектепке ҚР Үкіметінің 07.04.2000 жылғы №523 қаулысымен қазақ-түрік достығын нығайту мақсатында Түркия Республикасының алғашқы президенті Мұстафа Кемал Ататүрктің есімі берілді. Иасы ауылындағы «Коммунизм» орта мектебіне ҚР Үкіметінің 20.10.2000 жылғы №1575 қаулысымен Кеңес Одағының батыры генерал Сабыр Рахымовтың есімі берілді. Иасы ауылындағы «22-партсъезд» атындағы орта мектепке ҚР Мин. Каб. 12.05.1993 жылғы №383 қаулысымен Социалистік Еңбек Ері, осы ауылдың тумасы Майшай Әбенovanың есімі берілді. «Қазақстанның 30 жылдығы» атындағы орта мектепке ҚР Мин. Каб. 12.05.1993 жылғы №383 қаулысымен Қаратау ақындар мек-

тебінің көрнекті өкілі Молда Мұсаның (Мұсабек Байзақұлы) (1849–1932) есімі берілді. Гагарин атындағы орта мектепке ҚР Мин. Каб. 12.05.1993 жылғы №383 қаулысымен Қожа Ахмет Ясауидің есімі берілді. «Коммуна» орта мектебіне ҚР Үкіметінің 16.02.2000 жылғы №257 қаулысымен Қожа Ахмет Ясауидің шәкірті, сопылық әдебиеттің көрнекті өкілі, Түркістанның тумасы Ахмет Югнакидің есімі берілді. «Победа» орта мектебіне ҚР Үкіметінің 20.10.2000 жылғы №1575 қаулысымен түркі жұртының отаны, Түркістан атауының ізашары «Тұран» атауы берілді. «Н.К. Крупская» атындағы орта мектепке ҚР Үкіметінің 14.09.2001 жылғы №1205 қаулысымен Кеңес Одағының батыры, Түркістанның тумасы АбдуллаҮсеновтың есімі берілді.

1991 ж. Қазақстан егемендігін алып, дербес мемлекет ретінде даму жолына түсті. Егемендік жылдарының нәтижесі дербес мемлекеттің қалыптасуы, саяси жүйедегі кең ауқымды реформалар мен экономикадағы түбегейлі өзгерістер, тұтас ұрпақтың қоғамдық санасы өзгерді. Мемлекет пен қоғамды түбегейлі өзгертуге бағытталған осындай ауқымды жоспарларды жүзеге асыруға Түркістан қаласы мен ауданының тұрғындары да белсене ат салысты.

Әдебиеттер:

1. ӨРОМА. 528-к., 1-т., 12-іс, 107-п.
2. Болғанбаев Х. Түркістанда // Бірлік туы. – 1917. – 2 октябрь.
3. Түркістан шаһарында Сырдария қазақ-қырғызының съезі // Бірлік туы. – 1918. – 29 қаңтар.
4. ӨРОММ, 1 қор, 27 тізбе, 1594-іс, 3 п.
5. ҚР ПА, 719 қ., 1 т., 67 іс, 62-67 пп.
6. Алаш қозғалысы құжаттар мен материалдар жинағы. Желтоқсан, 1917 – мамыр, 1920 ж. – Алматы: «Алаш». 2005. Т. 2. – 496 с.
7. Букварь для киргизских школ в Туркестанском крае. Составиль заведующий Карнакским русско-туземным училищем Конгыр Ходжа Ходжиков. Издание первое. Оренбург. Типо-литография т-ов Каримов, Хусаинов и др. – 1912, 90 б.

8. Русие патшалығында Романов нәсілінен хукіміранлық қылған патшалардың тарихлары // «Қазыналы Оңтүстік» Том 26. 1-кітап: Тарихи жырлар. 2011 ж. – 296 б. Алғысөзін жазған Х.М. Тұрсұн.
9. Тұрсұн Х. Алаш һәм Түркістан, – Алматы: «Ел-шежіре» ҚҚ. 2013.
10. Дулатов. М. Хазірет Сұлтан // «Еңбекші қазақ», 1926 ж., 10 желтоқсан.
11. Міржақып Дулатұлы. Шығармалары. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-т., 298–299-б.
12. Бердібай Р. Түбі бір түркіміз. – Астана: “Фолиант”, 2004. – 344 б., Б.297.
13. РМӘСТА, 17 қ., 85 т., 77 іс, 248 п.
14. Бәкірұлы Ә. Мұстафа Шоқай әулетінің қуғынға ұшырауы // М. Шоқай. Таңдамалы шығармалар. Үш томдық. 3-т. – Алматы, 2007. – 384 б., 150 б.
15. Азалы кітап – Книга скорби. Атылғандар тізімі. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша. – Алматы: «Зерде». – 1998. – 293 б. Б.265.
16. ТОМА, 57-қ., 1-т., 1-іс, 45-п.
17. ТОМА, 57-қ., 5-т., 1-іс, 4-п.
18. ТОМА, 57-қ., 1-т., 12-іс, 5-п.
19. ТОМА, 57-қ., 5-т., 1-іс, 89-п.
20. ТОМА, 57-қ., 1-т., 1-іс, 91-п.
21. Аманжолов К. Қазақстанның әскери тарихы (б.з.д. VI ғасырдан бүгінгі күнге дейін. – Алматы: Білім, 1999. 166–167-б.
22. Рүстемов Л.З. Араб-Иран кірме сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1998. – 43 б.
23. Мұсабаев Ф. Қазақ тілі тарихынан. – Алматы: Мектеп, 1988.
24. Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана, «Труды института истории археологии и этнографии АН Каз ССР», т. 5, 1958.
25. Археологические исследования в Казахстане. – А.-А., 1973. с. 108.
26. Омари Ж. Аталықтар әулеті: Арыстан, Барқы, Нияз. – Астана, 2011. – 414 б. Б.230.
27. ТОМА, 57-қ., 1-т., 24-іс, 53-п.
28. ТОМА, 57-қ., 1-т., 58-іс, 43-п.
29. ТОҚСТА, 40-қ, 1-т., 320-іс, 47–49-б.

30. ҚРОМА, 30-к., 7-т., 123-іс, 49 п.
31. ТОМА. 20-к. 2-т., 5а-іс, 20 п.
32. ҚРОМА. 1215-к. 1-т., 7-іс, 158-п.
33. ТОҚСТА. 20-к., 2-т., 2-іс, 2-5 п.п.
34. ТОМА, 725-к., 1-т., 229-іс, 65-68-пп.
35. ТОМА, 74-к., 1-т., 77-іс, 54, 63, 64-пп.
36. Оңтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы. 779-б.
37. ТОМА, 57-к., 1-т., 3-іс, 124-п.
38. ТОМА, 243-к., 1-т., 77-іс, 38-п.
39. ТОМА, 243-к., 1-т., 77-іс, 39-п.
40. ТОМА, 57-к., 1-т., 6-іс, 48-п.
41. ТОМА, 243-к., 1-т., 77-іс, 66-п.
42. ТОМА, 67-к., 1-т., 9-іс, 3-6-пп.
43. ТОМА, 67-к., 1-т., 39-іс, 56-п.
44. ТОМА, 67-к., 1-т., 23-іс, 4-п.
45. ТОМА, 67-к., 1-т., 28-іс, 68-п.
46. ТОМА, 67-к., 1-т., 57-іс, 4-п.
47. ТОМА, 67-к., 1-т., 79-іс, 44-п.
48. ТОМА, 67-к., 1-т., 116-іс, 181-п.
49. ТОМА, 61-к., 1-т., 36-іс, 34 п.
50. ТОМА, 61-к., 1-т., 39-іс, 63-67 пп.
51. ТОМА Кентау филиалы, 35-к., 2-т., 247-іс, 29 п.
52. Материалы всероссийских переписей 1920 года: Перепись населения в Туркестанском регионе. Ч. I. Вып. III. Последние итоги Сыр-Дарьинской области. Ташкент, 1923, С.19.
53. Омари Ж. Аталықтар әулеті: Арыстан, Барқы, Нияз. – Астана, 2011. – 414-б. Б.228.
54. Всесоюзная перепись населения 1926 года. КазССР. Т. VIII. – М., 1928.
55. ТОМА, 74-к., 1-т., 143-іс, 69-71-пп.
56. ТОМА, 57-к., 1-т., 254-іс, 109-п.
57. ТОМА, 57-к., 1-т., 254а-іс, 87-п.
58. Памятники Сибирской истории XVIII в. Кн. 1-2. – СПб., 1885, с.30.
59. ТОМА, 725-к., 1-т., 229-іс, 65-68-пп.

60. ТОМА, 74-қ., 1-т., 385-іс, 21-п.
61. ТОМА, 201-қ., 1-т., 12-іс, 24-п.
62. Об основных показателях всесоюзных переписей населения 1939, 1959, 1970, 1979 и 1989 гг. Госкомстат Респуб. Казахстан. – А., 1996. С.9.
63. Свод памятников истории и культуры Казахстана. ЮКО. Том 1. Алма-Ата, 1994. С.82.
64. <http://www.baq.kz/>. С.Байменше. 41-жылғы хаттар.
65. ТОМА, 74-қ., 1-т., 385-іс, 21-п.
66. Михайлов А. Как Советский Союз тянул резину из Казахстана. 27.01.2018. Информбюро.
67. Правда Южного Казахстана. 1945, 7 февраля.
68. ТОМА, 83-қ., 1-т., 485-іс, 44-п.
69. ТОМА Кентау филиалы, 1-қ., 3-т., 61-іс, 197-п.
70. Об основных показателях всесоюзных переписей населения 1939, 1959, 1970, 1979 и 1989 гг. Госкомстат Респуб. Казахстан. – А., 1996. С.9.
71. ТОМА, 121-қ., 1-т., 2174-іс, 69-72 п.
72. ТОМА, 124-қ., 1-т., 2346-іс, 6 п.
73. Оңтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы. Б.289.
74. Оңтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы. Б.354.
75. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 10 томдық. 6 т. 361–363-б.
76. ТОМА Кентау филиалы, 35-қ., 2-т., 198-іс, 26-п.
77. ТОМА Кентау филиалы, 35-қ., 2-т., 247-іс, 66-п.
78. ТОМА Кентау филиалы, 134-қ., 1-т., 7-іс, 2-п.
79. ТОМА Кентау филиалы, 35-қ., 2-т., 966-іс, 97-п.
80. ТОМА, 121-қ., 1-т., 2346-іс, 14-п.
81. ТОМА, 304-қ., 1-т., 62-іс, 899 п.
82. ТОМА, 124-қ., 1-т., 2346-іс, 7 п.
83. Об основных показателях всесоюзных переписей населения 1939, 1959, 1970, 1979 и 1989 гг. Госкомстат Респуб. Казахстан. – А., 1996. С.9.
84. ТОМА Кентау филиалы, 134-қ., 2-т., 1-іс, 40 п.
85. ТОМА Кентау филиалы, 1-қ., 1-т., 94-іс, 82 п.

86. ТОМА Кентау филиалы, 1-к., 3-т., 644-іс, 27 п.
87. ТОМА Кентау филиалы, 75-к., 2-т., 200-іс, 15 п.
88. ТОМА Кентау филиалы, 134-к., 1-т., 1-іс, 114 п.
89. ТОМА Кентау филиалы, 146-к., 1-т., 4-іс, 52 п.
90. ТОМА Кентау филиалы, 1-к., 3-т., 229-іс, 10 п.
91. ТОМА Кентау филиалы, 134-к., 1-т., 52-іс, 29 п.
92. ТОМА Кентау филиалы, 1-к., 2-т., 102-іс, 15 п.
93. ТОМА Кентау филиалы, 35-к., 2-т., 360-іс, 4 п.
94. Об основных показателях всесоюзных переписей населения 1939, 1959, 1970, 1979 и 1989 гг. Госкомстат Респуб. Казахстан. – А., 1996. С.9.
95. ТОМА 1916-к., 8-т., 12-іс, 22-25 пп.
96. ТОМА Кентау филиалы, 1-к., 3-т., 412-іс, 108 п.
97. ТОМА Шымкент филиалы, 1916-к., 14-т., 11-іс, 47-48 пп.
98. ТОМА Кентау филиалы, 1-к., 8-т., 472-іс, 10 п.
99. ТОМА, 1-к., 3-т., 196-іс, 41 п.
100. ТОМА Кентау филиалы, 1-к., 3-т., 562-іс, 17-19 пп.
101. ТОМА Кентау филиалы, 1-к., 3-т., 766-іс, 75 п.
102. ТОМА Кентау филиалы, 1-к., 3-т., 766-іс, 75 п.
103. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі. 2009 жыл басына Қазақстан Республикасы халқының облыстар, қалалар және аудандар бойынша саны. 2009. – 42–47-б.
104. Хамза. Полное собрание сочинений в 4-х томах. Т. 3. Ташкент, 1981. С.94; Хамза в воспоминаниях современников. Ташкент, 1979. С.161.
105. ТОМА Шымкент филиалы, 1916-к., 24-т., 89-іс, 9 п.
106. ТОМА Кентау филиалы, 1-к., 3-т., 707-іс, 176 п.
107. ТОМА Кентау филиалы, 1-к., 3-т., 650-іс, 101 п.
108. ТОМА Кентау филиалы, 1-к., 3-т., 663-іс, 12 п.
109. Об основных показателях всесоюзных переписей населения 1939, 1959, 1970, 1979 и 1989 гг. Госкомстат Респуб. Казахстан. – А., 1996. С.9.
110. ТОМА Кентау филиалы, 1-к., 3-т., 801-іс, 163 п.
111. Мақатаев Н. Түркістан қаласындағы өзбек диаспорасы: кеше және бүгін // Научный мир Казахстана. №6(34), 2010. С.120–124.

112. <http://old.abai.kz/> Мұхан Исахан. Қазақстандағы өзбектер тарихы.
113. Ерофеева И.В. Казахские ханы и ханские династии. Культура и История Центральной Азии и Казахстана. С. 76-95. Алматы, 1997.
114. Қазақ ССР тарихы. I том. Алматы: 1957, 172 б.
115. Байпақов К, Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және Ортағасырлық Қазақстан. «Қазақстан». Алматы, 1992. 54–56-б.
116. Мухаммадризо уғли Тухташ Мамаев. Иқон ва Иқонликлар. 26-27, 66 беттер. Ташкент. 2003.
117. Ходжиев А.П. Өзбек тілі. Түркі тілдері энциклопедиясы. Астана, 2002. 564 б.
118. ТОМА Кентау филиалы, 1-қ., 3-т., 712-іс, 69-71-пп.
119. ТОМА Кентау филиалы, 1-қ., 3-т., 752-іс, 203-п.
120. ТОМА Кентау филиалы, 1-қ., 3-т., 794-іс, 39-п.
121. ТОМА Кентау филиалы, 35-қ., 2-т., 1173-іс, 75 п.
122. Түркістан қаласы топонимикалық атауларының анықтамалығы. Құрастырған Х.М. Тұрсұн. Түркістан. 2011, 43 б.

3 ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰСЫНДАҒЫ ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ

3.1 Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Түркістан қаласы

1990 жылдың 25 қазаны еліміздің тарихында ең елеулі күн, бұл күні Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Қаулысы «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының егемендігі туралы Декларациясын қабылдап», тәуелсіз Қазақстан тарихына «Қазақстан республикасы күні» атымен енді. Отанымыз егемендігін алып, дербес мемлекет ретінде даму жолына түсті. Осы жылдардың нәтижесі дербес мемлекеттің қалыптасып, саяси жүйедегі кең ауқымды реформалар мен экономикадағы түбегейлі өзгерістер жүзеге асырылды, тұтас ұрпақтың қоғамдық санасы өзгерді. Мемлекет пен қоғамды түбегейлі өзгертуге бағытталған осындай ауқымды жоспарларды жүзеге асыруға Түркістан қаласы мен ауданының тұрғындары да белсене ат салысты.

Түркістан қаласында тәуелсіздіктің жаршысындай болған оқиға алғашқы халықаралық жоғары оқу орнының ашылуы болды. 1991 жылғы 6 маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Түркістан Мемлекеттік университетінің шаңырақ көтеріп, оған түркі әлемінің рухани көшбасшысы Қожа Ахмет Ясауидің есімі берілді. Бұл жағдай елімізде ғана емес, бүкіл түркі дүниесінде тарихи оқиға ретінде қабылданды. Қала әкімшілігі жаңа университетке ботаникалық бақ пен дендропарк үшін 50 га жер қосымша бөлді [1; 118]. Сол жылы Түркістан қаласында шығыстану, тарих-филология, экономика, құқықтау факультеттері, Кентау қаласында медицина мен экология факультеттері ашылды [2; 191]. Алғашқы 300 студент университет табалдырығын

аттады. 1992 жылы 31 қазанда Анкарада қол қойылған келісім, 1993 жылы 30 маусымда Алматыда қол қойылған үкіметаралық келісімшарт [3; 329-331] негізінде қазақ-түрік ынтымақтастығы дамып, оқу ордасы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті атауын алды. Азғана уақыттың ішінде халықаралық университет күллі түркі мемлекеттерінің білімі мен ғылымының, мәдениетінің алтын бесігіне айналып та үлгерді. Түркі әлеміндегі тұңғыш халықаралық университеттің ашылу салтанатында Тұңғыш Президент: «Келешекте бұл Түркі халықтарына ортақ оқу орнына айналады. Түркістанды осы университет өркениет биігіне көтеруге тиісті», – деген үлкен міндет жүктей сөйледі [4; 1-6].

Қазақстан Республикасының 1991 жылы 16 желтоқсан күні жариялаған тәуелсіздігін дүниежүзінде алғаш таныған мемлекет Түркия болды. Түркияның бұл дипломатиялық белсенділігі Қазақстанда үлкен бір қуанышпен қабылданды және мемлекет басшылары тарапынан әрдайым алғыс сезімдерімен еске алынды [5; 155].

Түркістан қалалық әкімшілігінде халықты әлеуметтік қорғау мәселесіне ерекше көңіл бөлінді. ҚР Президентінің Жарлығының жүзеге асыру мақсатында Қалалық Кеңес тарапынан 21.12.91 ж. №16 шешім қабылданып, арнайы іс-шаралар бекітілді. Оның жүзеге асырылу барысы қалалық халыққа әлеуметтік қолдау комиссиясының мәжілісінде ұдайы қарастырылып отырды [6; 16].

Түркістан қаласы үшін 1991 жыл іргелі істермен қорытындыланып, қасиетті Түркістан аумағын сыртқы жаулардың шапқыншылығынан қорғаған, елдің бірлігі мен елдігін сақтауға тер төккен Жалаңтөс батырдың 200 жыл толуы тойланды. Қала тұрғындарын тасымалдаумен айналысатын “Жолаушы” ЖШС-і аталатын бұрынғы жолаушылар тасымалдау кәсіпорны мекеменің құрылғанына 25 жыл толуын атап өтті. Тарихи қаланың 1-мамыр көшесі (қазіргі С.Қожанов) бойынан шығыс архитектурасы үлгісіндегі әсем, сәнді ғимарат “Наурыз” шайханасы бой көтерді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылында түркістандықтар мемлекетке 36145 тонна мақта тапсырды [7; 183].

1992 жылдың алғашқы айында-ақ, халық депутаттары Түркістан қалалық кеңесінің сессиясында қаладағы өндіріс орындары мен мекемелердің іс жүргізуді қазақ тіліне көшіру мәселесін талқылып, арнайы қаулы қабылдады. Халық депутаттары Түркістан аудандық және қалалық кеңестерінің атқару комитеттерін таратты. Қала әкімі болып Б.Қадырбеков, аудан әкімі болып Ә.Мелдебеков қызметтеріне кірісті. Қала әкімінің Түркістан қаласында тарихи-мәдени, туристік және зиярат орталығын құру туралы шешімі қабылданды [8; 166–167].

Қалалық әкімшілік басқармасының 1992 жылғы №138 шешіміне сәйкес қала кәсіпорындары мен ұйымдары есебінен тегін тамақтандыру жұмысын ұйымдастыру үшін әлеуметтік қолдаудың қайырымдылық қоры құрылады. Қор құрылған күннен бастап оның есебіне 180,168 сом қаражат түседі. Бір мезгілде 7 тұрмысы төмен отбасына 2,4 мың сомға, 3 мүгедекке 7 мың сомға жәрдем көрсетіледі. Әлеуметтік жәрдем көрсету үшін 25 мың сом бөлу туралы шешім де орындалу сатысында еді [6; 16].

Қаладағы қоғамдық ұйымдар өкілдерінің қала тұрғындарына арналған, бірлік пен ынтымаққа, халқымызға тән бауырмалдыққа, қайырымдылық пен имандыққа шақырған Үндеуі жарияланды. Қараша айында қала аймағында Отырар, Шавгар, Яссы, Сауран атымен төрт кіші аудан құрылды. Осы кезеңде, Қызыл кітапқа енген сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдіктер, аң мен құстарды сақтау мақсатында «Қаратау мемлекеттік қорығын» құру туралы шешім қабылданды. Осы мақсатта аудан жерінен қорық үшін 34,3 мың га бөлінді [9; 5].

Дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайы Алматы қаласында қазан айында өтті. Тарихи отанын аңсап келген Құрылтайға қатысушылар Түркістан қаласында болды. 1993 жылы қаңтар айында Түркістан қаласы әкімінің “Тарихи отанына қайтқысы келетін, оның ішінде Түркістан қаласында тұруға ықылас білдірген қазақ ұлты өкілдерін ұйымшылдықпен қабылдау жөніндегі бағдарламасы туралы” шешім қабылдап, жұмысшы тобы құрылды. Сондай-ақ, қала әкімінің «Қазақстан Республикасынан

тыс жерлерден келген қазақ жанұяларына материалдық қаржылай жәрдем беру туралы” шешімі қабылданды. Ираннан көшіп келетін қазақтарға арнап Түркістанның Ордабасы ауданымен шектесетін тұстан 120 гектар жер бөлініп, болашақ “Достық” ауылының алғашқы қазығы мамыр айында қағылды. 12 мамыр күнгі «Достық» ауылының құрылысын салу туралы хаттамалық шешімге сәйкес, Құрылыс және архитектура жөніндегі аудандық бөлімге Бас жоспар бойынша жерді дайындау, жоспарлы-сметалық құжаттарымен қамтамасыз ету өкімі берілді [10; 18]. Ал, 14 тамыз күні Ираннан туған топыраққа оралған 104 отбасы, яғни 590 қандас бауырларды қала жұртшылығы темір жол вокзалынан салтанатпен қарсы алды. Олар қоныстанған “Достық” шаруа шаруашылығының ашылу салтанаты 25 қыркүйекте өтті [7; 186–187].

Елімізде орын алған дефицит пен инфляция жағдайына байланысты аудан мен қаланың дағдарысқа қарсы бағдарламалары қабылданып, әлеуметтік қолдау қорлары арқылы аз қамтамасыз етілген отбасыларға жәрдем беру қолға алынды. “Матанд” аймақтық реттеу қоры құрылды. «Казгипроград» мемлекеттік жобалау институты Түркістан қаласының бас даму жоспарында қарастырылған перспективтік іс-шараларды есепке ала отырып, Түркістан-Кентау арнайы экономикалық аймағының (АЭА) қалыптасуының техникалық-экономикалық негіздемесін жасады. АЭА-ны құру үшін қажетті жұмыс күші, өнеркәсіптік, құрылыс және ауыл шаруашылық кәсіпорындарының қуаты, өндіріс инфрақұрылымы мен кадрлық потенциал қоры да жеткілікті болатын. 1993 жылы Түркістанда мақта қалдықтарын өңдеу зауыты – «Фараб» Қазақ-Британ бірлескен кәсіпорнының құрылысы басталды. Жалпы қуаты жылына 3000 тонналық медициналық мақта шығару бойынша өндіріс корпусы бірінші желесінің құрал-жабдықтары өндіріліп, монтаждалды. Бас корпуста бес ағылшын фирмасының құрал-жабдықтары орналастырылды: «Кросролл», «Петри Макнот», «Уайт», «Аутефа». «Фараб» БК шетелдік серіктесі әлемге әйгілі «RANK XEROX» фирмасы еді «Фараб»

БК сонымен бірге медициналық мақтаны ұсақ қаптау бойынша негізгі өндіріс корпусының II желі құралдарын жеткізу бойынша келісімшарт жасайды [6; 15]. Иқан ауылының мақталығында Израилдік технологиямен тамшылатып суару, шит егу қолданыла бастады.

1993 жылы сәуірде бауырлас Түркия Республикасының Президенті Тұрғыт Озал мен Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Түркістанда бас қосып, ынтымақтастық туралы қол қойылған келісімде екі ел арасындағы мәдениеттерінің, тілдерінің, рухани мұра мен дәстүрлердің ортақтығы біріктіретін екі ел халықтарының саяси сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, экологиялы, мәдени, гуманитарлы, хабарламалық және басқа салалардағы ұзақ мерзімді негіздегі өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі кеңейтіп, тереңдетуге ұмтылды. “Керуен сарайдың” алдында қала халқымен кездесті. Халықаралық қазақтүрік университетінде өткен кездесуде екі ел басшылары сөйледі, кездесу барысында Нұрсұлтан Назарбаев пен Тұрғыт Озалға “ХҚТУ Құрметті профессоры” деген дипломдар табыс етілді. Сонымен қатар, мемлекет басшылары Ясауи кесенесінде ұлы тұлғаның аруағына тағзым етіп, әлемдік мұра Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне ауқымды реставрациялық жұмыстар жүргізуге өзара келісім жасасты. Кесененің бүкіл реставрациялық шығындарын Түркия Республикасы толығымен қаржыландырды. Нәтижесінде, 1992–1999 ж. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде реставрация жұмыстарын «Вакиф Иншаат» құрылыс компаниясы жүргізді.

Қала тарихындағы қаралы күндердің бірі 10 сәуір күні сағат 1-ден 27 минут өткенде орын алды. 1-мөлтек аудандағы №40 үйде газ жарылысы болып, апат зардабынан 16 адам қайтыс болды. 5 адам түрлі жарақатпен ауруханаға түсті. Қаладағы атқарушы және өкілетті органдар халыққа Үндеу тастап, көмек беруге шақырды және түрлі көмек шаралары ұйымдастырылды [7; 187].

Маусым айында Түркиядағы Байбұрт қаласының әкімі Муамар Даштан бастаған ресми делегация қалаға келіп, бірқатар келісімшарт жасасты. Байбұрт – Түркістан бауырлас қалалар атанды.

Қаладағы Ленин көшесі Байбұрт көшесі деп аталды [7; 187]. Бұл 1990 жылғы 5 желтоқсанда Министрлер кеңесі Төрағасының орынбасары К.Өмірбаев, Т.Р. Мәдениет министрі Н.К. Зейбек қол қойған “Қазақ ССР үкіметі мен Түркия Республикасы үкіметі арасындағы ниет хаттамасына” сәйкес атқарылған іс-шара болатын [3; 293-294].

Түркістан қаласында тағы бір жоғарғы оқу орны құрылып, «Өзірет-Сұлтан атындағы мемлекеттік емес араб тілі институтының жарғысы 22 қараша күні тіркелді [9; 5]. Бұл жылы мәдениет саласында жеткен жетістіктер қатарында қаладағы жергілікті өнерпаздардан құрылған “Қазақстан” тобы (топ басшысы Сейфуллин Жолбарыс) республикалық “Жас қанат” байқауында жүлделі бірінші орынды жеңіп алғанын айрықша атауға болады. Келесі жылы Қ.А. Ясауи атындағы ХҰТУ-нің 3 курс студенті Гүлмира Баймұратова Қырғыз Республикасының астанасы Бішкекте өткен байқауда “Кіндік Азия аруы” атанды.

1994 жылы наурыз айында Абай Құнанбаевтың 150 жылдық мерейтойының қарсаңында “Өнер алды – қызыл тіл” атты байқау өткізу туралы аудан, қала әкімдерінің қаулысы мен байқау шарттары жарияланды. Сәуір айында Саттар Ерубаетовтың 80 жылдық мерейтойына арналған “Мұшайра-94” атты жазба ақындар байқауы ұйымдастырылды. Қазан айында С.Ерубаетовтың 80 жылдық, қоғам қайраткері Н.Оңдасыновтың 90 жылдық мерейтойы салтанатты жағдайда аталып өтті. Созақта С.Қожановтың туғанына 100 жыл толуына орай аламан бәйге беріліп, той өтті. А.Байтұрсынов атындағы мектепке С.Қожановқа ескерткіш тақта қойылды [7; 189].

Түркістан ауданына қарасты Калинин ауылы тұрғындарының ұсынысына сәйкес және аудандық ономастика комиссиясының қорытындысы, мәслихат депутаттарының жиналыс қаулысы негізінде Калинин ауылы Иассы ауылы деп аталды [11; 19]. Ауылдық жерде де, ұсақ және орта кәсіпкерлікке қолдау көрсетіліп, жаңа жұмыс орындарын ашыла бастады. Майдантал ұжымшарында тәулігіне 15 киіз басып шығаратын киіз басу цехы ашылды.

Наурыз айында Түркістан қаласында қоғамдық өмірдің әр қырын насихаттайтын «Замана» коммерциялық телевидениесі жұмысын бастады [9; 5]. Иқан селосында да жергілікті Ал, 1995 жылы қаңтар айында Түркістан қаласы мен ауданы әкімдерінің бастамасымен “Түркістан тынысы” ақпаратты бағдарламасы көгілдір экранға шықты [7; 189].

Қалалар мен аудандардың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің орындалу тәртібіне сәйкес және Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің өкімімен 1995 жылы Түркістан қаласы әкімшілік аппараты келесідей бағытта жұмыстар атқарады: 1995 ж. 12 айда қала бюджеті 124,3% орындалады, жоспарда 146618 мың теңге жобаланса, іс жүзінде бюджетке 182119 мың теңге түскен. Бюджет шығысы 115,6% орындалады. 1995 жыл ішінде РКЦ, Коммерциялық және жеке меншік банктері есепшотынан кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге жалақы, зейнетақы, жәрдемақы және шәкіртақы төлемдері үшін 885563 мың теңге бөлінеді. Алынған жәрдем жалпы төлемдердің 33% құрады, нақты ақшаның қайтарымы 66,9% болды, яғни берілген 100 сомның айналымнан 66 теңге 90 тиыны кері қайтарылды [6; 16].

1995 жылы ақпанда Орта Азия және Қазақстан су шаруашылығының басшылары бас қосты. Ақпан айында қала тұрғыны Б.Шадманұлы Халифа Алтай ақсақалдың сәлем-сауғасы, діни тақырыптағы 370 аударма кітаптарын түркістандықтарға тегін таратып берді.

14 маусымда Түркия елінің Президенті Сүлеймен Демирельдің Қазақстанға сапары Түркістан топырағында өтті. Ахмет Ясауи кесенесіне арнайы соғып, оны жөндеу, қайта қалпына келтіру жұмыстарының барысымен танысты. Қала жұртшылығымен кездесті, ХҚТУ-нің оқу ғимараты іргетасын қалау салтанатына қатысты. «Түркістан түркі дүниесінің орталығы» деген тұжырым аясында тәуелсіздігімізді тұғырлы етудің мән-мақсатына тоқталды. Сондай-ақ, екі ел арасында мереке тойлар өткізу мен мәдени күндерін өткізу туралы келісімге қол қойылды. Нәтижесінде, 1995–1996 жылдары Түркия мен Қазақстан мәдениет

күндері өтті. Түркия Республикасы қазақ халқының ақындары мен жазушылардың мерей тойларын өткізді. Олар Абайдың 150 жылдығы, Жамбыл Жабаевтың 150 жылдығының мерейтойлары және конференцияларын атап өтуге болады.

Осы жылдың сәуір айында Түркістан қаласында Германия Федеративті Республикасының Президенті Р.Хорцок жұбайымен келді. Мәртебелі мейман мен оның жол бастаушылары Ахмет Ясауи кесенесінде болып, танысты. Сондай-ақ, тамыз айында Пәкістан Ислам Республикасының Премьер-министрі Беназир Бхутта Түркістан қаласында болып, кесене құрылысымен танысты. Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ-нің ұжымымен кездесті. Құрметті қонаққа университеттің «Құрметті профессоры» атағы берілді. Жаңа оқу жылынан Шығыстану факультетінде урду тілі мамандығы ашылды [7; 190].

1995 жылы Түркістан қаласында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев Өзбекстан Республикасының Президенті И.Каримов, Қырғызстан Республикасының Президенті А.Ақаев ресми кездесу өткізді. Алдымен, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне зиярат жасап, бауырлас елдердің арасында мәдени, білім беру, саяси сауда-экономикалық мәселелерді талқылап, келіссөздерге қол жеткізіп «Түркістан меморандумына» қол қойды. Мамыр айында Өзбекстан Республикасының Қазақстандағы күндері Түркістан қаласында жалғасты. Өзбекстандық делегацияны 21 мамырда Ташкент облысының әкімі Е.Рузиев бастап келді.

1996 жылдың 1 қаңтарындағы деректер бойынша жалақы төлемі бойынша борыштылық 122,4 млн теңге болған, оның ішінде бюджеттік ұйымдарда – 39,7 млн теңге, халыққа білім беру қызметкерлеріне – 31,2 млн теңге, медицина қызметкерлеріне – 5,3 млн теңге, өнеркәсіп орындары жұмысшыларына – 11,2 млн теңге, басқа да салада – 1,1 млн теңге.

Тәуелсіздіктің бесінші жылында бүкіл еліміздегі сияқты Түркістан қаласында да елеулі өзгерістер мен экономикалық дағдарыс салдарлары орын алды. Қалада көптеген өндіріс орындары

жұмыстарын тоқтатуға мәжбүр болды. Себебі, бұрынғы одақтық байланыстар үзіліп, кәсіпорындардың өнімі мен қызметіне тапсырыс, сұраныс болмай қалды. Шикізаттың қымбат болуынан зауыт, фабрикалардың барлық өндірген өнімдерінің бағасы шарықтап кетті. Сөйтіп, өндіріс орындары бірінен соң бірі тоқтап, жұмыссыздар қатары көбейе түсті. 1996 жылы еңбек биржасында көптеген адам тіркелді. 1993 жылы 11,6 мың адам жұмысқа орналастырылса, 1997 ж. қарай бұл көрсеткіш 5,9 мың адамға дейін төмендейді. Жұмыс сұраған азаматтардың 18% еңбекпен қамтылған. Әлеуметтік қорғаудың негізгі формасы жұмыссыздық бойынша төленетін жәрдемақы еді. Тіркеуге алынған 25,7 мың жұмыссыз адамның 17,3 мыңы немесе 67% жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алатын еді [6; 17].

Ұжымшар, кеңшарлар өндірістік кооперативтерге айналып, шаруа шаруашылықтары сияқты түрлі құрылымдарға бөлініп кетті. Электр жарығы да болмай қалатын кездер жиілей түсті. Жалақы, зейнетақы қарыздары бірнеше айларға кешігіп, адамдар күнкөріс қамымен базарға шықты. Шетелдік қандастарымыздың отанына оралу үдерісі де кезек күттірмейтін күрделі мәселе еді. Өйткені 1997 ж. облысқа ҚР Президентінің 260 отбасылық квотасының орнына 490 отбасы көшіп келген. Осының нәтижесінде оралмандарға бір реттік жәрдемақы төлемі бойынша 42 млн теңге қарыз сомасы қалыптасады. Көшіп келген 1,5 мың отбасының тұрағы болмады, 395 отбасы уақытша пәтер-үйлерде тұрды.

1998 жылы ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра тізіміне енгізу үшін Қазақстан ескерткіштерінің алдын ала тізілімін дайындап, келесі бірнеше жыл ішінде осы міндетті жүзеге асыруда белсенді жұмыс жасады. 1999 жылы осы 10 ескерткіш әлемдік мұра орталығы алдыңғы тізім қатарына қосылды, соның ішінде Қожа Ахмет Ясауи архитектура кешені және Ясы-Түркістан қалашығы мен Тамғалы петроглифі Қазақстанның мәдени мұрасы әлемдік тізімге ілінуге лайық деп танылды [12]. Қазақстанның Мәдениет министрінің тапсырмасымен әлемдік мұра комитетінің құрылымдық-нормативтік құжаттары бойынша, ғылыми-зерттеу және

материалды ескерткіш мәдениетін жобалау институттарының мамандарына белгіленген ереже бойынша Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің құжаттарын әлемдік мұра комитеті қарауына тапсыру жүктелді.

1998 жылы Тұңғыш Президент Н.Назарбаев Түркістан қаласына жасаған ресми сапарында Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде болып, ондағы жаңғырту жұмыстарымен танысып, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығына, Мәдина қаласында басылған Құран Кәрім кітабын табыстады. Музей-қорықта КК 1579/1-3 нөмерімен сақтаулы. Сапар барысында Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде болып, Түркия Президенті Сүлеймен Демирелмен «Түркістан – Ыстамбұл» телекөпір арқылы тікелей сұхбаттасты. Телекөпір барысында екі ел Президенті университеттің бүгінгі мен ертеңі туралы сөз қозғап, Қожа Ахмет Ясауи университетін көркейту, болашақта мәдени-рухани орталыққа айналдыру мәселелері жайында пікір алмасты. Сапар барысында университеттің студенттер қалашығында болып, ондағы құрылыс жұмыстарымен танысты. Сол жылы, тарихы терең Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО-ның деңгейінде тойлау туралы мәселе көтеріліп, қолдау тапты.

Қала басшылығының экономика бағыты бойынша жүргізген реформалары өнеркәсіп саласы көрсеткіштерінің өсіміне алып келді. Алғаш рет 1998 жылдан бастап өндіріс құлдырауы тоқтатылып, өнеркәсіп өнімдерінің көлемі тоғыз айда 307,8 млн теңгеге немесе 1997 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 121,8% артты. Тұтыну тауарлары 160.8 мың теңге сомасына немесе алдыңғы жылмен салыстырғанда 189,8% артық өндірілді.

1998 жылдың 1 қазанында барлық шаруашылықтарда ірі қара мал саны – 24,2 мың бас, шошқа – 0,159 мың бас, қой-ешкі – 120,0 мың бас, жылқылар – 3,9 мың бас болған. 1998 жылы жұмыс істейтін 58 өндіріс орнын кеңейтіп, шағын кәсіпкерліктің 31 жаңа өндірісін ашу жоспарланады. Жаңа өндірістер есебінен жұмыс орнын 1,5 мың бірлікке артады деп жобаланады. Шағын

және орта кәсіпорындар өндірісінің жалпы көлемі 2,5 млрд теңгеге ұлғаюы керек еді. Облыс кәсіпкерлерінің ассоциациясын ашу бойынша жұмыстар жүргізіледі [6; 18].

Ұлан-байтақ қазақ даласындағы жер-су, елді мекен, көшелер мен мектептердің аттары әрбір дәуірдегі қоғамдық формациялардың жемісі мен тілде хатталған мәдени мұрасы, атаулардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі, қасиеті, тәрбиелік мәні бар.

Тәуелсіздік жылдары Түркістан қаласында елді мекендермен бірге мектеп атауларын да кеңестік тоталитарлық қоғамда қалыптасқан саяси-идеологиялық солақайлақтан арылту бағытында бірқатар жұмыстар жүргізілді. Қалалық ономастикалық комиссияның жүргізген ұйымдастыру жұмыстары барысында кеңестік идеология ықпалымен қалыптасқан жалпы білім беру мекемелерінің атаулары тәуелсіздік рухында жаңа мәнге ие болды. Атап айтқанда, осы кезге дейін төрт қалалық мектептің, жеті ауылдық мектептің аты жаңартылды. Түркістан қаласындағы ғасырдан астам тарихы бар №1 В.И. Ленин атындағы орта мектепке 21-ші шақырылған облыстық Совет депутаттары 14-ші сессиясының 27.03.1993 жылғы қаулысымен көрнекті қоғам қайраткері, Алаш қозғалысы басшыларының бірі А.Байтұрсыновтың есімі берілді. Қаладағы іргелі білім ошақтарының бірінен саналатын №2 М.Калинин орта мектебіне 21-ші облыстық Совет депутаттары 12-ші сессиясының 04.07.1992 жылғы қаулысымен Түркістанның түлегі, көрнекті өзбек жазушысы Хамза Хақимзаде Ниязидің есімі берілді. №8 С.Никитин орта мектебіне ҚР Үкіметінің 31.08.2000 жылғы №1325 қаулысымен Түркістанның тумасы, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, саяси қуғын-сүргін құрбаны Н.Төреқұловтың есімі берілді. №17 М.Әуезов атындағы орта мектепке ҚР Үкіметінің 07.04.2000 жылғы №523 қаулысымен қазақ-түрік достығын нығайту мақсатында Түркия Республикасының алғашқы президенті Мұстафа Кемал Ататүрктің есімі берілді. Иассы ауылындағы «Коммунизм» орта мектебіне ҚР Үкіметінің 20.10.2000 жылғы №1575 қаулысымен Кеңес Одағының батыры генерал Сабыр Рахымовтың есімі берілді. Иасы

ауылындағы «22-партсъезд» атындағы орта мектепке ҚР Мин. Каб. 12.05.1993 жылғы №383 қаулысымен Социалистік Еңбек Ері, осы ауылдың тумасы Майшай Әбенованың есімі берілді. «Қазақстанның 30 жылдығы» атындағы орта мектепке ҚР Мин. Каб. 12.05.1993 жылғы №383 қаулысымен Қаратау ақындар мектебінің көрнекті өкілі Молда Мұсаның (Мұсабек Байзақұлы) (1849–1932) есімі берілді. Гагарин атындағы орта мектепке ҚР Мин. Каб. 12.05.1993 жылғы №383 қаулысымен Қожа Ахмет Ясауидің есімі берілді. «Коммуна» орта мектебіне ҚР Үкіметінің 16.02.2000 жылғы №257 қаулысымен Қожа Ахмет Ясауидің шәкірті, сопылық әдебиеттің көрнекті өкілі, Түркістанның тумасы Ахмет Югнакидің есімі берілді. «Победа» орта мектебіне ҚР Үкіметінің 20.10.2000 жылғы №1575 қаулысымен түркі жұртының отаны, Түркістан атауының ізашары «Тұран» атауы берілді. «Н.К.Крупская» атындағы орта мектепке ҚР Үкіметінің 14.09.2001 жылғы №1205 қаулысымен Кеңес Одағының батыры, Түркістанның тумасы Абдулла Үсеновтың есімі берілді.

1999 жылғы Бүкілодақтық халық санағында Түркістан әкімшілік-аумақтық бөлігіне қарасты жерлерде халық саны – 172988 адам болып, оның ішінде ерлер – 85958, әйелдер – 87030 адам, яғни, бүкіл халықтың ішінде ерлер – 49,6%, әйелдер – 50,3% құрады.

Түркістан қалалық әкімшілік-аумақтық бөлінісіне қарасты өңірде ұлттардың білім деңгейіне талдаулар жасар болсақ, 1999 жылғы халық санағында: қазақтардың ішінде ер және әйел адамдарын қоса есептегенде 6 жас және одан жоғарғылары – 79743 адам, олардың қатарында 5578 адам жоғарғы білімді, жоғары аяқталмаған білімдісі – 1548, орта арнаулы – 11617, орта жалпы – 32332, негізгі жалпы – 5800 адамды құрады. Ал, орыстардың 6 жас және одан жоғарғылары – 2284 адам, жоғары білімдісі – 129, жоғарғы аяқталмаған – 23, орта арнаулы – 582, жалпы орта – 1014, негізгі орта – 184, жалпы бастауыш – 237 адам болды.

Қала және оның маңында тұратын эзирбайжан ұлтының өкілдерінің ішінде 6 жас және одан жоғарғылары 369 адам, жоғарғы білімдісі – 7, жоғарғы аяқталмаған – 2, орта арнаулы – 31, орта

жалпы – 209, негізгі орта – 20 адамдық көрсеткіште болды. Сондай-ақ, тәжік ұлтының өкілдерінен 6 жас және одан жоғарғы жастағылары – 115, жоғарғы білімділері – 6, орта арнаулы – 13, жалпы орта – 52, негізгі жалпы – 8, жалпы бастауыш – 16 адам екен.

Тұрғындардың ішінде татар ұлты өкілдерінің ішінде 6 жас және одан жоғарылары 1124 адам, жоғары білімдісі – 73, жоғары аяқталмаған – 7, орта арнаулы – 241, жалпы орта – 436, негізгі жалпы – 104, жалпы бастауыш – 173 адамды құрады. Сонымен қатар, түрік ұлтының өкілдері ішінде 6 жас және одан жоғарғысы – 832 адам, жоғарғы білімдісі – 48, жоғарғы аяқталмаған – 16, орта арнаулы – 25, жалпы орта – 489, негізгі жалпы – 43, жалпы бастауышта – 108 адам оқыды. Ал, өзбек ұлтының өкілдерінен 6 жас және одан жоғарылары – 61623 адам, жоғарғы білімдісі – 3368, жоғарғы аяқталмаған – 374, арнаулы орта – 7285, жалпы орта – 28787, жалпы негізгі – 4419, жалпы бастауыш – 9448 адам оқыған. Түркістан қаласы мен оның төңірегінде тұратын тұрғындардың ішінде ұйғырлардан 6 жас және одан жоғарысы – 105, жоғары білімдісі – 4, орта арнаулы білімі барлар – 61, жалпы негізгісі – 9, жалпы бастауыштық – 12 адам екен [6; 18].

Елімізде шағын және орта бизнес экономиканың негізгі тетігі ретінде мемлекеттік тұрғыдан басымдық беріліп келеді. 2001 ж. қаңтар-қазан аралығында шағын кәсіпкерлік субъектілері тарапынан 3446,3 млн сома көлемінде жұмыс пен қызмет орындалып, бюджетке салық түрінде 103,7 млн теңге түседі. Салық түсімдерінің үлесі жалпы бюджеттің 15% құрады. Ал, 2000 ж. бюджет түсімі 13,8% болған еді. Қайтарылған қарыз құралдары 1.11.2001 ж. 6,6 млн теңгені құрады. Осылайша, Түркістан қаласы және жалпы республиканың экономикалық жетістіктері бұрынғы кеңестік республикалардың ішінде ең алдыңғы қатарларға шықты. Тәуелсіздіктің алғашқы он жылы ел үшін едәуір қиындықтар алып келсе, одан кейінгі жылдары ел экономикасы 10% деңгейінде ЖІӨ жылдық өсім бере бастады. Осыған орай ЖІӨ деңгейін екі есе арттыру міндеті мерзімінен үш жыл бұрын 1997 ж. орындалды.

3.2 Жаңа ғасыр басындағы Түркістан қаласы

Жаңа ХХІ ғасыр тарихи шаһар үшін үлкен белеспен басталды. Қазақстан Республикасының үкіметі Түркістан қаласының 1500 жылдығын атап өтуге дайындалды. Дайындық жұмыстары бірнеше жыл бұрын басталып, 1996 жылы Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойын мерекеге әзірлік туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы [13, 44-47] шықты. 1500 жылдық тойын тойлау қарсаңында өткізілуге ұсынылатын әдістемелік кеңес кітапшалары жарық көрді [14, 27]. Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралардың жоспарын бекіту туралы Үкімет Қаулысы [15], Мерекеге әзірлік жөнінде [16, 3-4] және өткізу жөніндегі Республикалық мерекелік комиссияның Құрамы туралы [17, 4-5] Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі жарияланды.

Президент архивында сақталған Түркістан қаласының 1500-жылдығын мерекелеуге шақырылған қонақтардың контингенті және саны [18; 39-40], Түркістан қаласының 1500-жылдығын мерекелеу барысындағы қозғалыс маршруты [19; 209], ҚР Президентінің Хаттамалық қызметі дайындаған Түркістан қаласындағы маңызды мерейтойлық нысандардың құрылысы туралы ақпарат [20; 31-33], ҚР Президентінің Хаттамалық қызметі дайындаған Мемлекеттік тарихи-мәдени «Әзірет-Сұлтан қорық-мұражайы туралы анықтама [21; 36], ҚР Президентінің Хаттамалық қызметі дайындаған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті туралы анықтама [22; 37] құжаттарынан мерейтой қарсаңында үлкен дайындық жұмыстарын көреміз.

Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойын өткізуге бірінші кезектегі объектілерді дайындау жөніндегі іс-шаралардың жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2000 жылғы 11 қаңтар №8-ө

1. Қоса беріліп отырған Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойын өткізуге бірінші кезектегі объектілерді дайындау жөніндегі іс-шаралардың жоспары бекітілсін.

2. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі заңдарда белгіленген тәртіппен Шымкент қаласы әуежайының VIP-залын одан әрі тікелей мақсаты бойынша пайдалану үшін «Қазәронавигация» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғылық қорына берсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне жүктелсін.

Премьер-Министр Қ.Тоқаев [23]

Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралардың жоспарын бекіту туралы 2000 жылғы 20 сәуір №612 Үкімет Қаулысына сәйкес Түркістан қаласындағы Қазақстан мен шет мемлекеттер ғалымдарының қатысуымен халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізу, Түркістан қаласындағы «Түркістан – ғасырлар үні» атты театрландырылған қойылым қою, ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде (Париж) халықаралық дөңгелек үстел ұйымдастыру, «Түркістан – 1500» көрмесін, «Түркістан және Ұлы дала музыкасы» атты түркі тілді елдердің дәстүрлі музыкасының халықаралық фестивалін және он мың данамен «Түркістан – 1500» мерейтойлық медалін шығару жоспарланды [15].

2000 жылдың 19-21 қазаны аралығында Түркістан қаласының 1500 жылдығына арналған дүбірлі іс-шара ЮНЕСКО деңгейінде тойланды. Халықаралық шараға Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев пен Түркия Республикасының Президенті Ахмет Недждет Сезер және өзге де елден мәртебелі қонақтар қатысты. Шара қонақтары алдымен Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне кіріп, ондағы бабалар рухына тағзым етті. Бауырлас екі елдің Президенттері болашақта бой көтеретін еңселі мешіттің орнына тасбелгі орнатты.

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Конференцияда Н.Назарбаев, Б.Сапарбаев, Ө.Әметұлы, Х.Алтай, Ө.Кекілбаев, Қ.Мырзалиев, М.Жұрынов, Н.Оразалин, Р.Бердібаев, М.Шаханов, М.Мағауин, Д.Досжан, Т.Медетбек, М.Мыр-

захметов, Х.Оралтай, Т.Дайрабай, М.Бұлтай сынды ғалымдар мен жазушылар баяндама жасады. «Тарихы терең Түркістан» тақырыбымен өткен халықаралық конференцияның жинағы Алматы «Білім» баспасынан 2000 жылы жарық көрді.

Түркістанның 1500 жылдық мерейтойы қарсаңында 2000 жылдың 9 наурызында театр, кино және өнер саңлағы, Қазақстанның Халық артисі Райымбек Сейтметовтың бастамасымен Түркістан қалалық театры ашылды. Ол театр ұйымдастырушысы әрі көркемдік жетекшісі болды. Құрылған жылдың өзінде-ақ Б.Вахапзадениң «Көктүріктер» драмасымен Түркияда өткен «Еуропа бірлігі» театр фестиваліне қатысты. Түркиялық көпшіліктің тарапынан жасалған өтінішке орай түрік тілінде қойылып, кейіннен Қазақстанмен достық қатынастағы елдердің он бір қаласында көрсетілді. Өнер ұжымы 2002 жылы музыкалық-драма театр болып қайта құрылса, 2017 жылы «Оңтүстік Қазақстан облысының мәдениет және білім беру ұйымдарына атау беру және қайта атау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 3 сәуірдегі №162 қаулысымен Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының «Түркістан қаласының сазды-драма театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Р.Сейітметовтің есімі берілді [24]. Театрда 250 адамға арналған көрермен залы мен музейі бар.

2000 жылы XVII жазғы Олимпиадасы Австралияның Сидней қаласында өтті. Қазақстан құрамасы үлкен жетістік көрсеткен спорт додасында түркістандық 20 жасар Бекзат Саттарханов 57 кг салмақ дәрежесіне сынға түсіп, финалдағы қарсыласы әлем чемпионы, америкалық Рикарду Хуареспен жұдырықтасты. Хуарес Сидней финалына жету жолында Атланта Олимпиадасының чемпионы С.Камсингті тізерлеткен мықты боксшы болатын. Атағы алысқа кеткен қарсыласын Бекзат Саттарханов 22-14 есебімен жеңіп, Сидней Олимпиадасының чемпионы атанады. Бекзат шаршы алаңда 143 жекпе-жек өткізіп, оның 132-де жеңіске жеткен. Болашағынан көп үміт күттірген Бекзат Саттарханов, 2000

жылдың 31 желтоқсаны күні Шымкент тас жолы Темірлан елді мекені маңында жол апатынан қайтыс болды.

Түркістан жұртшылығы олимпиаданың алтын иегері Бекзат Саттарханов пен аса ауыр салмақта күміс медаль жеңіп алған Мұхтархан Ділдәбековті Есім хан атындағы орталық алаңда күтіп алды. Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-нің Мәдениет сарайының Үлкен залында кездесу өтіп, соңы концерттік бағдарламаға ұласты. 2000 жылғы Сидней олимпиадасына университеттің 6 студенті қатысты.

Ал университеттің баскетболшы қыздар командасы қатарынан екі жыл бойы Республика чемпионы болды.

2001 жылы ХҚТУ қабырғасында білім алып жатқан жастар саны 14 мыңға жетті. Шетелдік студенттер саны 500-ден асты. Университетте 93 ғылым докторы, 226 ғылым кандидаты, барлығы 60-ден астам оқытушы-профессор қызмет жасаған. Білім ордасының Түркістан, Шымкент, Кентау, Алматы, Тараз қалаларында бөлімдері жұмыс жасады. Университетте 14 факультет, 63 кафедра, 4 ғылыми-зертеу орталықтары мен лабораторияларында 74 мамандық бойынша білім берілді. Оқу орнында әлемнің 8 елінен 70-тен астам шетел мамандары жұмыс істеді [25; 5].

Бұл уақытқа дейін 1300 орынды студенттерге арналған екі жатақхана, 500 орынды студенттер асханасы, 800 орынды мәдениет орталығы, 75 орындық қонақ үй, оқытушы-профессорларға арналған екі қабатты 10 үйдің, 80 пәтердің құрылысы бітіп, пайдалануға берілді. Сондай-ақ, оқу ордасының өнерлі студент-жастары Азиялық, Республикалық конкурстардың лауреаттары. Олардың арасында «Азия дауысы» фестивалі мен Республикалық «Жас қанат» байқауларының, ақындар айтыстарының жеңімпаздары бар [25; 9].

2000 жылдың 1 желтоқсанына қарай облыста 16846 жұмыссыз адам тіркеуге алынған. Бұл алдыңғы мерзім көрсеткішімен салыстырғанда 2,6 мың адамға аз. Ресми жұмыссыздық деңгейі 0,3% төмендеп, 2,3% құрайды, ал республика бойынша ресми жұмыссыздық деңгейі 3,8% болатын. Жасырын жұмыссыздық деңгейі 0,7% төмендеген (2,4%–1,7%).

2001 жылдың қаңтар-қазан аралығында шағын кәсіпкерлік субъектілері тарапынан 3446,3 млн сома көлемінде жұмыс пен қызмет орындалып, бюджетке салық түрінде 103,7 млн теңге түседі. Салық түсімдерінің үлесі жалпы бюджеттің 15% құрады. Ал, 2000 ж. бюджет түсімі 13,8% болған еді. Қайтарылған қарыз құралдары 1.11.2001 ж. 6,6 млн теңгені құрады. Осылайша, Түркістан қаласы және жалпы республиканың экономикалық жетістіктері бұрынғы кеңестік республикалардың ішінде ең алдыңғы қатарларға шықты. Тәуелсіздіктің алғашқы он жылы ел үшін едәуір қиындықтар алып келсе, одан кейінгі жылдары ел экономикасы 10% деңгейінде ЖІӨ жылдық өсім бере бастады. 2001 жылы 1 қарашаға дейін еңбекпен қамту қызметіне 1691 адам жүгінеді. Жұмысқа орналасқан азаматтар саны азайып, 612 адамды құрады. Ақысы төленетін қоғамдық жұмысқа қатысқандар саны 787 адамға дейін артты. Жұмыссыз азаматтар саны – 965 адам. Жұмыссыздық деңгейі 1,4% құрап, 0,2 пайызға жоғарылаған. Аталған жылы шаруашылық субъектілерінің жалақы төлемдері бойынша қарыздары 21,3 млн теңге, балаға төленетін жәрдемақы бойынша – 3,7 млн теңгеге жетеді, зейнетақы бойынша қарыздар болмады [6; 17].

2002 жылы 22-24 қазан аралығында Дүниежүзі қазақтарының ІІ құрылтайы Түркістанда ұйымдастырылды. Құрылтайға алыс және жақын 36 шет мемлекеттерден (ҚХР, Еуропа елдері, АҚШ, Иран, Қазақстан, Ресей, Өзбекстан) 500-ден астам өкіл қатысты. 2002 жылға қарай Қазақстанға 200 мыңға жуық қандастарымыз оралды. Құрылтайға ұштастырылған, Түркістан қаласында салынған 11(он бір) ірі нысанның ашылуы өтті. Жаңа салынған нысандардың ішінде қазақ-түрік университетінің жаңа корпусы, «Құрылтайдың бейнесі» монументі, «Тайқазан» фонтаны, «Сара» атты жаңа медициналық орталық, Өнер орталығы, Актерлер үйі, спорт орталығы, «Дарын» мектебін атап өтуге болады. 2002 жылы Сидней Олимпиадасының чемпионы Б.Саттархан атындағы спорт кешенінің ашылуы болып өтті. Кешеннің ашылуы салтанатына Тұңғыш Президент Н.Назарбаев қатысып, сөз сөйледі.

2002–2003 жылдары әлемдік мұра комитетінің Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен Тамғалы кешенінің бағалылығы мен құндылығы, мазмұны мен қорғалуы халықаралық стандартқа сәйкес келуі жан-жақты тексеру үшін Иран мен Португалиядан халықаралық эксперттер келді. Сол жылдардағы музей-қорықтың директоры болған Рыскелдиев Темірхан өз естелік кітабында «Қожа Ахмет Ясауи кесенесі Елбасының қолдауының нәтижесінде қайта қалпына келтіріліп, ЮНЕСКО-ның «Әлемдік мұралар» тізбесіне енгізілді. Мұның өзі халықаралық талаптарға сай саулет ғимаратының биік мәртебесін көрсетсе керек» деп еске алады. [26; 56-б.].

ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің енгізілуі еліміздің мәдени өмірінің тарихында маңызды оқиға болды десек, Хорош Елена Христофоровна есімі бұл маңызды оқиғаға тікелей қатысты. 1998 жылы ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра тізіміне енгізу үшін Қазақстан ескерткіштерінің алдын ала тізілімін дайындап, келесі бірнеше жыл ішінде осы міндетті жүзеге асыруда белсенді жұмыс жасады [27; 365]. Әлемдік мұра комитетінің Парижде 2003 жылы 30 маусым мен 5 шілде аралығында болған 27 сессиясында бір ауыздан ортағасырлық сәулет өнерінің айрықша туындысы – Қожа Ахмет Ясауи кесенесін ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілуі еліміздің мәдени өмірінің тарихында маңызды оқиға болды.

Түркістан қалалық білім бөлімі ҚР «Білім туралы», «Тіл туралы» Заңдарының және жалпы білім беру жүйесін дамытуға бағытталып, қабылданған бағдарламаларды орындау барысында көптеген игі істерді жүзеге асырды. 2005–2006 оқу жылының II жарты жылдығында 71 мектепте оқуды 48499 оқушы жалғастырды (қала мектептерінде – 24592 оқушы, ауыл мектептерінде – 23907 оқушы), оқуға тартылмаған оқушы жоқ. 2006 жылдың ақпан айында 1026 орынға №21 орта мектебі ашылды [6; 19].

2009 жылғы 1 тоқсанда 15 жас және одан жоғары жастағы экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың саны 8,4 млн адамға жетті. Экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың жалпы

санында қала халқы 4,4 млн адамды (52,4%), әйелдер – 4,2 млн адамды (49,3%) құрады. Экономикалық тұрғыдан белсенділік деңгейі 70,3%-ды құрады. 2009 жылы Түркістанда тұрғындар саны – 202182 адам, оның ішінде жасы мен жынысына қарай талдағанда 1-15 жастағылар – 38,5%, ерлер – 51,2%, әйелдер – 48,7%, 16-62 жастағылар – 55,7%, 62 жас және одан жоғарылары – 5,5%, ерлер – 32,4%, әйелдер – 67,5% болды. 2009 ж. санақ бойынша Түркістан тұрғындарының ұлттық құрамында қазақтар – 52,5%, өзбектер – 45,2%, орыстар – 0,5%, басқалары – 2,1% болды.

2009 жылдың 4 қараша күні Алматы алаңынан облыс әкімі А.Мырзахметовтің бастамасымен «Хикметтер алаңы» бой көтерді. Шараға 500-дей қонақтар қатысып, театрланған қойылым көрсетілді. «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында көне шаһардың шынайы шежіресін айқындау қолға алынды. 2007–2009 ж. Туристік жобаларды жүзеге асыру жұмыстары аясында Түркістан қаласы тарихи орындарын басым бағыт ретінде қарастырып, туристік инфрақұрылымды дамыту жұмыстарын жүргізілді. 2009 – 2011 ж. Ескі Түркістан, Күлтөбе қалашығы, Мүсәллә, Тәкия, жеті ата, Дарбаза қақпаларына, Хан Ордасына археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді.

2010 жылдың 23 мамыр күні Түркия Президенті Абдулла Гүл Түркістан төрінде Тұңғыш Президент Н.Назарбаев арасында кездесу өтті. Екі ел басшысы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне барып зиярат жасады. Сапар барысында Президент Н.Назарбаев «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығына Құран Кәрім кітабын табыстады. Музей-қорықта КК 3694/а,б нөмерімен сақтаулы.

Қаланың қанат жаюымен Ясы, Сауран мөлтек аудандарындағы атауы жоқ көшелеріне Ілияс Қожабаевтың, Қарабаев Әлсейіттің, Дәулетбайұлы Омарбектің есімдері берілді [28].

2012 жылдың 28 қыркүйегінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесі алдында «Түркістандағы хан көтеру» реконструкцияланған тарихи қойылымы көрсетілді. Қойылымды Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, ақын Ә.Манаповтың сценарийі негізінде,

Р.Сейітметов атындағы Түркістан сазды-драма театрының әртістері ойнады. 300-ден аса тарихи кейіпкерлер қатысқан театрландырылған көрініс халық ықыласына бөленіп, кейінгі жылдары да ірі мерекелік шараларда бірнеше рет қайта қойылды. Сол жылы Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-нің базасында «Әзірет Сұлтан» музей-қорығының ұйымдастыруымен «Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері» IV халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Оған елімізден және алыс жақын шетелдерден қонақтар қатысты. Америка Құрама Штаттарынан Девин Девис сынды ғалымдар шақырылды.

Қала инфрақұрылымын дамытуға бағытталған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 маусымдағы №735 Қаулысы бойынша Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласының бас жоспары бекітіліп, Түркістан еліміздің маңызды ірі қаласына айналдыру көзделген болатын.

Осы жылы қаланың бас жоспары негізінде 140 және 100 орынды 2 балабақша республикалық бюджет есебінен салынды. 2009 жылы Түркістанда балаларды балабақшамен қамту небары 9 пайыз болса, 2014 жылы бұл көрсеткіш 77 пайызға жетті. 2014 жылы Түркістан қаласында мемлекеттік «Балапан» бағдарламасы аясында 4 балабақша ашылды. Түркістан қалалық мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы шешімімен Түркістан қаласының жерлерін 6 аймаққа бөлу схемасы бекітілді [29].

2014 жылы Түркістанда «Менің Отаным» I Республикалық форумы өтті. Форумды грек-рим күресінен Мәскеу Олимпиадасының чемпионы, даңқты палуан Ж.Үшкөмпіров бастап келді. Шараға бірнеше мың адам қатысты.

2015 жылы сәуірде Қазақстанға алғаш рет келген Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайып Ердоған қасиетті Түркістан қаласына да келді. Жаңадан бой көтерген 2000 адамдық Ахмет Ясауи мешітінің ашылу салтанатына қатысты. Жергілікті тұрғындармен кездесті. Онан соң Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-ға барды. Оқу орнына келген қос президенттер, Нұрсұл-

тан Назарбаев пен Реджеп Тайип Ердоған Университет қалашығының макетімен танысты және музейді аралады.

2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойына арналған ірі шаралар Түркістан қаласында да өтті. Сәуір айының 2-3 күндері орай Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-мен «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы бірлесе «Қазақ хандығының тарихындағы Түркістанның орны» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырды. Конференцияға Қазақстан, Өзбекстан, Ресей, Қырғызстан, Әзербайжан, Иран мемлекеттерінен ғалымдар қатысты. Конференция материалдарының жинағымен бірге қазақ хандарының өмір тарихына арналған екі томдық еңбек жарық көрді.

Қала аумағында 2016 жылы 3600 шаруа тіркелген, малдың барлық түрін қоса есептегенде 635 мыңға жетті. Мал шаруашылығы саласы бойынша негізгі бағыттар ірі қара мал мен ұсақ мал және түйе өсіру болып табылады. Түркістан қаласында түйе және бие сүтін өңдейтін «Golden camel» зауыты қазақ-қытай инвесторларының қаражатына тұрғызылған. Онда тәулігіне 100 тонна түйе және бие сүті қайта өңделеді және жоғары сападағы сүт ұнтағы шет мемлекеттерге экспортталады.

2017 жылы Түркі мәдениетінің халықаралық ұйымына (ТҮРКСОЙ) мүше елдердің мәдениет министрлері тұрақты кенесінің Әзербайжанның Шеки қаласында өткен 34-отырысында Түркістан түркі әлемінің мәдени астанасы болып танылды. Бұл мәртебеге ие болудың да өзіндік себептері бар. Оған соңғы жылдары Түркістанның әлеуметтік-мәдени тұрғыдан қарқынды дамуы әсер етсе, екінші жағынан қаланың атауы да ықпал еткен. Өйткені, «Түркістан» атауы түбі бір түркі этникалық тұтастықтың бәріне бірдей ұғынықты болғандықтан, мұндағы рухани құндылықтан әркім де өзінің бастапқы тамырына ортақ тұстарды табары анық. Түркі мәдениетінің орталығы саналатын шаһар – жергілікті халық қана емес, түбі бір түркі жұртшылығы тәу ететін ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің елі. Оның құрметіне қойылған кесененің тағлымы зор.

2018 жылдың 10 айында жалпы өңірлік өнім көлемі 61,3 млрд теңгені құрады. ЖӨӨ құрылымында тауарлар өндірісінің үлесі 15%, қызметтер – 60,1% болды. Өнеркәсіп өнімінің көлемі 9,2 млрд теңгені құрады. Нақты көлем индексі 2017 жылдың деңгейімен салыстырғанда 106,4%. 2018 жылы ИИДМБ аясында 539 жаңа жұмыс орнын құрумен 2,2 млрд теңгені құрайтын 10 жобаны іске асыру жоспарланған. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 4,5 млрд теңгені құрады. Нақты көлем индексі 2017 жылғы деңгеймен салыстырғанда 105,4%. Шағын және орта кәсіпкерлік саласында жұмыс істеп тұрған субъектілердің саны 9,8 мың бірлікті немесе 2017 жылғы деңгейдің 96,6%-ын құрады. Негізгі капиталға инвестиция 20,0 млрд теңгені немесе 2017 жылғы деңгейден 110% құрады. Құрылыс жұмыстарының көлемі 10,8 млрд теңгені немесе 2017 жылдың деңгейінен 104,1% құрады. 10 айда 66373 м² тұрғын үйді пайдалануға берілген. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығында халықтың 26,4 пайызы көгілдір отынмен, 94,1 пайызы орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілген. Қалада 547 көше бар. Оның 399-і адам аттарымен аталады, 148 тарихи, жер-су аттарымен аталса, 12 көшенің атауы жоқ.

Әлеуметтік-экономикалық жағдайы серпінді дамып келе жатқан қалалардың бірі ретінде Түркістанның 2000 жылы жалпы өңірлік өнімі 109 млрд теңгені құрап, алдыңғы жылдармен салыстырғанда 5,8 пайызға артты. Соның ішінде өнеркәсіп саласы 9,4 пайыз, орындалған құрылыс жұмыстары 36,6 пайыз, ауыл шаруашылық саласы – 2,6 пайыз, сауда-саттық саласы мен шағын бизнес шамамен 52 пайызды құрады. Экономиканы дамыту және оның бәсекеге қабілеттігін арттыру бағытындағы «Өңірлік кәсіпкерлікті қолдау картасы» аясында 2000–2019 жылдар аралығында 11 млрд жуық теңгені құрайтын 14 жоба іске қосылды.

2018 жылғы көрсеткіш бойынша жалпы білім беретін мектептердің саны 35, оның 2-і жекеменшік. 34 – типтік, 1 бейімделген мектеп. Оқушылар саны: 39052 оқушы. Жоғары оқу орындары-

ның саны – 1, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары – 11. Жоғары оқу орындарында оқитындар саны 7947 студент, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында 8753 студент білім алды. 2015–2017 жылдар аралығында қалада 2 медициналық мекеме пайдалануға берілді, оның ішінде 2015 жылы – Қалалық балалар ауруханасы және 2017 жылы «Рауан» медициналық орталығы.

Қалада 23 үкіметтік емес ұйым, оның ішінде 20 қоғамдық бірлестік жұмыс істейді. Қалада 3 этно-мәдени орталық бар: Түркістан қалалық өзбек мәдени орталығы, Түркістан облыстық славян мәдени орталығы, «Ахыска» түрік мәдени орталығы. Қалада 9 бұқаралық ақпарат құралы болса, оның ішінде 7 газет редакциясы: «Түркістан» және «Түркістан», «Ұстаз», «Түркістан ұланы», «Тұран-ақпарат», «Ясауи мұрасы», «Аймақ», «Ясауи. Университет» және 2 телеарна – облыстық «Оңтүстік», жергілікті «Тұран-Түркістан» жұмыс істеді.

3.3 Түркістан қаласы – Түркістан облысының орталығы

Түркістан облысы 2018 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының атауын өзгерту нәтижесінде құрылды. Түркістан қаласы Түркістан облысының орталығы болып бекітілді.

2018 жылы 19 маусымда Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» заңға қол қойды.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Шымкент қаласы республикалық маңызы бар қалалардың санатына жатқызылсын.

2. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілік орталығы Шымкент қаласынан Түркістан қаласына көшірілсін.

3. Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан облысы деп қайта аталсын.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотымен, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен бірлесіп:

бір ай мерзімде осы Жарлықты іске асыру жөнінде ұйымдастыру іс-шараларының жоспарын (жол картасын) бекітсін;

2018 жылғы 1 қыркүйекке дейін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтіруді қамтамасыз ететін шаралар қабылдасын;

Осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдасын;

2) Түркістан қаласын түркі әлемінің мәдени-рухани орталығы ретінде дамыту бойынша бас жоспарды әзірлеуге конкурс ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия құрсын.

5. Орталық мемлекеттік органдар және Шымкент қаласы мен Түркістан облысының жергілікті мемлекеттік органдары тиісті жергілікті мемлекеттік органдар мен ұйымдардың іркіліссіз әрі тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын.

6. Түркістан облысының жергілікті өкілді және атқарушы органдары, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері мен ведомстволық бағынысты мекемелері Түркістан қаласына көшкенге дейін Шымкент қаласында орналасады деп белгіленсін.

7. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

8. Осы Жарлық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі». [30]

Көп ұзамай-ақ, Түркістан облысы Түркістан және Кентау қалаларының шекараларын өзгерту туралы ҚР Үкіметінің №430 қаулысы қабылданып, Түркістан қаласының Шаға, Жаңа Иқан, Ескі Иқан, Үшқайық, Иассы, Ораңғай, Қарашық, Жүйнек, Бабайқорған, Шорнақ, Жібек жолы, Майдантал ауылдық округтерінің және Ащысай ауылы аумағының айналасында орналасқан жал-

пы алаңы 721745,0 гектар жерді Кентау қаласының шекарасына қосу арқылы Түркістан және Кентау қалаларының шекаралары қайта анықталды [31]. Түркістан қаласын түркі әлемінің мәдени-рухани орталығы ретінде дамыту жөніндегі бас жоспардың тұжырымдамасын мақұлдау туралы ҚР Президентінің №762 Жарлығының қосымша тұжырымдама жобасында Түркістан қаласы халқы санының өсуіне байланысты үш жобалық кезеңдер қабылданған:

бастапқы мерзім – 2018 жыл, 161 мың адам;

есептік мерзім – 2035 жыл, 350 мың адам;

болжамды мерзім – 2050 жыл, 500 мың адам [32].

Түркістан қаласын дамытудың кейбір мәселелері туралы Президентінің №763 Жарлығында Қазақстан Республикасының Үкіметіне бір ай мерзімде «TURKISTAN» арнайы экономикалық аймағын құру туралы қаулы етілді [33].

Облыс орталығы болып қайта құрылған Түркістан қаласы тұрғындарының жедел өсімін статистикалық мәліметтерден аңғаруға болады. 2018 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша халық саны 161,9 мың адам болса, 2018 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша халық саны 164,5 мың адамды құраған. Ұлттық құрамы: қазақтар – 117,8 мың адам. (72,1%), өзбектер – 41,8 мың адам. (25,6%), орыстар – 1,5 мың адам. (0,8%), ал басқалары – 2,6 мың адам. (1,5%). Халықтың табиғи өсімі 3,7 мың адам. (4,4 мың адам туылған, 0,7 мың адам қайтыс болған). Көші-қонның өсуі (азаюы) 1345 адам, 3685 адам кетті (2340 адам келді). Жұмыссыздық деңгейі 5,2% құрады (2018 жылдың 10 айында). Жыл басынан бері 3522 адам жұмысқа орналасты, оның ішінде 1647 адам тұрақты, 1875 адам маусымдық жұмыспен қамтылды. 2018 жылдың 10 айында бір қызметкердің орташа айлық жалақысы 98885 теңгені құрады, бұл 2017 жылдың сәйкес кезеңінен 100,9%-ға артық.

Түркістан ғасырлар бойы Қазақ хандығының, жалпы бүкіл түркі дүниесінің саяси және рухани өмірінің өзегі болды. Бүгінде 170 мыңнан астам халқы бар қала туристік әлеуетімен және қар-

қынды дамып келе жатқан кәсіпкерлік саласымен ерекшеленеді. Орталық мәртебесіне ие болған шаһар енді мемлекеттік қолдаудың арқасында келешекте тек руханияттың орталығы ғана емес, экономикалық әлеуеті мықты, сәулеті ерек ірі шаһарлардың біріне айналғалы отыр. Қазіргі таңда қала ауданы 19,6 мың га құрайды, оның ішінде 9,8 мың га құрылыс салынған аумақ.

Түркістан облысы құрылғаннан кейін Түркістан қаласы қайта түлеп, ерекше мағынаға ие болды. Бұрын Түркістан Ясауи бабамыздың кесенесіне байланысты рухани дүниенің есігі еді. Ал енді Түркістан қаласын облыс орталығына айналдыруынан кейін ол бүгінгі озық құндылықтар дүниенің де есігіне айналды. Күллі түркі жұртын ұйытатын ұлы мекен Түркістанның болашағы зор. 2018 жылдың 18-20 қазан күндері «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының 40 жылдық мерейтойы «Ұлы Жібек жолы бойындағы ортағасырлық қалалар» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы аясында атылып өтілді. Конференцияға Қазақстан, Өзбекстан, Ресей, Қырғызстан, Әзірбайжан, Иран, Түркия мемлекеттерінен ғалымдар қатысты.

Бүгінде Түркістанда құрылыстар қарқынды жүргізілуде. Тек 2019 жылы 9 нысан салынды – облыс әкімдігінің, Сапар орталығының, Неке сарайының, Халыққа қызмет көрсету орталығының ғимараттары, Амфитеатр, Музыкалы фонтан, Музыка мектебі, Олимпиада резерві мектебі, Шығыс моншасы. Қаланың әкімшілік-іскерлік және рухани-мәдени орталықтарында 15 мәдени-әлеуметтік нысанның құрылысы аяқталды.

Әкімшілік-іскерлік орталықта 8 нысан бар – бассейн і бар Спорт сарайы, 7000 орынға шақталған стадион, Оқушылар сарайы, Департаменттер үйі, Басқармалар үйі, Конгресс холл, Цифрлық офис, аттракциондары бар саябақ. Қаланың жаңа әкімшілік-іскерлік аймағында бой көтерген Конгресс холл ғимараты концерттер, театрландырылған қойылымдар, түрлі байқаулар, ғылыми конференциялар, халықаралық жиналыстар, симпозиумдар, семинар-тренингтер және басқа да шараларға арналған көпфункционалды мәдени нысан. Ғимарат заманауи технологиялармен

жабдықталған. Бұл мекеме Түркістан қаласының дамуына айтулы үлесін қоса беретін болады.

Рухани-мәдени орталықта инфрақұрылымның 7 нысаны бар – Қ.А. Ясауи музейі, «Ұлы Дала» орталығы, Қолөнершілер орталығы, «Farab» облыстық ғылыми-эмбебап кітапхана, Драма театры, Тұңғыш Президент саябағы, Арбат. Инвестициялар есебінен «Rixos», «Hampton by Hilton», «Нұр-Әлем», фитнес орталығы, бес мың адамға шақталған мешіт құрылысы аяқталып, іске қосылды.

Инвестициялық ірі жобалардың бірі – рухани-мәдени орталықта «Керуен Сарай» көпфункционалды туристік кешен құрылысы аяқталып пайдалануға берілді. «Керуен Сарай» туристік кешенінің ашылуы 2021 жылы 10 сәуірде өтті. Ол Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне қарама-қарсы «Әзірет Сұлтан» мәдени қорығының буфер аймағында орналасқан. Жалпы аумағы 20,5 га кешенде Жібек жолы дәуіріндегі саудагерлер мен қолөнершілер көшелері, «ұшатын театр», амфитеатр, шығыс базары, қонақ үйлер, мейрамханалар, кинотеатр, отбасылық ойын-сауық орталығы бар. Барлық құрылымдар су арнасы арқылы байланыстырылған, «қайық шеруі» театрландырылған шоуы өткізіледі. Керуен-сарай кешені өңірге туристер мен инвестицияларды тартатын басты орталыққа айналып келеді.

Жаңадан салынған мәдени ғимараттардың бірі – «Ұлы Дала Елі» орталығы. Ғимараттың жалпы аумағы 6128,7 шаршы метрді қамтиды. Кинетикалық, интерактивтік, анимациялық және аудиовизуалды технологиялардың арқасында «Ұлы Дала Елі» орталығы Қазақстанда жоғары технологиялық нысандардың біріне жатады. Орталықта жәдігерлер ғылыми негізделген материалдар, шынайы археологиялық олжалар негізінде түпнұсқалықты қолдана отырып қайта жасалған, технологияны топтастыру экспозиция тақырыптық белгілері бойынша әртүрлі жәдігерлерді ұйымдастыруды көздейтін кешенді тақырыптық негізде жүзеге асырылған.

«Farab» кітапханасы көпфункционалды білім кешені, елімізде теңдесі жоқ жаңа білім алу мекені заманауи технологиялармен жабдықталған ғылыми орталығы, кітапқұмар қауымның мекені.

Кітапхананың ғылыми-зерттеу орталығында кітап сақтау қоймасы бар. Бұл жерде сирек кездесетін кітаптар мен көне қолжазбалар сақтауға арналған бөлім, ескі құжаттар мен кітаптарды қайта қалпына келтіруге арналған Орталық Азиядағы бірден бір реставрациялық цех, 3D моделін жасауға арналған проекциялық бөлім, каллиграфия, өнер студиялары, қыш құмыра жасау шеберханасы бар.

Облыс орталығы құрылған алғашқы жылы-ақ халықтың тұрмыс сапасын жақсарту мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылған. Атап айтқанда, көпбалалы аналарға атаулы әлеуметтік көмек көрсету мөлшері орташа есеппен 40 пайызға артып, 2019 жылы 103464 мыңнан астам отбасы өтініш білдірген, оның 65946-на атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған. Түркістан облысы бойынша жыл соңына дейін 1032 көпбалалы отбасы пәтермен қамтамасыз етіледі. Бұдан бөлек, 2019 жылдың 5 айында Түркістан облысы бойынша барлығы 1724 пәтер тапсырылған. Жыл қорытындысымен 50 тұрғын үй, яғни 2613 пәтер пайдалануға берілген. Бұл алдыңғы жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 160%-ға артық.

2020 жылы Түркістанда шамамен 6 мың пәтер пайдалануға берілді Құрылыс жұмыстарының көлемі 182,1 млрд теңгені құрады, бұл 2019 жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 129,1%-ға артық. Тұрғын үй құрылысын дамытуға 69,4 млрд теңге инвестиция бағытталды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 99,8%-ға артық.

Қасым-Жомарт Тоқаев Президент лауазымындағы алғашқы сапарын киелі Түркістаннан бастаған еді. Сапар барысында Президент бұқаралық ақпарат құралдарына сұхбат беріп, «Түркістан тек қазақ халқының ғана емес, күллі түркі жұртының қасиетті мекені. Түркістан – сан ғасырлық адамзат шежіресінің куәгері және өркениет жауһары. Халқымыздың арғы-бергі тарихында ел бастаған, қол бастаған тұлғаларымыз да аса жауапты сәттерде, күрделі саяси шешімдер қабылдайтын уақыттарда Түркістанға тағзым ете барған», – деген болатын.

2020 жылы Түркістан қаласында ҚР Мәдениет және спорт министрлігі жанынан Халықаралық туризм және меймандостық университеті құрылып, алғашқы студенттерін қабылдады. Қазақстандағы халықаралық деңгейдегі тұңғыш университет туризм саласындағы әлемдік деңгейдегі мамандар дайындайтын болады. Туристік бизнестің нақты қажеттілігі ескерілген университеттің 4 жылдық білім беру бағдарламасының нәтижесінде түлектер халықаралық үлгідегі екі диплом алады. Бұл олардың әлемнің кез келген жерінде өз мамандығы бойынша еш кедергісіз жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Университетте 2500-нан аса студенттер білім алуда.

Түркістанның әлеуметтік-экономикалық дамуымен қатар, Түркістан қаласының идеологиялық негіздемесін қалыптастыру бойынша 4 бағыт айқындалған болатын. Олар: біріншіден, Түркістан – қазақ халқы мен түркі тілдес елдердің ең ірі зиярат және туризм орталығы. Екінші, Түркістан – әлемдік деңгейдегі қолөнер және шеберлер орталығы. Үшінші, Түркістан – Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан ірі сауда орталығы. Төртінші, Қожа Ахмет Ясауи – рухани тұлға. Міне, осы 4 бағыт бойынша идеологиялық жұмыстар қолға алынады. Оның бірқатары Түркістан облысының 1 жылдығы аясында басталып та кетті.

Облыс әкімдігі өкілдерінің мәліметінше, 2019 жылдың қорытындысы бойынша жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының үлесін 74,1 пайызға дейін арттыру жоспарланып отыр. Жаңадан құрылған облыс орталығында көлік инфрақұрылымын дамыту жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Атап айтқанда 15,2 шақырымға созылған «Жаңадан салынатын әуежайға баратын жол құрылысы», «Түркістан-Шәуілдір» автомобиль жолының 70 шақырымын қайта құру, 30 шақырымдық «Түркістан қаласының шығыс айналма жолының құрылысы», Кентау қаласы жағынан кіретін Түркістан қаласына кіре беріс автомобиль жолын қайта құру, «Түркістан қаласында халықаралық жаңа әуежай салу», «Түркістан қаласында жаңа автовокзал салу» жұмыстары жүзеге асырылды.

Автомобиль жолдарын сөз еткенде Түркістан қаласында қатынайтын автобустар туралы айтпау мүмкін емес. Түркістан қаласындағы тұрақты бағыттарға 1 тасымалдаушы 270 автобуспен (жартысына жуығы пайдалану мерзімі 12 жылдан асқан шағын автобустар) қызмет көрсеткен болса, 2019 жылдың бірінші жартыжылдығында 16 жаңа автобус сатып алынған. Тасымалдаушы мекеме алдағы уақыттарда автобустар паркын толықтыру жаңа автобустар сатып алу жоспарланған.

Сол жылы облыста құны 2,9 миллиард теңге болатын 7 жоба іске асырылды, сондай-ақ 75 нысанды іске асыруға 3 миллиард теңге қосымша қаражат бөлу туралы шешім қабылданған.

Қала халқы 2008 жылы – 198 мың, 2018 жылы – 165 мың адамды құраса, 2019 жылы қала халқының саны 171,4 мың адам, 2020 жылы қала халқының саны – 176,2 мың адамға жетті. Қалада 46 ұлттың өкілі тұрады.

Экономикалық тұрғыдан белсенді халық бөлігі – 53069 адам, оның ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтығандар 24545 адам, яғни 50 пайызы. Жұмыссыздар саны 2669 адам, жалпы саныдан 5 пайызды құрады. 2019 жылғы көрсеткіштер бойынша 142 отбасының 812 адамға 2 млн теңге көлемінде төленіп, үй көмегі көрсетілді. Аз қамтылғандарды әлеуметтік қолдаудың қосымша шаралары да ұйымдастырылып, демеушілер тарапынан 12 млн теңге көмек көрсетілді.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлардың бағасын тұрақтандыру бағытында жергілікті өндірушілерді қолдау үшін жылда арнайы азық-түлік жәрмеңкесі ұйымдастырылады. Арнайы жәрмеңкеге жергілікті тауар өндірушілердің өнімдері базар бағасынан 10-15 пайызға арзандатылған бағада сатылады. Сондай ақ, мемлекет бақылауындағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тұрақтандыру мақсатында қала ішінде 14 әлеуметтік дүкен, 5 супермаркет ішінен әлеуметтік сөрелер жасақталды.

Бүгінгі таңда қала халқына облыстық денсаулық сақтау басқармасына қарасты 17 медициналық мекеме, оның ішінде 7 емха-

на, 2 амбулатория, 1 жедел жәрдем стансасы, 7 аурухана медициналық қызмет көрсетеді. Түркістан қаласында 543 дәрігер, 1754 орта медицина қызметкері жұмыс жасайды. Бұл көрсеткіштерді 2000 жылға дейінгі көрсеткіштермен салыстырғанда 105 дәрігерге, 358 орта медицина қызметкеріне артқаны байқауға болады. Дәрігерлермен қамтамасыз етілу көрсеткіші 10 мың адамға шаққанда 32,9, орта буын қызметкерлерімен қамтамасыз етілу көрсеткіші 10 мың адамға шаққанда 106,3 құрады.

Тәуелсіздік жылдары Түркістанда жаңадан 38 мектеп ғимараты салынды. Қазіргі уақытта қалада жалпы контингенті 38,9 мың оқушыны құрайтын 33 жалпы білім беру мектеп, 2 бастауыш білім беру мектебі, 3 мектеп-интернат бар. Бас жоспар бойынша 2025 жылға дейін болашақта 15 мектеп, соның ішінде «Дарын», «Назарбаев Зияткерлік мектебі», барлығы 17,2 мың оқушы қамтылып ашылады.

Қазіргі уақытта Түркістан қаласында 19 мемлекеттік және 49 мемлекеттік емес мектепке дейінгі мекемелер жұмыс істейді. Оған 9548 бала барады. 2025 жылға дейін Түркістан қаласының даму бас жоспары бойынша 3 мың орындық 32 балабақша салу жоспарлануда.

Тәуелсіз Қазақстан елінің басты басымдықтарының бірі болып табылатын жастар саясаты. Жастарға айрықша көңіл бөлген мемлекет қана саяси және экономикалық табыстарға жете алады. Бүгінгі таңда қаламызда 15-29 жас аралығында жастар саны 40 мыңға жуықтады, қала тұрғындарының 24,4 пайызын құрайды.

2019 жылы Түркістан қаласында көп функционалды жаңа үлгідегі «Жастар ресурстық орталығы» ашылды. Мұнда жастар өзі қалаған форматта жұмыс жасауға толық мүмкіндіктер қарастырылды. «Жастар ресурстық орталығы» ғимаратында жастар сұранысына ие барлық салалар қамтылған.

2019–2020 жылдары шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысатын 11317 субъектінің 10941-і белсенді жұмыс істеп, 96,7 пайызды құрады және 26086 адам жұмыспен қамтылды.

2019 жылы Түркістанда жаңа 2 кәсіпорын іске қосылып, жалпы саны 41-ге жетті. Ал шағын шаруа, жеке кәсіпкерлер 10 мыңнан асты. Бұл 25-26 мың адам жұмыспен қамтылып отыр деген сөз. Көрсеткіш жақсы, қаланың әрбір алтыншы тұрғыны мемлекеттік емес салада жұмыс істейді. Дегенмен шағын, орта бизнесті қолдау әрі қарай жалғаспақ. Осы мақсатта «Ontustik» индустриалды аймағы мен сауда-логистикалық орталықтары құрылған.

«Бизнестік жол картасы – 2020» бірыңғай бағдарламасы бойынша «Ontustik» индустриалды аймағы 310 гектарға кеңейтілді. Мұнда жалпы құны 7 млрд 737 млн теңге 20 жоба орналасты. 2019 жылы индустриалды аймақтағы 20 жобаның ішінен 9 кәсіпорын іске қосылып, 459 жұмыс орны ашылды. Тартылған инвестиция көлемі 2 млрд 516 млн теңгені құрады.

Солардың бірі «Grand Miks» жиһаз фабрикасы Қазақстан Республикасындағы ірі өндіруші. Ал «Grand Miks» атауының өзі халықаралық трендтерді қолдайтын жиһаз өндіріс саласында брендке айналып үлгерді. Өз жұмысын Бірлік ауылындағы шағын цехта бастаған кәсіпорын бүгінде республика көлемінде кез келген жиһаз өндірісімен айналысатын кәсіпорындармен бәсекелесе алатын дәрежеге жетті.

Қала дамуында ауыл шаруашылығы көлемді пайда әкеледі. 35 елді мекен кіретін Түркістан қаласының қала маңы аумағы дәнді дақылдар, көкөніс және бақша өсіру бойынша облыста жетекші орын алады. Қала маңайы жылыжайлар саны бойынша облыс бойынша екінші орынға ие.

2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша шаруашылықтардың барлық санаттарында ірі қара мал басы 1052,9 мың басты құрады немесе өткен жылдың сәйкес кезеңіне 105,9%, қой мен ешкі – 4290,6 мың бас немесе 105,1%, жылқы – 346,4 мың бас немесе 108,2%, түйе – 30,3 мың бас немесе 108,5%.

2020 жылдың қаңтар айында Қазақстанда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер ретінде 17,4 мың заңды тұлға, филиалдар мен өкілдіктер тіркелді. Бұл ретте жұмыс істейтін заңды тұл-

ғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің ең көп саны Түркістан облысында жұмыс істейді. Облысқа сонымен қатар жұмыс істеп тұрған шаруа қожалықтары мен фермерлік шаруашылықтардың ең көп шоғырлануы тән.

Түркістанда астықтан нан, тәтті тағамдар, ысталған ет, шұжықтар, тауық еті, сүт, ірімшік, айран, қаймақ, балмұздақ, мақта майы, көкөніс секілді 20 дан астам азықтық өнімдер шығарылады. Тамақ өнеркәсібі қала экономикасындағы әлеуеті ең жоғары сала болып табылады.

Қаладағы коммуналдық салада басты мәселенің бірі – орталық жылу болатын. 2019 жылы орталық жылу қазандығын қатты отыннан, табиғи газға ауыстырды. Қазіргі таңда қала толығымен 100 пайыз табиғи газ тұтынады.

Кеңес заманында жүргізілген ауыз су құбырының жалпы қашықтығы 150 шақырым. Бүгінгі күнде оның ұзындығы 2000 шақырымға жетті. 2016 жылы тұрғындардың 90 пайызы таза ауыз су тұтыну мүмкіндік жасалса, 2020 жылы қала тұрғындарын таза ауыз сумен қамтамасыз етілуі – 95 пайызды құрайды. Жалпы Түркістан қаласын 100 пайыз сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында 2019 жылы 3 нысан құрылысы жүргізілді.

«Жасыл аймақ» бағдарламасы аясында қаланы көгалдандыру үшін су ұңғымасы қазылып, 200 шақырымдай мелиоративті суландыру жүйесі жүргізілді. Қаладағы 50 сектор аумағына 160 мың түп ағаш көшеттері отырғызылды. Ал негізгі көшелерге 60 мыңдай декоративті және сәндік ағаштар отырғызылып, құнарлы топырақпен газон төселді. Қазіргі таңда осындай қыруар жұмыстар арқасында тарихы терең, маңызы айрықша Түркістан қаласы айтарлықтай көркейіп келеді.

Ғасырлар бойы Қазақ хандығының астанасы болған, тоғыз жолдың торабында орналасқан Түркістан облыс орталығының көшірілуінде үлкен мән-мағына бар. Облысты дамытудың 2025 жылға дейін әлеуметтік-экономикалық бас жоспарына сай 1 трлн 240 млрд теңге бөлінуінің өзі киелі шаһардың стратегиялық маңызын білдіреді.

Облыс орталығы ретінде қадам басқан Түркістан қаласы тарихи тамырынан ажырамай, өркениетке қадам басып, қысқа уақыт аралығында қыруар іс тыңғылықты жасалып, өз жемісін бере бастады. Тек облыс емес, еліміз үшін мегажобалардың тұсауы да кесілді. Жаңадан сан түрлі нысандар бой көтерді, көне ғимараттар күрделі жөндеулерден өтіп жатыр. Бастысы, қаланың өзіндік болмысы сақталып, ұлттық нақышқа ерекше көңіл бөлінбек.

Түркістан қаласында жаңа автовокзал салынды. Шығыстық үлгіде бой көтерген нысан тәулігіне 10 мың жолаушы қабылдап, 600 автобус өткізуге қауқарлы. Жалпы аумағы 2 жарым гектар болатын сапаржай халықаралық талаптарға сай салынған. Мұнда бір мезетте 15 автобус тоқтап, жолаушы қабылдай алады. Заманауи нысанның ішінде жолаушыларға барлық жағдай жасалған. Кең, әрі жарық күту залы, жайлы орындықтар мен тегін WI-FI желісі қонақтардың уақытын тиімді өткізуге мүмкіндік береді. Жаңа автобекеттен Тараз, Шымкент, Ташкент, Самарқанд, Қызылорда, Алматы, Қорғас және Нұр-Сұлтан бағыттары бойынша автобустар қатынайды.

Түркістан – жыл сайын мыңдаған туристер келетін Қазақстанның рухани астанасы. Сондықтан осы мақсатта қалада халықаралық жаңа әуежай салынып, 2020 жылдың 1 желтоқсанында пайдалануға берілді. Жаңа әуежай түркі әлемнің алтын бесігі – Түркістан қаласын әлемнің ірі қалаларымен жалғастыратын байланыс желісіне айналмақ. Hazret Sultan Airport-тан қазіргі таңда Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларына, шет елдерге, соның ішінде Түркияның Ыстамбұл қаласына авиарейстер шығуда. Еліміз тәуелсіздік алғалы бірінші бой көтерген заманауи әуежайға авиация саласындағы халықаралық ұйымдардың, атап айтқанда ИКАО (ICAO) мен ИАТА-ның (IATA) кодтары берілді.

Түркістан қаласында жалпы ұзындығы 845 шақырымды құрайтын 875 көше бар. Оның ішінде 256 шақырым – асфальт, 475 шақырым – шағал тас, 113 шақырым – топырақ жол. 2020 жылы жол инфрақұрылымын дамыту бағытында 32 шақырым құрайтын 8 көшеге күрделі жөндеу, 140 шақырымдық 100 кө-

шеге орташа жөндеу және 110 шақырым топырақ көшелерге тас төселді.

2021 жылы Түркістанда Наурыз мейрамы қарсаңында жаңа үлгідегі автобустар жолға шықты. Қоғамдық көліктерде жүру бағытын білуге арналған GPS құрылғысы орнатылған. SAZ LE-60 маркалы 20 жаңа көлікті «ТехПрофАвто» ЖШС «Самарқанд» автомобиль зауытынан арнайы тапсырыспен алдырған. Жайлы да жаңа автобустар қала тұрғындарының күнделікті өмір сапасын арттыра түсірмек. Қоғамдық көліктер 25 жолаушыға лайықталған. Желдеткіш пен қолдарбаға арналған пандусы, электронды билет беру және үш бейнебақылау құрылғысымен жасақталған. Түркістан қаласында 300-дей қоғамдық көлік 21 тұрақты бағытқа жолаушылар тасымалдайды. 2010 жылы муниципалдық автопарк ашылды. Сондай-ақ Түркістанда бір үлгіде безендірілген жаңа таксилер де жолға шықты. Заңды автотасымалдаушылардың санын арттыру арқылы халықтың жүріп – тұруы қауіпсіздігін қамтамасыз ететін елімізде жасалған жаңа да жайлы 20 көлік «Yassy taxi» брендімен сапалы қызмет көрсетуде.

2021 жылы наурыз айында үш тілде хабар тарататын «Turkistan» жаңа телеарна іске қосылды. Телеарна қазақ, түрік, орыс тілінде бауырлас түркі халықтар арасында ақпарат алмасу мен бірегей ортақ медиа кеңістік қалыптастыруға алтын көпір қызметін атқаратын болмақ. Сонымен қатар қалада республикалық телеарналардың филиалдары жұмыс істеп тұр.

2021 жылғы 31 наурызда «Түркістан – түркі әлемінің рухани астанасы» тақырыбында Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің бейресми саммиті бейнеконференция арқылы өтті. Саммитте «Түркі әлемінің келешегі – 2040» құжаты әзірленетіндігі айтылды. Түркістан қаласын Түркі әлемінің рухани астанасы деп жариялады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен кездесуге Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы, Түркі кеңесінің Құрметті Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев, Әзербайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиев, Қырғыз Республи-

касының Президенті Садыр Жапаров, Түркия Республикасының Президенті Реджеп Тайип Ердоған, Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёев, Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердымухаммедов және Мажарстанның Премьер-Министрі Виктор Орбан, сондай-ақ Түркі кеңесінің Бас хатшысы Бағдат Әміреев т.б. қатысты.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-ін 80 мыңнан астам түлек бітіріп шықты. Университетті 2023 жылға дейін дамытудың жаңа Стратегиясы жасалды. Қазіргі таңда университетте 19 елден 40 ұлт өкілі саналатын 10 мыңнан астам жас білім алууда. Оның ішінде түркітілдес 17 мемлекеттен келген 1200-ден астам студент пен тыңдаушы бар. Студенттер негізінен қазақ, түрік, ағылшын, орыс тілдерінде білім алады. Сондай-ақ барлығы 54 мамандық бойынша білім алуға мүмкіндік болса, 30 мамандық бойынша магистратура, 4 мамандық бойынша резидентура және 11 мамандық бойынша докторантура (PhD) ашылған. Жыл сайын қазақстандық талапкерлерге Түркия Республикасы тарапынан 500 білім гранты беріледі. Содан бері өткен уақытта кең өріс алған Қазақстан-Түркия арасындағы іскерлік байланыстар түбі бір туыстықпен тығыз астасып жатыр.

2022 жылғы статистика бойынша Түркістан қаласында келушілер саны 573219 адамды құраған 16 кітапхана (2 балалар кітапханасы) жұмыс жасайды. Кітапханалардағы кітап қоры 972661 кітапты құрайды. Электронды каталог көлемі – 475662, цифрлық форматтағы құжат саны – 4511. 2022 жылы 34 939 жаңа кітап келіп түскен. Тұрақты пайдаланушылар саны – 64136 адам. Қала кітапханаларында түрлі бағыттағы 1385 іс-шара ұйымдастырылған.

Түркістан қаласында орналасқан екі драмалық театр 130 шара өткізіп, 5 жаңа қойылым, 528 спектакль қойған. Жалпы саны 26791 келушіге қызмет көрсеткен. Мәдениет үйі, клуб және 12 көркемөнерпаздар шығармашылық ұжымы (балалар 3) жұмыс атқарады. Шығармашылық ұжымдар жұмыс бағытына қарай хор, вокал, отбасы ансамблі, хореография, драма, эстрадалық салаларды қамтыған.

Төл тарихымызды насихаттау мен туризмнің дамуына үлес қосып жүрген музейлер 263 көрме ұйымдастырып, 137 іс-шара өткізген. Қаладағы 7 музей қызметкерлері 936 600 (балалар 124 000) келушіге 12731 экскурсия жүргізген. Музей қорларында жалпы саны 68533 жәдігер жинақталған [34].

2023-2025 жылдарға арналған қалалық бюджет анықталып, 2023 жылға кірістер – 101649325 мың теңге, шығындар – 79045346 мың теңге, бюджет тапшылығын қаржыландыру – 22316822 мың теңге көлемінде бекітілді [35]. Түркістан облысы Түркістан қаласының шекарасын өзгерту туралы ҚР Үкіметінің №578 қаулысымен, жалпы ауданы 4831,86 гектар Сауран ауданының жерлерін қосу және жалпы ауданы 4716,29 гектар Түркістан қаласының жерлерін Сауран ауданының шекарасына (шегіне) қосу арқылы Түркістан облысы Түркістан қаласының шекарасы (шегі) өзгертілді [36].

Күн санап артып келе жатқан демалыс саябақтарында гүлдер саябағындағы SMART орындықтардың орналасуы, Жеңіс саябағындағы «Өмірді өзгертуге бір кеңес» тақтасының орын алуы қала жастарының бос уақыт өткізуін қызықты етеді. Ал, саябақтардағы әуенді, түрлі түсті су бұрқақтар мен LED экрандардан қала тарихы мен мәдениетінің таныстырылуы қала қонақтары мен туристер үшін танымдық ақпарат болып табылады. Сонымен қатар, қала көшелеріндегі тазалықты сақтау мақсатында қойылған жаңа үлгідегі қоқыс жәшіктері мен бейне камералардың орнатылуы қаланың таза әрі қауіпсіз болуын қамтамасыз етеді.

«Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» «Әзірет Сұлтан» музей-қорыққа қарасты Ясы, Сауран қалашықтарын ЮНЕСКО тізіміне енгізу жоспарланған. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №250 Қаулысымен бекітілген тұжырымдамада: «Қазіргі уақытта ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мәдени мұра тізіміне Қазақстан Республикасынан 10 нысан енгізілген. 2025 жылға қарай олардың санын 16 бірлікке дейін арттыру жоспарда бар. Қырғыз Республикасы, Тәжікстан және Өзбекстанмен

бірлесіп «Ұлы Жібек жолы: Ферғана-Сырдария дәлізі» сериялық трансұлттық номинациясын дайындау және ілгерілету бойынша жұмыс жүргізіліп келеді. Оның шеңберінде Ұлы Жібек жолы бойындағы 6 нысанды: Сығанақ, Сауран, Ясы, Отырар, Жанкент қалашықтары мен Жетіасар оазисінің ескерткіштерін ЮНЕСКО тізіміне енгізу жоспарланып отыр» [37], – деп көрсетілген.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 17 маусым күні Түркістан қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың жиналысына қатысып, «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде: «Шежірелі шаһардың қабырғасына қазақтың жылнамасы түгел жазылған деуге болады. Шын мәнінде, киелі Түркістан – ұлы дала өркениетінің мызғымас темірқазығы. Түркістан ғасырлар бойы қазақ халқының маңызды саяси орталығы болып келді. Қазақ мемлекетінің бас қаласы ретінде тарихқа алтын әріппен жазылды», [38] – деген болатын. Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайда Түркістанда «Ясауитану» ғылыми орталығын ашу туралы тапсырмасы Түркістан тарихы мен мәдениетін зерттеп-зерделеу жұмыстарын дамытуға тың серпін беріп отыр.

Сонымен қатар, 2023 жылдың 19 желтоқсанында Президент жарлығыменен “Әзірет Сұлтан” музей-қорығына Ұлттық мәртебе берілді. Түркістан қаласы түркі әлемінің 2024 жылғы астанасы жарияланды. Тарихи шаһардың 2050 жылға дейінгі Бас жоспары бекітілді. Қала әкімінің мәлімдеуінше, алдағы уақытта даму жоспары бойынша Түркістан халықаралық деңгейдегі қалалар қатарына қосылмақ, яғни әлемнің Ыстамбұл, Рим, Иерусалим шаһарларының деңгейіне жеткізу жоспарланған.

Әдебиеттер:

1. ТОМА Кентау филиалы ф. 174, оп. 1, св. 1, д. 6 л. 118.
2. ТОМА ф. 121, оп. 8, св. 630, д. 3111, л. 191.
3. Казахстан-Турция: 5 лет дружбы и сотрудничества. – Анкара, 1996. – С.445.
4. ҚРПА 5-Н-қ. 1-т. 1796-іс. 1–6-п.

5. Будак Ф. Қазақстан өткені, бүгіні мен ертеңі. – Анкара, 2000. – 358-б.
6. Өмірбекұлы Ж. Түркістан қаласы мен агломерациясының әлеуметтік-демографиялық жағдайы (1867–2009 ж.). Тарих ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссер. автореф. – Алматы, 210. – 25-б.
7. Нұржанов Б. Тоғысқан тағдырлар. – Шымкент, 2005. – 212-б.
8. ТОМА Кентау филиалы ф. 174, оп. 1, св. 1, д. 5. л. 166–167.
9. ТОМА Кентау филиалы ф. 175, оп. 1, св. 3, д. 26. л. 5.
10. ТОМА Кентау филиалы ф. 175, оп. 1, св. 4, д. 39, л. 18.
11. ТОМА Кентау филиалы ф. 175, оп. 1, св. 5, д. 55. л. 19.
12. <https://e-history.kz/kz/news/show/32323> / Ықылас Ожайұлы. ЮНЕСКО мен Қазақстанның өзара қарым-қатынасы. 08.01.2021.
13. Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойын мерекеге әзірлік туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы: [1996 ж. 10 маусым №721] // ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. – 1996. №26. – 44–47-б.
14. Түркістан – ер түріктің бесігі...: Түркістан қаласының 1500 жылдық тойын тойлау қарсаңында кітапханаларда өткізілуге ұсынылатын әдістемелік кеңестер. / Құрастырған К.К. Қоштаева, Н.А. Никольская. – Алматы: ҚР Ұлттық кітапханасы, 1996. – 27-б.
15. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P000000612_/links
16. Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойын мерекеге әзірлік жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі: 1998 ж. 6 наурыз №3860 // ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. – 1998. №8. – 3–4-б.
17. Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойын әзірлеу және өткізу жөніндегі Республикалық мерекелік комиссияның Құрамы: Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 6 наурыздағы №3860 өкіміне Қосымша // ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. – 1998. №8. – 4–5-б.
18. ҚРПА 5-Н-қ. 6-т. 2391-іс. 39, 40-п.
19. ҚРПА 5-Н-қ. 6-т. 2391-іс. 209-п.
20. ҚРПА 5-Н-қ. 6-т. 2379-іс. 31–33-п.
21. ҚРПА 5-Н-қ. 6-т. 2379-іс. 36-п.

22. ҚРПА 5-Н-қ. 6-т. 2379-іс. 37-п.
23. Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойын өткізуге бірінші кезектегі объектілерді дайындау жөніндегі іс-шаралардың жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2000 жылғы 11 қаңтар №8-өкім.
24. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000162>
25. Өркен жайған оқу орда. – Түркістан: Тұран, 2001, – 116-б.
26. Рыскелдиев Т. Даналыққа тағзым. – Алматы, 2006, –120-б.
27. Ерофеева И.В. Памяти Е.Х. Хорош (1957–2018) / Археология Қазақстана. №1–2, 2018. – с. 362–366.
28. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V10UD000083>
29. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V12UD002176>
30. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19 маусымдағы №702 Жарлығы.
31. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V18U0004707>
32. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000762>
33. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000763>
34. <https://stat.gov.kz/region/>
35. «Қазақстан Республикасы мәдени саясатының
36. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000578>
37. «Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №250 Қаулысы.
38. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaidynd-adilette-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrasynda-soylegen-sozi-1752959> / Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі. 2023 жыл 17 маусым Түркістан қ.

МАЗМҰНЫ

| | |
|--------------|---|
| Кіріспе..... | 3 |
|--------------|---|

1 XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ

| | |
|---|----|
| 1.1 Патшалық ресей билігінің орнауы қарсаңында Түркістан өңірінің саяси жағдайы..... | 26 |
| 1.2 Орыс әскерлерінің Түркістанды жаулап алуы..... | 43 |
| 1.3 Түркістан аумағында отарлық билік құрылымдарының қызметі мен сипаты..... | 63 |
| 1.4 Отарлық билік тұсындағы түркістан қаласының әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы..... | 78 |

2 РЕСЕЙДЕГІ ТӨҢКЕРІС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ЖӘНЕ КСРО ТҰСЫНДАҒЫ ТҮРКІСТАН (1917–1989 Ж.)

| | |
|--|-----|
| 2.1 Түркістан қаласы және ұлттық автономиялар | 125 |
| 2.2 XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Түркістанның тарихи тұлғалары..... | 129 |
| 2.3 Түркістан қаласы – Алаш қозғалысы орталықтарының бірі | 134 |
| 2.4 Кеңестік саяси науқандар кезіндегі Түркістан қаласының әлеуметтік-экономикалық жағдайы..... | 142 |
| 2.5 Түркістандықтардың ұлы отан соғысына қатысуы және жеңіске қосқан үлесі..... | 161 |

| | |
|---|-----|
| 2.6 Соғыстан кейінгі жылдардағы қаланың саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуы | 173 |
| 2.7 Тәуелсіздікке дейінгі кезеңдегі Түркістан қаласының әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы (1985–1991 ж.) | 185 |

3 ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰСЫНДАҒЫ ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ

| | |
|--|-----|
| 3.1 Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Түркістан қаласы | 204 |
| 3.2 Жаңа ғасыр басындағы Түркістан қаласы | 217 |
| 3.3 Түркістан қаласы – Түркістан облысының орталығы | 227 |

**ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫ – ХХІ ҒАСЫР
БАСЫНДАҒЫ ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ
МӘДЕНИ ТАРИХЫ**

монография

Техникалық редакторы
Мұқабаның дизайнері
Беттеуші

***Н.Абдрахманова
Н.Сергожаұлы
Г.Әнуарқызы***

Басуға 07.07.2023 ж. қол қойылды.
Пішімі $60 \times 84 \frac{1}{16}$. №2 типографиялық қағаз.
Көлемі 15,5 баспа табақ.

«Алгорифм» ЖШС баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Хамиди көшесі 4 а